# Сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды жүргізу қағидасын бекіту туралы

***Күшін жойған***

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 2013 жылғы 16 сәуірдегі № 3-НП нормативтік қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 15 мамырда № 8466 тіркелді. Күші жойылды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті Төрағасының 2015 жылғы 30 карашадағы № 17-НҚ нормативтік қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті Төрағасының 30.11.2015 № 17-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 141-бабының 19) тармақшасына сәйкес Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:

1) Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды жүргізу қағидасы 1-қосымшаға сай;

2) Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссияларының сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды жүргізу қағидасы 2-қосымшаға сай бекітілсін.

2. Мыналардың:

1) «Сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды жүргізу ережесін бекіту туралы» Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2011 жылғы 18 тамыздағы № 2-НП нормативтік қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7190 тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2011 жылғы 11 қазанда № 488-490 (26882) жарияланған);

2) «Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің «Сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылаудың кейбір мәселелері туралы» 2011 жылғы 12 тамыздағы № 1-НП және «Сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды жүргізу ережесін бекіту туралы» 2011 жылғы 18 тамыздағы № 2-НП нормативтік қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп

комитетінің 2012 жылғы 9 шілдедегі № 1-НП нормативтік қаулысының 1-тармағының 2) тармақшасының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7808 тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2012 жылғы 9 тамызда № 483-488 (27561) жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің аппарат басшысы (В.В. Супрун) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы нормативтік қаулының мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. Осы нормативтік қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Төраға* *А. Мусин*

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2013 жылғы 16 сәуірдегі № 3-НП нормативтік қаулысына 1-қосымша

## Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды жүргізу қағидасы

### 1. Жалпы ережелер

1. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды жүргізу қағидасы (бұдан әрі – Қағида) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің (бұдан әрі – Бюджет кодексі) 141-бабының 19) тармақшасына, « Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті туралы ережені бекіту туралы» (бұдан әрі – Есеп комитеті) Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 5 тамыздағы № 917 Жарлығына, «Мемлекеттік қаржылық бақылау стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – Стандарттар) Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 7 сәуірдегі № 788 Жарлығына сәйкес әзірленген.

2. Қағида бақылау қызметін жоспарлау, бақылауға дайындалу, бақылауды жүргізу, бақылаудың қорытындысы бойынша есептерді ресімдеу, сапаны бақылауды жүргізу, шешімдердің орындалуын мониторингтеуді және бақылауды ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы

ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

3. Осы Қағидада мынадай анықтамалар пайдаланылады:

1) сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылау – Қазақстан Республикасының Президентіне тоқсан сайынғы ақпаратты және Қазақстан Республикасының Парламентіне жыл сайынғы есепті ұсына отырып, Есеп комитеті жүзеге асыратын республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау (бұдан әрі – бақылау);

2) сәйкестікке бақылау жасау – бақылау объектісі қызметінің Қазақстан Республикасының бюджет және өзге де заңнамасының талаптарына сәйкестігін бағалау;

3) қаржылық есептілікті бақылау – бақылау объектісінің қаржылық есептілікті жасауының және табыс етуінің анықтығын, негізділігін және уақтылылығын бағалау;

4) тиімділікті бақылау – сәйкестікке бақылау жасау және қаржылық есептілікті бақылау негізінде жүргізілетін бағалау, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларында көзделген тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізілуін, мемлекеттік, салалық және бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуын, көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді, байланысты гранттарды, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, мемлекет кепілгерліктері мен активтерін пайдалануды бағалау, сондай-ақ мемлекеттік орган және квазимемлекеттік сектор субъектілері қызметінің экономиканың немесе жеке алғанда экономика саласының, әлеуметтік саланың, мемлекеттік басқарудың басқа да салаларының дамуына тигізетін әсерін кешенді және объективті талдау;

5) кешенді бақылау – бақылау объектілерінің нақты кезеңдегі қызметін барлық мәселелер бойынша бақылау және бағалау;

6) тақырыптық бақылау – бақылау объектісінің нақты кезеңдегі қызметін жекелеген мәселелер бойынша бақылау және бағалау;

7) үстеме бақылау – тексеріліп отырған мәселе шеңберінде бақылаудың негізгі объектісімен өзара қатынастары мәселелері бойынша ғана жүргізілетін үшінші тұлғаларды бақылау;

8) бірлескен бақылау – мемлекеттік қаржылық бақылау органдары келісілген мерзімде басқа мемлекеттік органдармен бірлесіп жүргізетін бақылау;

9) қосарлас бақылау – мемлекеттік қаржылық бақылау органдары кейіннен олардың нәтижелерімен алмаса отырып, келісілген мәселелер мен жүргізу мерзімдері бойынша өз бетінше жүргізетін бақылау;

10) бақылаушы – лауазымдық міндеттеріне бақылауды жүзеге асыру кіретін Есеп комитетінің қызметкері;

11) бақылау іс-шарасы – бақылауға дайындалуға, бақылауды жүргізуге және

бақылаудың қорытындысы бойынша есептерді ресімдеуге бағытталған іс-қимылдар кешені;

12) талдамалық іс-шара – жекелеген экономикалық және әлеуметтік процестерді ашуға бағытталған талдау, талдамалық зерттеу, мониторинг, бағалау және сараптама жүргізуге байланысты іс-қимылдар кешені;

13) бақылау-талдамалық іс-шара - бақылау және талдамалық іс-шаралар жүргізу кезінде көзделген іс-қимылдар мен рәсімдер кешені;

14) бақылау іс-шарасына дайындалу принциптері:

кешенділік – бақылау объектісін алдын ала зерделеуден бастап, бақылау бағдарламасын жасағанға дейінгі барлық кезеңдердің өзара байланыстылығы және келісілуі;

үздіксіздік – бақылауды жүзеге асыратын Есеп комитетінің қызметкерлеріне, мемлекеттік органдардың, аудиторлық ұйымдардың мамандарына және сарапшыларға бақылаудың кезеңдері мен мерзімдері бойынша өзара байланысты тапсырмаларды белгілеу;

оңтайлылық – бақылаудың түпкілікті мақсатына ең аз шығын жұмсай отырып қол жеткізу үшін бақылау бағдарламасының неғұрлым орынды нұсқасын таңдау;

атаулылық – бақылау объектілерінің өңірлік орналасуын қоса алғанда, оларды нақты таңдау.

15) Есеп комитетінің қаулысы – бақылау нәтижелерін растайтын және ол арналған барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар мен лауазымды адамдар орындауға міндетті шешімдерді қамтитын құжат (бұдан әрі – Қаулы);

16) бақылаудың нәтижесі бойынша қорытынды – бақылау актілерінің және (немесе) аудиторлық есептердің негізінде жасалатын Есеп комитетінің құжаты (бұдан әрі – Қорытынды);

17) ұсыным – мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының анықталған бұзушылықтарды және жұмыстағы кемшіліктерді жою үшін бақылау объектілеріне және басқа да мүдделі тұлғаларға жіберетін орындалуға міндетті құжаты (бұдан әрі – Ұсыным);

18) сапаны бақылау – бақылау іс-шаралары материалдарының сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылау саласындағы заңнаманың белгіленген талаптарына сәйкестігін тексеру және талдау;

19) постбақылау – Есеп комитеті шешімдерінің (Қаулыларының (Ұсынымдарының)) орындалуын бақылау.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

4. Сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылау мемлекеттік басқару жүйесінің

ажырамас бөлігі болып табылады, бюджетті атқарудың және мемлекет активтерін пайдаланудың айқындығын, тиімділігін, жауапкершілігін арттыруға бағытталған.

5. Бюджет кодексінің 136-бабы 3-1-тармағына сәйкес Есеп комитетінің қызметкерлерін мемлекеттік органдардың сұрауы бойынша оның жұмыс жоспарларында көзделмеген тексеру жүргізу үшін тартуға жол берілмейді.

6. Бақылау Есеп комитетінің жылдық және тоқсандық жұмыс жоспарлары негізінде жүргізіледі.

7. Бақылау іс-шарасын жүргізуге тікелей басшылықты Есеп комитетінің бақылауды жүргізуге жауапты мүшесі жұмыстың бекітілген бағыттары бойынша (соның ішінде бақылау мәселелерінің қамтылу толықтығын бақылауды жүзеге асыру, бақылаушылардың жұмыс бағыттарын түзету) жүзеге асырады.

8. Бақылау тобының құрамы бақылау іс-шарасын жүргізуге қатысатын Есеп комитетінің қызметкерлерін – бақылау тобының жетекшісі мен бақылаушыларды , және қажет болғанда, мемлекеттік органдардың мамандарын, аудиторлық ұйымдардың қызметкерлерін және (немесе) сарапшыларды қамтиды. Бірлескен бақылауды жүргізу кезінде бақылау тобының құрамына басқа мемлекеттік органдардың қызметкерлері енгізіледі.

Құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшенің басшысы бақылау тобына бақылау іс-шарасын сүйемелдейтін, сондай-ақ бұзушылықтар, кемшіліктер анықталған кезде заңнаманы қолдану мәселелері бойынша қажетті құжаттары қоса берілген жазбаша сұрау салуларға бақылау объектілеріне шықпай, электрондық пошта/факс арқылы жазбаша консультация беретін қызметкерлерді бекітеді.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

9. Есеп комитетінің қызметкерлері бақылау жүргізу кезінде Бюджет кодексінде белгіленген құзыретіне сүйене отырып, осы Қағиданы басшылыққа алады.

10. Бақылау жүргізуге тартылатын мемлекеттік органдардың (келісім бойынша), аудиторлық ұйымдардың мамандары және сарапшылар осы Қағиданы басшылыққа алады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасының 14.08.2014 № 3-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

11. Бақылау мынадай үлгілерге бөлінеді:

1) сәйкестікке бақылау жасау;
2) қаржылық есептілікті бақылау;
3) тиімділікті бақылау.

12. Есеп комитеті өз өкілеттігі шегінде кешенді, тақырыптық, үстеме, бірлескен, қосарлас бақылау түрлерін жүзеге асырады.

13. Бақылау республикалық бюджеттің атқарылуын, мемлекеттік, салалық және бюджеттік бағдарламалардың, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларының іске асырылуын, бюджет процесіне қатысушылардың, оның ішінде квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, сондай-ақ басқа да бюджет қаражатын алушылардың, байланысты гранттарды, мемлекет кепілгерліктері мен активтерін, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, бюджеттік инвестицияларды пайдаланатын жеке және заңды тұлғалардың (бұдан әрі – бақылау объектілері) оларды жоспарлауға, қалыптастыруға, бөлуге, пайдалануға байланысты заңнамалардың нормаларын сақтауын мониторингілеу, салыстыру, бағалау және талдау жүйесін қолдана отырып жүргізіледі.

14. Есеп комитеті бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды, кемшіліктерді талдау, қорыту және жүйелендіруді жүзеге асырады.

## 2. Есеп комитетінің бақылау қызметін жоспарлау

15. Есеп комитетінің бақылау қызметін жоспарлау бақылау объектілерінің заңнама нормаларын, соның ішінде бюджет қаражатын, мемлекет пен квазимемлекеттік сектор активтерін жоспарлауға, қалыптастыруға, бөлуге, пайдалануға байланысты бұзушылықтарды анықтау, жою және оларға жол бермеу мақсатында Бюджет кодексінде көзделген өзінің өкілеттіктерін іске асыру үшін жүргізіледі.

16. Жоспарлау мынадай принциптерге сәйкес:

1) жоспарлаудың кешенділігі (қызметтің заң жүзінде белгіленген барлық міндеттерін, түрлері мен бағыттарын жоспарлаумен қамту);
2) жоспарлаудың үздіксіздігі;
3) ресурстарды бөлудің теңгерімділігі;
4) бақылау объектілерінде бақылау іс-шараларын жүргізудің мерзімділігі принциптеріне сәйкес жүйелі тәсілге негізделеді.

17. Есеп комитетінің бақылау іс-шараларының жылдық (тоқсандық) жоспары (бұдан әрі – жылдық жоспар) Есеп комитетінің перспективалық жұмыс жоспарын, бақылау объектілерін қайталауды болдырмау мақсатында мемлекеттік қаржылық бақылау органдарымен өзара іс-қимылды ескере отырып, кезекті жылға арналған бақылау іс-шараларын сапалы және тиімді жоспарлау үшін

қалаптастырылады.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасының 14.08.2014 № 3-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

18. Жылдық жоспарды қалыптастыру үшін жоспарлауға, талдау мен есептілікке жауапты құрылымдық бөлімше (бұдан әрі – жоспарлауға жауапты құрылымдық бөлімше) жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың деректері негізінде бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінен (бұдан әрі – ББӘ) бастап, бюджет қаражатын түпкі алушыларға дейінгі бюджет қаражатын пайдаланудың бірізділігін көрсететін деректер базасын 1 қыркүйектен кешіктірмей қалыптастырады.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасының 14.08.2014 № 3-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

19. Деректер базасы мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының бақылау объектілері бойынша соңғы үш жылда және жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың бірінші жартыжылдығында бұрын жүргізілген бақылау іс-шараларының нәтижелерін көрсете отырып, ағымдағы, күрделі шығындардың түрлері бойынша орталық аппараттың, ведомствоның, ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың, жергілікті атқарушы органдардың (нысаналы трансферттер) және басқа да бюджет қаражатын алушылардың, салықтық, салықтық емес түсімдердің, негізгі капиталды сатудан түскен түсімдердің, мемлекет және квазимемлекеттік сектор активтерінің бөлінісінде ББӘ, бюджеттік бағдарламалар жөніндегі ақпаратты қамтиды және стратегиялық, бағдарламалық құжаттардың (мемлекеттік, салалық бағдарламалардың, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларының) және инвестициялық жобалардың іске асырылуын көрсетеді.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

20. Жоспарлауға жауапты құрылымдық бөлімше жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың 1 қыркүйегінен кешіктірмей, мемлекеттік қаржылық бақылау органдарымен бірлесіп, деректер базасы негізінде осы Қағидаға 1-қосымшаға сай нысан бойынша бақылау объектілерінің республика бойынша бірыңғай ақпараттық деректер базасын (республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бойынша ақпарат) (бұдан әрі – бірыңғай ақпараттық база) және 1-1-қосымшаға сай нысан бойынша республикалық бюджеттен

бөлінген қаражаттың (нысаналы трансферттердің, кредиттердің) жұмсалуы туралы мәліметті (бұдан әрі – қаражаттың жұмсалуы туралы мәлімет) қалыптастырады.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

21. Жылдық жоспарды қалыптастыру үшін Есеп комитетінің мүшелері жоспарлауға жауапты құрылымдық бөлімше жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың 1 қыркүйегінен кешіктірмей ұсынатын бақылау объектілерінің тәуекелдерін бағалауды және мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының бақылау іс-шараларының жоспарларын ескере отырып, бірыңғай ақпараттық базаның деректері және қосымша көздерден алынған деректер негізінде жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың 1 қазанынан кешіктірмей жылдық жоспар жобасына өздерінің ұсыныстарын бақылау іс-шарасын жүргізуге өтінім түрінде осы Қағидаға 2-қосымшаға сай нысан бойынша дайындайды.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасының 14.08.2014 № 3-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

22. Есеп комитетінің мүшелері өтінімді жасау кезінде бақылау іс-шарасының атауын, бақылау объектілерін және бақылаумен қамтылатын қаражат көлемін, өздерінің бағыттары бойынша бақылаудың үлгілері мен түрлерін, сондай-ақ бақылаушылардың қажетті санын ескере отырып, аудиторлық компанияларды және сарапшыларды тартудың қажеттілігін айқындайды.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасының 14.08.2014 № 3-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

22-1. Жоспарлауға жауапты құрылымдық бөлімше бақылау іс-шараларын жүргізуге арналған өтінімдер негізінде осы Қағидаға 2-1-қосымшаға сай Бақылау іс-шараларын жүргізу мерзімдерін нормалау жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес, бақылау іс-шарасын жүргізу мерзімінің нормативін есептеуді жүзеге асырады.

Ескерту. 22-1-тармақпен толықтырылды - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

23. Жоспарлауға жауапты құрылымдық бөлімше бақылау объектілерін

қайталауды болдырмау, сондай-ақ бақылау объектілерін бөлу, кешенді бақылау жүргізуге қажетті еңбек ресурстарын айқындау мақсатында, осы Қағидаға 3-қосымшаға сай нысан бойынша қалыптастырылған және Есеп комитетінің аппараттық кеңесінде мақұлданған, кезекті жылға арналған бақылау жұмысы жоспарының алдын ала жобасын, сондай-ақ осы Қағидаға 3-1-қосымшаға сай нысан бойынша қалыптастырылған, кезекті жылы бақылау жүргізілуі жоспарланған бақылау объектілері мен бюджеттік бағдарламалардың тізбесін жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың 1 қарашасына дейін Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген ішкі бақылау жөніндегі органға ( бұдан әрі – ҚБК) және облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссияларына (бұдан әрі – тексеру комиссиялары) жібереді.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

24. Жоспарлауға жауапты құрылымдық бөлімше жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың 15 қарашасына дейін тексеру комиссияларымен және жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың 25 қарашасына дейін ҚБК-мен объектілерді және бақылаумен қамтылатын қаражаттың көлемін келісіп, кешенді , бірлескен, қосарлас бақылау жүргізудің мәселелерін хаттама жасай отырып пысықтайды.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасының 14.08.2014 № 3-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

25. Жоспарлауға жауапты құрылымдық бөлімше жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың 1 желтоқсанына дейін жылдық жоспардың түпкілікті жобасын ҚБК-ге және тексеру комиссияларына жібереді.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасының 14.08.2014 № 3-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

26. Жылдық жоспардың келісілген жобасы жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың 10 желтоқсанына дейін Есеп комитетінің отырысында қаралып мақұлданады. Отырысқа тараптардың келісуі бойынша ҚБК-нің және тексеру комиссияларының бірінші басшылары шақыртылуы мүмкін.

27. Ескертулер туындаған жағдайда, жылдық жоспардың жобасы үш жұмыс күні ішінде жетілдіріледі. Жылдық жоспардың жобасы Есеп комитетінің мүшелерімен және бақылау жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшемен қайта

келісілгеннен кейін Есеп комитетінің Төрағасына бекітуге енгізіледі.

28. Құжат айналымына жауапты құрылымдық бөлімше бұйрыққа қол қойылған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде жылдық жоспарды бекіту туралы бұйрықты тіркеуді жүзеге асырып, оны бақылауға қояды, жоспарлауға жауапты құрылымдық бөлімше оны Есеп комитетінің Интернет-ресурсына орналастырады .

29. Бұйрық тіркелген күннен бастап, екі жұмыс күні ішінде Электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі (бұдан әрі – ЭҚАБЖ) арқылы және ( немесе) жазбаша түрде почтамен ҚБК-ге, тексеру комиссияларына, Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне, Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне, құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органға, республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне және облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімдеріне бекітілген жылдық жоспарды жіберу жүзеге асырылады.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

29-1. Есеп комитетінің бақылау іс-шараларының тоқсандық жоспары тиісті кезең басталғанға дейін күнтізбелік үш күннен кешіктірілмей, ЭҚАБЖ арқылы және қағаз түрінде құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органға жіберіледі және Есеп комитетінің интернет-ресурсына орналастырылады.

Есеп комитетінің бақылау іс-шараларының тоқсандық жоспарына өзгерістер енгізілген жағдайда, өзгертілген тоқсандық жоспар тиісті бұйрыққа қол қойылғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде ЭҚАБЖ арқылы және қағаз түрінде құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органға жіберіліп, Есеп комитетінің интернет-ресурсына орналастырылады.

Ескерту. 29-1-тармақпен толықтырылды - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

30. Жоспарлауға жауапты құрылымдық бөлімше Есеп комитетінің бекітілген жылдық жоспарының орындалуына тұрақты негізде мониторинг жүргізеді.

30-1. Бақылау іс-шараларының қайталануын болдырмау мақсатында, жоспарлауға жауапты құрылымдық бөлімше ҚБК мен тексеру комиссиясының бақылау іс-шаралары жоспарларына өзгерістерге тоқсан сайынғы негізде мониторинг жүргізеді.

Ескерту. 30-1-тармақпен толықтырылды - Республикалық бюджеттік

атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

31. Жоспарлауға жауапты құрылымдық бөлімше ҚБК мен тексеру комиссияларының нәтижелерін талдап қорыту үшін олардың жылдық жұмыс жоспарлары шеңберіндегі бақылау іс-шараларының орындалуы жөніндегі ақпаратты кейіннен Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасының Парламентіне ұсынылатын Есеп комитетінің ақпаратына және есебіне енгізу үшін тоқсан сайын сұратып отырады.

32. Жоспарлауға жауапты құрылымдық бөлімше жылдық жоспар бекітілгеннен кейін бес жұмыс күні ішінде бақылау жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшемен бірлесіп, тоқсан сайын нақтыланатын бақылау іс-шараларының аяқталуын ескере отырып, отырыстар өткізудің жылдық кестесін қалыптастырады.

33. Есепті кезеңнің қорытындылары бойынша Есеп комитетінің Төрағасына жылдық жоспардың іске асырылуы туралы ақпарат ұсынылады.

34. Осы Қағидаға 2-қосымшада көзделген нысан бойынша өзектендірілген өтінім және өзгерістер мен толықтырулар енгізудің негізділігін растайтын құжаттар (материалдар) қоса берілген Есеп комитеті мүшесінің қызметтік жазбасы негізінде Есеп комитеті Төрағасының шешімі бойынша Есеп комитетінің жылдық жұмыс жоспарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізіледі.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасының 14.08.2014 № 3-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

## 3. Бақылауға дайындалу 1-параграф. Жалпы ережелер

35. Бақылау жүргізуге дайындалу бақылау іс-шарасының бастапқы кезеңі болып табылады, онда бақылау объектісін алдын-ала зерделеу және бақылау жүргізу жоспарын (бұдан әрі – Бақылау жоспары), бақылау жүргізу бағдарламасын (бұдан әрі – Бақылау бағдарламасы), бақылау жүргізуге тапсырманы (бұдан әрі – Тапсырма), бақылау жүргізудің жұмыс жоспарларын (бұдан әрі – Жұмыс жоспарлары) жасау жүзеге асырылады.

Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

36. Бақылау іс-шарасына дайындалу кезінде кешенділік, үздіксіздік, оңтайлылық, атаулылық принциптерін басшылыққа алған жөн.

## 2-параграф. Бақылау объектісін алдын ала зерделеу

37. Бақылау объектілерін алдын ала зерделеу бақылау объектілеріне бармай, Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын қорғау жөніндегі заңнамаға сәйкес жүзеге асырылатын тексерулерді қоспағанда, олардың қызметі туралы бақылаудың үлгісін, түрі мен объектілерін, бақылаумен қамтылатын қаражат көлемін, бақылау жүргізу мерзімін нақтылауға, бақылау мәселелерін айқындауға, соның ішінде қаражаттың жұмсалуы туралы мәліметтерде көзделген деректерді өзекті етуге қажетті ақпаратты жинау және талдау жолымен жүргізіледі. Тиімділікті бақылау жүргізілген жағдайда, үнемділікті, тиімділік пен нәтижелілікті бағалаудың тиісті критерийлері әзірленеді.

Есеп комитетінің бақылау іс-шарасын жүргізуге жауапты мүшесінің қолы қойылған Тапсырманың болуы алдын ала зерделеу жүргізуге негіз болып табылады.

Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

37-1. Алдын ала зерделеу жүргізу туралы хабарлама «Тексерудің тағайындалғаны туралы актілерді, тексеруді тоқтата тұру, қайта бастау, оның мерзімдерін ұзарту туралы, қатысушылар құрамын өзгерту және тексеру мен оның нәтижелері туралы ақпараттық есептік құжаттарды ұсыну туралы хабарламаларды тіркеу қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2015 жылғы 29 мамырдағы № 67 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11564 тіркелді) (бұдан әрі – № 67 Бұйрық) сәйкес, құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органға жіберіледі.

Алдын ала зерделеудің нәтижелері бойынша хабарлама талоны толтырылады, онда құжаттар мен ақпаратты ұсыну туралы бақылау объектілеріне жіберілген сұрау салулар саны көрсетіледі.

Ескерту. 37-1-тармақпен толықтырылды - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

38. Бақылау объектісін алдын ала зерделеу барысында жоспарланған бақылауды жүргізуге қажетті ақпарат көздері айқындалады.

Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

39. Бақылау тобы бақылау объектісінің қызметін алдын ала зерделеуді бақылау жүргізу басталғанға дейін кемінде бес жұмыс күні бұрын аяқтай отырып, жылдық жоспарда көзделген мерзімде жүргізеді.

Бақылау тобы қолжетімді дереккөздерден ақпарат жинауды және бақылау объектілерін алдын ала зерделеу үшін бақылаудың үлгісіне, түріне және мақсаттарына сәйкес, осы Қағидаға 4-қосымшаға сай бақылау объектілері қызметін алдын ала зерделеу барысында зерделенетін мәселелердің үлгі тізбесіне сәйкес және осы Қағидаға 5-қосымшаға сай нысан бойынша құжаттар мен ақпаратты сұрау салуды бақылау объектілеріне жіберуді жүзеге асырады.

Мәліметтер алу мақсатында, Есеп комитетінің бақылауға жауапты мүшесі бақылау тобымен бірге құпиялылық режимінің, қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияның сақталуын ескере отырып, бақылау объектісіне қатысты ақпаратқа ие мемлекеттік органдарға, жеке және заңды тұлғаларға сұрау салулар дайындайды.

Ескерту. 39-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

40. Алып тасталды - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

40-1. Алдын ала зерделеуді жүргізу кезінде осы Қағиданың 75-тармағының талаптарын сақтай отырып, басқа мемлекеттік қаржылық бақылау органының бақылаумен қамтитын мақсаты, мәні, кезеңі бойынша Есеп комитетінің жоспарланған бақылауына сәйкес келетін бақылау жүргізу мәселелері қаралады.

Ескерту. 40-1-тармақпен толықтырылды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасының 14.08.2014 № 3-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.

41. Қолдағы бар және бақылау объектісін алдын ала зерделеу барысында алынған деректерге жүргізілген зерделеу мен талдауға сәйкес:

1) бақылаудың үлгісі, түрі мен объектілері нақтыланады;

2) бақылау объектілері – бақылаушылар арасында, кешенді, бірлескен және қосарлас бақылауды жүргізген жағдайда, мемлекеттік органдар мен қаржылық бақылау органдары арасында бөлінеді;

3) үстеме бақылаудың объектілері айқындалады;

4) бақылау жүргізуге тартылатын мемлекеттік органдардың мамандары, сарапшылар мен аудиторлық компаниялар және бақылаудың соларға тапсырылуы жоспарланған нақты мәселелері айқындалады;

5) режимдік объектілерде бақылау жүргізген жағдайда, рұқсат алу мәселелері пысықталады;

6) бақылау объектісі басшысының міндеттерін атқару жөніндегі талапқа қосу мақсатында, бақылауды жүзеге асыру үшін құжаттардың және басқа да ақпараттың тізбесі жасалады;

7) бақылау тобының жетекшісі бақылау объектілерін алдын ала зерделеудің нәтижелері туралы ақпаратты осы Қағидаға 6-қосымшаға сай нысан бойынша жасайды.

42. Бақылау объектілерінде бақылауды жүзеге асырудың орынсыздығы (елеулі тәуекелдердің болмауы, басқа мемлекеттік қаржылық бақылау органының бақылау жүргізгені, құқық қорғау органдарының құқық белгілеуші және өзге де бастапқы құжаттарды алып қойғаны) немесе бақылаудың үлгілері мен түрлері, бақылаумен қамтылатын қаражаттың және (немесе) активтердің көлемі бойынша өзгерістер енгізудің қажеттілігі анықталған жағдайда, Есеп комитетінің бақылауға жауапты мүшесі бақылаудың үлгісі мен түрін, сондай-ақ бақылау объектілерінің тізбесін өзгертуді негіздей отырып немесе бақылау мерзімін ауыстыру не жылдық жоспардан аталған бақылау іс-шарасын алып тастау туралы қызметтік жазбаны Есеп комитетінің Төрағасына енгізеді.

Қызметтік жазбаны қараудың қорытындысы бойынша Есеп комитетінің Төрағасы өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу және (немесе) жылдық жоспардан бақылау іс-шарасын алып тастау туралы шешім қабылдайды.

Ескерту. 42-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

## 3-параграф. Бақылау жоспарын, Бақылау бағдарламасын, Жұмыс жоспарын және Тапсырмаларды жасау

43. Бақылау объектісін алдын ала зерделеудің негізінде Бақылау жоспары, Бақылау бағдарламасы, Жұмыс жоспарлары жасалады.

44. Бақылау жоспары, Бақылау бағдарламасы, Жұмыс жоспарлары және

Тапсырмалар Есеп комитетінің интеграцияланған ақпараттық жүйесінің (бұдан әрі – ЕК ИАЖ) базасында және (немесе) ЭҚАБЖ арқылы қалыптастырылады.

Ескерту. 44-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

45. Бақылауға шыққанға дейін екі жұмыс күнінен кешіктірмей:

1) Бақылау тобының жетекшісі жасап, оған бақылауды, жоспарлауды, сапаны бақылауды жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшелердің басшылары бұрыштама қойған және Есеп комитетінің бақылауға жауапты мүшесі қол қойған Бақылау жоспарының жобасы Есеп комитетінің Төрағасына бекітуге енгізіледі;

2) Есеп комитетінің бақылауға жауапты мүшесі бақылау тобының қатысушылары бақылау объектілері бойынша жасап, бақылау тобының жетекшісі және бақылау жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшенің басшысы жинақтаған және қол қойған, сапаны бақылауға жауапты құрылымдық бөлімшенің басшысы бұрыштама қойған Бақылау бағдарламасының жобасын бекітеді;

3) Есеп комитетінің бақылауға жауапты мүшесі бақылау тобының әрбір қатысушысына жеке-жеке жасалып, бақылаушы, бақылау тобының жетекшісі, бақылау жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше басшысының орынбасары қол қойған Жұмыс жоспарларын бекітеді;

4) Есеп комитетінің бақылауға жауапты мүшесі бақылау тобының қатысушылары жасап, оларға бақылау тобының жетекшісі, бақылау жүргізуге, құқықтық қамтамасыз етуге жауапты бөлімшелердің басшылары бұрыштама қойған Тапсырмаларға қол қояды;

5) кадр қызметі ішкі келісу рәсімдерінен өткеннен кейін іссапарға жіберу туралы бұйрықтарды Есеп комитетінің Төрағасына қол қоюға енгізеді.

Ескерту. 45-тармаққа өзгеріс енгізілді - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

46. Осы Қағиданың 45-тармағында көрсетілген құжаттарға қол қойылғаннан кейін бақылауды жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше Бақылау жоспарын, Бақылау бағдарламасын, Жұмыс жоспарларын және Тапсырмаларды ЭҚАБЖ-да бір тіркеу нөмірімен тіркейді.

Күнтізбелік жылдың бас кезінен мынадай мәндері көрсетіле отырып, тіркеу нөмірлері беріледі:

N-ААЗ – алдын ала зерделеу жүргізуге тапсырма;

N-ҚТ – қайта тексеруге тапсырма;

N-ПБ – постбақылауға тапсырма;
N-Ж – жоспар;
N-Б – бағдарлама;
N-ЖЖ – жұмыс жоспарлары. Бір бақылау іс-шарасының жұмыс жоспарларына ортақ нөмір беріледі;

N-П-Т – тапсырма, мұнда N – бақылау іс-шараларының жылдық жоспарына сәйкес, бақылау іс-шарасының реттік нөмірі, П – тапсырманың реттік нөмірі.

Екінші және кейінгі тапсырмаларды бір бақылау іс-шарасының шеңберінде тіркеу көрсетілген мәнге дефис арқылы реттік нөмір бере отырып (-1Т, -2-Т және т.б.), сол реттік нөмірмен (N) жүзеге асырылады.

Тіркелген тапсырмаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажет болған жағдайда, бақылау объектісіне, құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органға бір мезгілде хабар беріле отырып, жаңа тапсырма қабылданады.

Үстеме бақылау жүргізуге берілген тапсырмаға негізгі бақылау объектісінде Бақылау жүргізуге тапсырманың нөміріне бөлшек қою арқылы реттік нөмір беріледі (N-1/1-Т, N-2/1-Т және т.б.).

Ескерту. 46-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

47. Есеп комитетінің бақылауға жауапты мүшесі мен бақылау жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшенің басшысы бақылауға шыққанға дейін бақылау тобының қатысушыларына техникалық сабақ (нұсқама) өткізеді.

Ескерту. 47-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

48. Есеп комитетінің бақылауға жауапты мүшесі бақылау жүргізу кезінде (үстеме бақылауды қоспағанда) ол басталғанға дейін екі жұмыс күнінен кешіктірмей, бақылау объектісіне осы Қағидаға 7-1-қосымшаға сай нысан бойынша бақылау жүргізу туралы хабарлама жібереді.

Ескерту. 48-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

49. Бақылау жоспары осы Қағидаға 8-қосымшада келтірілген нысан бойынша жасалады.

50. Бақылаудың мақсаты жылдық жоспарда көзделген, жүргізілетін

бақылаудың тақырыбы (бақылау, бақылау-талдамалық және (немесе) талдамалық іс-шараның атауы) мен үлгілерін негізге ала отырып айқындалады.

Жоспарланған бақылаудың тақырыбына (бақылау, бақылау-талдамалық және (немесе) талдамалық іс-шараның атауы) мен үлгісіне қарай:

1) республикалық бюджеттің атқарылуын;

2) мемлекеттік (салалық) және бюджеттік бағдарламалардың іске асырылу тиімділігін;

3) мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларының іске асырылуын;

4) квазимемлекеттік сектор субъектілеріне бөлінген республикалық бюджет қаражатын олардың пайдалануының қаржылық-экономикалық негіздемеге сәйкестігін;

5) акциялары (қатысу үлестері) мемлекетке тиесілі квазимемлекеттік сектор субъектілерінің иелігіндегі активтерді басқарудың тиімділігін;

6) бюджеттік инвестициялардың тиімділігін;

7) республикалық бюджетке түсетін түсімдердің толықтығы мен уақтылылығын, республикалық бюджеттен түсетін түсімдер сомаларының қайтарылуын, салықтық және кедендік әкімшілік етудің тиімділігін;

8) республикалық бюджет қаражатын, соның ішінде:

нысаналы трансферттер мен кредиттерді;

байланысты гранттарды;

мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды;

бюджеттік инвестицияларды;

концессиялық жобаларды бюджеттен қоса қаржыландыруды пайдаланудың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігін;

9) мемлекеттің кепілгерліктері мен активтерін пайдаланудың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігін;

10) төтенше мемлекеттік бюджеттің атқарылуын;

11) республикалық бюджет қаражатын және мемлекет активтерін пайдалану кезінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының сақталуын;

12) Қазақстан Республикасы Ұлттық қоры қаражатының пайдаланылуын;

13) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі активтерін пайдаланудың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігін;

14) бақылау объектілерінің есепке алу мен есептілікті жүргізуінің анықтығы мен дұрыстығын;

15) мемлекеттік қаржылық бақылау стандарттарының сақталуын;

16) Қазақстан Республикасының Үкіметіне, мемлекеттік органдарға және бақылау объектілеріне жіберілген ұсынымдар мен тапсырмалардың орындалуын;

17) Есеп комитеті шешімдерінің орындалуын (постбақылау) бақылау және (

немесе) бағалау көрсетіледі.

Ескерту. 50-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

51. Бақылау жүргізудің мерзімі Есеп комитетінің жұмыс жоспарында айқындалады және алдағы жұмыстардың көлемі, бақылаудың үлгілері, түрлері, бақылаумен қамтылатын қаражаттың және (немесе) активтердің көлемі, бақылау объектілерінің саны нақтыланған жағдайларда, бақылау іс-шарасына дайындық кезеңінде қайта қаралады.

Ескерту. 51-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

52. Бақылау бағдарламасы Бақылау жоспарын дамыту үшін жасалып, оны іс жүзінде іске асыруға қажетті іс-шаралардың егжей-тегжейлі сипаттамасын білдіреді және осы Қағидаға 9-қосымшада келтірілген нысан бойынша ресімделеді.

53. Бақылау бағдарламасы қисынды, түсінікті, сондай-ақ бақылаудың қойылған мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған болуы тиіс.

54. Бақылаудың мақсатына қарай Бақылау бағдарламасының мәні:

1) республикалық бюджетке түсетін түсімдердің толықтығы мен уақтылылығы, республикалық бюджеттен түсетін түсімдер сомаларының қайтарылуы, салықтық және кедендік әкімшілік ету;

2) мемлекеттік, салалық және бюджеттік бағдарламалар;

3) орталық мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарлары;

4) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің активтері (Қазақстан Республикасы Президентінің келісімімен немесе тапсырмасы бойынша);

5) бюджет қаражаты мен активтер;

6) акциялары (қатысу үлестері) мемлекетке тиесілі квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерді басқаруы;

7) қаржылық-экономикалық негіздемеге сәйкес квазимемлекеттік сектор субъектілеріне бөлінген республикалық бюджет қаражаты;

8) бюджеттік инвестициялар, байланысты гранттар, мемлекет активтері, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздар, кепілгерліктер;

9) қаржы активтерінің сатып алынуы, оларды сатудан бюджетке түскен қаражат түсімдері;

10) есеп пен есептілік;

11) мемлекеттік сатып алуды жүргізудің рәсімдері;
12) Стандарттардың сақталуы;
13) Есеп комитетінің бұрын қабылданған қаулыларының (ұсынымдарының) орындалуы болып табылады.

Ескерту. 54-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

55. Алып тасталды - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

56. Бақылау бағдарламасының мәселелерін қалыптастыру үшін бақылаудың үлгісі мен түріне қарай негізгі бағыттары:

1) мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларында көзделген тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізуі, мемлекеттік, салалық бағдарламаларды және бюджеттік бағдарламаларды, көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді іске асыруы;

2) бақылау объектісінің есепке алу мен есептілікті жүргізуінің анықтығы мен дұрыстығы;

3) бюджет қаражатының пайдаланылуы, мемлекеттік органға жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалуы процесінің нормативтік құқықтық актілермен және әдіснамалық құжаттармен тиісінше реттелуі;

4) республикалық бюджет қаражатын, оның ішінде жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке бөлінген нысаналы трансферттер мен кредиттерді, байланысты гранттарды, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды , мемлекеттік концессиялық міндеттемелердің орындалуын қаржыландыруды, сондай-ақ мемлекеттің кепілгерліктері мен активтерін пайдаланудың заңнама нормаларына, соның ішінде оларды жоспарлауға, қалыптастыруға, бөлуге және пайдалануға байланысты сәйкестігі;

5) квазимемлекеттік сектор субъектілерінің оларға бөлінген республикалық бюджет қаражатын пайдалануының қаржы-экономикалық негіздемеге сәйкестігі, сондай-ақ акциялары (қатысу үлестері) мемлекетке тиесілі квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерді басқару тиімділігі, бюджеттік инвестициялардың тиімділігін бағалау;

6) республикалық бюджетке түсетін түсімдердің толықтығы мен уақтылылығы, сондай-ақ түсімдер сомаларының қайтарылуы, салықтық және кедендік әкімшілік етудің тиімділігі;

7) бақылау объектілерінің республикалық бюджет қаражатын және мемлекет

активтерін пайдалану кезінде мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы сақтауы;

8) квазимемлекеттік сектор субъектілерінің мемлекет активтерін және оларға мемлекеттік, салалық және бюджеттік бағдарламаларда көзделген мақсаттар мен іс-шараларға бөлінген бюджет қаражатын пайдалануы;

9) мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының Стандарттарды сақтауы;

10) бақылаудың қорытындылары бойынша Есеп комитетінің қабылдаған шешімдерін бақылау объектілерінің орындауының толықтығы мен уақтылылығы болып табылады.

Ескерту. 56-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

57. Сәйкестікке бақылау жасау кезінде Бақылау бағдарламасында бюджет, салық және кеден заңнамасы нормаларының, бақылау объектісінің қызметін реттейтін және регламенттейтін нормативтік құқықтық актілер ережелерінің, қаржылық есептілікті ұйымдастырудың, жасаудың және ұсынудың белгіленген тәртібінің сақталуы, сондай-ақ мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларының, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің даму жоспарларының іске асырылу мәселелері қамтылады.

58. Қаржылық есептілікті бақылаудың бағдарламасын жасау кезінде оған бақылау объектілерінің республикалық бюджетті атқаруының қаржылық есептілігін нормативтік құқықтық актілерге, бухгалтерлік стандарттарға сәйкес жасауының толықтығы мен анықтығы мәселелерін енгізген жөн, оларды бұзу қаржылық есепте мәлімделген сомаларға немесе қаражатты пайдаланудың дұрыстығы нәтижелеріне тікелей және елеулі әсер етеді.

59. Тиімділікті бақылау бағдарламасы соның ішінде бақылаудың алдыңғы екі үлгісіне – сәйкестікке бақылау жасауға және қаржылық есептілікті бақылауға негізделеді. Тиімділікті бақылау бағдарламасының мәселелері оның бюджет қаражатын және мемлекет активтерін пайдаланудан алынған түпкілікті әлеуметтік-экономикалық нәтижені айқындауға арналған бағытын ескереді.

Тиімділікті бақылау бірнеше бақылау объектісінде жүргізілген жағдайда, бақылаудың үлгісі аталған обьектідегі бақылау мақсатына қарай, әрбір бақылау объектісі бойынша көрсетіледі.

Ескерту. 59-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

60. Тиімділікті бақылаудың бағдарламасында критерийлер – қол жеткізілетін көрсеткіштер айқындалады, солар бойынша:

1) бақылау объектісі қызметінің нақты нәтижелеріне қол жеткізуге жұмсалған бюджет қаражатын пайдаланудың үнемділігі;

2) бақылау объектісінің өндірістік және өзге де қызметі процесінде еңбек, қаржы және басқа да ресурстарды пайдаланудың, сондай-ақ ақпараттық жүйелер мен технологияларды пайдаланудың тиімділігі;

3) бақылау объектісінің қойылған міндеттерді орындауы, осыған бөлінген ресурстардың көлемі ескеріле отырып, жоспарлы көрсеткіштермен салыстырғанда нақты нәтижелерге қол жеткізу жөніндегі қызметінің нәтижелілігі бағаланады.

Критерийлер сапалы нәтижелердің, сандық қорытындылардың, іске асырылып отырған мемлекеттік саясаттың нәтижелілігі мен тиімділігінің сандық тұрғыдан айқындауға болатын көрсеткіштері болып табылады.

Мемлекеттік (салалық) бағдарламаларды, орталық мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларын бағалаудың критерийлерін айқындау кезінде «Мемлекеттік және салалық бағдарламаларға, орталық мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларына және аумақтарды дамыту бағдарламаларына бағалау жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Есеп комитетінің 2010 жылғы 1 шілдедегі № 17-қ қаулысын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6371 тіркелген) басшылыққа алған жөн.

Ескерту. 60-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

61. Жұмыс жоспары осы Қағидаға 10-қосымшада келтірілген нысан бойынша ресімделеді.

62. Жұмыс жоспарында нақты бағдарламалық мәселелер, оларды әрбір бақылау объектісінде қараудың мерзімдері көрсетіледі.

Ескерту. 62-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

63. Тапсырма осы Қағидаға 11, 11-1, 11-2, 11-3-қосымшаларға сай нысан бойынша тиісінше бақылау жүргізуге, алдын ала зерделеуге, қайта тексеруге, постбақылауға құқық беретін ресми құжат болып табылады. Тапсырма қатаң есептілік бланкісінде ресімделеді және № 67 бұйрыққа сәйкес, құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органда тіркеуге жатады.

Ескерту. 63-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы

ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

64. Ескерту. 64-тармақ алынып тасталды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасының 14.08.2014 № 3-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

## 4. Бақылау жүргізу

### 1-параграф. Бақылау іс-шарасын жүргізудің ұйымдастырушылық негіздері

65. Бюджет кодексінің 141-бабының және Есеп комитетінің жұмыс жоспарының негізінде Есеп комитетінің бақылауға жауапты мүшесі қол қойған Тапсырманың болуы бақылау жүргізу үшін негіздеме болып табылады.

66. Әрбір бақылау объектісіне жеке Тапсырма ресімделеді.

67. Бақылау жүргізердің алдында бақылау объектісінің басшысына:

1) Тапсырма;

2) бақылауды жүзеге асыруға уәкілетті адамдардың қызметтік куәліктері;

3) Қазақстан Республикасында құпиялылық режимін қамтамасыз ету жөніндегі заңнамада белгіленген жағдайда, құзыретті органның режимді объектіде болуға арналған рұқсаты көрсетіледі.

68. Бақылауды Тапсырмада көрсетілген адамдар ғана жүзеге асырады.

69. Бақылау жүргізудің басталған кезі бақылау объектісінің лауазымды адамына (адамдарына) Тапсырманың көрсетілген күні болып табылады.

Ескерту. 69-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

70. Бақылау объектісінің басшысына немесе келісімімен бақылау жүзеге асырылып жатқан лауазымды адамға Тапсырма көрсетілген күннен бастап екінші күннен кешіктірілмей, бақылау тобының жетекшісі немесе бақылаушы қол қойған, осы Қағидаға 13-қосымшаға сай нысан бойынша бақылау объектісі басшысының (келісімімен бақылау жүзеге асырылып жатқан лауазымды адамның) міндеттерін атқару жөніндегі талап (бұдан әрі – Талап) табыс етіледі. Талапқа бөлшек арқылы тапсырманың нөмірі беріліп, Талаптың табыс етілген күні көрсетіледі.

Талаптың бірінші данасы осы Қағидаға 18-қосымшаға сай нысан бойынша бақылау актісінің бланкісінде ресімделеді және бақылау объектісінің басшысына

немесе келісімімен бақылау жүзеге асырылып жатқан лауазымды адамға қол қою арқылы табыс етіледі. Оны қабылдамаған жағдайда, бақылау тобының жетекшісі (бақылаушы) Талапты бақылау объектісінің кеңсесі арқылы жібереді.

Талаптың А4 форматының парағында жасалған, қабылданғаны туралы белгісі бар екінші данасы бақылаушыда қалады және бақылау актісіне қоса тіркеледі.

Бақылау жүргізу барысында қосымша құжаттар, материалдар, ақпарат алуға қажеттілік болған және оларды ұсынуға кедергі келтірілген жағдайда, бақылау объектісіне Қағиданың осы тармағына сәйкес ресімделетін Талап жіберіледі.

Үстеме бақылау жүргізу кезінде бақылау объектісі бақылау жүргізуге кедергі келтірген жағдайда, оған Талап көрсетіледі.

Ескерту. 70-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

71. Бақылау объектісінің лауазымды адамдары бақылау объектісіне кіргізуден бас тартқан жағдайда, бақылаушылар осы Қағидаға 14-қосымшаға сай нысан бойынша бақылау объектісіне кіргізуден бас тарту фактісі бойынша акті және Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің (бұдан әрі – ӘҚтК) негізінде және онда көзделген тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасайды.

Бақылау объектісінің лауазымды адамдары бақылаушыны бақылау объектісіне кіргізуден бас тартқан жағдайда және бақылау жүргізуге кедергі келтірген кезде бақылау тобының жетекшісі аталған фактілер туралы жазбаша, электрондық пошта/факс, пошта байланысы арқылы және (немесе) қолма-қол Есеп комитетінің бақылауға жауапты мүшесіне хабарлайды, ол осыларды жою жөнінде шаралар қабылдайды. Бақылау объектісі бақылау жүргізуге кедергі келтіретін мән-жайларды жоймаған жағдайда, Есеп комитетінің бақылауға жауапты мүшесі бақылау жүргізуге кедергі келтіретін себептер толық жойылғанға дейін бақылау іс-шарасын тоқтата тұру туралы Есеп комитетінің Төрағасына ұсынымхат дайындайды. Бақылау іс-шарасын тоқтата тұру, ұзарту туралы шешім бақылау объектісін, құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органды бір мезгілде хабардар ете отырып, Есеп комитеті Төрағасының бұйрығы түрінде шығарылады. Бақылау қайта басталған кезде жаңа тапсырма жазылып беріледі.

Ескерту. 71-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

72. Бақылау жүргізу бақылау объектісінің қызметіне кедергі келтірмеуі тиіс.

73. Бақылау жүргізу бақылау объектісінің жұмыс режиміне және күн тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

74. Бақылаушылар бақылау объектісінің ақпараттық стендінде Есеп комитеті қызметкерлерінің объектіде бақылау жүргізіп жатқаны туралы ақпарат іледі.

75. Егер бақылау объектісінде басқа мемлекеттік қаржылық бақылау органының мақсаты, мәні және бақылаумен қамтылатын кезеңі бойынша Есеп комитетінің бақылауымен сай келетін бақылау жүргізу фактісі анықталған болса, бақылаушылар бақылау тобының жетекшісіне және Есеп комитетінің бақылауға жауапты мүшесіне хабарлай отырып, мұндай бақылау актілерінің «Дәлелдер» және «Есептілік» стандарттарына сәйкестігіне бағалау жүргізеді.

Басқа мемлекеттік қаржылық бақылау органының бақылау актісінің Стандарттарға сәйкестігін бағалаудың қорытындысы бойынша бақылаушылар негізінде бұзушылықтардың болуы не болмауы туралы бақылау нәтижелері қалыптастырылған деректердің объективсіздігі, жеткіліксіздігі, жиналған дәлелдердің бақылаудың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігінің, анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді сипаттаудың анық еместігінің, бақылау актісінде нормативтік құқықтық актілердің бұзылған нормаларына нормативтік құқықтық актінің күні, нөмірі, толық атауы көрсетілген сілтемелердің жоқтығының анықталған фактілерін баяндай отырып, басқа мемлекеттік қаржылық бақылау органының бақылау актісінің «Дәлелдер», «Есептілік» стандарттарына сәйкестігі/сәйкессіздігі жөнінде Есеп комитеті мүшесінің атына қызметтік жазба дайындайды.

Есеп комитетінің бақылауға жауапты мүшесі баяндалған фактілердің негізінде бақылау нәтижелерін тану немесе танымау туралы шешім шешім қабылдайды. Басқа мемлекеттік қаржылық бақылау органының жүргізген бақылау нәтижелері танылмаған жағдайда, аталған объектілерде бақылаушылардың Бақылау бағдарламасына және Жұмыс жоспарларына сәйкес бақылау жүргізіледі, сәйкес болған жағдайда, басқа мемлекеттік қаржылық бақылау органының нәтижелері танылады және Есеп комитетінің жылдық ( тоқсандық) жұмыс жоспарына, Бақылау жоспарына, Бақылау бағдарламасына, бақылаушылардың Жұмыс жоспарларына тиісті өзгерістер енгізіле отырып, бақылау жүргізілмейді.

75-1. Құқық қорғау органдары бақылау объектісіндегі құжаттарды алып қойғанда, мемлекеттік органдардың, аудиторлық ұйымдардың мамандары және сарапшылар бақылау жүргізуден бас тартқанда, басқа мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының бұрын жүргізген бақылау нәтижелері танылғанда, Есеп комитетінің бақылау жүргізуге жауапты мүшесі немесе Тапсырмаға қол қойған лауазымды адам тіркелген Тапсырманың күшін жоюға келісім берген бақылау тобы жетекшісінің, бақылауды жүргізуге, құқықтық қамтамасыз етуге жауапты

бөлімше басшыларының қолы болған жағдайда, оның оң жақ жоғарғы бұрышына қойылатын «Тапсырманың күші жойылды» деген мәтіні бар мөртабанға өзінің қолын қойып, растай отырып Тапсырманың күшін жояды. Тапсырманың артқы бетінде (мөртабанның бедері деңгейінде) оның күшін жоюдың себептері және осындай шешімнің қабылданған күні көрсетіледі.

Ескерту. 75-1-тармақпен толықтырылды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасының 14.08.2014 № 3-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

76. Бақылау барысында Бақылау бағдарламасымен қамтылмаған, бірақ бақылау мәнін толық зерделеуге қажетті мәселелер туындаған жағдайда, бақылаушы жазбаша түрде Есеп комитетінің бақылауға жауапты мүшесіне және бақылау тобының жетекшісіне хабарлайды. Бақылау бағдарламасында қамтылмаған мәселелер бойынша бақылау жүргізудің орындылығы танылған жағдайда, Есеп комитетінің бақылауға жауапты мүшесі бақылаушының Жұмыс жоспарына толықтырулар енгізе отырып, бақылаушыға тиісті тапсырма береді. Бақылау объектісі Бақылау бағдарламасында қамтылмаған мәселелер бойынша материалдарды бақылауды жүзеге асырып отырған бақылаушының сұрауы негізінде ұсынады.

77. Бақылау іс-шарасын жүргізу барысында Бақылау жоспарына, Бақылау бағдарламасына және Жұмыс жоспарларына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу:

Бақылау жоспарына – Есеп комитетінің бақылауға жауапты мүшесінің өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізудің негіздемелерін көрсете отырып, бақылау жүргізуге және жоспарлауға жауапты құрылымдық бөлімшелер басшыларының бұрыштамасы алынған, Есеп комитеті Төрағасының атына қызметтік жазбасының негізінде;

Бақылау бағдарламасына – бақылау тобы жетекшісінің өзгерістер және ( немесе) толықтырулар енгізудің негіздемелерін көрсете отырып, бақылау жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше басшысының келісімі бойынша Есеп комитетінің бақылауға жауапты мүшесінің атына қызметтік жазбасының негізінде;

Жұмыс жоспарына – бақылаушының бақылау тобының жетекшісімен келісілген, Есеп комитеті мүшесінің атына қызметтік жазбасының негізінде немесе Бақылау жоспары мен бағдарламасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда жүргізіледі.

Бұл ретте Бақылау жоспарын – Есеп комитетінің жылдық (тоқсандық) жұмыс жоспарына (қажет болғанда) бір мезгілде өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізе отырып Есеп комитетінің Төрағасы, Бақылау бағдарламасын және Жұмыс

жоспарын – енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтыруларды ескеріп, бақылау жүргізу мерзімін өзгертіп немесе өзгеріссіз қалдырып, келісу рәсімдерін сақтай отырып Есеп комитетінің бақылауға жауапты мүшесі қайта бекітеді.

Ескерту. 77-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

78. Бақылау жүргізу кезінде бақылаудың қойылған мақсатына, мәніне және мәселелеріне сәйкес дәлелдер қалыптастыруға қажетті нақты деректерді жинау, талдау жүргізіледі.

Нақты деректерді жинау мынадай тәсілдермен:

1) бір мезгілде;

2) үздіксіз процесс жолымен, белгілі бір уақыт аралығында;

3) ол жүргізілетін бүкіл мерзімі ішінде жүзеге асырылады.

79. Бақылау жүргізу барысында жиналған дәлелдер заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің бақылау объектісінде анықталған бұзушылықтарын негіздеуі тиіс. Жиналған дәлелдердің негізінде бақылау іс-шарасының нәтижелері бойынша қорытындыда тұжырымдар мен ұсынымдар қалыптастырылады.

80. Бақылау іс-шарасын жүргізу барысында осы Қағиданың 71-тармағында көзделген жағдайда, Есеп комитетінің бақылауға жауапты мүшесінің қызметтік жазбасының негізінде Есеп комитетінің Төрағасы бақылау іс-шарасын жүргізуді күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімге ұзартады.

Ескерту. 80-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

81. Бақылаушылар іс жүзінде тауарларды жеткізу, қызметтерді көрсету және белгілі бір жұмыс түрлерін (көлемін) орындау мәнінің анықтығын растау және (немесе) осыған байланысты дәлелдер жинау үшін бақылау объектісінің басшысы уәкілеттік берген адаммен бірге бақылау өлшемін, тексеріп карауды (бұдан әрі – бақылау өлшемі (тексеріп қарау)) жүргізеді.

Қажет болған жағдайда, бақылау объектісінің басшылығы тапсырыс берушінің және (немесе) өнім берушінің (мердігердің) өкілдерінің және басқа да қатысы бар адамдардың толыққанды бақылау өлшемін (тексеріп қарауды) жүргізуге қажетті бақылау-өлшеу аспаптарымен қатысуын қамтамасыз ету қажеттілігі туралы хабардар етіледі.

Ескерту. 81-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы

ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

82. Бақылау өлшемінің (тексеріп қараудың) қорытындысы бойынша жүргізілген күні, орны, мақсаты, нәтижелері және оны жүргізуге қатысып, аяқталған күні қол қойған адамдар көрсетіле отырып, осы Қағидаға 21-қосымшаға сай нысан бойынша бақылау өлшемі (тексеріп қарау) актісі екі данада ресімделеді. Қол қойылған актінің бір данасы бақылаушыда қалдырылады, ал екінші данасы бақылау объектісіне табыс етіледі. Бақылау өлшемінің (тексеріп қараудың) нәтижелерін бақылаушы негізгі бақылау объектісінде жасалатын бақылау актісінде міндетті түрде көрсетеді.

83. Бақылау объектісінің (тапсырыс берушінің) өкілдері тарапынан актіге қол қоюдан бас тартылған жағдайда, қол қоюдан бас тартылғаны жөнінде белгі қойылады. Жүргізілген бақылау өлшемінің нәтижелерін растайтын тиісті негіздер (дәлелдер) болған жағдайда, бақылау объектісі (тапсырыс беруші) тарапынан актіге қол қоюдан бас тарту өлшем нәтижелерін бақылау актісіне енгізуден бас тартуға негіз бола алмайды.

84. Бақылаушылар бақылау тобы жетекшісінің алдында күн сайын ауызша есеп беріп отырады, апта сайын соңғы жұмыс күнінің алдындағы күні қорғалған байланыс арналары арқылы осы Қағидаға 16-қосымшаға сай нысан бойынша жұмыс жоспарларының орындалу барысы туралы есепті күнге толтырылған (жасалған) бақылаушының апта сайынғы есебін жіберіп отырады. Көрсетілген есеп осындай тәртіппен мәлімет үшін Есеп комитетінің бақылауға жауапты мүшесіне ұсынылады.

Ескерту. 84-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

85. Бақылау тобының жетекшісі бақылаушылардың жұмысын үйлестіреді, бақылау мәселелерінің толық қамтылуына мониторинг жүргізеді, бақылаудың жекелеген бағыттарын түзетеді, бақылаушылар арасында туындайтын проблемалық мәселелерді шешеді, апта сайын аптаның соңғы жұмыс күні сағат 15-00-ге дейін қорғалған байланыс арналары арқылы бақылау жүргізуге жауапты бөлімшенің басшысына және Есеп комитетінің бақылауға жауапты мүшесіне осы Қағидаға 16-қосымшаға сай нысан бойынша Бақылау бағдарламасының орындалу барысы туралы есепті күнге толтырылған (жасалған) бақылау тобы жетекшісінің жиынтық апта сайынғы есебін ұсынып отырады.

Ескерту. 85-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа

енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

86. Бақылау тобының жетекшісі бақылау жүргізуге жауапты бөлімшенің басшысын және Есеп комитетінің бақылауға жауапты мүшесін бақылауға қатысқан бақылаушылардың, мемлекеттік органдардың, аудиторлық ұйымдардың мамандарының және сарапшылардың бақылау жүргізу барысында қызметтік міндеттерін орындамау оқиғалары және атқарушылық тәртіпті, еңбек тәртібін бұзу, мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасын сақтамау фактілері туралы жазбаша түрде хабардар етеді. Өз кезегінде, бақылау жүргізуге жауапты бөлімшенің басшысы Есеп комитетінің бақылауға жауапты мүшесімен бірге тәртіптік сипаттағы шаралар қабылдау үшін көрсетілген фактілер туралы жазбаша түрде Есеп комитетінің Төрағасына хабарлайды.

Ескерту. 86-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

87. Режимдік мекемелерде бақылау жүргізуге байланысты құпия материалдарды зерделеу және талдау Қазақстан Республикасында құпиялылық режимін қамтамасыз ету жөніндегі қолданыстағы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

## 2-параграф. Мемлекеттік органдардың, аудиторлық ұйымдардың мамандарын және сарапшыларды бақылау жүргізуге тарту

88. Есеп комитеті өз өкілеттігі шегінде өзіне жүктелген міндеттерді орындау мақсатында:

1) бақылау тобының құрамына жекелеген мамандарды, сарапшыларды енгізу;

2) аудиторлық ұйымдарға, сарапшыларға Бақылау бағдарламасына сәйкес қызметтер көрсетуге жеке тапсырма беру жолымен мемлекеттік органдардың, аудиторлық ұйымдардың мамандарын және сарапшыларды тартады.

89. Мемлекеттік органдардың, аудиторлық ұйымдардың мамандарын және сарапшыларды тартудың мақсаты бақылаудың арнайы білімдерді талап ететін мәселелері бойынша сапалы бақылауды қамтамасыз ету және бақылаудың нәтижелерін тәуелсіз сараптаманың қорытындыларымен растау болып табылады.

Мемлекеттік органдардың мамандарын бақылау іс-шарасына қатысуға жіберу мүмкіндік болмаса не оларды жіберуден бас тартылған болса, Есеп комитетінің мүшесі қажет болған жағдайда сынақтардың, бақылау өлшемдерінің (тексерулердің) нәтижелерін қажетті қорытындыларды алу мақсатында уәкілетті органдар мен ұйымдарға жолдайды.

Уәкілетті органдар мен ұйымдардың қорытындыларының нәтижелері

Қорытындыға және Жиынтық тізілімге енгізіледі.

Ескерту. 89-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасының 14.08.2014 № 3-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

90. Мемлекеттік органдардың, аудиторлық ұйымдардың мамандарын және сарапшыларды тартудың қажеттілігі Есеп комитетінің жылдық жоспарын жасау кезінде айқындалады.

91. Мемлекеттік органдардың мамандары Есеп комитетінің жоспарланған бақылаудың мәнін, мамандардың саны мен біліктілігін, бақылаудың немесе сараптаманың жүргізілу мерзімі мен кезеңін көрсете отырып, мемлекеттік орган мен мекеменің басшысының атына хатының негізінде бақылауға тартылады.

92. Аудиторлық ұйымдардың және сарапшылардың көрсететін қызметтерін тиісті шарттар жасай отырып сатып алу Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасы мен мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының талаптарына сәйкес жүргізеді.

## 3-параграф. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы толтыру, сондай-ақ әкімшілік және қылмыстық құқық бұзушылықтар белгілерін қамтитын анықталып отырған фактілер бойынша дәлелдер жинау

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 10.12.2014 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейінгі күні қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

93. Егер бақылау объектісінің басшысы Бақылау объектісі басшысының міндеттерін атқару жөніндегі талапта көрсетілген мерзім аяқталған соң да Бюджет кодексінің 146-бабында көзделген міндеттерін орындамаса, бақылаушы – анықталған күні, ал әкімшілік құқық бұзушылықтың мән-жайларын және жеке тұлғаның жеке басын қосымша анықтау қажет болған жағдайда, көрсетілген деректер анықталған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ӘҚтК негізінде және онда көзделген тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырады, оның жобасы ӘҚтК-де белгіленген мерзім шегінде ол ұсынылған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшемен келісіледі.

Ескерту. 93-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 10.12.2014 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейінгі күні қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

94. Осы Қағиданың 93-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, бюджет қаражатын пайдалану саласында бақылау жүргізу барысында анықталған әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша әкімшілік құқық бұзушылық жасау фактісін тапқан лауазымды адам (құрылымдық бөлімше) тиісті тексеру аяқталғаннан кейін дереу әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасайды. Хаттама жобасы оны ұсынған күннен бастап, үш жұмыс күні ішінде ӘҚтК-де белгіленген мерзімдер шегінде құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшемен келісіледі. Сараптама жүргізу қажет болған жағдайда, сараптаманың қорытындысы алынған күннен бастап, екі тәулік ішінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалады.

Ескерту. 94-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

95. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырылған кезде өзіне қатысты іс қозғалған лауазымды адамға, сондай-ақ іс бойынша іс жүргізудің басқа да қатысушыларына ӘҚтК-де көзделген олардың құқықтары мен міндеттері түсіндіріледі, бұл туралы хаттамаға белгі қойылады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға оны толтырған адам және әкімшілік құқық бұзушылықты жасаған адам қол қояды. Куәлар болған кезде, сондай-ақ куәгерлер қатысқан жағдайда, хаттамаға осы адамдар да қол қояды.

Өзіне қатысты іс қозғалған лауазымды адамға әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамамен танысуға мүмкіндік беріледі. Көрсетілген адам хаттаманың мазмұны бойынша түсініктемелер мен ескертулер береді, сондай-ақ оған қол қоюдан бас тартуының себептерін баяндайды, олар осы хаттамаға қоса тіркеледі. Аталған адамдар әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға қол қоюдан бас тартқан жағдайда, онда тиісті жазба жасалады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманың көшірмесі өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалған адамға қолхатпен табыс етіледі.

Тиісінше хабардар етілген әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адам болмаған немесе келмеген жағдайда, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға оны толтырған адам қол қойып, оған әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамның болмағаны немесе келмегені жөнінде белгі қояды.

Тиісінше хабардар етілген әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адам болмаған немесе келмеген жағдайда, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама өзіне қатысты іс қозғалған адамды хабардар ете отырып, тапсырысты хатпен почта арқылы жолданады.

Ескерту. 95-тармаққа өзгеріс енгізілді - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 10.12.2014 № 5-НҚ (алғашқы

ресми жарияланған күнінен кейінгі күні қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

96. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманың көшірмесін қолхатпен алудан бас тартылған жағдайда, оны толтырған адам хаттамада тиісті жазба жасайды және әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманың көшірмесін өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалған адамды хабардар ете отырып, тапсырысты хатпен почта арқылы тұратын мекенжайына немесе жұмыс орнына жолдайды.

97. Хаттамаға мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) құқық бұзушының жеке басын куәландыратын құжат (көшірмесі);

2) функционалдық және лауазымдық міндеттерін негізге ала отырып, адамдардың жазбаша түсініктемелері (не түсініктеме беруден бас тарту туралы акт);

3) анықталған құқық бұзушылықтың белгілерін растайтын, лауазымды адамдардың қолымен, ұйымның мөрімен немесе мөртабанымен расталған құжаттардың түпнұсқалары немесе төлнұсқаның көшірмелері:

соның ішінде, әкімшілік құқық бұзушылықтың түріне қарай:

жүргізілген зерттеулердің (сынақтардың, бақылау өлшемдерінің (тексеріп қараулардың) және тағы басқаларының) актілері;

сараптаманың және аудиторлық ұйымдардың қорытындылары (жүргізілген жағдайда);

операция немесе әрекет фактісін қамтитын құжаттар немесе олардың көшірмелері, соның ішінде шешімдер:

орындалған жұмыс актілері (тауарларды қабылдау-өткізу, қызметтерді көрсету, есептен шығару, жою актілері);

мемлекеттік сатып алу туралы бұйрықтар, хаттамалар және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдардың басқа да шешімдері;

шарттар;

ақы төлеу фактісін растайтын құжаттар:

төлем тапсырмалары (төлеуге арналған шоттар, түбіртектер, чектер және (немесе) басқалары);

ведомостар, ордерлер, нарядтар;

4) лауазымды адамдардың өкілеттіктерін растайтын құжаттардың көшірмелері:

жарғылар, ережелер, лауазымдық нұсқаулықтар;

анықталған бұзушылықтарға қатысы бар лауазымды адамдарды тағайындау (жұмыстан босату) туралы бұйрықтар;

5) мемлекетке, мемлекеттің қатысуымен құрылған заңды тұлғалардың мүдделеріне келтірілген залалдың сомасын растайтын құжаттар немесе олардың

көшірмелері:

анықтамалар, кестелер, диаграммалар;

есептеулер;

бұзушылық фактілерін көрсететін және бақылау актісінің ажырамас бөлігі болып табылатын фотоматериалдар.

Заң сараптамасын жүргізу кезінде орны толмайтын, ұсынылған құжаттардың толық болмауы хаттаманы жасаушының кемшіліктерді жою үшін материалдарды қайтаруына әкеп соқтырады.

Лауазымды адам хаттаманың және басқа да материалдардың кемшіліктерін оларды алған кезден бастап екі тәулік ішінде жояды.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама мен әкімшілік құқық бұзушылық туралы істің басқа да материалдары жасалған кезінен бастап, үш тәуліктің ішінде тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністің аумағында орналасқан сотқа жіберіледі.

Ескерту. 97-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

98. Алып тасталды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 10.12.2014 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейінгі күні қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

99. Бақылау объектісінің лауазымды адамдарының іс-әрекетінде Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Қылмыстық кодексінің баптарымен көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар белгілері және олар бойынша қарау мен процестік шешім қабылдау әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға уәкілетті органдардың (лауазымды адамдардың) құзыретіне жататын әкімшілік құқық бұзушылық белгілері анықталған жағдайда, бақылаушылар кейіннен құқық қорғау органдарына және әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайтын уәкілетті органдарға (лауазымды адамдарға) беру үшін құқық бұзушылыққа жол берген адамнан жазбаша түсініктемелер және анықталған құқық бұзушылықтың белгілерін растайтын, лауазымды адамдардың қолымен, ұйымның мөрімен немесе мөртабанымен расталған құжаттардың түпнұсқаларының көшірмелерін (бұдан әрі – құжаттар тізбесі) жасауды талап етеді:

1) бұзушылық фактісін тікелей растайтын құжаттар:

бұзушылық фактілерін көрсететін және бақылау актісінің ажырамас бөлігі болып табылатын фотоматериалдар;

жүргізілген зерттеулердің (сынақтардың, бақылау өлшемдерінің (тексеріп караулардың) және тағы басқаларының) актілері;

сараптаманың және аудиторлық ұйымдардың қорытындылары (жүргізілген жағдайда);

функционалдық және лауазымдық міндеттерін негізге ала отырып, адамдардың жазбаша түсініктемелері (не түсініктеме беруден бас тарту туралы акт);

2) операция немесе әрекет фактісін қамтитын құжаттар немесе олардың көшірмелері, соның ішінде шешімдер:

орындалған жұмыс актілері (тауарларды қабылдау-өткізу, қызметтерді көрсету, есептен шығару, жою актілері);

мемлекеттік сатып алу туралы бұйрықтар, хаттамалар және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдардың басқа да шешімдері; шарттар;

3) ақы төлеу фактісін растайтын құжаттар немесе олардың көшірмелері:

төлем тапсырмалары (төлеуге арналған шоттар, түбіртектер, чектер және (немесе) басқалары);

ведомостар, ордерлер, нарядтар;

4) лауазымды адамдардың өкілеттіктерін растайтын құжаттар немесе олардың көшірмелері:

жарғылар, ережелер, лауазымдық нұсқаулықтар;

анықталған бұзушылықтарға қатысы бар лауазымды адамдарды тағайындау (жұмыстан босату) туралы бұйрықтар;

5) мемлекетке, мемлекеттің қатысуымен құрылған заңды тұлғалардың мүдделеріне келтірілген залалдың сомасын растайтын құжаттар:

анықтамалар, кестелер, диаграммалар;

есептеулер.

Ескерту. 99-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

99-1. Әрбір әкімшілік құқық бұзушылық бойынша материалдар тиісті уәкілетті органдарға жеке ілеспе хатпен жіберіледі.

Ескерту. 99-1-тармақпен толықтырылды - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

### 4-параграф. Тақырыптық бақылауды жүзеге асыру

100. Тақырыптық бақылау түрі бойынша жүргізілетін бақылау іс-шаралары осы Қағиданың 2-тарауында белгіленген тәртіпке сәйкес Есеп комитетінің кезекті жылға арналған бақылау жұмысы жоспарының жобасын қалыптастыру кезеңінде көзделеді.

101. Бақылаудың тақырыптық түрі жеке, сондай-ақ кешенді, қосарлас, бірлескен бақылау іс-шараларын жүргізу шеңберінде жүзеге асырылады.

## 4-1-параграф. Бақылау-талдамалық және (немесе) талдамалық іс-шараларды жүзеге асыру

Ескерту. 4-1-параграфпен толықтырылды - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

101-1. Бақылау-талдамалық және (немесе) талдамалық іс-шаралар осы Қағиданың 2-тарауында белгіленген тәртіпке сәйкес, кезекті жылға арналған бақылау жұмысы жоспарының жобасын қалыптастыру кезеңінде көзделеді.

101-2. Бақылау-талдамалық және (немесе) талдамалық іс-шараларды жүргізуді Есеп комитеті дербес не мемлекеттік қаржылық бақылаудың басқа да органдарының қатысуымен және (немесе) шет елдердің қаржылық бақылау органдарымен бірлесіп, ортақ тақырып, бақылау бағдарламасы бойынша және келісілген мерзімдерде екіжақты немесе көпжақты негізде жүзеге асырады.

101-3. Талдамалық іс-шара бақылау объектісіне шықпай, бақылау объектісінен алынған материалдарға және тексеру тақырыбы бойынша өзге де ақпаратқа талдау, талдамалық зерттеу, мониторинг, бағалау мен сараптама жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

101-4. Бақылау-талдамалық және (немесе) талдамалық іс-шараларды дайындау мен жүргізу Есеп комитетінің жылдық (тоқсандық) жоспарында көзделген мерзімдерде және осы Қағидада белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

## 5-параграф. Үстеме бақылауды жүзеге асыру

102. Бақылаудың негізгі объектілерінің қызметін алдын ала зерделеу барысында үстеме бақылаудың ықтималды объектілері айқындалып, олар Бақылау жоспары мен бағдарламасына енгізіледі. Егер бақылау іс-шараларын жүргізу барысында үстеме бақылау жүргізуге негіз туындаса, онда Бақылау жоспары мен бағдарламасына өзгерістер енгізілместен, Жұмыс жоспарларына тиісті толықтырулар енгізіледі.

103. Үстеме бақылау жүргізу үшін әрбір бақылау объектісіне бақылау үлгісі

көрсетілместен жеке Тапсырма ресімделеді.

Ескерту. 103-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасының 14.08.2014 № 3-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

104. Егер бақылау іс-шарасы барысында бақылау объектісінің үшінші тұлғалармен жасасқан азаматтық-құқықтық мәмілелерінің, есеп айырысулары мен қаржы операцияларының анықтығын, іс жүзінде тауарлардың жеткізілгенін, жұмыстардың орындалғанын және қызметтердің көрсетілгенін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының, оның ішінде мемлекеттік сатып алу туралы заңнама талаптарының сақталуын бақылау мүмкін болмағанда, үстеме бақылау жүргізіледі.

105. Үстеме бақылау нәтижелерін ресімдеу кезінде осы Қағиданың 18-қосымшасында келтірілген бақылау актісінің нысанынан мынадай бөлімдер: бақылау үлгісі, бұрынғы бақылау нәтижелері туралы мәліметтер алынып тасталады.

106. Бақылау объектісінің басшылығы жүргізілген бақылаудың нәтижелерімен танысуға бақылау актісі ұсынылған күннен бастап, күнтізбелік үш күн ішінде үстеме бақылау актісімен танысады және оған қол қояды. Бақылаушы және бақылау объектісінің лауазымды адамы бақылау актісінің екінші парағынан бастап барлық беттеріне қол қояды.

Ескерту. 106-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

107. Үстеме бақылау жүргізілген жағдайда, бақылаушы оның нәтижелерін негізгі бақылау объектісінде жасалатын бақылау актісінде міндетті түрде көрсетеді.

## 6-параграф. Кешенді бақылауды жүзеге асыру

108. Кешенді бақылау іс-шаралары осы Қағиданың 2-тарауында белгіленген тәртіпке сәйкес кезекті жылға арналған бақылау жұмысы жоспарының жобасын қалыптастыру кезеңінде көзделеді.

109. Кешенді бақылауды жүргізуді Есеп комитеті жеке немесе басқа мемлекеттік органдардың қатысуымен бір мезгілде келісілген мерзімде жүзеге асырады. Кешенді бақылау жалпы алғанда тиімділікті бақылау үлгісі бойынша жүргізіледі. Кешенді бақылау шеңберінде бақылаудың нақты объектілері бойынша бақылаудың басқа да үлгілері қолданылуы мүмкін.

110. Кешенді бақылауды жүргізуге дайындалу Есеп комитетінің жылдық (тоқсандық) бақылау жұмысы жоспарында көзделген мерзімге сәйкес жүргізіледі.

111. Кешенді бақылауға қойылған міндеттерді іске асыруға тартылған басқа да бақылау объектілерін қамти отырып, бақылау объектілерінің нақты кезеңдегі барлық мәселелер бойынша қызметі жатады, оның нәтижелері бойынша мемлекеттің барлық ресурстарының, қаржы және өзге активтерінің пайдаланылуына, олардың стратегиялық жоспарларында көзделген тікелей және түпкі нәтижелерге қол жеткізуіне, мемлекеттік, салалық және бюджеттік бағдарламаларды, қойылған әлеуметтік-экономикалық мақсаттар мен міндеттерді іске асыру бойынша басқа мемлекеттік органдар – бірлесіп орындаушылармен үйлестіруге және өзара іс-қимылдарына, мемлекеттік функциялардың орындалуына және мемлекеттік қызметтердің көрсетілуіне, республикалық бюджетке түсетін түсімдердің толықтығы мен уақтылылығына, республикалық бюджеттен түсімдер сомаларының қайтарылуына, салықтық және кедендік әкімшілік етудің тиімділігіне баға беріледі.

112. Есеп комитеті жеке жүргізетін кешенді бақылаудың Жоспары, Бағдарламасы және Жұмыс жоспарлары осы Қағиданың 3-тарауында белгіленген тәртіппен жасалып бекітіледі.

113. Есеп комитеті басқа мемлекеттік органдармен немесе мемлекеттік қаржылық бақылау органдарымен бірге жүргізетін кешенді бақылау бірлескен және (немесе) қосарлас бақылау арқылы жүзеге асырылады.

## 7-параграф. Қосарлас бақылауды жүзеге асыру

114. Қосарлас бақылаудың іс-шаралары осы Қағиданың 2-тарауында белгіленген тәртіпке сәйкес Есеп комитетінің кезекті жылға арналған бақылау жұмысы жоспарының жобасын қалыптастыру кезеңінде көзделеді.

115. Қосарлас бақылауды жүргізуді Есеп комитеті кезекті жылға (тоқсанға) арналған тиісті бекітілген бақылау жұмысы жоспарларының негізінде бақылаудың жеке түрі ретінде не жүргізіліп отырған кешенді бақылау шеңберінде бір мезгілде не келісілген мерзімде жүзеге асырады.

116. Қосарлас бақылауды жүргізуге дайындалу Есеп комитетінің жылдық (тоқсандық) бақылау жұмысы жоспарында көзделген мерзімге сәйкес жүргізіледі.

117. Бақылау тобының жетекшісі және бақылау тобының қатысушылары Есеп комитетінің қосарлас бақылауға жауапты мүшесімен бірлесіп ақпарат жинауды жүргізеді және алдын ала зерделеудің мерзімі басталғаннан бастап екі жұмыс күні ішінде жетіспейтін ақпаратты ұсыну жөнінде бақылау объектілеріне сұрау жолдайды.

118. Алдын ала зерделеудің қорытындысы бойынша Есеп комитетінің мүшесі

бақылау тобының жетекшісімен және қатысушыларымен бірлесіп, Жоспардың, Бағдарламаның және Жұмыс жоспарларының жобаларын жасап, бақылау басталғанға дейін кемінде жеті жұмыс күні бұрын қосарлас бақылауды жүргізуге қатысатын мемлекеттік қаржылық бақылау органдарына тексерілетін мәселелер мен бақылау объектілерінің тізбесін және олардың мемлекеттік қаржылық бақылау органдары бойынша бөлінісін жолдайды.

119. Қосарлас бақылауды жүргізуге қатысатын мемлекеттік қаржылық бақылау органдары мәселелердің, бақылау объектілерінің тізбесі туралы Есеп комитетінен алған ақпараттың негізінде қосарлас бақылау жүргізудің Жоспары мен Бағдарламасының жобаларын әзірлейді, бұл ретте бақылауға қатысты өздерінің қосымша мәселелерін енгізе отырып, негізгі тексерілетін мәселелер тізбесін кеңейтуге жол беріледі. Бақылау жоспары мен бағдарламасының жобалары бақылау іс-шаралары басталғанға дейін кемінде бес жұмыс күні бұрын келісу үшін электрондық почта арқылы Есеп комитетіне жолданады.

120. Есеп комитеті мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының Бақылау жоспары мен бағдарламасының жобаларын Есеп комитетіне жолданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде келіседі, қажет болған жағдайда, өзінің Бақылау жоспарына, бағдарламасына және Жұмыс жоспарларына түзетулер енгізіп, оларды сапаны бақылауға жауапты құрылымдық бөлімшеге табыс етеді. Есеп комитеті тарапынан жазбаша ескертпелер болмаған жағдайда, мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының Бақылау жоспары мен бағдарламасының жобалары келісілген деп есептеледі.

Ескерту. 120-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасының 14.08.2014 № 3-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

121. Қосарлас бақылаудың жоспарын, бағдарламасын және Жұмыс жоспарларын әрбір тарап қосарлас бақылау іс-шарасы басталғанға дейін екі жұмыс күні бұрын (бақылау объектілерінің атауын, бюджеттік бағдарламаларды, бақылау мәселелерін көрсете отырып) жеке бекітеді.

122. Бақылауды жүргізуге негіз болып табылатын құжаттарды (Бақылау жүргізуге тапсырманы, Бақылауды тағайындау туралы бұйрықтарды) әрбір мемлекеттік қаржылық бақылау органы жеке ресімдейді.

123. Қосарлас бақылауды әрбір тарап оны жүргізудің мерзімін келісе отырып, жеке бақылау тобын құру арқылы жүргізеді.

124. Қызметкерлерді іссапарға жіберуді, сондай-ақ іссапар шығыстарын төлеуді әрбір мемлекеттік қаржылық бақылау органы жеке жүргізеді.

125. Бақылауға жауапты лауазымды адамдар, қосарлас бақылау топтарының қатысушылары:

1) қосарлас бақылауды жүргізу барысында туындайтын мәселелерді талқылай отырып жұмыс кеңестерін;

2) консультацияларды;

3) әдістемелік және талдамалық құжаттармен алмасуды жүргізеді.

126. Бақылау топтарының жетекшілері бақылауды жүргізудің барысы (бақылау мәселелерін қамтудың толықтығы, туындаған мәселелер және басқалар) және бақылаудың алдын ала нәтижелері туралы ақпарат алмасады.

127. Қосарлас бақылауды жүргізу кезінде әрбір тарап бақылау актілерін олардың нысаны мен мазмұнына қойылатын мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының бекітілген талаптарына сәйкес жеке ресімдейді.

128. Есеп комитеті қосарлас бақылаудың нәтижелері бойынша қорытындыны дайындауды бақылау актілерінің сапасын бақылаудың сараптамалық қорытындысын алғаннан кейін және қарсылықтың (егер болса) әрбір тармағы бойынша қабылданған және қабылданбаған дәлелдер көрсетілген, бақылау объектісіне дәлелді жауапты ескере отырып он жұмыс күні ішінде жүзеге асырады. Қорытындыға ҚБК, тексеру комиссиясы жүргізген қосарлас бақылаудың нәтижелері талдау үшін енгізіледі. Қорытынды және Жиынтық тізілім сапаны бақылаудан өткеннен кейін осы Қағиданың 200-тармағында көрсетілген тәртіпке сәйкес бақылау объектісіне жолданады.

129. ҚБК бұзушылықтардың анықталған жалпы сомасын және бақылау объектілері бөлінісіндегілерін көрсете отырып, жүргізілген қосарлас бақылаудың нәтижелері мен бақылау жүргізу барысында бақылау объектілерінің қабылдаған шаралары туралы жинақталған ақпаратты, сондай-ақ Ұсынымдардың бірер көшірмесін оларға қол қойылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде Есеп комитетіне ұсынады.

130. Есеп комитетінің отырысында жүргізілген қосарлас бақылаудың материалдары талқыланып, жүргізілген қосарлас бақылаудың қорытындылары туралы Қаулы қаралып қабылданады.

131. Есеп комитетінің қосарлас бақылаудың қорытындыларын қарау жөніндегі отырысына бақылауға жауапты адамдар, бақылау объектілерінің лауазымды адамдары, сондай-ақ Есеп комитетінің Төрағасы айқындаған өзге де адамдар шақырылады.

Ескерту. 131-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасының 14.08.2014 № 3-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

132. Есеп комитеті қосарлас бақылаудың қорытындылары туралы қабылданған Қаулыға қол қойылғаннан кейін оның көшірмесін екі жұмыс күні ішінде ҚБК-ға жолдайды.

133. Есеп комитетінің және тексеру комиссияларының қосарлас бақылауды жүргізуге жауапты мүшелері жүргізілген қосарлас бақылаудың нәтижелері бойынша жеке Қорытынды жасайды.

134. Тексеру комиссиялары жүргізілген қосарлас бақылаудың нәтижелері туралы талдамалық ақпаратты ол аяқталған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Есеп комитетіне ұсынады.

135. Есеп комитетінің және тексеру комиссияларының отырыстарында жүргізілген қосарлас бақылаудың нәтижелері туралы Қаулылар жеке қаралып қабылданады.

136. Есеп комитеті және тексеру комиссиялары қосарлас бақылаудың нәтижелері туралы қабылдаған Қаулыларына қол қойылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде олардың көшірмелерімен алмасады.

137. Есеп комитеті қосарлас бақылаудың нәтижелері бойынша Қаулының орындалуын бақылауды осы Қағиданың 6-тарауында белгіленген тәртіпке сәйкес жүзеге асырады.

138. Мемлекеттік қаржылық бақылау органдары қосарлас бақылаудың нәтижелері бойынша Қаулылар (Ұсынымдар) тармақтарының іске асырылу барысы жөнінде тиісті ақпаратты ЭҚАБЖ және почтамен қағаз түрінде жолдау арқылы бір-біріне хабарлап отырады.

139. Есеп комитеті ҚБК-мен, тексеру комиссияларымен бірге жүргізген қосарлас бақылаудың нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының Президентіне ұсынылатын тоқсандық ақпаратқа және Қазақстан Республикасының Парламентіне ұсынылатын жылдық есепке енгізу үшін талдамалық ақпарат дайындайды.

## 8-параграф. Бірлескен бақылауды жүзеге асыру

140. Бірлескен бақылаудың іс-шаралары осы Қағиданың 2-тарауында белгіленген тәртіпке сәйкес Есеп комитетінің кезекті жылға арналған бақылау жұмысы жоспарының жобасын қалыптастыру кезеңінде көзделеді.

141. Бірлескен бақылауды жүргізуді Есеп комитеті кезекті жылға (тоқсанға) арналған бекітілген бақылау жұмысы жоспарлары негізінде бақылаудың жеке түрі ретінде не жүргізіліп отырған кешенді бақылау шеңберінде келісілген мерзімде басқа мемлекеттік қаржылық бақылау органдарымен бір мезгілде жүзеге асырады.

142. Бірлескен бақылауды жүргізуге дайындалу Есеп комитетінің жылдық (тоқсандық) бақылау жоспарында көзделген мерзімге сәйкес жүргізіледі.

143. Бақылау тобының жетекшісі және бақылау тобының қатысушылары Есеп комитетінің бірлескен бақылауды жүргізуге жауапты мүшесімен бірлесіп,

ақпарат жинауды жүргізеді және алдын ала зерделеудің мерзімі басталғаннан бастап екі жұмыс күні ішінде жетіспейтін ақпаратты ұсыну жөнінде бақылау объектілеріне сұрау жолдайды.

144. Алдын ала зерделеудің қорытындысы бойынша Есеп комитетінің мүшесі бақылау тобының жетекшісімен бірге бірлескен бақылаудың Жоспарының, Бағдарламасының және Жұмыс жоспарларының жобаларын жасап, бірлескен бақылау Бағдарламасының әзірленген жобасын бірлескен бақылауды жүргізуге қатысатын мемлекеттік органдарға жолдайды. Бірлескен бақылауды жүргізуге қатысатын мемлекеттік орган бақылау іс-шарасы басталғанға дейін кемінде бес жұмыс күні бұрын бірлескен бақылаудың Бағдарламасын келіседі.

145. Есеп комитетінің мүшесі бақылау тобының жетекшісімен бірге үш жұмыс күні ішінде мемлекеттік органның ұсыныстарын пысықтайды, және қажет болған жағдайда, Бақылау жоспарына, бірлескен Бақылау бағдарламасына, Жұмыс жоспарларына түзетулер енгізіп, оларды сапаны бақылауға жауапты құрылымдық бөлімшеге ұсынады.

146. Бірлескен бақылау бағдарламасында бақылау объектілері бойынша: бақылау объектісінің атауы, бақылаудың мәні, бақылаудың үлгісі мен түрі, бақылаумен қамтылатын кезең, бақылау жүргізудің мерзімі, бірлескен бақылау тобының құрамы, бақылаумен қамтылатын қаражат көлемі, бақылау мәселелері және оларды қараудың дәйектілігі көрсетіледі.

Бірлескен бақылау бағдарламасы бірлескен бақылауға қатысушы мемлекеттік органның жауапты лауазымды адамымен келісіледі (электрондық немесе жазбаша хат алмасу жолымен) және Есеп комитетінің мүшесі бірлескен бақылау басталғанға дейін кемінде екі жұмыс күні бұрын Бақылау бағдарламасының үлгі нысанына сәйкес оны бекітеді.

147. Бірлескен бақылауды жүргізу үшін Есеп комитетінің және басқа да мемлекеттік органдардың өкілдерінен ортақ бірлескен немесе тараптардың әрқайсысының жеке бақылау тобы құрылады, тараптардың келісімімен олардың қатысушыларын бақылау объектілері және бюджет деңгейлері бойынша бөлу Есеп комитеті мүшесінің басшылығымен жүзеге асырылады.

148. Бақылауды жүргізуге негіз болып табылатын құжаттарды әрбір мемлекеттік орган жеке ресімдейді.

149. Қызметкерлерді іссапарға жіберуді, сондай-ақ іссапар шығыстарын төлеуді әрбір мемлекеттік орган жеке жүргізеді.

150. Бірлескен бақылауды сапалы жүргізу мақсатында мемлекеттік органдардың бақылауға жауапты лауазымды адамдары, бірлескен бақылау тобының қатысушылары бір-бірімен:

1) бірлескен бақылауды жүзеге асыру барысында туындайтын мәселелерді талқылай отырып жұмыс кеңестері;

2) консультациялар;

3) әдістемелік және талдамалық құжаттармен, ақпаратпен алмасу түріндегі өзара іс-қимылды жүзеге асырады.

151. Бірлескен бақылауды жүзеге асыратын Есеп комитетінің бақылаушылары мен мемлекеттік органның қызметкерлері бақылау объектілерінде бірлескен бақылауды жүргізудің қорытындылары бойынша бақылау актісін жасап, оған қол қояды.

152. Бақылау объектісінде бірлескен бақылауды ортақ бақылау тобы жүргізген кезде бақылау актісі Есеп комитетінің бланкісінде үш данада ресімделіп, бірінші данасы – Есеп комитетіне, екінші данасы – бірлескен бақылауға қатысушы мемлекеттік органға, үшінші данасы бақылау объектісіне беріледі. Бірлескен бақылауды жеке топ жүргізген кезде бақылау актісін тараптардың әрқайсысы жеке ресімдеп, кейіннен нәтижелерімен алмасады. Бақылау актісіне бақылауды жүргізген қызметкерлер қол қойған Тізілім қоса беріледі (Бақылау актісіне бақылаудың нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктер тізілімінің нысаны бойынша ресімделеді).

153. Бақылау актісіне жазбаша қарсылықтарды бірлескен бақылауды жүргізуге жауапты Есеп комитетінің мүшесі мен мемлекеттік органның лауазымды адамы бақылауды жүзеге асырған қызметкерлермен бірлесіп қарайды. Бақылау объектісіне жауапты өзінің атына жазбаша қарсылықтар келіп түскен мемлекеттік орган бес жұмыс күні ішінде жолдайды.

154. Есеп комитеті бірлескен бақылау барысында жасалған актілер негізінде бірлескен бақылаудың нәтижелері бойынша Қорытынды жасайды. Қорытындының жобасы Есеп комитеті мүшесінің басшылығымен жасалып, бірлескен бақылауға жауапты мемлекеттік органның лауазымды адамымен келісіледі.

155. Есеп комитеті бірлескен бақылаудың нәтижелері бойынша қорытындыны дайындауды бақылау актілерінің сапасын бақылаудың сараптамалық қорытындысын алғаннан кейін және қарсылықтың (егер болса) әрбір тармағы бойынша қабылданған және қабылданбаған дәлелдер көрсетілген, бақылау объектісіне дәлелді жауапты ескере отырып, он жұмыс күні ішінде жүзеге асырады. Қорытынды және Жиынтық тізілім сапаны бақылаудан өткеннен кейін осы Қағиданың 200-тармағында көрсетілген тәртіпке сәйкес бақылау объектісіне жолданады.

156. Қорытындыға Есеп комитетінің мүшесі қол қояды және бірлескен бақылауды жүргізуге жауапты мемлекеттік органның лауазымды адамымен келісіп, қаулының жобасымен бірге Есеп комитетінің отырысына қарауға шығарады.

157. Бірлескен бақылаудың қатысушысы – мемлекеттік органның

басшылығының қатысуымен өтетін Есеп комитетінің отырысында жүргізілген бірлескен бақылаудың материалдары талқыланып, бірлескен бақылаудың нәтижелері бойынша Қаулы қаралып қабылданады.

158. Бірлескен отырысқа бақылау объектісінің лауазымды адамдары шақырылады.

159. Бірлескен бақылаудың нәтижелері бойынша Қаулының орындалуын бақылауды Есеп комитетінің бірлескен бақылауды жүргізуге жауапты мүшесі осы Қағиданың 6-тарауында белгіленген тәртіпке сәйкес жүзеге асырады.

160. Есеп комитеті жүргізілген бірлескен бақылаудың нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының Президентіне ұсынылатын тоқсандық ақпаратқа және Қазақстан Республикасының Парламентіне ұсынылатын жылдық есепке енгізу үшін талдамалық ақпарат дайындайды.

## 9-параграф. Есеп комитеті шет елдердің мемлекеттік қаржылық бақылау органдарымен жүргізетін бірлескен және қосарлас бақылауды жүзеге асыру

161. Есеп комитетінің шет елдердің мемлекеттік қаржылық бақылау органдарымен бірлескен немесе қосарлас бақылау іс-шараларына қатысуының құқықтық негізі Бақылаудың басшы принциптерінің Лима декларациясы, Халықаралық жоғары қаржы бақылау органдары ұйымының (ИНТОСАИ), Еуропа жоғары қаржы бақылау органдары ұйымының (ЕВРОСАИ), Азия жоғары қаржы бақылау органдары ұйымының (АЗОСАИ), Экономикалық ынтымақтастық елдерінің жоғары қаржы бақылау органдары ұйымының ( ЭКОСАИ), Тәуелсіз мемлекеттер достастығына қатысушы мемлекеттердің жоғары қаржы бақылау органдары басшылары кеңесінің шеңберінде қабылданған шешімдер, Есеп комитетінің шет елдердің мемлекеттік қаржылық бақылау органдарымен Ынтымақтастық туралы келісімдері, Бюджет кодексі және осы Қағида болып табылады.

162. Шет елдердің мемлекеттік қаржылық бақылау органдарымен бірлескен және қосарлас бақылау іс-шаралары Есеп комитетінің кезекті жылға арналған жұмыс жоспарының жобасын қалыптастыру кезеңінде көзделеді.

163. Есеп комитеті бірлескен бақылауды шет елдердің мемлекеттік қаржылық бақылау органдарымен бақылаудың ортақ тақырыбы мен бағдарламасы бойынша және келісілген мерзімде екіжақты немесе көпжақты негізде жүргізеді.

164. Есеп комитеті қосарлас бақылауды шет елдердің мемлекеттік қаржылық бақылау органдарымен өзара келісім бойынша, кейіннен нәтижелерімен алмаса отырып, келісілген мәселелер мен жүргізу мерзімі бойынша жеке жүргізеді.

165. Шет елдердің мемлекеттік қаржылық бақылау органдарымен бірлескен

немесе қосарлас бақылау республикалық бюджет қаражатының, қатысушы мемлекеттердің аумағында орналасқан жекелеген объектілерді бірлескен үлестік қаржыландыруға бағытталатын бюджеттік инвестициялардың және бюджеттердің пайдаланылуын бақылау кезінде, және Қазақстан Республикасының мемлекетаралық шарттары мен келісімдерінде көзделген жағдайларда жүргізіледі.

166. Бірлескен немесе қосарлас бақылауды жүргізу үшін Есеп комитетінің жауапты мүшесі сыртқы байланыстарды үйлестіруге жауапты құрылымдық бөлімшемен бірге бақылау жүргізу басталғанға дейін екі ай бұрын шет елдердің мемлекеттік қаржылық бақылауының бір немесе бірнеше органымен ақпарат алмасу жөнінде жұмыстар жүргізеді, онда:

1) бақылаудың мақсаты, міндеттері мен мәселелері;

2) бақылау объектілері;

3) бақылау жүргізу мерзімі;

4) бақылау жүргізуге жауапты адамдар;

5) ұлттық заңнамада, ынтымақтастық туралы келісімдерде айқындалған функциялары мен бақылау өкілеттіктеріне қарай әрбір мемлекеттік қаржылық бақылау органының қатысу шарттары мен мәселелері;

6) мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының бақылау жүргізуге байланысты жұмыстарды қаржыландыру бөлігіндегі міндеттемелері;

7) ақпарат алмасу және бақылау нәтижелерін ресімдеу тәртібі, соның ішінде қорытынды құжаттың нысаны;

8) бақылау іс-шараларының нәтижелері бойынша шешімдерді дайындау мен қабылдаудың тәртібі;

9) бақылау іс-шараларының нәтижелері бойынша қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау тәртібі айқындалады.

167. Есеп комитетінің мүшесі ынтымақтасып отырған елдің мемлекеттік қаржылық бақылау (аудит) органымен ақпарат алмасқаннан кейін бақылау жүргізуге, сыртқы байланыстарды үйлестіруге жауапты құрылымдық бөлімшелермен бірлесіп, бірлескен (қосарлас) бақылауды жүргізу туралы келісімнің (бұдан әрі - Келісім) және бақылау бағдарламасының жобаларын дайындау жөнінде жұмыстар жүргізеді. Қосарлас бақылауды жүргізу кезінде Есеп комитетінің жауапты мүшесі және бақылау тобының жетекшісі Келісімнің, бақылау жоспарының жобаларын қоспағанда, қажет болған жағдайда, осы Қағиданың 3-тарауында белгіленген тәртіпке сәйкес бақылау жоспарының және жұмыс жоспарларының жобаларын дайындайды.

Ескерту. 167-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасының 14.08.2014 № 3-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң

қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

168. Бақылау бағдарламасының, Бақылау жоспарының және Жұмыс жоспарларының жобалары (қосарлас бақылауды жүргізу кезінде) сапаны бақылауды өткеннен кейін Есеп комитетінің жауапты мүшесі сыртқы байланыстарды үйлестіруге жауапты құрылымдық бөлімшемен бірлесіп, Келісімнің және Бақылау бағдарламасының жобаларын, бақылау жүргізу басталғанға дейін жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей, ынтымақтасып отырған елдің мемлекеттік қаржылық бақылау органына келісуге жолдайды. Келісу барысында Келісімге және Бақылау бағдарламасына, қажет болған жағдайда, түзетулер енгізіледі.

169. Ынтымақтасып отырған елдің мемлекеттік қаржылық бақылау органымен келісілген Келісім жобасына Есеп комитетінің жауапты мүшесі, бақылауды жүргізуге, құқықтық қамтамасыз етуге, сапаны бақылауға, сыртқы байланыстарды үйлестіруге жауапты құрылымдық бөлімшелердің басшылары бұрыштама қойып, оны Есеп комитетінің Төрағасына қол қоюға енгізеді.

Бақылау бағдарламасының келісілген жобасына бақылауды жүргізуге, құқықтық қамтамасыз етуге, сапаны бақылауға, сыртқы байланыстарды үйлестіруге жауапты құрылымдық бөлімшелердің басшылары бұрыштама қойып , Есеп комитетінің жауапты мүшесі қол қояды.

Келісім және бірлескен Бақылаудың бағдарламасы бақылау басталғанға дейін жеті жұмыс күнінен кешіктірілмей, ынтымақтасып отырған елдің мемлекеттік қаржылық бақылау органына бекіту үшін жолданады.

170. Бірлескен бақылау тобының құрамына кіретін Есеп комитетінің қызметкерлері өздері болған елдің аумағында бақылау жүргізу кезінде, болған елінің заңнамасын, мемлекеттік бақылау жүргізу қағидасын, сондай-ақ бекітілген Келісімді және бірлескен Бақылау бағдарламасын басшылыққа алуға міндетті.

171. Бірлескен (қосарлас) бақылауды сапалы жүргізу мақсатында Есеп комитетінің бақылауды жүргізуге жауапты мүшесі Есеп комитетінің ынтымақтасып отырған елдің мемлекеттік қаржылық бақылау органымен өзара іс-қимылын:

1) бірлескен (қосарлас) бақылауды жүзеге асыру барысында туындайтын мәселелерді талқылай отырып кеңестер;

2) консультациялар;

3) әдістемелік және талдамалық құжаттармен, ақпаратпен алмасу түрінде ұйымдастырады.

172. Бірлескен бақылау Қазақстан Республикасының аумағында жүргізілген кезде бақылау актісі Есеп комитетінің бланкісінде бақылау объектісі үшін бір данасын ескере отырып, бірлескен бақылауға (аудитке) қатысып отырған шет елдердің мемлекеттік қаржылық бақылау (аудит) органдарының санына тең

даналарының саны бойынша ресімделеді.

Бақылау актісіне бақылауды жүргізген қызметкерлер қол қойған және Бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктер тізілімінің үлгі нысаны бойынша ресімделген Тізілім қоса беріледі.

Ескерту. 172-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасының 14.08.2014 № 3-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

173. Қосарлас бақылауды жүргізу кезінде бақылау актілері қосарлас бақылауға қатысушы мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының ұлттық заңнамасында белгіленген тәртіппен жасалады.

174. Қосарлас немесе бірлескен бақылаудың нәтижелері бойынша Есеп комитетінің бақылауды жүргізуге жауапты мүшесі осы Қағидада белгіленген тәртіпке сәйкес қорытынды жасайды.

175. Есеп комитетінің қосарлас немесе бірлескен бақылаудың нәтижелері туралы қаулысы, егер Келісімде өзгеше көзделмесе, осы Қағиданың 6-тарауында белгіленген тәртіпке сәйкес Есеп комитетінің отырысында қаралып қабылданады.

176. Қосарлас бақылауға қатысушы мемлекеттік қаржылық бақылау органдары оның нәтижелері бойынша қабылданған, бекітілген есептердің көшірмелерімен алмасады.

177. Бірлескен (қосарлас) бақылауды жүргізу туралы келісімде жүргізілген бірлескен (қосарлас) бақылаудың нәтижелері бойынша бірлескен қорытынды құжатты дайындау көзделуі мүмкін.

Келісімді іске асыру үшін, қажет болған жағдайда, мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының жүргізген бірлескен (қосарлас) бақылауының нәтижелері бойынша бірлескен отырыстар өткізу, бірлескен шешімдер қабылдау қарастырылады.

## 5. Бақылаудың қорытындылары бойынша есептерді ресімдеу 1-параграф. Бақылау актілерін жасау және ресімдеу

178. Бақылау жүргізілген әрбір объекті бойынша бақылаудың нәтижелері осы Қағидаға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қатаң есептілік бланкісінде бақылау актісімен ресімделеді. Бақылау актісі осы Қағидаға 19-қосымшаға сай нысан бойынша жасалады.

179. Бақылау актісінің құрылымы Бақылау бағдарламасындағы барлық мәселелердің толық көрсетілуін, онда баяндалған мәліметтердің анықтығын, объективтілігін қамтамасыз етуі тиіс.

180. Бақылау актісі Бақылау бағдарламасындағы және Жұмыс жоспарларындағы мәселелердің тізбесіне қатаң сәйкестікте жасалады. Анықталған бұзушылықтар бақылау актісіндегі жазбалардың анықтығын растайтын құжаттардың түпнұсқаларының деректемелеріне, сондай-ақ ережелері бұзылған нормативтік құқықтық актілердің баптарына, тармақтары мен тармақшаларына қажетті сілтемелер көрсетіле отырып, объективті және дәл сипатталады. Егер, талдамалық сипаттағы мәселелерді қоспағанда, бақылау мәселесі бойынша бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталмаса, бақылаушы:

1) бақылау актісінде анықталған кемшіліктер мен бұзушылықтардың болмағандығын көрсете отырып, тексерілетін мәселе бойынша қысқаша ақпарат береді;

2) тексеру жүргізілген құжаттардың деректемелерін көрсете отырып, олардың тізбесін бақылау актісіне қоса береді.

Ескерту. 180-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

181. Бұзушылықтың әрбір фактісі, сондай-ақ заңнаманың анықталған кемшіліктері мен олқылықтары бұзушылықтың сипаты мен түрін, оның ішінде Мемлекеттік қаржылық бақылау объектілерінде айқындалған бұзушылықтар сыныптауышында (бұдан әрі – Бұзушылықтар сыныптауышы) көзделген заңнаманың анықталған кемшіліктері мен олқылықтарын сипаттай отырып, реттік тәртібімен нөмірленеді және жеке тармақта (1-тармақ, 2-тармақ және тағы басқалар) тіркеледі. Бұзушылықтардың сипаттамасында бұзушылықтарды расстайтын құжаттарға сілтеме жасалады.

Ескерту. 181-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

182. Бақылаушы бақылау актісінде баяндалған бұзушылық пен кемшілік фактілерін олардың негізділігі бөлігінде бақылау объектісінің лауазымды адамдарымен бірге алдын ала пысықтайды.

183. Бақылау актісіне оның ажырамас бөлігі болып табылатын мынадай материалдар:

1) бақылау объектісі басшысының міндеттерін атқару жөніндегі талап;

2) бақылаушылар қол қойған және осы Қағидаға 20-қосымшаға сай нысан бойынша жасалған бақылаудың нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің тізілімі (бұдан әрі – Тізілім);

3) құжаттардың, кестелердің түпнұсқалары немесе белгіленген тәртіппен

расталған көшірмелері, сондай-ақ қажет болғанда бұзушылық фактілерін көрсететін анықтамалар, фотосуреттер;

4) функционалдық және лауазымдық міндеттерін негізге ала отырып, жол берілген бұзушылықтарға қатысы бар адамдардың жазбаша түсініктемелері;

5) осы Қағидаға 21-қосымшаға сай нысан бойынша толтырылған бақылау өлшемдері (тексеріп қараулар) актілері (олар жасалған жағдайда);

6) зерттеулердің (сынақтардың), сараптамалардың қорытындылары, хаттамалардың көшірмелері, бақылау нәтижелеріне байланысты басқа да құжаттар немесе олардың көшірмелері (олар жасалған жағдайда);

7) мемлекеттік органдар және мекемелер мамандарының, сарапшылардың (тартылған жағдайда) сараптамалық қорытындылары;

8) мемлекеттік қызметтерді алушылардың қанағаттануы тұрғысынан халық арасында сауалнама жүргізу нәтижелері (оны жүргізген жағдайда);

9) ақы төлеу фактісін (бақылау барысында қаражат өтелген (қалпына келтірілген) жағдайда) растайтын құжаттар (көшірмелері):

төлем тапсырмалары (төлеуге арналған шоттар, түбіртектер, чектер және (немесе) басқалары);

ведомостар, ордерлер, нарядтар;

10) бақылау актісінің танысып, қол қоюға жіберілген күнін растайтын құжат (көшірмесі) (актіні танысуға және қол қоюға қабылдағаны туралы бақылау объектісінің мөртабаны болмаған жағдайда);

11) талдамалық материалдар және бақылау объектісінің қызметіндегі бұзушылықтар мен олқылықтар фактісін растайтын материалдар қоса беріледі.

Бақылау актісіне қоса берілетін құжаттардың көшірмелері белгіленген тәртіппен уәкілетті лауазымды адамдардың қолымен, бақылау объектісінің мөрімен және мөртабанымен (болған жағдайда) расталады. Бақылау актісінде қосымшаларының реттік нөмірі, парақ саны көрсетіле отырып, оларға сілтеме жасалады.

Ескерту. 183-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

184. Бақылау актісіне тиісті құжаттармен расталмаған бұзушылық фактілерін енгізуге жол берілмейді.

Ескерту. 184-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

185. Бақылау актісінде баяндалып, бақылау актісінде соларға сілтеме

жасалған бұзушылықтарды растайтын құжаттардың болмауы Стандарттарды бұзу болып табылады. Мұндай фактілер Қорытындыға енгізілмейді.

186. Бақылау объектісінің тауарларға, жұмыстарға немесе көрсетілген қызметтерге ақы төлеуінің негізділігін растайтын құжаттар бақылау объектісінде болмаған жағдайда, сондай-ақ бақылау объектісінің лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген талаптарды, міндеттерін орындамағанда немесе тиісінше орындамағанда, Есеп комитетінің қызметкерлеріне олардың сұрауы бойынша тиісті жазбаша түсініктемелер береді.

Ескерту. 186-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасының 14.08.2014 № 3-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

187. Бақылау актісі (осы Қағиданың 152, 172, 192-тармақтарында көрсетілген жағдайларды қоспағанда) екі данада жасалып, оған бақылауды жүзеге асырған Есеп комитетінің қызметкерлері, мемлекеттік органдардың, аудиторлық ұйымдардың мамандары және сарапшылар қол қояды және:

1) бақылау жүргізу мерзімі алты жұмыс күніне дейін қоса алғандағы бақылау іс-шаралары бойынша, оны бақылау объектісінің кіріс хат-хабарларын есепке алу жүйесінде тіркеп не почтамен хабарлай отырып, бақылау объектісінде Тапсырмада көрсетілген бақылаудың аяқталатын күніне дейін (үстеме бақылауды, бақылау өлшемін (тексеріп карауды) қоспағанда) бір жұмыс күнінен кешіктірмей;

2) мерзімі алты жұмыс күнінен асатын бақылау жүргізілген жағдайда, осы Қағиданың 187-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген рәсімдерді сақтай отырып, бақылау объектісінде бақылаудың аяқталатын күніне дейін күнтізбелік үш күннен кешіктірмей бақылау объектісінің лауазымды адамына танысып, қол қою үшін табыс етіледі.

Ескерту. 187-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасының 14.08.2014 № 3-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

188. Бақылау объектісінің басшылығы жүргізілген бақылаудың нәтижелерімен танысуға (өлшем (тексеріп қарау) актісін қоспағанда) бақылау актісі берілген күннен бастап күнтізбелік үш күн ішінде бақылау актісімен танысады және оған қол қояды. Бақылаушылар және бақылау объектісінің лауазымды адамы бақылау актісінің екінші парағынан бастап, барлық беттеріне қолдарын қояды.

Ескерту. 188-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (

алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

189. Бақылаудың нәтижелерімен келіспеген жағдайда, бақылау объектісінің басшылығы бақылау актісіне қарсылықтарының бар екені туралы ескертіп қол қояды. Бақылау актісіне жазбаша қарсылықтар бақылау актісінің танысуға алынған күнінен бастап, күнтізбелік он күн ішінде Есеп комитетіне ұсынылады. Бақылау объектісінің бақылау актісіне қол қойылғаннан кейін бірден ұсынған жазбаша қарсылықтарын бақылаушы бақылау актісіне қоса тіркейді. Көрсетілген мерзім өткен соң келіп түскен бақылау актісіне қарсылықтар немесе қарсылықсыз қол қойылған бақылау актісіне келіп түскен, сондай-ақ бақылау объектісі лауазымды адамының бас тартуы салдарынан қол қойылмаған бақылау актісіне келіп түскен қарсылықтар қаралмайды.

Ескерту. 189-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

190. Есеп комитетіне келіп түскен бақылау актісіне қарсылықтарды Есеп комитетінің бақылауға жауапты мүшесі бақылаушылармен, бақылауды жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшенің басшысымен, құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшенің қызметкерлерімен, бақылауды жүзеге асыруға тартылған сарапшылармен, мемлекеттік органдардың мамандарымен, аудиторлық ұйымдардың қызметкерлерімен бірге барлық бақылау іс-шарасын жүргізу аяқталғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде қарайды, содан кейін қарсылықтың әрбір тармағы бойынша қабылданған және қабылданбаған дәлелдерді көрсете отырып, бақылау объектісіне дәлелді жауап береді. Бақылау объектісінің бақылау актісіне ұсынған түсініктемелері оған жауап дайындалмастан назарға алынады.

Ескерту. 190-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

190-1. Есеп комитетіне келіп түскен бақылау актісіне қарсылықтар және оларға дәлелді жауаптар Есеп комитетінің отырысынан кейін міндетті түрде бақылау материалдарына және олардың ЕК ИАЖ-дағы электронды нұсқаларына қоса тіркеледі.

Ескерту. 190-1-тармақпен толықтырылды - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

191. Бақылау объектісінің басшылығы бақылау актісіне қол қоюдан бас тартқан жағдайда, бақылаушы бақылау объектісінің лауазымды адамының қол қоюдан бас тартқаны туралы бақылау актісінде тиісті жазба жасайды.

192. Бақылау объектісі бақылау актісінің қол қоюға берілген бұрынғы даналарына қол қоюдан бас тартып, оларды кайтармаған жағдайда, бақылаушы бақылау актісінің үшінші данасын толтырып, онда бақылау актісінің бұрынғы даналарына қол қоюдан бас тартылғаны және олардың қайтарылмағаны жөнінде тиісті жазба жасайды.

193. Бақылау тобының жетекшісі (бақылаушы) бақылау объектісі актіге қол қойғаннан кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей, бақылау актілерін, Тізілімдерді, кестелерді және басқа да қосымшаларды (болған жағдайда) мынадай қолайлы тәсілдердің бірі арқылы:

1) бақылаушының өзі қолма-қол;

2) сканерден өткізілгендерін – қорғалған байланыс арналары бойынша;

3) бақылау актісінің түпнұсқасын (құпия актіні қоспағанда) – фельдъегерлік байланыс не хабарламасы бар тапсырыс хатпен пошта арқылы;

4) құпия сипаты бар бақылау актілерін – Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын қорғау жөніндегі заңнамада белгіленген талаптарды сақтай отырып, Есеп комитетіне жібереді және (немесе) ұсынады.

Бақылау актісінің бір данасы (№ 2 дана) анықталған бұзушылықтарды жою жөнінде шаралар қабылдау және басқа да іс-әрекеттер жасау үшін бақылау объектісінің басшысында қалдырылады.

Ескерту. 193-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

194. Қол қоюдан бас тартылғаны не бақылау актісінің алдыңғы даналарының қайтарылмағаны туралы белгісі бар бақылау актілері әкімшілік хаттаманың көшірмелерімен, Тізіліммен, кестелермен және басқа да қосымшалармен бірге (болған жағдайда) әкімшілік хаттама жасалғаннан кейін келесі күні осы Қағиданың 193-тармағына сәйкес Есеп комитетіне жіберіледі және (немесе) ұсынылады.

Ескерту. 194-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

195. Бақылаушылар іссапардан келген күннен бастап бір жұмыс күні ішінде құжаттардың атауы мен парақ санын, оларды қалған бақылау материалдарын жасақтағанға дейін жинақтау папкасында қалыптастырылатын тізімдемеде

көрсете отырып, бақылау актісінің (№ 1 дана не № 3 дана), Тізілімнің және бақылау актісіне басқа да қосымшалардың түпнұсқаларын, бақылау объектілерінің қарсылықтарын (болған жағдайда) құжат айналымына жауапты құрылымдық бөлімшеге тапсырады.

Құжат айналымына жауапты құрылымдық бөлімше бақылау актісінің, Тізілімнің және бақылау актісіне басқа да қосымшалардың түпнұсқаларын, бақылау объектілерінің қарсылықтарын олар Есеп комитетіне түскен күннен бастап, екі жұмыс күні ішінде сканерлейді, ЭҚАБЖ-да және ЕК ИАЖ-да тіркеу үшін сапаны бақылауға жауапты құрылымдық бөлімшеге табыс етеді.

Объективті себептер туындаған жағдайда (іссапардан жұмыс күні аяқталған соң (демалыс күндері) келгенде, сырқаттанып қалғанда), бақылау актісінің, Тізілімнің және басқа да қосымшалардың түпнұсқалары келесі жұмыс күнінен кешіктірілмей тапсырылады.

Ескерту. 195-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

196. Алып тасталды - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

197. Барлық бақылау актілері және бақылау актілеріне қоса берілген Тізілімдер бойынша олар ЭҚАБЖ-да тіркелген күннен бастап сапаны бақылау жүргізіледі.

197-1. Бақылаудың нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің тізілімдерінің, Жиынтық тізілімдердің, бақылау қорытындысы бойынша Қаулылардың (Ұсынымдардың) жобаларына заң сараптамасы жүзеге асырылады.

Егер, бақылау материалдарына заң қорытындысын дайындау кезінде бақылаушылар бастапқыда қоса берілмеген құжаттарды ұсынса, мұндай құжаттар міндетті түрде бақылау материалдарына, соның ішінде оның электронды нұсқасына қоса тіркеледі.

Ескерту. 197-1-тармақпен толықтырылды - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

198. Алып тасталды - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми

жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

## 2-параграф. Шешімдерді (Қаулыларды (Ұсынымдарды)) жасау және ресімдеу

199. Жүргізілген бақылау іс-шарасының нәтижелері бойынша Есеп комитетінің оны жүргізуге жауапты мүшесі бақылау тобы жетекшісінің, бақылаушылардың және (немесе) бақылауды жүзеге асыруға тартылған сарапшылардың, мемлекеттік органдар мамандарының және аудиторлық ұйымдар қызметкерлерінің қатысуымен бақылау актілеріне сапаны бақылаудың сараптамалық қорытындысын және бақылау орнына бару арқылы қайта бақылау (қайта тексеру, ол жүргізілген жағдайда) нәтижелерін алғаннан кейін он жұмыс күні ішінде, 15 және одан көп бақылау объектілері қамтылған жағдайда, он бес жұмыс күні ішінде Қорытындының, бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімінің (бұдан әрі – Жиынтық тізілім) және Қаулының (Ұсынымның) жобаларын дайындайды.

Мемлекеттік және салалық бағдарламаларды, орталық мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларын бағалаудың қорытындылары туралы есепті дайындау кезінде Есеп комитетінің Төрағасы бекіткен Есеп комитетінің мемлекеттік бағдарламаларға және орталық мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларына жүргізген бағалауының қорытындылары туралы ақпаратты дайындау мен ұсыну стандартын басшылыққа алған жөн.

Ескерту. 199-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

200. Қорытындының, Жиынтық тізілімнің және Қаулының (Ұсынымның) жобалары сапаны бақылауға және құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшелерге бір мезгілде жіберіледі.

Жиынтық тізілімнің және Қаулының (Ұсынымның) жобалары бойынша Заң сараптамасы үш жұмыс күні ішінде өткізіледі, содан кейін заң сараптамасының қорытындысы сапаны бақылауға жауапты құрылымдық бөлімшеге жіберіледі.

Заң сараптамасының қорытындысы түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде Қорытындының, Жиынтық тізілімнің және Қаулының (Ұсынымның) жобалары бойынша сапаны бақылау жүргізіледі.

Ескерту. 200-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң

қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

201. Қорытындының, Жиынтық тізілімнің және Қаулының (Ұсынымның) жобаларына Есеп комитетінің бақылауға жауапты мүшесі, бақылауды жүргізуге, сапаны бақылауға, құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшелердің басшылары қолдарын қояды және бұрыштама қояды (соның ішінде ЭҚАБЖ-да) және басқа да бақылау материалдарымен, соның ішінде негізгі бақылау объектісі өкілінің баяндамасының (сөйлейтін сөзінің) тезистерінің жобаларымен бірге Есеп комитетінің отырысы өткізілгенге дейін төрт жұмыс күні бұрын Есеп комитетінің Төрағасына ілеспе хатпен ұсынылады.

Ескерту. 201-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

202. Сапаны бақылаудың сараптамалық қорытындысында жасалған бақылау актілерінің Стандарттарға сәйкессіздігін растайтын фактілер көрсетілген жағдайда, Есеп комитетінің бақылауға жауапты мүшесі бақылау материалдарын Есеп комитетінің отырысына шығарып, тиісті шешім қабылдаудың орындылығы туралы Есеп комитеті аппарат басшысының келісімі бойынша Есеп комитеті Төрағасының атына қызметтік жазба енгізеді.

203. Қорытынды кіріспе, негізгі (талдамалық), қорытынды бөліктерден тұрады және осы Қағидаға 23-қосымшада келтірілген нысан бойынша ресімделеді.

204. Жиынтық тізілім осы Қағидаға 24-қосымшаға сай нысан бойынша жасалады.

205. Қорытындыда бақылау іс-шарасының негізгі нәтижелері, бақылау актісінде (аудиторлық есепте) көрсетілген бұзушылықтардың, кемшіліктердің анықталған, құжаттармен және сапаны бақылаумен расталған фактілері, сондай-ақ уәкілетті органның және ұйымдардың қорытындыларының нәтижелері (болған жағдайда) жинақталады, жүйеленеді және қысқаша нысанда көрсетіледі. Жинақталған бір текті (бір үлгідегі) бұзушылықтар, кемшіліктер оларды жою және бақылау объектілерінің қызметін регламенттейтін және экономиканы немесе жеке алғанда экономика саласын, әлеуметтік саланы, мемлекеттік басқарудың басқа да салаларын дамытуға бағытталған нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру жөніндегі ұсыныстармен бірге бақылау объектілері бойынша жеке тармақта баяндалады.

Қорытындыға бақылау объектілері қалпына келтірген және өтеген қаражат ( жұмыстар, тауарлар, көрсетілген қызметтер) туралы ақпарат осы Қағидаға 24-1-қосымшаға сай нысан бойынша қоса беріледі.

Ескерту. 205-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік

атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

206. Қорытындыға бақылау объектісінің осы Қағидада белгіленген тәртіппен қаралмаған қарсылықтары бар бұзушылық фактілерін енгізуге жол берілмейді.

207. Бақылаудың нәтижелері бақылау бағыттарының ерекшеліктерін ескере отырып, бақылаудың үлгісіне, түріне және объектісіне сәйкес жүйеге келтіріліп, мына бағыттар:

1) мемлекеттік, салалық, бюджеттік бағдарламалардың, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларының іске асырылуын нормативтік әдістемелік қамтамасыз ету;

2) Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының мемлекеттік, салалық және бюджеттік бағдарламаларды іске асыруға немесе жекелеген әлеуметтік және экономикалық міндеттерді шешуге, сондай-ақ бақылау объектісінің стратегиялық жоспарының мақсаттары мен индикаторларына қол жеткізуге бағытталған қызметі;

3) бюджет қаражатын, оның ішінде трансферттерді, кредиттерді байланысты гранттарды, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, бюджеттік инвестицияларды және кепілгерліктерді игеру нәтижелілігінің, бюджеттік бағдарламалар бойынша түпкі мақсаттар мен нәтижелерге қол жеткізудің, мемлекет активтерін пайдаланудың және акциялары (қатысу үлестері) мемлекетке тиесілі квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерді басқаруының, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің экономиканы немесе жеке алғанда экономиканың саласын, әлеуметтік саланы, мемлекеттік басқарудың басқа да салаларын дамытуға тигізген қызметінің әсерінің дәрежесі;

4) бюджетке түсетін түсімдердің толықтығы мен уақтылылығын, сондай-ақ бюджеттен түсетін түсімдер сомаларының қайтарылуын, салықтық және кедендік әкімшілік ету тиімділігін бақылаудың нәтижелері;

5) қаржы активтерін сатып алу, оларды сатудан бюджетке түскен қаражат түсімдері бойынша бақылау нәтижелері;

6) Есеп комитеті шешімдерінің орындалу сапасын постбақылаудың нәтижелері бойынша көрсетіледі.

208. Қорытынды Есеп комитеті қаулысының (ұсынымының) жобаларын дайындау үшін негіз болып табылады.

209. Есеп комитетінің қаулысы әкімшілік рәсімдер туралы заңнамада белгіленген деректемелерді қамтиды.

210. Есеп комитетінің отырысында жүргізілген бақылау іс-шараларының қорытындылары қаралады. Қорытынды, Қаулы (Ұсыным) бақылауға жауапты лауазымды адамның және бақылау объектілері өкілдерінің ақпаратын тыңдаудың

қорытындысы бойынша қабылданады.

Ескерту. 210-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

210-1. Егер, бақылау іс-шараларының қорытындылары бойынша Есеп комитетінің отырысы барысында бақылау объектісі Есеп комитетінің Қаулысы (Ұсынымы) жобасының тапсырмалық тармақтарын орындау мерзімдерін ауыстыруға не жобаны өзге де түзетуге бастама жасаса, отырыс хаттамасында бастамашы, негіздеме және қабылданған шешім көрсетіледі.

Есеп комитетінің Қаулысына (Ұсынымына) қол қойылған кезде оған Есеп комитетінің бақылау іс-шарасын жүргізуге жауапты мүшесінің баяндамалары (соның ішінде ЭҚАБЖ-да) қоса беріледі.

Құпия сипаттағы бақылау іс-шаралары бойынша отырыстар Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын қорғау жөніндегі заңнамада белгіленген талаптарды сақтай отырып өткізіледі.

Ескерту. 210-1-тармақпен толықтырылды - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

211. Басқа бақылау-қадағалау органдарымен жүргізілген бірлескен бақылаудың қорытындысы бойынша қаулы Есеп комитетінің отырысында осы органның өкілдерінің қатысуымен ақпаратты талқылағаннан кейін қабылданады.

212. Қаулы айқындаушы және қаулы шығарушы бөліктерден тұрады және осы Қағидаға 25-қосымшада келтірілген нысанға сәйкес ресімделеді.

213. Қаулының айқындаушы бөлігінде бақылау іс-шарасының нәтижелері туралы жалпы тұжырым көрсетіледі.

Ескерту. 213-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

214. Қаулының қаулы шығарушы бөлігі жүргізілген бақылау іс-шарасының нәтижесі бойынша дайындалған Қорытындыны бекіту туралы шешімді, Қазақстан Республикасының Үкіметіне, консультативтік-кеңесші және уәкілетті органдарға нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру жөніндегі ұсынымдарды, бақылау объектілері және басқа да мемлекеттік органдар орындауға міндетті шешімдерді (қаражатты бюджетке қайтару қажет болған жағдайда, бюджетке түсетін түсімдердің коды көрсетіледі), құқық қорғау және басқа да уәкілетті органдарға тапсырмалық тармақтарды, сондай-ақ Ұсынымды жолдау туралы

шешімді қамтиды.

Ескерту. 214-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасының 14.08.2014 № 3-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

215. Есеп комитетінің жауапты мүшесінің Қорытындысы немесе Қорытындысынан алынған үзінді қоса беріліп, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың басшыларына жолданған Қаулылар оларда көрсетілген мерзімде қаралуы тиіс.

Ескерту. 215-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасының 14.08.2014 № 3-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

216. Бақылау объектілеріне жұмыстағы бұзушылықтар мен кемшіліктерді оларға қатысты бөлігінде жою үшін Ұсынымдар жолданады, олар ондағы көрсетілген мерзімде қаралады.

217. Бақылау объектілеріне және басқа да мүдделі адамдарға өздеріне қатысты анықталған бұзушылықтарды және жұмыстағы кемшіліктерді жою үшін Ұсыным осы Қағидаға 26-қосымшаға сай нысан бойынша ресімделеді.

218. Есеп комитетінің жауапты мүшесінің Қорытындысы қоса берілген Қаулылар толық көлемінде Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне, Қазақстан Республикасының Үкіметіне және құқық қорғау органдарына да жолдануы мүмкін.

218-1. Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 140-бабына сәйкес, Есеп комитеті Қаулы (Ұсыным) қабылдағаннан кейін үш жұмыс күні ішінде құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органға электрондық ақпараттық есепке алу құжатын – талон-хабарламаны ұсынады.

Ескерту. 218-1-тармақпен толықтырылды - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

## 5-1. Сапаны бақылауды жүзеге асыру

Ескерту. 5-1-тараумен толықтырылды - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

## 1-параграф. Жалпы ережелер

218-2. Сапаны бақылау – бақылауға дайындықтан бастап, Есеп комитеті шешімдерінің (Қаулыларының (Ұсынымдарының)) орындалуын жүзеге асыруға дейінгі бақылау іс-шараларының материалдарын тексеруді білдіреді.

218-3. Сапаны бақылаудың мақсаты – бақылау іс-шараларын жоспарлау, жүргізу және іске асыру кезінде Есеп комитеті қызметінің Стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз ету және сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылау саласындағы заңнама талаптарын сақтау болып табылады.

218-4. Сапаны бақылауды жүргізу принциптері:

1) тәуелсіздік – қызметкерлер сапаны бақылауды жүзеге асырған кезде олардың қызметіне араласуға жол бермеу;

2) объективтілік – сапаны бақылауды Қазақстан Республикасының заңнамасына қатаң сәйкестікте жүргізу, сапаны бақылауды жүргізу және сапаны бақылаудың қорытындыларын ресімдеу кезінде бірыңғай тәсілді құжаттамалық негізделген әрі расталған тұжырымдармен қамтамасыз ету, мүдделер қақтығысын болдырмау;

3) айқындық – сапаны бақылаудың нәтижелерін баяндаудың айқындығы, сапаны бақылау нәтижелерінің барлық мүдделі тараптар үшін түсінікті және қолжетімді болуын қамтамасыз ететін, оны жүргізудің әдістері мен критерийлерін қолдану;

4) құзыреттілік – сапаны бақылауды жүзеге асыру үшін қызметкерлердің қажетті кәсіби білімдері мен дағдыларының жиынтығы;

5) анықтық – сапаны бақылау нәтижелерін құжаттардың түпнұсқаларымен немесе олардың сканерленген нұсқаларымен, сондай-ақ ережелері бұзылған нормативтік құқықтық актілерге жасалған сілтемелермен растау.

## 2-параграф. Сапаны бақылауды жүзеге асырудың тәртібі

218-5. Сапаны бақылаудың мәні – бақылау жүргізу жоспарлары мен бағдарламаларының жобалары, барлық қосымшаларымен бірге бақылау актілері, соның ішінде бақылау актілеріне бұзушылықтар тізілімдері, қорытындылар мен қаулылардың (ұсынымдардың) жобалары, бұзушылықтардың жиынтық тізілімдері, сондай-ақ Есеп комитетінің қаулыларының (ұсынымдарының) тармақтарын іске асыру және орындау туралы ақпарат болып табылады.

218-6. Сапаны бақылауды құқықтық қамтамасыз ету үшін жауапты құрылымдық бөлімшенің қатысуымен сапаны бақылауды жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше жүзеге асырады.

218-7. Сапаны бақылау осы Қағидаға 27-қосымшаға сай Бақылау іс-шаралары

материалдарының сапасына бақылау жүргізу әдістемесінің (бұдан әрі – Әдістеме ) негізінде жүргізіледі.

218-8. Сапаны бақылаудың қорытындысы бойынша бақылау актісінің Стандарттарға сәйкес еместігі анықталған жағдайда, Есеп комитеті Төрағасының шешімімен бақылау объектісін қайта тексеру тағайындалады.

218-9. Есеп комитетінің мүшелері мен Есеп комитеті аппаратының қызметкерлері сапаны бақылауды жүзеге асыру процесінде қажетті ақпаратты уақтылы және толық ұсыну арқылы сапаны бақылауға және құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшелерге жәрдемдеседі.

218-10. Сапаны бақылауды жүзеге асыру барысында оны жүргізуге қатысты кедергілер туындаған, соның ішінде құжаттар және өзге де ақпарат ұсынылмаған кезде сапаны бақылауды және құқықтық қамтамасыз етуді жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшелердің басшылары бұл туралы Есеп комитетінің Төрағасына хабарлайды.

218-11. Бақылау іс-шараларының сапасын бақылаудың нәтижелері бойынша бақылау іс-шараларына (алдын ала, постбақылау және қорытынды) бағалау жүргізіледі, ол Стандарттардың сақталуының қажетті шарты болып табылады.

218-12. Бақылау іс-шараларын бағалауды Әдістемеге сай сапаны бақылауды жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше жүзеге асырады.

## 6. Есеп комитеті шешімдерінің (Қаулыларының (Ұсынымдарының)) орындалуын мониторингілеу мен бақылауды жүзеге асыру 1-параграф. Шешімдердің орындалуын мониторингілеу мен бақылау

219. Қаулылардың (Ұсынымдардың) орындалуын бақылауды Есеп комитетінің жауапты мүшесі тұрақты негізде жүзеге асырады.

220. Құжат айналымына жауапты құрылымдық бөлімше Есеп комитеті Қаулыларының (Ұсынымдарының) тапсырмалық тармақтарын қол қойылған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде бақылауға қоюды жүзеге асырады, қаулының (ұсынымның) орындалу мерзіміне дейін үш жұмыс күні бұрын олардың орындалу мерзімі туралы Есеп комитетінің бақылауға жауапты мүшесінің есіне салады.

221. Құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімше жартыжылдықта бір рет бірлескен бұйрықта көзделген тәртіппен құқық қорғау органдарымен бірге салыстырып тексеру жолымен оларға жіберілген бақылау материалдарын қараудың нәтижелеріне мониторинг жүргізіп, оларды жоспарлауға жауапты құрылымдық бөлімшеге береді.

222. Жоспарлауға жауапты құрылымдық бөлімше Есеп комитеті Қаулыларының (Ұсынымдарының) іске асырылу барысына мониторинг жүргізіп,

оның нәтижесі жөнінде Есеп комитетінің мүшесіне хабарлайды, мониторинг нәтижелері Қазақстан Республикасының Президентіне ақпарат және Қазақстан Республикасының Парламентіне есеп қалыптастыру, бұзушылықтарды болдырмау мақсатында оларды жүйеге келтіру үшін пайдаланылады.

223. Есеп комитетінің мүшесі бақылау объектісінен ақпаратты (растаушы құжаттарды) алған күннен бастап, бес жұмыс күні ішінде бақылау объектісінің Қаулылардың (Ұсынымдардың) шешімдерін орындауына талдау жүргізіп, соның негізінде қызметтік жазба дайындайды.

Бақылау объектісі Қаулыны (Ұсынымды) орындаған жағдайда, Есеп комитетінің жауапты мүшесі Есеп комитеті Төрағасының қарауына Есеп комитеті Қаулысының (Ұсынымының) орындалуын бақылаудың нәтижелері туралы қызметтік жазба енгізеді.

Есеп комитеті Төрағасының тапсырмасы бойынша сапаны бақылауды жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше Қаулының (Ұсынымның) орындалу толықтығы мәніне талдау жүргізу үшін қызметтік жазбаны қарайды.

Ескерту. 223-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

223-1. Алып тасталды - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

224. Есеп комитеті мен тексеру комиссиясының бірлескен Қаулысы шешімдерінің орындалуын мониторингілеу кезінде Есеп комитетінің мүшесі бірлескен Қаулының орындалу толықтығы мен сапасы туралы тексеру комиссиясынан алынған ақпарат пен басқа да құжаттамалардың (растаушы құжаттардың көшірмелері, фотосуреттер, тексеру комиссиясы жүргізген постбақылаудың материалдары) негізінде тексеру комиссиясынан ақпарат алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде бірлескен Қаулының орындалған тапсырмалық тармақтарын бақылаудан алып тастау не орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған тапсырмалар бойынша шаралар қабылдау (әкімшілік жауапкершілік) туралы мәселені қарап, Есеп комитетінің Төрағасына шешім қабылдау үшін енгізеді.

225. Бақылау объектісі Есеп комитеті Қаулыларының (Ұсынымдарының) шешімдерін орындау жөніндегі ақпаратты тиісті мерзімде ұсынбаған жағдайда, Есеп комитетінің мүшесі бақылау объектісіне кемінде екі жұмыс күнінен кешіктірмей ЭҚАБЖ (болған жағдайда) арқылы және қағаз түрінде почтамен әкімшілік жауапкершілік туралы ескерту жолдайды.

Ескерту. 225-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 10.12.2014 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейінгі күні қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

226. Бақылау объектісі тапсырмалық тармақты белгіленген мерзімде орындамаған жағдайда, Есеп комитетінің мүшесі Қаулыда (Ұсынымда) көрсетілген мерзім аяқталған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде Есеп комитеті Төрағасының атына бақылау объектісіне әкімшілік ықпал ету шарасын қолдану туралы қызметтік жазба дайындап, сараптама жүргізу үшін құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшеге жібереді.

227. Бақылау объектісі Қаулылардың (Ұсынымдардың) шешімдерін тиісінше орындамаған жағдайда, Есеп комитетінің мүшесі осы Қағиданың 223-тармағында көрсетілген мерзім аяқталғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде Есеп комитеті Төрағасының атына бақылау объектісіне әкімшілік ықпал ету шарасын қолдану туралы қызметтік жазба жасап, сараптама жүргізу үшін құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшеге жібереді.

228. Құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімше Есеп комитеті мүшесінің қызметтік жазбасын алған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде осы Қағиданың 97-тармағында көзделген растаушы құжаттар болғанда, әкімшілік іс жүргізуді қозғаудың орындылығы туралы сараптамалық қорытынды жасайды, орындылығы танылған жағдайда, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама ресімдейді.

229. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырылған кезден бастап үш тәулік ішінде Есеп комитетінің мүшесі әкімшілік іс материалдарын тиісті сотқа жолдайды.

Ескерту. 229-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасының 14.08.2014 № 3-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

230. Алып тасталды - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

230-1. Сапаны бақылауды жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше жартыжылдықтың қорытындылары бойынша есепті кезеңнен кейінгі екінші айдың 20-күнінен кешіктірмей, Есеп комитетінің Төрағасына бақылау іс-шаралары материалдарының сапасын бақылаудың нәтижелері туралы, сондай-ақ бақылау қорытындылары бойынша Есеп комитетінің шешімдерін орындаудың сапасы бойынша жинақталған ақпаратты ұсынады.

Ескерту. 230-1-тармақпен толықтырылды - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

231. Есеп комитеті Төрағасының шешімі қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Есеп комитетінің мүшесі бақылау объектісін Есеп комитетінің шешімін бақылаудан алып тастау не оның орындалуын жалғастыру туралы хабардар етеді, құжат айналымына жауапты құрылымдық бөлімше Есеп комитеті мүшесінің Есеп комитеті Төрағасының бұрыштамасы қойылған қызметтік жазбасын және бақылау объектілерінің Есеп комитеті шешімдерінің орындалғаны жөніндегі ақпаратын ЕК ААЖ базасына енгізуді жүзеге асырады.

232. Есеп комитеті Төрағасының Есеп комитетінің шешімін бақылаудан алып тастау туралы немесе оның орындалуын жалғастыру туралы бұрыштамасы қабылданған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде жоспарлауға жауапты құрылымдық бөлімше Есеп комитеті шешімдерінің орындалуын мониторингілеуді жүзеге асырады.

233. Қажет болған жағдайда, Қаулының (Ұсынымның) орындалу барысы туралы мәселені талқылау Есеп комитетінің отырысына шығарылады, оны қараудың қорытындысы бойынша тиісті шешім қабылданады.

Ескерту. 233-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

## 2-параграф. Шешімдердің орындалуын постбақылау

234. Есеп комитетінің мүшесі бақылау объектісінен Қаулының (Ұсынымның) толық орындалуы туралы қорытынды ақпаратты алған күннен кейін бір жұмыс күні ішінде, Қаулының (Ұсынымның) қандай да бір тармақтары орындалмаған және (немесе) ұсынылған қорытынды ақпарат анық болмаған жағдайда, Есеп комитеті Төрағасының атына өткізілетін уақытын келісе отырып, Есеп комитеті шешімдерінің орындалуына бақылау жүргізу (бұдан әрі – постбақылау) туралы қызметтік жазба дайындайды.

235. Постбақылау жүргізу туралы шешімді Есеп комитетінің Төрағасы қабылдайды.

236. Постбақылау мынадай тәсілдердің бірі:

1) Қаулылар (Ұсынымдар) шешімдерінің орындалу толықтығы мен анықтығына постбақылау объектісіне бару арқылы тексеру жүргізу;

2) постбақылау жүргізу мәселелерін постбақылау объектісі бақылау объектісі

болып табылатын бақылау іс-шарасының бағдарламасына енгізу бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

237. Постбақылауды жүргізу Есеп комитетінің жүргізілген бақылауға жауапты мүшесінің Тапсырмасы негізінде жүзеге асырылады, оның қорытындылары бақылау актісімен ресімделеді.

238. Постбақылау іс-шарасын жүргізудің, Есеп комитетінің Қаулысын (Ұсынымын) орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін постбақылау объектісінің лауазымды адамдарына шара қолдану туралы әкімшілік хаттаманың жобасымен бірге (қажет болған жағдайда) Есеп комитеті шешімдерінің орындалуы туралы қорытындыны дайындаудың және оны сапаны бақылауға жауапты құрылымдық бөлімшеге сараптамаға жіберудің мерзімі он жұмыс күнінен аспауы тиіс.

239. Сапаны бақылауға жауапты құрылымдық бөлімше Есеп комитеті шешімдерінің орындалуы туралы қорытындының бұрыштамасы жобасымен бірге сараптамалық қорытындыны дайындап, Есеп комитетінің Төрағасына жіберуді екі жұмыс күні ішінде жүргізеді.

240. Есеп комитетінің Төрағасы сапаны бақылауға жауапты құрылымдық бөлімше дайындаған сараптамалық қорытындының негізінде Есеп комитетінің шешімдерін бақылаудан толық алып тастау не оның жекелеген тармақтарының орындалуын жалғастыру туралы шешім қабылдайды.

241. Есеп комитеті Төрағасының бақылаудан алып тастау не оның орындалу барысын бақылауды жалғастыру туралы қарары қабылданғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде Есеп комитеті мүшесінің және жоспарлауға жауапты құрылымдық бөлімшенің назарына жеткізіледі.

242. Есеп комитетінің мүшесі Есеп комитеті Төрағасының қарарын алғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде бақылау объектісіне Есеп комитеті шешімінің бақылаудан толық алынып тасталғаны немесе оның орындалуының жалғастырылғаны туралы хабарлама жолдайды.

243. Жүргізілген постбақылаудың нәтижелері бойынша Есеп комитеті Төрағасының бұрыштамасы алынған қорытынды, сондай-ақ бақылау объектісінің ақпараты ЕК ИАЖ-ға енгізіледі.

Ескерту. 243-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

## 7. Қорытынды ережелер 1-параграф. Бақылау іс-шараларының қорытындыларын бұқаралық ақпарат құралдарында жария ету

244. Есеп комитетінің бақылауға жауапты мүшесі бақылау тобының жетекшісімен бірлесіп, жұртшылықпен байланыстарға жауапты құрылымдық бөлімше дайындаған бақылау іс-шарасы қорытындыларының баспасөз релизі жобасын Есеп комитетінің отырысы өткізілген күнге дейін бес жұмыс күні ішінде пысықтайды.

245. Жұртшылықпен байланыстарға жауапты құрылымдық бөлімше Есеп комитетінің бақылау іс-шарасының қорытындыларын қарау жөніндегі отырысына дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей, Есеп комитетінің интернет-ресурсына отырыс туралы анонстарды орналастырады.

246. Есеп комитетінің бақылау іс-шарасының қорытындыларын қарау жөніндегі отырысы өткізілген соң жұртшылықпен байланыстарға жауапты құрылымдық бөлімше тиісті Қаулыға қол қойылған күннен бастап үш күннен кешіктірмей, Есеп комитетінің интернет-ресурсына тиісті баспасөз релизін орналастырады және (немесе) Есеп комитетінің Төрағасымен келісе отырып, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері алдында Есеп комитетінің ресми өкілінің сөз сөйлеуін ұйымдастырады.

247. Есеп комитетінің жауапты мүшесінің мемлекеттік және қызметтік құпияны қамтымайтын қорытындысымен қоса, сондай-ақ шектеулі таралымды қызметтік ақпарат (қызмет бабында пайдалану үшін) толығымен немесе одан алынған үзінділер түрінде Есеп комитетінің бюллетенінде жарияланады. Қажет болған жағдайда, қаулылар Есеп комитетінің интернет-ресурсына орналастырылады.

## 2-параграф. Бақылау материалдарын есепке алу

248. Есеп комитетінің қаулысына қол қойылғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде Есеп комитетінің бақылауға жауапты мүшесі және бақылау тобының жетекшісі бақылау материалдарын (бақылау жоспарының, бағдарламасының, жұмыс жоспарларының, тапсырмалардың түпнұсқаларын, сараптамалық қорытындыны, жүргізілген бақылаудың нәтижелері бойынша Есеп комитетінің бақылауға жауапты мүшесі қол қойған қорытындыны, Жиынтық тізілімді, Есеп комитетінің Төрағасы қол қойған Есеп комитетінің қаулысын, отырыстың хаттамасын) құжат айналымына жауапты құрылымдық бөлімшеге бақылау материалдары бар жинақ папканы толықтырып, кейіннен мұрағатқа өткізу үшін тапсырады, бақылау материалдарының электрондық нұсқалары ЕК ИАЖ-ның

электрондық мұрағатына енгізіледі.

Ескерту. 248-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

249. Мемлекеттік құпияларды қамтитын бақылау материалдары ескеріліп, Қазақстан Республикасында құпиялылық режимін қамтамасыз ету жөніндегі заңнамамен бекітілген талаптарға сәйкес сақталады.

250. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайтын уәкілетті органдарға іс жүргізу шешімін қабылдау үшін жолданған әкімшілк материалдардың көшірмелері құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшеде сақталып, жеке журналда тіркеледі. Сақтауға өткізілген әкімшілік материалдардың көшірмелері Есеп комитетінің жалпы хат-хабарларынан бөлек сақталады.

Есеп комитетінің сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды жүргізу қағидасына
1-қосымша
нысан

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

## Бақылау объектілерінің республика бойынша бірыңғай ақпараттық деректер базасы
## (республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бойынша ақпарат)

| Мемлекеттік органның / ведомствоның / аумақтық | | Функционалдық топтың / функционалдық кіші топтың/ бюджеттік бағдарлама әкімшісінің/ бюджеттік бағдарламаның/ бюджеттік кіші | Есепті қаржы жылына бекітілген | Есепті қаржы жылына | Есепті қаржы жылына |
|---|---|---|---|---|---|

| бөлімшенің атауы және коды | Бюджеттік сыныптама кодтары | | | | | | | бағдарламаның / ерекшеліктің атауы | бюджет, мың теңге | нақтыланған бюджет, мың теңге | түзетілген бюджет, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Атауы | Коды | ФТ | ФКТ | ББӘ | Бағдарл. | Кіші бағ. | Ерекшелігі | | | | |
| 1 | 2 | | | | | | | 3 | 4 | 5 | 6 |

Кестенің жалғасы:

| Қабылданған міндеттемелер бойынша мәлімет | | | | | | Жүргізілген төлемдер бойынша мәлімет | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Міндеттеме (шарт, қосымша Келісім және т.б.) | | Міндеттеменің сипаттамасы (шарт мәні) | Міндеттеме сомасы, теңге | Тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) жет-кізушінің атауы | Тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) жеткізушінің БСН-і | Төлем шоты | | Төлем мақсаты | Сомасы, теңге | Ақша а деректемелер | |
| Нөмірі | Күні | | | | | Нөмірі | Күні | | | Атауы | БСН/ЖСН |
| 14 | 15 | 16 | 17 | 18 | 19 | 20 | 21 | 22 | 23 | 24 | 25 |

Бақылау объектілерінің республика бойынша бірыңғай ақпараттық деректер базасы
(бағдарламалық құжаттардың іске асырылуы бойынша ақпарат)

млн. теңгемен

| Р/с № | Атауы | Бірлесіп орындаушылар (меморгандар, ведомстволық бағынысты ұйымдар)* | Орындалуы бойынша ақпарат | Мерзімінде орындалмау себептері | Бағдарламалық құжаттың іске асырылу кезеңіне бө бөлінісіндегі республикалық бюджет қаражаты | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | 1-ші жыл | | | | 2-ші жыл | | |
| | | | | | Бюдж. бағд. | | Бөлінгені | Игерілгені | Бюдж. бағд. | | Бө |
| | | | | | коды | атауы | | | коды | атауы | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 |
| Мемлекеттік<br>Негізгі орындаушы: | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Нысаналы индикаторлар | | | | | | | | | | |
| 2 | Нәтижелер көрсеткіштері | | | | | | | | | | |
| 3 | Іс-шаралар | | | | | | | | | | |
| Салалық б<br>Негізгі орындаушы: | | | | | | | | | | | |
| 1 | Нысаналы индикаторлар | | | | | | | | | | |
| 2 | Нәтижелер көрсеткіштері | | | | | | | | | | |
| 3 | Іс-шаралар | | | | | | | | | | |
| Стратегиялық<br>Мемлекеттік органның атауы: | | | | | | | | | | | |
| 1 | Нысаналы индикаторлар | | | | | | | | | | |
| 2 | Нәтижелер көрсеткіштері | | | | | | | | | | |
| 3 | Іс-шаралар | | | | | | | | | | |

* – мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарлары бойынша толтырылмайды.

Есеп комитетінің сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды жүргізу қағидасына 1-1-қосымша
нысан

Ескерту. 1-1-қосымшамен толықтырылды - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

## 20__ жылы республикалық бюджеттен бөлінген қаражаттың (нысаналы трансферттердің, кредиттердің) жұмсалуы туралы мәлімет

мың теңге

| Р/с № | Республикалық деңгейде | | | | | Облыстық деңгейде | | | | | Аудандық (қала | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | ББӘ-нің толық атауы* ( заңды мекен-жайы , БСН, басшының А.Ә.Т.) | Бюджеттік бағдарлама | | Бөлінгені | Игерілгені | ББӘ-нің толық атауы* ( заңды мекен-жайы , БСН, басшының А.Ә.Т. ( болған жағдайда) | Бюджеттік бағдарлама | | Бөлінгені | Игерілгені | ББӘ-нің толық атауы* ( заңды мекен-жайы , БСН, басшының А.Ә.Т. ( болған жағдайда)) | Бю, бағ, |
| | | коды | атауы | | | | коды | атауы | | | | код |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 |
| | | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | | |
| Бюджеттік бағдарлама бойынша жиыны | | | | | | | | | | | | |
| … | | | | | | | | | | | | |
| Бюджеттік бағдарлама бойынша жиыны | | | | | | | | | | | | |
| … | | | | | | | | | | | | |

Есеп комитетінің сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды жүргізу қағидасына 2-қосымша нысан

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

## Бақылау іс-шарасын жүргізуге өтінім

| Бақылау іс-шарасының атауы | Бақылау үлгісі | Бақылау түрі | Бақылау объектісі ( объектілері ) | Тәуекел тобы ( е ң жоғары , орташа, е ң төмен) | Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері | Бюджеттік бағдарламалар және (немесе) активтер | Бақылаумен қамтылған сома | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | Алдыңғы жылғы | Есепті жылғы | Жоспарлан жылға |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Өтінімге бастамашы: | (Есеп комитеті мүшесінің, бөлім меңгерушісінің А.Ә.Т.) | (Қолы) | (Күні) |

Негіздеме:____________________________________________________________
Аталған бағыт бойынша алдыңғы тексеру туралы мәлімет:_________________
______________________________________________________________________

Есеп комитетінің сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды жүргізу қағидасына 2-1-қосымша

## Бақылау іс-шараларын жүргізу мерзімдерін нормалау жөніндегі әдістемелік ұсынымдар

Ескерту. 2-1-қосымшамен толықтырылды - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

## 1. Жалпы ережелер

1. Бақылау іс-шараларын жүргізу мерзімдерін нормалау жөніндегі әдістемелік ұсынымдар (бұдан әрі – Әдістемелік ұсынымдар) Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті (бұдан әрі – Есеп комитеті) бақылаушыларының мыналарды:

бақылау-талдамалық және талдамалық іс-шараларды;

шет елдердің мемлекеттік қаржылық бақылау органдарымен жүргізілетін бірлескен немесе қосарлас іс-шараларды;

басқа мемлекеттік органдармен бірлесіп жүргізілетін бақылау іс-шараларын;

бір бақылау объектісі бойынша бақылау іс-шараларын қоспағанда, жұмыс уақытын тиімді пайдалану үшін қажетті еңбек шығындарының нормативін айқындау мақсатында қолданылады.

2. Осы Әдістемелік ұсынымдарда мынадай анықтамалар мен ұғымдар пайдаланылады:

1) бақылаушы-күн – бақылаушылар санын бақылау іс-шарасын жүргізу

күндерінің санына көбейту арқылы есептелетін, бір бақылаушы үшін бір күн ішінде бақылау іс-шарасын жүргізуге жұмсалатын уақыттың өлшем бірлігі;

2) мәлімделген норматив – Есеп комитеті мүшесінің бақылау іс-шарасын жүргізуге арналған өтінімінде (бұдан әрі – өтінім) айқындалған бақылау іс-шарасын жүргізу үшін қажетті бақылаушылар-күндер саны;

3) есептік норматив – осы Әдістемелік ұсынымдарда есептеу негізінде айқындалған, бақылау іс-шарасын жүргізу үшін қажетті бақылаушылар-күндер саны.

## 2. Бақылау іс-шараларын жүргізу мерзімдерін нормалаудың әдістемелік негіздері

3. Әдістемелік ұсынымдар тәжірибелік-статистикалық әдістің негізінде әзірленді, ол өткен кезеңдердің серпінді қатарларын ескере отырып, жалпы алғанда түпкілікті өнімнің бірлігіне жұмсалатын жұмыс уақытының шығындарын айқындайды.

Осы әдіс алдыңғы кезеңдердегі бақылау іс-шараларын жүргізуге арналған еңбек шығындары туралы нақты деректерді тәжірибелік-статистикалық талдау негізінде бақылау іс-шараларын жүргізу мерзімдерінің нормативін белгілейді.

4. Әдістемелік ұсынымдарда тарихи деректер негізінде болжаудың тәжірибелік-статистикалық әдісінің негізгі құралдарының бірі болып табылатын регрессиялық талдау қолданылды.

Бақылау іс-шараларын жүргізу мерзімдерінің есептік нормативін айқындау мақсатында көптік регрессия қолданылды, ол бір ғана тәуелді айнымалы мен бірнеше тәуелсіз айнымалы арасындағы байланысқа талдау жасауды қамтиды.

Көптік регрессия теңдеуінің жалпы формуласы мынадай:

$y_0 = a_1x_1+a_2x_2\ldots+ a_nx_n+a_0$,, мұнда: (1)

y0 – бақылаушылар-күндерге шаққандағы есептік норматив (тәуелді айнымалы);

$a_1$, $a_2$, $a_3$, …, $a_n$ - регрессияның коэффициенттері;

$x_1$, $x_2$, $x_3$, …, $x_n$ – тәуелсіз айнымалылар;

$a_0$ – егер барлық тәуелсіз айнымалылар (x) нөлге тең болса, тәуелді айнымалының (y) шамасын көрсететін регрессия константасы.

Осы теңдеу тәуелсіз айнымалыларды оны өлшеудің бір бірлігіне өзгерткен жағдайда ($x_1$, $x_2$, $x_3$, …, xn) алынған нәтиженің (y) орташа мәнін көрсетеді. Регрессия коэффициенттері ($a_1$, $a_2$, $a_3$, …, an) тәуелсіз айнымалылар (x) бір бірлікке өзгерген жағдайда, алынған нәтиженің (y) мәні орта есеппен қанша

бірлікке өзгеретінін көрсетеді.

5. Регрессиялық талдаудың негізгі міндеттері:

x және y айнымалылары үшін қолда бар статистикалық деректер бойынша $a_1$, $a_2$, $a_3$, …, an регрессиясының белгісіз ең жақсы коэффициенттерін табу;

статистикалық гипотезаларды және модельдердің барабарлығын тексеру болып табылады.

6. Көптік регрессия құрылысының негізгі кезеңдері – тарихи шығыс деректердің жинақталуы, тәуелді айнымалыға және регрессия коэффициенттерін есептеуге ықпал ететін анағұрлым елеулі тәуелсіз айнымалыларды (факторларды) іріктеу болып табылады.

7. Бақылау іс-шарасы мерзімінің есептік нормативі үстеме бақылау объектілерінің саны ескеріле отырып түзетіледі және мынадай формула бойынша есептеледі:

$y_1 = y_0$ + (үстеме бақылау объектілерінің саны*5) $^{(1)}$, мұнда: (2)

$y_1$ – үстеме бақылау объектілерінің саны ескеріле отырып, бақылаушылар/күндерге шаққандағы түзетілген норматив;

$^{(1)}$ – үстеме бақылаудың 100 актісін мониторингтеу нәтижелері бойынша бір бақылау объектісінде үстеме бақылау жүргізудің «5» бақылаушы-күнге тең келетін орташа ұзақтығы белгіленді.

8. Бақылау іс-шарасы мерзімінің есептік нормативі облыс орталықтарынан, Астана, Алматы қалаларынан тыс жерлерде орналасқан бақылау объектілеріне дейінгі жолға жұмсалған уақытты ескере отырып түзетілуі мүмкін және мынадай формула бойынша есептеледі:

$y_2 = y_1$ + (бақылау объектілеріне дейін жол жүруге қажетті күндер саны * бақылаушылар саны), мұнда: (3)

$y_2$ – бақылау объектілеріне дейін жол жүруге жұмсалған уақытты ескере отырып, бақылаушылар-күндерге шаққандағы түзетілген норматив.

9. Бақылаушылар-күндерге шаққандағы бақылау іс-шарасы мерзімінің нормативі ($y_2$) қорытынды мән болып табылады.

10. Бақылау іс-шарасын жүргізу мерзімі бақылау іс-шарасына тартылатын бақылаушылардың санына қарай мынадай формула бойынша түзетілуі мүмкін:

*бақылау іс-шарасын жүргізу мерзімі = $y_2$ / бақылаушылар саны. (4)*

11. Бақылау іс-шарасы мерзімі нормативінен ауытқу бақылаушылар-күндерге ($y_2$) шаққандағы түзетілген норматив пен мәлімделген нормативтің айырмасы негізге алына отырып айқындалады, бұл ретте шамалардың мынадай:

«Мемлекеттік органдарды бақылау» деген 1-санат үшін – 7%-дан аспайтын;

«Бағдарламалық құжаттарды және өңірлерді бақылау» деген 2-санат үшін - 12%-дан аспайтын;

«Квазимемлекеттік сектор субъектілерін бақылау» деген 3-санат үшін – 15%-дан аспайтын ауытқуларына жол беріледі.

## 3. Бақылау іс-шарасын жүргізу мерзімінің нормативін есептеу

12. Регрессиялық талдау 2009 – 2015 жылдары жүргізілген 175 бақылау іс-шарасы бойынша жинақталған тарихи шығыс деректердің негізінде жасалды.

Корреляциялық талдаудың көмегімен бақылау іс-шараларын жүргізу кезінде жұмыстар көлеміне елеулі ықпал ететін көрсеткіштер айқындалды: $x_1$ – бақылау үлгісі, $x_2$ – бюджеттік бағдарламалар саны, $x_3$ – бақылаумен қамтылатын сома, $x_4$ – бақылау объектілерінің саны.

13. Сапалы деректер алу үшін ұйымдастырушылық және мазмұндық ерекшеліктерді ескере отырып, бақылау іс-шаралары мынадай:

1) мемлекеттік органдарды бақылау;

2) бағдарламалық құжаттарды және өңірлерді бақылау;

3) квазимемлекеттік сектор субъектілерін бақылау санаттарына бөлінген.

14. Әр санат бойынша қажетті тәуелсіз айнымалылар үшін $a_{0–4}$ регрессия коэффициенттері (бақылау үлгісі, бюджеттік бағдарламалар саны, бақылаумен қамтылған сома және бақылау объектілерінің саны) есептелді.

15. $x_{0–4}$ тәуелсіз айнымалылары Есеп комитеті мүшелерінің бақылау іс-шараларын жүргізуге арналған өтінімдерінің негізінде айқындалады.

## 1-параграф. Мемлекеттік органдарды бақылау

16. «Мемлекеттік орган» санаты бойынша бақылау іс-шарасы мерзімінің нормативін есептеу үшін (1) формула қолданылады, мұнда:

$y_0$ – бақылаушылар-күндерге шаққандағы есептік норматив (тәуелді айнымалы);

$x_1$ – бақылау үлгісі (егер тиімділікті бақылау болса – «1», сәйкестікке бақылау жасау болса – «0»);

$x_2$ – бюджеттік бағдарламалар саны;

$x_3$ – бақылаумен қамтылуы жоспарланатын сома (млн. теңгемен);

$x_4$ – бақылау объектілерінің саны.

Жүргізілген регрессиялық талдау нәтижесінде аталған санат бойынша көптік регрессияның мынадай коэффициенттері алынды:

регрессия константасы ($a_0$) – 39,5346686;
бақылау үлгісі үшін ($a_1$) – 81,49105794;
бюджеттік бағдарламалар саны үшін ($a_2$) – 9,083999718;
бақылаумен қамтылуы жоспарланатын сома үшін ($a_3$) – 0,000379523;
бақылау объектілерінің саны үшін ($a_4$) – 12,47686023.

Регрессия коэффициенттері мен тәуелсіз айнымалыларды ескере отырып, (1) формула мынадай түрге өзгереді:

$y_0 = 81,49105794 * x_1 + 9,083999718 * x_2 + 0,000379523 * x_3 + 12,47686023 * x_4 + +39,5346686.$

## 2-параграф. Бағдарламалық құжаттарды және өңірлерді бақылау

17. «Бағдарламалық құжаттар және өңірлер» санаты бойынша бақылау іс-шарасы мерзімінің нормативін есептеу үшін (1) формула қолданылады, мұнда:

$y_0$ – бақылаушылар-күндерге шаққандағы есептік норматив (тәуелді айнымалы);

$x_1$ – бақылау үлгісі (егер тиімділікті бақылау болса – «1», сәйкестікке бақылау жасау болса – «0»);

$x_2$ – бақылаумен қамтылуы жоспарланатын сома (млн. теңгемен);

$x_3$ – бақылау объектілерінің саны.

Жүргізілген регрессиялық талдау нәтижесінде аталған санат бойынша көптік регрессияның мынадай коэффициенттері алынды:

регрессия константасы ($a_0$) – 237,628189;
бақылау үлгісі үшін ($a_1$) – 49,02809199;
бақылаумен қамтылуы жоспарланатын сома үшін ($a_2$) – 0,000790617;
бақылау объектілерінің саны үшін ($a_3$) – 6,04196228;

Регрессия коэффициенттерін және тәуелсіз айнымалыларды ескере отырып, ( 1) формула мынадай түрге өзгереді:

$y_0 = 49,02809199 * x_1 + 0,000790617 * x_2 + 6,04196228 * x_3 + 237,628189.$

18. Аталған санаттың бақылаумен қамтылуы жоспарланатын 150 млрд.-тан астам теңге көлеміндегі қаражаты бар бақылау іс-шаралары бойынша мерзімнің нормативін есептеу үшін ($a_2$) коэффициенті – 0,001027802 қолданылады.

## 3-параграф. Квазимемлекеттік сектор субъектілерін бақылау

19. «Квазимемлекеттік сектор субъектілерін бақылау» санаты бойынша бақылау іс-шарасы мерзімінің нормативін есептеу үшін (1) формула қолданылады, мұнда:

$y_0$ – бақылаушылар-күндерге шаққандағы есептік норматив (тәуелді айнымады);

$x_1$ – бақылау үлгісі (егер тиімділікті бақылау болса – «1», сәйкестікке бақылау жасау болса – «0»);

$x_2$ – бақылаумен қамтылуы жоспарланатын сома (млн.теңгемен);

$x_3$ – бақылау объектілерінің саны.

Жүргізілген регрессиялық талдау нәтижесінде аталған санат бойынша көптік регрессияның мынадай коэффициенттері алынды:

регрессия константасы ($a_0$) – 83,86584;

бақылау үлгісі үшін ($a_1$) – 48,49393;

бақылаумен қамтылуы жоспарланатын сома үшін ($a_2$) – 0,0001127;

бақылау объектілерінің саны үшін ($a_3$) – 7,25511;

Регрессия коэффициенттерін және тәуелсіз айнымалыларды ескере отырып, (1) формула мынадай түрге өзгереді:

$y_0 = 48,49393 * x_1 + 0,0001127 * x_2 + 7,25511 * x_3 + 83,86584.$

## 4. Бақылау іс-шарасы мерзімінің нормативін қолдану

20. Бақылау іс-шарасы мерзімінің нормативін есептеуді жоспарлауға жауапты құрылымдық бөлімше осы Әдістемелік ұсынымдардың 7-11-тармақтарына сай, Есеп комитеті мүшелері бақылау іс-шарасын жүргізуге арналған өтінімдерді (бұдан әрі – өтінім) ЭҚАБЖ бойынша ұсынған күнінен бастап екі жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

21. Бақылау іс-шарасын жүргізу мерзімінің нормативін есептеудің қорытындысы бойынша мәлімделген нормативтен есептік норматив ауытқыған жағдайда, жоспарлауға жауапты құрылымдық бөлімше екі жұмыс күні ішінде бақылау жүргізуге жауапты Есеп комитетінің мүшесімен және құрылымдық бөлімшемен бірлесіп, бақылау іс-шарасы мерзімдерін есептік нормативке сәйкес келтіру бойынша жұмыстар жүргізеді.

22. Есептік нормативтен рұқсат берілетін ауытқудан асып кеткен мәлімделген нормативтің мерзімдері бар бақылау іс-шаралары оларды жүргізу мерзімдерінен ауытқудың дәлелденген негіздемелері көрсетіле отырып, Есеп комитеті мүшелерінің қызметтік жазбаларының негізінде Есеп комитеті Төрағасының шешімі бойынша жүргізіледі.

23. Есеп комитетінің Төрағасы мақұлдаған Есеп комитеті мүшелерінің қызметтік жазбалары өтініммен бірге бақылау іс-шаралары жоспарына қосу үшін жоспарлауға жауапты құрылымдық бөлімшеге жіберіледі.

24. Есеп комитетінің Төрағасы Есеп комитеті мүшелерінің негіздемелерін қабылдамаған жағдайда, бақылау іс-шараларын жүргізу мерзімдері бақылау іс-шаралары жоспарына рұқсат берілетін ауытқулар ескеріле отырып, есептік норматив шегінде енгізіледі.

25. Алдын ала зерделеу қорытындысы бойынша және бақылау іс-шарасын жүргізу барысында осы Әдістемелік ұсынымдардың 12-тармағында айқындалған бақылау көрсеткіштері өзгерген жағдайда, бақылау іс-шараларының мерзімдері осы Әдістемелік ұсынымдардың 20-24-тармақтарына сай, есептік нормативке сәйкестігіне қайта қарауға жатады.

Есеп комитетінің сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылау жүргізу қағидасына
3-қосымша
нысан

## Кезекті жылға арналған бақылау жұмысының жоспары

| Р/с № | Іс-шаралар атауы | Бақылау үлгісі | Бақылау түрі | Бақылау іс-шаралары бойынша мерзімдер | | | Бақылаумен қамтылатын бюджет қаражатының жоспарланған сомасы, жылдар бөлінісінде (млн. теңге) | | | | Жоспарланатын бақылау объектілерінің саны | Тексеру комиссияла , ҚР ҚМ Қ сарапшыла м е н аудиторлар тарту бойы ақпарат |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | дайындалу | жүргізу | іске асыру | 20_ жыл | 20_ жыл | 20_ _ жыл | барлығы | | |
| 1 | | | | | | | | | | | | |
| 2 | | | | | | | | | | | | |
| … | | | | | | | | | | | | |

Есеп комитетінің сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды жүргізу қағидасына
3-1-қосымша
нысан

Ескерту. 3-1-қосымшамен толықтырылды - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

## ______ жылы бақылау жүргізілуі жоспарланған бақылау объектілерінің және бюджеттік бағдарламалардың тізбесі

| Р/с № | Іс-шаралардың атауы | Бақылау үлгісі | Бақылау түрі | Бақылау объектісінің атауы | Бақылау объектілерін бақылаумен қамту кезеңі | Бюджет деңгейі | Бақылау іс-шара қатысатын басқ мемлекеттік қаржы бақылау органдар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| 1 | | | | | | | |
| 2 | | | | | | | |
| … | | | | | | | |

кестенің жалғасы

| Бақылаумен қамтылуы жоспарланатын бюджет қаражатының, мемлекет активтерінің сомасы (млн. теңге) | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Бюджеттік бағдарламаның, мемлекет активтерінің атауы және нөмірі | 20__ жыл | ….. | 20__ жыл | барлығы |
| 9 | 10 | 11 | 12 | 13 |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |

Ескертпе:

«Іс-шаралардың атауы» деген 2-бағанда жоспарланатын бақылау іс-шарасының атауы көрсетіледі;

«Бақылау үлгісі» деген 3-бағанда бақылаудың тиісті үлгісі: сәйкестікке бақылау жасау, қаржылық есептілікті бақылау, тиімділікті бақылау көрсетіледі;

«Бақылау түрі» деген 4-бағанда бақылаудың тиісті түрі: кешенді бақылау, тақырыптық бақылау, үстеме бақылау, бірлескен бақылау, қосарлас бақылау көрсетіледі;

«Бақылау объектілерінің атауы» деген 5-бағанда бақылаумен қамтылуы жоспарланатын бақылау объектілері көрсетіледі;

«Бақылау объектілерін бақылаумен қамту кезеңі» деген 6-бағанда бақылау объектілерін бақылаумен қамтудың жоспарланатын кезеңі көрсетіледі (басталу күні – аяқталу күні);

«Бюджет деңгейі» деген 7-бағанда есебінен бақылау объектісін, оның ішінде квазимемлекеттік сектор субъектілерін қаржыландыру жүргізілетін бюджет деңгейі (республикалық, жергілікті) көрсетіледі;

«Бақылау іс-шарасына қатысатын басқа да мемлекеттік қаржылық бақылау органдары» деген 8-бағанда айқындалған бақылау объектісіне бірлескен немесе қосарлас бақылау жүргізу кезінде қатысуы жоспарланған мемлекеттік қаржылық органдары көрсетіледі;

«Бюджеттік бағдарламаның, мемлекет активтерінің атауы мен нөмірі» деген 9-бағанда бюджеттік бағдарламаның, мемлекет активтерінің атауы мен нөмірі көрсетіледі;

10, 11, 12-бағандарда 9-бағанда айқындалған бюджеттік бағдарламалар бөлінісінде жылдар бойынша бақылаумен қамтылуы жоспарланатын сома, мемлекет активтерінің құны көрсетіледі;

«Барлығы» деген 13-бағанда жиынтық сома көрсетіледі.

Есеп комитетінің
сыртқы мемлекеттік қаржылық
бақылауды жүргізу қағидасына
4-қосымша

## Бақылау объектісінің қызметін алдын ала зерделеу барысында зерделенетін мәселелердің үлгі тізбесі*

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

| Мәселелер | Ақпарат көздері |
|---|---|
| 1 | 2 |
| 1. Сәйкестікке бақылау жасау (жалпы мәселелер)** | |
| | |

| | |
|---|---|
| Бақылау объектісінің қызметі | Нормативтік құқықтық актілер, ақпараттық-құқықтық жүйелер |
| | Бақылау объектісінің құрылтай құжаттары (Ереже, Жарғы бақылау объектісінің қызметін регламенттейтін басқа да құжатт |
| | Аумақтық бөлімшелері мен ведомстволық бағынысты ұйымд қоса алғанда, бақылау объектісінің құрылымы |
| | Құқық белгілеуші және өзге де бастапқы құжаттарды құқық к органдарының алып қоюы |
| Бақылау объектісі бойынша алдыңғы бақылау нәтижелері | Есеп комитетінің бақылау актілері, қаулылары және бақ объектісінің бақылау қорытындысы бойынша қабылдаған шарал |
| Бақылау объектісінің ішкі бақылау қызметінің жұмысы | Ішкі бақылау қызметінің ережесі, бақылау іс-шараларының жы жоспары, ішкі бақылау нәтижелері туралы есептер, ішкі бақ қызметінің жұмысы туралы жиынтық ақпарат (Қазақс Республикасы Қаржы министрлігінің тоқсан сайынғы ақпараты) |
| Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджетті уақтылы және сапалы орындауы | Тиісті бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша тиісті е жылға арналған республикалық бюджеттің атқарылуы туралы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі ұсынатын ақп төлемдер бойынша қаржыландыру жоспары, міндеттемелер бой қаржыландыру жоспары) |
| Мемлекеттік және салалық бағдарламалар, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің бақылау объектісіне қатысты бөлігінде даму жоспарлары, тиісті бюджеттік бағдарлама әкімшісінің стратегиялық жоспары | Мемлекеттік және салалық бағдарламалардың (іс-шара жоспарларының), квазимемлекеттік сектор субъектілерінің бақ объектісіне қатысты бөлігінде даму жоспарларының, ти бюджеттік бағдарлама әкімшісінің стратегиялық жоспарлары орындалуы туралы есептер |
| Мемлекеттік сатып алуды өткізу тәсілдері, тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің номенклатурасы, бюджеттен бөлінген қаражат шегінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді жеткізу мерзімдері | Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспары, мемлекеттік с алудың нақтыланған жоспары (ақпараттық жүйелер) |
| Бақылау объектісі туралы жиналған ақпарат | Тексерілетін бақылау объектісінің ақпараттық базалары, р статистикалық деректер, бұқаралық ақпарат құралдарының басқа да көздердің деректері |
| | Бақылау объектілері лауазымды адамдарының әрекеттер әрекетсіздігіне) қатысты жеке және заңды тұлғалардың өтініш шағымдары) (болған жағдайда) |
| Жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарлама әкімшісі мен тиісті жергілікті атқарушы органның арасында Нысаналы трансферттер бойынша нәтижелер туралы келісімдер жасасу | Жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарлама әкімшісі мен жергілікті атқарушы органның арасындағы нысаналы трансфе бойынша нәтижелер туралы келісім. Нысаналы трансфер бойынша нәтижелер туралы келісімдердің көрсеткіштеріне жеткізу туралы есептер. |
| Жергілікті атқарушы органдардың бұрын пайдаланылмаған нысаналы трансферттер сомаларын толық пайдалануы | Нысаналы трансферттер қаражатын толық пайдалануға рұқса туралы мәслихаттар мен әкімдіктердің қабылдаған шешімдер Үкіметінің қаулылары (ақпараттық-құқықтық жүйелер) |
| Байланысты гранттарды тарту және пайдалану | Ағымдағы қаржы жылының 1 қаңтарындағы жағдай бойы Байланысты грант туралы келісім, алынған және пайдалан байланысты гранттар туралы ақпарат, байланысты грантт пайдалану бойынша қол жеткізілген нәтижелер жөніндегі байланысты гранттардың пайдаланылуын мониторингтеу |
| | |

| | |
|---|---|
| Бюджеттік кредиттерді тарту және пайдалану | Кредит берушінің, бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің және н алушының арасындағы кредиттік шарттар. Бюджеттік кредит мақсатына сай және тиімді пайдалану, өтеу және қызмет көр туралы ақпарат. |
| Үкіметтік сыртқы қарыздар есебінен қаржыландырылатын жобалардың іске асырылуы | Инвестициялық жобаларды іске асыруға бағытталған сыр қарыздар және республикалық бюджеттен қоса қаржыланд қаражатын игеру туралы ақпарат, мемлекеттік сыртқы қа қаражатын игеру туралы жиынтық есеп |
| Тартылған қарыздар есебінен қаржыландырылатын жобалардың қымбаттауы | Тартылған қарыздар есебінен қаржыландырылатын жобалар қымбаттауы туралы ақпарат |
| Қазақстан Республикасының Үкіметіне халықаралық қаржы ұйымдары ұсынатын қарыз шарттары шеңберіндегі қарыз қаражатының пайдаланылуын мониторингтеу | Халықаралық қаржы ұйымдары қаржыландыратын жобалар ту ақпарат |
| Үкіметтік қарыздарды өтеу және оларға қызмет көрсету жөніндегі операциялар | Үкіметтік сыртқы қарыздардың қолданыстағы портфелін игеру, және оған қызмет көрсету туралы ақпарат |
| 2. Қаржылық есептілікті бақылау | |
| Бақылау объектісінің қызметі | Нормативтік құқықтық актілер (ақпараттық-құқықтық жүйелер) |
| | Құқық белгілеуші және өзге де бастапқы құжаттарды құқық қо органдарының алып қоюы |
| Бақылау объектісінің ішкі бақылау қызметінің жұмысы | Ішкі бақылаудың нәтижелері бойынша қорытынды, ішкі бақыла нәтижелері туралы есептер, ішкі бақылау қызметінің нұсқам қабылданған шаралар туралы ақпарат, ішкі бақылау қызме жұмысы туралы жиынтық ақпарат (Қазақстан Республикасы Қ министрлігінің тоқсан сайынғы ақпараты) |
| Бақылау объектісі бойынша алдыңғы бақылау нәтижелері | Есеп комитетінің бақылау актілері, қаулылары және бақ объектісінің бақылау қорытындысы бойынша қабылдаған шарал |
| Бухгалтерлік есеп және бюджеттік бағдарламаларды орындау бойынша есептер | Қаржылық есептілік, шоғырландырылған қаржылық есепт бухгалтерлік баланс, активтер мен міндеттемелердегі өзгер туралы есеп, қаржыландыру көздері бойынша шоттардағы а қозғалысы туралы есеп; түсіндірме жазба, қаржыланд жоспарларын орындау туралы есеп) және басқалары |
| Есеп саясаты | Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген Квазимемлек сектор субъектісінің есеп саясаты |
| Бақылау объектісінің міндеттемелерді қабылдауының, бюджеттік бағдарламалар бойынша төлемдерді жүргізуінің, бюджет түсімдері мен шығыстарының атқарылу болжамын жасауының уақтылылығы | Тиісті бюджеттік бағдарлама әкімшісінің бюджет бағдарламалардың іске асырылуын мониторингтеу нәтиже туралы есептері |
| Қазақстан Республикасы Ұлттық қоры қаражатының дұрыстығы мен пайдаланылуын бақылау | Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдері және пайдалану туралы есеп (Қазақстан Республикасы Қар министрлігінің ай сайынғы ақпараты) |
| Республикалық бюджетке түсетін түсімдердің толықтығы мен уақтылылығын, республикалық бюджеттен түсетін түсімдер сомаларының | |

| | |
|---|---|
| қайтарылуын, салықтық және кедендік әкімшілік етудің тиімділігін бақылау | Бюджетке түсетін төлемдер туралы № 1-Н және № 2-Н салы есептер (Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ай сай ақпараты) |
| Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың талаптары мен міндеттемелері | Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқар органдардың талаптары мен міндеттемелері туралы есеп (Қаза Республикасы Қаржы министрлігінің ай сайынғы ақпараты) |
| Республикалық бюджет бойынша тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатудан түскен ақша түсімдері мен шығыстары жоспарларының орындалуы | Республикалық бюджет бойынша тауарларды, жұмыстарды көрсетілетін қызметтерді сатудан түскен ақша түсімдері шығыстары жоспарларының орындалуы туралы есеп |
| Есепті қаржы жылына арналған бюджетті бекіту, нақтылау, түзету | Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның бекіт нақтыланған, түзетілген республикалық бюджетті, бюдже бағдарламалар бойынша қабылданған, төленбеген міндеттеме және (немесе) төленген міндеттемелерді көрсете отырып, т бюджеттік бағдарлама әкімшісі бойынша республикалық бюдж атқарылуы туралы есебі, жүргізілген бюджеттік мониторингте нәтижелерді бағалаудың негізінде республикалық бюдже бағдарламаларды орындау бөлігіндегі республикалық бюдж атқарылуы туралы талдамалық есеп; елдегі экономикалық ахуа республиканың тиісті кезеңге арналған әлеуметтік-экономик даму болжамында қабылданған салық-бюджет саясатының н бағыттарының іске асырылуы туралы, тиісті қаржы жылына арн республикалық бюджет туралы заң баптарының орындалуы ту талдамалық ақпаратты қамтитын түсіндірме жазба (Қазақ Республикасы Қаржы министрлігінің ай сайынғы ақпараты) |
| Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері балансының есептік баптары бойынша дебиторлық және кредиторлық берешектер | Мемлекеттік, республикалық бюджеттің, соның ішінде ө жылдардың дебиторлық берешегі туралы есептер, мемлеке республикалық бюджеттің кредиторлық берешегі туралы е Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ай сайынғы ақп ) |
| 3. Тиімділікті бақылау (жалпы мәселелер)*** | |
| Бақылау объектісінің қызметі | Нормативтік құқықтық ак (ақпараттық-құқықтық жүйелер) |
| | Бақылау объектісінің құрылтай құжаттары (бақылау объекті қызметін регламенттейтін Ереже, Жарғы және басқа да құжат ақпараттық-құқықтық жүйелер) |
| | Құқық белгілейтін және өзге де бастапқы құжаттарды құқық қ органдарының алып қоюы |
| Ішкі бақылау қызметінің жұмысы | Бақылау іс-шараларының жылдық жоспары, ішкі бақылау нәти бойынша қорытындылар, ішкі бақылау нәтижелері туралы есе ішкі бақылау қызметтерінің нұсқамасы, қабылданған шаралар т ақпарат, ішкі бақылау қызметтерінің жұмысы туралы жиы ақпарат (Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің то сайынғы ақпараты) |
| Бақылау объектісі бойынша бағалау мәніне байланысты алдыңғы бақылаудың нәтижелері | Есеп комитетінің бақылау актілері, қаулылары, бақылау объект бақылау қорытындылары бойынша қабылдаған шаралары |
| | Бақылау объектісі дайындаған ішкі есептілік, талдамалық жаз мен шолулар |
| | |

| | |
|---|---|
| Бақылау объектісі қызметінің нәтижелері мен проблемалары | Сыртқы ақпарат көздері (ресми статистикалық дерект бағдарламаның (стратегиялық жоспардың) мәніне байлань проблемалармен айналысатын ғылыми-зерттеу институттарь материалдары, бұқаралық ақпарат құралдары). Тексерілетін бақ объектісінің ақпараттық базасы |
| Мемлекеттік және салалық бағдарламаларды қаржылық қамтамасыз ету | Мемлекеттік және салалық бағдарламалар |
| Бюджеттік бағдарламалар бөлінісінде стратегиялық жоспарды қаржылық қамтамасыз ету | Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің стратегиялық жоспары |
| Мемлекеттік, салалық бағдарламалар (орталық атқарушы органдардың стратегиялық жоспарлары) | Мемлекеттік және салалық бағдарламалар, мемлекеттік органда стратегиялық және операциялық жоспарлары, квазимемлеке сектор субъектілерінің даму жоспарлары (ақпараттық-құқы жүйелер)<br>Мемлекеттік қызметтерді алушыларға сауалнама өткізу (бұқар ақпарат құралдарының деректері) негізінде алынған ола ұсынудың сапасы туралы үкіметтік емес ұйымдардың (қоғам бірлестіктердің) ақпараты |
| Негізгі іс-қимылдарды жүзеге асыру және бағдарламаны (стратегиялық жоспарды) іске асыру шарттарын орындау/орындамау | Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің тиісті жылдард стратегиялық жоспарын іске асыруы туралы есеп |
| | Мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру жөніндегі іс-шар жоспарларының орындалуы туралы есеп |
| | Қаржыландыру жоспарларының және бағалау мәніне байлан басқа да қаржылық құжаттардың орындалуы туралы есеп |
| Бюджеттік инвестициялық жобалар | Қаражаты есебінен бюджеттік инвестициялық жобаларды іске а жүргізілетін бюджеттік бағдарламалар бөлігінде бюдже бағдарлама әкімшісінің стратегиялық жоспары |
| | Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің стратегиялық жоспарын асыруы туралы есеп |
| Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру | Бақылау объектісінің мемлекеттік сатып алуының жылдық жосп |
| Басым бюджеттік инвестициялар тізбесі | Жобаны іске асыру кезеңін, мердігерлік ұйымдарды, сметалық шарттық құнды, құрылыс объектілерін енгізуді, ақпараттық ж тәжірибелік және өндірістік пайдалануға беруді көрсете оты бюджеттік инвестициялық жобалар бойынша ақпарат |
| | Инвестициялық жобаларды қоса алғанда, басым бюдже инвестициялардың тізбесі |
| Концессиялық жобалар тізбесі | Республикалық бюджеттен қоса қаржыландыруды талап ет жоспарлы кезеңге арналған концессиялық жобалардың объек бөлінісіндегі тізбесі |
| Концессиялық жобалар бойынша қорытынды және Республикалық бюджет комиссиясының қарауына шығару | Концессиялық жобалар бойынша қорытынды және Республик бюджет комиссиясының қорытындысы |
| Квазимемлекеттік сектор субъектілері қызметінің басым бағыттары, даму жоспарлары | Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің даму жоспарлары |
| Республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдері және олар бойынша шешім шығару | Республикалық бюджет комиссиясының тиісті бюджеттік бағдар әкімшісі бойынша қорытындысы |
| | |

| | |
|---|---|
| Заңды тұлғалардың жарғылық капиталындағы мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестициялардың іске асырылуын мониторингтеу | Квазимемлекеттік сектор субъектісінің бюджеттік бағдарлам әкімшісіне бюджеттік инвестициялар есебінен іске асырылып ж іс-шаралардың іске асырылуын мониторингтеу жөніндегі е квазимемлекеттік сектор субъектісінің соңғы есепті кез түсіндірме жазбасы, қаржылық есептілігі, квазимемлекеттік с субъектісінің стратегиялық даму құжаттары; бюджет инвестицияларды іске асыратын бюджеттік бағдарлама әкімшісінің бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкі органға бюджеттік инвестициялар есебінен іске асырылып ж іс-шаралардың іске асырылуын мониторингтеу жөніндегі есебі |
| Заңды тұлғалардың жарғылық капиталындағы мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестициялар | Республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюдж инвестицияларды іске асыруын бағалау жөніндегі ақпарат |
| 4. Акциялары (қатысу үлестері) мемлекетке тиесілі квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтері | |
| Бақылау объектісінің қызметі | Бақылау объектісінің қызметін регламенттейтін нормати құқықтық актілер (ақпараттық-құқықтық жүйелер) |
| Бақылау объектісінің ішкі бақылау қызметінің жұмысы | Бақылау іс-шараларының жылдық жоспары, ішкі бақылау нәтижелері бойынша қорытындылар, ішкі бақылаудың нәтиж туралы есептер, ішкі бақылау қызметінің нұсқамалары, қабылд шаралар туралы ақпарат |
| Бақылау объектісі бойынша алдыңғы бақылаудың нәтижелері | Бақылау қорытындылары бойынша Есеп комитетінің бақ актілері, қаулылары, басқа бақылаушы органдар жүргізген алд бақылаудың материалдары бойынша анықталған бұзушылықт жою жөнінде қабылданған шаралар |
| Бақылау объектісі туралы жинақталған ақпарат | Ресми статистикалық деректер, бұқаралық ақпарат құралдар деректері, басқа көздерден алынған деректер |
| | Бақылау объектісінің құрылтай құжаттары (бақылау объекті қызметін регламенттейтін Жарғы және басқа да құжат ақпараттық-құқықтық жүйелер) |
| Квазимемлекеттік сектор субъектісінің қаржылық есептілігі | Бухгалтерлік баланс, табыстар мен залалдар туралы есеп, қаражатының қозғалысы туралы есеп, капиталдағы өзгерістер т есеп, түсіндірме жазба. Мемлекет активтерінің пайдаланылуы т есеп |
| Жұмыстың сандық және сапалық көрсеткіштерін айқындау | Квазимемлекеттік сектор субъектісінің даму стратегиясы, жос ақпараттық-құқықтық жүйелер) |
| Стратегиялық даму жоспарларының мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу | Даму жоспарларының іске асырылуы туралы есептер |
| Акцияларының (қатысу үлестерінің) бақылау пакеті мемлекетке тиесілі ұйымдардың ақшасын қаржы құралдарына орналастырудың талаптары мен нормаларының сақталуы | Акцияларының (қатысу үлестерінің) бақылау пакеті мемле тиесілі ұйымдардың ақшасын қаржы құралдарына орналас жөніндегі ақпарат |
| Бақылау объектісін басқару (филиалдар, негізгі бөлімшелер арасындағы өзара байланыс тәртібі, өзара тәуелділік). Құрылымның негізділігі және басқару аппаратының саны | Басқару аппаратының штат кестесі, құрылымы мен саны, нұсқаулықтар (бұйрықтар, өкімдер, нұсқаулықтар, кеңес хаттам ) |

Ескертпе:

* Осы тізбе толыққанды болып табылмайды. Бақылау барысында қосымша құжаттар және (немесе) ақпарат сұратылуы мүмкін.

** «Сәйкестікке бақылау жасау» үлгісі бойынша алдын ала зерделеу кезінде жалпы мәселелер және осы үлгіге жататын бақылаудың тиісті мақсаты бойынша қосымша мәселелер зерделенеді.

*** «Тиімділікті бақылау» үлгісі бойынша алдын ала зерделеу кезінде жалпы мәселелер және осы үлгіге жататын бақылаудың тиісті мақсаты бойынша қосымша мәселелер зерделенеді.

Есеп комитетінің
сыртқы мемлекеттік қаржылық
бақылауды жүргізу қағидасына
5-қосымша
нысан

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

## Бақылау объектісін алдын ала зерделеу үшін құжаттар мен ақпарат сұрату

___________________________________________________________________

мемлекеттік органның немесе ұйымның атауы

Есеп комитетінің 20__ жылғы _____-тоқсанға арналған жұмыс жоспарына сәйкес,_______________________________________________________ (бақылау объектісінің атауы, бақылаудың мақсаты мен мәні көрсетіледі) _________ _________________ аралығында бақылау жүргізу көзделген. (бақылаудың ұзақтығы көрсетіледі)

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 146-бабының 2-тармағына сәйкес________________________________________ (мәселелердің үлгі тізбесіне сай қажетті _____________________________________________ туралы ақпаратты растайтын мәліметтер мен құжаттама тізбесі көрсетіледі) құжаттарымен бірге ұсынуларыңызды сұраймыз.

Сұратылған ақпарат пен құжаттардың көшірмелерін ______________________________________ дейін қағаз түрінде немесе (құжаттаманы ұсыну күні көрсетіледі) электрондық почта арқылы ұсыну қажет.

Есеп комитетінің мүшесі ________________________

(қолы, аты-жөні, тегі)

Орындаушының аты-жөні, тегі (телефоны, электрондық почтасының мекенжайы)

*Ескертпе: Бақылау объектілерін алдын ала зерделеу үшін құжаттар мен ақпарат сұрату Есеп комитетінің ресми бланкісінде ресімделеді.

Есеп комитетінің сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды жүргізу қағидасына 6-қосымша

нысан

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің мүшесі

_________________________________

Аты-жөні, тегі

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

## Бақылау объектілерін алдын ала зерделеу нәтижелері туралы ақпарат

1. Бақылау объектілерін алдын ала зерделеу барысында___________ (бақылау ________________________________________ объектілерінің атауы) ________________________________________ (бақылаудың мақсаты көрсетіледі) жүргізуге маңызы бар мынадай құжаттар зерделенді:

1) ________________________________________ (зерделенген құжаттардың, есептердің, алдыңғы бақылау актілерінің және басқа да ақпараттың, соның ішінде қаржыландырудың бекітілген сомаларының тиісті бюджеттік бағдарлама бойынша бөлінуі мен игерілуін жылдар бөлінісінде көрсете отырып, бақылау объектісінен алынғандарының тізбесі көрсетіледі)

2)________________________________________

3)________________________________________

...________________________________________

_______________________________________________

(мемлекеттік (салалық) бағдарламаға, стратегиялық жоспарға бағалау жүргізген жағдайда, мемлекеттік (салалық) бағдарламаны іске асыруға арналған жоспарлы шығыстар – қаржыландыру көздері бөлінісінде, бекітілген сомалар – Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сай, нақты бөлінген және игерілген сомалар – жылдар бөлінісінде, стратегиялық жоспармен бекітілген бюджеттік бағдарламалар – қаржыландыру көлемі, нақтыланған, түзетілген және игерілген сомалары көрсетіле отырып, жылдар бөлінісінде көрсетіледі)

2. Бақылау объектісін алдын ала зерделеудің және жүргізілген талдаудың қорытындысы бойынша мыналарды ұсынамыз:

2.1. Бақылау бағдарламасына:

1) бақылаумен қамтылатын бюджет қаражаты мен активтердің көлемі_______________________________________________

(бақылаумен қамтылатын қаражат пен активтер көлемі тексерілетін жылдар және _______________________________________________; бюджеттік бағдарламалар бөлінісінде көрсетіледі)

2) бақылау объектілері және оларды бақылаушылар арасында бөлу, кешенді, қосарлас және бірлескен бақылау жүргізілген жағдайда, мемлекеттік органдар мен мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының арасында бөлу: _______________________________________________;

3) зерделенген бақылау объектілеріне қатысты қолданылатын бақылау түрі мен үлгісі:_______________________________;

4) бақылау мәселелері:_______________________________.

(болған жағдайда бақылаудың ықтимал мәселелерінің тізбесі, соның ішінде тиімділікті бақылауды жүргізу кезінде критерийлер көрсетіледі)

енгізілсін.

2.2. Бақылау іс-шарасынан мынадай негіздер ____________________

(тиісті негіздерді көрсету)

бойынша ________________________________________ бақылау объектісі

(бақылау объектісінің атауы)

алынып тасталсын (енгізілсін).

2.3. Бақылау іс-шараларын жүргізу мерзімі мынадай негіздер ____ _____________________________________________ бойынша қайта қаралсын (ұлғайтылсын/ қысқартылсын).

Бақылау тобының жетекшісі ___________________________
(қолы, аты-жөні, тегі)

Бақылау тобының қатысушылары ____________________________
(қолы, аты-жөні, тегі)

Ескертпе: қажет болған жағдайда, 2.1,2.2, 2.3-тармақтар толтырылады.

Есеп комитетінің
сыртқы мемлекеттік қаржылық
бақылауды жүргізу қағидасына
7-қосымша

## Алдын ала зерделеу жүргізу туралы хабарлама

Ескерту. Алып тасталды - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

Есеп комитетінің
сыртқы мемлекеттік қаржылық
бақылауды жүргізу қағидасына
7-1-қосымша
нысан

____________________________________
мемлекеттік органның
немесе ұйымның атауы

Ескерту. 7-1-қосымшамен толықтырылды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасының 14.08.2014 № 3-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.

## Бақылау жүргізу туралы хабарлама

Есеп комитетінің 20_ жылғы ____-тоқсанға арналған жұмыс жоспарына сәйкес, ______________________________ аралығында _____________ (бақылаудың ұзақтығы көрсетіледі) (бақылаудың мақсаты мен ________________________________________ бақылау жүргізілетін болады. мәні көрсетіледі)

Бақылау жүргізуге және жауапты лауазымды адамдарды белгілеуге

жәрдем көрсетулеріңізді, бақылау жүргізуге кедергі келтірмеулеріңізді, қажетті жағдай жасауларыңызды, дайындық жұмыстарын жүзеге асыруларыңызды, қызметкерлерді жұмыс орындарымен және барлық сұратылған ақпаратпен қамтамасыз етулеріңізді сұраймыз.

Есеп комитетінің мүшесі ________________________

(қолы, аты-жөні, тегі)

Ескертпе: Бақылау жүргізу туралы хабарлама Есеп комитетінің ресми бланкісінде ресімделеді.

Есеп комитетінің сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды жүргізу қағидасына 8-қосымша

нысан

Бекітемін

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасы

_____________ _____________

20___ жылғы «___»___________

Ескерту. 8-қосымша жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

## Бақылау жүргізу жоспары

Бақылау негізі: ____________________________________

Бақылау мақсаты: ____________________________________

Бақылау үлгісі: ____________________________________

Бақылау түрі: ____________________________________

Бақылау объектілері және жүру бағдарлары:

| Р/с № | Бақылау объектісінің атауы | Бақылау объектісінің орналасқан жері (облыс/қала) | Жүру бағдары (соның ішінде Астана қаласынан тыс жерге іссапарға барған жағдайда) | | Бақылау тобына қатысушылардың аты-ж тегі, лауазымы |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Тексеру мерзімі | Бағдары | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. | | | | | |
| 2. | | | | | |

| ... | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|

Бақылаумен қамтылатын қаражат және (немесе) активтер көлемі: ________
Бақылаумен қамтылатын кезең: ________________________________________
Бақылау жүргізу мерзімі: ___________________________________ аралығы
Қажетті ресурстар: ____________________________________________________
Есеп комитетінің мүшесі ________________________
(қолы, аты-жөні, тегі)

Ескертпе: бақылау жүргізу жоспарын жасау (бұдан әрі – Бақылау жоспары).

Бақылау жоспарында негізгі ұйымдастырушылық мәселелер, бақылау жүргізудің негізі, бақылау мақсаты, бақылау үлгісі мен түрі, бақылау объектілері, жүру бағдарлары (іссапарлар), бақылаумен қамтылатын қаражат көлемі мен кезеңі, жолда жүру уақыты ескеріле отырып, бақылау жүргізу мерзімі, сондай-ақ оны жүргізуге қажетті ресурстар көрсетіледі:

1. Бақылау негізі.

Есеп комитетінің тиісті жылдың тиісті тоқсанына арналған Жұмыс жоспарына сілтеме жасалады.

2. Бақылау мақсаты.

Жоспарланған бақылаудың тақырыбына (бақылау, бақылау-талдамалық және (немесе) талдамалық іс-шараның атауы) және үлгісіне қарай:

1) республикалық бюджеттің атқарылуын;

2) мемлекеттік (салалық) және бюджеттік бағдарламалардың іске асырылу тиімділігін;

3) мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларының іске асырылуын;

4) квазимемлекеттік сектор субъектілерінің оларға бөлінген республикалық бюджет қаражатын пайдалануының қаржы-экономикалық негіздемеге сәйкестігін;

5) акциялары (қатысу үлестері) мемлекетке тиесілі квазимемлекеттік сектор субъектілерінің иелігіндегі активтерді басқаруының тиімділігін;

6) бюджеттік инвестициялардың тиімділігін;

7) республикалық бюджетке түсетін түсімдердің толықтығы мен уақтылылығын, республикалық бюджеттен түсетін түсімдер сомаларының қайтарылуын, салықтық және кедендік әкімшілік етудің тиімділігін;

8) республикалық бюджет қаражатын, соның ішінде:

нысаналы трансферттер мен кредиттерді;

байланысты гранттарды;

мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды;

бюджеттік инвестицияларды;
концессиялық жобаларды бюджеттен қоса қаржыландыруды пайдаланудың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігін;
9) мемлекеттің кепілгерліктері мен активтерін пайдаланудың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігін;
10) төтенше мемлекеттік бюджеттің атқарылуын;
11) республикалық бюджет қаражаты мен мемлекет активтерін пайдалану кезінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының сақталуын;
12) Қазақстан Республикасы Ұлттық қоры қаражатының пайдаланылуын;
13) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі активтерін пайдаланудың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігін;
14) бақылау объектілерінің есепке алу мен есептілікті жүргізуінің анықтығы мен дұрыстығын;
15) мемлекеттік қаржылық бақылау стандарттарының сақталуын;
16) Қазақстан Республикасының Үкіметіне, мемлекеттік органдарға және бақылау объектілеріне жіберілген ұсынымдар мен тапсырмалардың орындалуын;
17) Есеп комитеті шешімдерінің орындалуын (постбақылау);
18) басқаларды бақылау және (немесе) бағалау көрсетіледі.
3. Бақылау үлгісі.
Жүргізілетін бақылаудың тиісті үлгісі көрсетіледі: сәйкестікке бақылау жасау, қаржылық есептілікті бақылау, тиімділікті бақылау.
4. Бақылау түрі.
Жүргізілетін бақылаудың тиісті түрі көрсетіледі: кешенді, тақырыптық, үстеме, бірлескен, қосарлас.
5. Бақылау объектілері және жүру бағдарлары.
Көрсетілген кестеде:
1-бағанда – рет саны нөмірі;
2-бағанда – барлық бақылау объектілерінің, соның ішінде өңірлердегі бақылау объектілерінің толық атауы;
3-бағанда – облысты, қаланы көрсете отырып, бақылау объектісінің орналасқан жері;
4-бағанда – бақылау объектілері бөлінісінде тексеру мерзімдері;
5-бағанда – бағдары;
6-бағанда – бақылау тобына қатысушылардың аты-жөні, тегі, лауазымы толтырылады.
6. Бақылаумен қамтылатын қаражат және (немесе) активтер көлемі*.
Жүргізілетін бақылау іс-шарасы шеңберінде бақылаумен қамтуға

жататын республикалық бюджет қаражатының және (немесе) активтердің жалпы көлемі көрсетіледі.

*Осы бөлім республикалық бюджетке түсетін түсімдердің толықтығы мен уақтылылығына, республикалық бюджеттен түсетін түсімдер сомаларының қайтарылуына, салықтық және кедендік әкімшілік етудің тиімділігіне бақылау жүргізу, талдамалық іс-шара жүргізу кезінде толтырылмайды.

7. Бақылаумен қамтылатын кезең.

Бақылау объектілері қызметінің бақылаумен қамтылатын кезеңі (күндері, айлары, жылдары) көрсетіледі.

8. Бақылау жүргізу мерзімі.

Бақылау жүргізудің басталған және аяқталған күндері көрсетіледі.

9. Қажетті ресурстар.

Есеп комитетінің бақылау жүргізуге тартылған қызметкерлерінің саны көрсетіледі. Мемлекеттік органдардың мамандары, аудиторлық ұйымдардың қызметкерлері мен сарапшылар тартылған жағдайда, бақылауға тартылған қызметкерлердің саны және мемлекеттік органның, аудиторлық ұйымның атауы көрсетіледі.

Есеп комитетінің
сыртқы мемлекеттік қаржылық
бақылауды жүргізу қағидасына
9-қосымша

нысан

Бекітемін:
Республикалық бюджеттің
атқарылуын бақылау жөніндегі
есеп комитетінің мүшесі

_____________ _______________

20___ жылғы «___»___________

Ескерту. 9-қосымша жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

**Бақылау жүргізу бағдарламасы**

1. ______________________________________________

(бақылау объектісінің атауы)

Бақылау мақсаты: ________________________________________________________
Бақылау мәні: ___________________________________________________________
Бақылау үлгісі: _________________________________________________________
Бақылау түрі: ___________________________________________________________
Бақылаумен қамтылатын кезең: ____________________________________________
Бақылау жүргізу мерзімі: _____________ ________________________ аралығы
Бақылау тобының құрамы (бақылаушы): ____________________________________
Бақылаумен қамтылатын қаражат және (немесе) активтер көлемі:

| Р/с № | Бақылауға жататын бюджеттік бағдарлама (нөмірі мен атауы) және ( немесе) активтер | Жыл/жартыжылдық/айлар | Бақылауға жататын қар[а] және (немесе) активтер кө[...] мың теңге) |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1. | | | |
| 2. | | | |
| … | Жиыны: | | |

Бақылау мәселелері: ____________________________________________________
2. ____________________________________________________
(бақылау объектісінің атауы)
Бақылау мақсаты: ________________________________________________________
Бақылау мәні: ___________________________________________________________
Бақылау үлгісі: _________________________________________________________
Бақылау түрі: ___________________________________________________________
Бақылаумен қамтылатын кезең: ____________________________________________
Бақылау жүргізу мерзімі: _____________ ________________________ аралығы
Бақылау тобының құрамы (бақылаушы): ____________________________________
Бақылаумен қамтылатын қаражат және (немесе) активтер көлемі:

| Р/с № | Бақылауға жататын бюджеттік бағдарлама (нөмірі мен атауы) және ( немесе) активтер | Жыл/жартыжылдық/айлар | Бақылауға жататын қар[а] және (немесе) активтер кө[...] мың теңге) |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1. | | | |
| 2. | | | |
| … | Жиыны: | | |

Бақылау мәселелері: _______________________________________________
3. ____________________________________________________
(бақылау объектісінің атауы)
Бақылау мақсаты: ________________________________________________________
Бақылау мәні: ___________________________________________________________
Бақылау үлгісі: _________________________________________________________
Бақылау түрі: ___________________________________________________________

Бақылаумен қамтылатын кезең: ________________________________________
Бақылау жүргізу мерзімі: ____________ _______________________ аралығы
Бақылау тобының құрамы (бақылаушы): __________________________________
Бақылаумен қамтылатын қаражат және (немесе) активтер көлемі:

| Р/с № | Бақылауға жататын бюджеттік бағдарлама (нөмірі мен атауы) және ( немесе) активтер | Жыл/жартыжылдық/айлар | Бақылауға жататын қар[аж]... және (немесе) активтер кө[лемі] мың теңге) |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1. | | | |
| 2. | | | |
| … | Жиыны: | | |

Бақылау мәселелері: _____________________________________________
...
Бақылау тобының жетекшісі _________________________
(қолы, аты-жөні, тегі)
Бақылауды жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшенің басшысы _______________________
(қолы, аты-жөні, тегі)

Ескертпе: бақылау жүргізу бағдарламасын (бұдан әрі – Бақылау бағдарламасы) жасау.

Бақылау бағдарламасында бақылау объектілері бойынша: бақылау объектісінің атауы, бақылау мәні, бақылау үлгісі мен түрі, бақылаумен қамтылатын кезең, бақылау жүргізу мерзімдері, бақылау тобының құрамы (бақылаушы), бақылаумен қамтылатын қаражат және (немесе) активтер көлемі, бақылау мәселелері көрсетіледі. Тиімділікті бақылау жүргізілген жағдайда, Бақылау бағдарламасына тиімділікті бақылау жүргізілетін бақылау объектілеріне қатысты оны бағалау критерийлері енгізіледі. Бақылау бағдарламасында бақылау барысында пайдаланылатын Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің, Есеп комитетінің әдіснамалық құжаттарының тізбесі келтіріледі.

1. Бақылау объектісінің атауы.

Реттік нөмірі, бақылау объектісінің атауы көрсетіледі.

2. Бақылау мақсаты.

Жоспарланған бақылаудың тақырыбына (бақылау, бақылау-талдамалық және (немесе) талдамалық іс-шаралар атауы) және үлгісіне қарай, әр объекті бойынша жеке түрде, осы Қағиданың 50-тармағына сәйкес көрсетіледі.

3. Бақылау мәні.

Бақылауға тартылатын бақылау объектісі қызметінің бағыттары осы Қағиданың 54-тармағына сәйкес көрсетіледі.

4. Бақылау үлгісі.

Осы бақылау объектісінде жүргізілетін бақылаудың тиісті үлгісі көрсетіледі: сәйкестікке бақылау жасау, қаржылық есептілікті бақылау, тиімділікті бақылау.

5. Бақылау түрі.

Осы бақылау объектісінде жүргізілетін бақылаудың тиісті түрі көрсетіледі: кешенді, тақырыптық, үстеме, бірлескен, қосарлас.

6. Бақылаумен қамтылатын кезең.

Бақылау объектісі қызметінің бақылаумен қамтылатын кезеңі (күндері, айлары, жылдары) көрсетіледі.

7. Бақылау жүргізу мерзімі.

Бақылау жүргізудің басталған және аяқталған күндері көрсетіледі.

8. Бақылау тобының құрамы (бақылаушы).

Осы бақылау объектісінде бақылауды жүзеге асырып жатқан Есеп комитеті қызметкер(лер)інің, мемлекеттік органдар мамандарының, сарапшылардың (олар тартылған жағдайда) аты-жөндері, тектері, лауазымдары көрсетіледі.

9. Бақылаумен қамтылатын қаражат көлемі*.

Көрсетілген кесте бюджеттік бағдарламалар бөлінісінде:

1-бағанда – рет саны нөмірі;

2-бағанда – осы бақылау объектісінде бақылауға жататын бюджеттік бағдарламаның нөмірі мен атауы;

3-бағанда – бақылау жүргізілетін тиісті жыл, жартыжылдық, айлардың саны;

4-бағанда – бақылаумен қамтылатын кезең ескеріле отырып, осы бюджеттік бағдарлама бойынша бақылауға жататын республикалық бюджет қаражатының көлемі толтырылады.

4-бағанның соңында осы бақылау объектісінде бақылауға жататын республикалық бюджет қаражаты көлемінің жиынтық сомасы көрсетіледі.

Осы бақылау объектісіне мемлекеттік органдардың мамандары, аудиторлық ұйымдардың қызметкерлері және сарапшылар тартылған жағдайда, олардың аты-жөндері, тектері, лауазымдары, мемлекеттік органның, аудиторлық ұйымның атауы көрсетіледі.

*Осы бөлім республикалық бюджетке түсетін түсімдердің толықтығы мен уақтылылығына, республикалық бюджеттен түсетін түсімдер сомаларының қайтарылуына, салықтық және кедендік әкімшілік етудің тиімділігіне бақылау жүргізу, талдамалық іс-шара жүргізу кезінде толтырылмайды.

10. Бақылау мәселелері.

Осы бақылау объектісінде жүргізілетін бақылау мәселелері осы Қағиданың 56-59-тармақтарына сәйкес көрсетіледі. Тиімділікті бақылау жүзеге асырылған жағдайда, осы Қағиданың 60-тармағына сәйкес, оны жүргізудің критерийлері енгізіледі.

Келесі бақылау объектілері бойынша мәліметтер осындай тәртіппен толтырылады.

11. Бақылауды нормативтік құқықтық және әдіснамалық қамтамасыз ету.

Бақылау барысында пайдаланылатын Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің, Есеп комитетінің әдіснамалық құжаттарының тізбесі көрсетіле отырып толтырылады (жүргізілетін бақылау бойынша жалпы бір кесте толтырылады).

Есеп комитетінің сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды жүргізу қағидасына 10-қосымша

нысан

Бекітемін:
Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің мүшесі

_____________ _____________

20___ жылғы «___»___________

Ескерту. 10-қосымша жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

## Бақылау жүргізудің жұмыс жоспары

Есеп комитетінің қызметкері (бақылауға тартылған маман, аудитор) __________________________________

(аты-жөні, тегі, лауазымы)

Бақылаудың атауы: _______________________________________________

Бақылау жүргізудің жалпы мерзімі: _______ күн

| | | | | | Бақылау жүргізу мерзімі (кезеңдері) | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |

| P/с № | Бақылау объектісі (бақылау бағдарламасынан) | Бақылаумен қамтылатын кезең (жыл, жартыжылдық, айлар) | Бақылау жүргізу мерзімі (бақылау жоспарынан) | Бақылау мәселелері (бақылау бағдарламасынан) | бақылау актісіне қосу үшін материалдар ұсыну (тексерілген мәселе, объекті бойынша) | Актінің бақ |
| --- | --- | --- | --- | --- | --- | --- |

| | | | | | | объектісіне тапсырылған |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1. | | | | | | |
| | | | | | | |
| … | | | | | | |

Бақылауды жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше басшысының жетекшілік ететін орынбасары ___________________________
(қолы, аты-жөні, тегі)

Бақылау тобының жетекшісі ____________________________
(қолы, аты-жөні, тегі)

Есеп комитетінің қызметкері (бақылауға тартылған маман, аудитор) _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _
(қолы, аты-жөні, тегі)

Ескертпе: Бақылау жүргізудің жұмыс жоспарын (бұдан әрі – Жұмыс жоспары) жасау.

Жұмыс жоспарының жоғарғы бөлігінде «Бақылаудың атауы» деген жолда бақылау жоспарына сай жүргізілетін бақылаудың атауы көрсетіледі.

«Бақылау жүргізудің жалпы мерзімі» деген жолда барлық бақылау объектілерінде бақылау жүргізуге қажетті күнтізбелік күндердің жалпы саны көрсетіледі.

Көрсетілген кесте бақылау объектілерінің бөлінісінде:

1-бағанда – рет саны нөмірі;

2-бағанда – бақылау объектісінің атауы (Бақылау бағдарламасында бекітілген деректерге сәйкес келеді);

3-бағанда – Есеп комитетінің тиісті қызметкері бақылаумен қамтитын бақылау объектісі қызметінің кезеңі;

4-баған – Есеп комитетінің қызметкері бақылау объектісінің орналасқан жеріне іссапарға жіберілген жағдайда, Есеп комитеті қызметкерінің іссапар мерзімі мен бағдары көрсетіле отырып толтырылады (Бақылау жүргізу жоспарында бекітілген деректерге сәйкес келеді) ;

5-бағанда – осы бақылау объектісінде бақылау жүргізу барысында Есеп комитетінің қызметкері қамтуы тиіс мәселелер және оларды қараудың реті көрсетіледі (Бақылау бағдарламасында бекітілген деректерге сәйкес келеді);

6-бағанда – бақылау жүргізетін қызметкердің бақылау актісіне қосу үшін материалдарды беретін күні көрсетіледі. Бақылау объектісіне бір бақылаушыдан артық шыққан кезде толтырылады.

7-бағанда бақылау актісін тапсырған күн көрсетіледі.

Есеп комитетінің
сыртқы мемлекеттік қаржылық
бақылауды жүргізу қағидасына
11-қосымша
нысан

Ескерту. 11-қосымша жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

## Бақылау жүргізуге тапсырма

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 141-бабына және Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 20__ жылғы __-тоқсанға арналған жұмыс жоспарына сәйкес, _____________
___________________________________________________________________
(Есеп комитетінің бақылау жүргізу тапсырылған қызметкер(лер)інің А.Ә.Т. мен лауазымы, бақылау жүргізуге тартылған мемлекеттік органдар мамандарының, аудиторлық ұйымдар қызметкерлерінің және (немесе) сарапшылардың А.Ә.Т. көрсетіледі)
___________________________________________________________________
(бақылау объектісінің ұйымдық-құқықтық нысаны, толық атауы,
___________________________________________________________________
оның орналасқан жері, БСН, ЖСН, басшысының А.Ә.Т. көрсетіледі)
__________________________________________________ мәселесі бойынша
(бақылау мәні көрсетіледі)
бақылау жүргізу тапсырылады.
Бақылау мақсаты _________________________________
Бақылау үлгісі _________________________________*
Бақылау түрі ___________________________________
Бақылаумен қамтылатын кезең ____________________
Бақылау жүргізу мерзімі ____________________________ аралығы
Есеп комитетінің мүшесі _______________________
(қолы, аты-жөні, тегі)
Бақылау мерзімі ____ жылғы «__»_____бастап, ____ жылғы «__»______ дейін ұзартылды.*
Есеп комитетінің Төрағасы _______________________*
(қолы, аты-жөні, тегі)
*Үстеме бақылау жүргізілген кезде көрсетілмейді.

Ескертпе: Бақылау жүргізуге тапсырма (бұдан әрі – Тапсырма) жасау.

Тапсырма мынадай деректерді:

1) нөмірі мен берілген күнін;

2) бақылау жүргізудің құқықтық негіздерін;

3) бақылау (соның ішінде үстеме бақылау) жүргізу тапсырылған Есеп комитеті қызметкер(лер)інің атын, әкесінің атын (болған жағдайда), тегін және лауазымын, бақылау жүргізуге тартылған мемлекеттік органдар мамандарының, аудиторлық ұйымдар қызметкерлерінің және (немесе) сарапшылардың атын, әкесінің атын (болған жағдайда), тегін);

4) бақылау объектісінің ұйымдық-құқықтық нысанын (оның филиалдары мен өкілдіктерін қоса алғанда), толық атауын, орналасқан жерін, бизнес-сәйкестендіру нөмірін (бұдан әрі – БСН), жеке сәйкестендіру нөмірін (бұдан әрі – ЖСН), басшысының атын, әкесінің атын (болған жағдайда), тегін;

5) мақсатын (Бақылаудың жоспары мен бағдарламасына сәйкес келеді);

6) бақылаудың үлгісі мен түрін (Бақылаудың бағдарламасына сәйкес келеді);

7) бақылау объектісінде бақылау жүргізудің жоспарланып отырған мерзімдерін (Бақылаудың бағдарламасына сәйкес келеді);

8) бақылаумен қамтылатын кезеңді (Бақылаудың бағдарламасына сәйкес келеді);

9) Есеп комитетінің бақылау жүргізуге жауапты мүшесінің аты-жөні мен тегін, оның қолын, не оның міндетін атқарушы адамның деректерін, сондай-ақ Есеп комитетінің мөрін;

10) бастапқыда белгіленген бақылау мерзімі асып кеткен жағдайда, күнін көрсете отырып, бақылау мерзімінің ұзартылғаны туралы мәліметтерді қамтиды.

Есеп комитетінің сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды жүргізу қағидасына 11-1-қосымша
нысан

Ескерту. 11-1-қосымшамен толықтырылды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасының 14.08.2014 № 3-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (

алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.

## Алдын ала зерделеу жүргізуге тапсырма

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 141-бабына және Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 20__ жылғы __-тоқсанға арналған жұмыс жоспарына сәйкес, ______________

_____________________________________________________________

(алдын ала зерделеу жүргізу тапсырылған Есеп комитеті қызметкер(лер)інің А.Ә.Т. мен лауазымы көрсетіледі)

_____________________________________________________________

(бақылау объектісінің ұйымдық-құқықтық нысаны, толық атауы,

_____________________________________________________________

оның орналасқан жері, БСН, ЖСН, басшысының А.Ә.Т. көрсетіледі)

____________________________ алдын ала зерделеу тапсырылады.

(алдын ала зерделеу мәні көрсетіледі)

Алдын ала зерделеу мақсаты _____________________________________

Алдын ала зерделеу кезеңі _____________________________________

Алдын ала зерделеу мерзімі ______________________________ аралығы

Есеп комитетінің мүшесі _________________________________________

(қолы, аты-жөні, тегі)

Ескертпе: Алдын ала зерделеу жүргізуге тапсырма (бұдан әрі – Тапсырма) жасау.

Тапсырма мынадай деректерді:

1) нөмірі мен берілген күнін;

2) алдын ала зерделеу жүргізудің құқықтық негіздерін;

3) алдын ала зерделеу жүргізу тапсырылған Есеп комитеті қызметкер(лер)інің атын, әкесінің атын (болған жағдайда), тегін және лауазымын;

4) бақылау объектісінің ұйымдық-құқықтық нысанын (оның филиалдары мен өкілдіктерін қоса алғанда), толық атауын, орналасқан жерін, бизнес-сәйкестендіру нөмірін (бұдан әрі – БСН), жеке сәйкестендіру нөмірін (бұдан әрі – ЖСН), басшысының атын, әкесінің атын (болған жағдайда), тегін;

5) алдын ала зерделеу мақсатын;

6) алдын ала зерделеумен қамтылатын кезеңді;

7) бақылау объектісінде алдын ала зерделеу жүргізудің жоспарланып отырған мерзімдерін;

8) Есеп комитетінің алдын ала зерделеу жүргізуге жауапты мүшесінің аты-жөні мен тегін, оның қолын, не оның міндетін атқарушы адамның деректерін, сондай-ақ Есеп комитетінің мөрін қамтиды.

Есеп комитетінің сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды жүргізу қағидасына 11-2-қосымша
нысан

Ескерту. 11-2-қосымшамен толықтырылды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасының 14.08.2014 № 3-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.

## Қайта тексеру жүргізуге тапсырма

Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 7 сәуірдегі № 788 Жарлығымен бекітілген Мемлекеттік қаржылық бақылау стандарттарының 89-тармағына, Есеп комитетінің 2013 жылғы 16 сәуірдегі № 3-НП нормативтік қаулысымен бекітілген Сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды жүргізу қағидасының 218-7-тармағына сәйкес және Есеп комитеті Төрағасының 20__ жылғы «___»_________ №_______ шешімімен

_______________________________________________________________

(қайта тексеруді жүргізу тапсырылған Есеп комитеті қызметкер(лер)інің А.Ә.Т. мен лауазымы көрсетіледі)

_______________________________________________________________

(бақылау объектісінің ұйымдық-құқықтық нысаны, толық атауы, оның орналасқан

_______________________________________________________________

жері, БСН, ЖСН, басшысының А.Ә.Т. көрсетіледі) ____________________________ мәселесі бойынша қайта тексеру жүргізу (қайта тексеру мәні көрсетіледі) тапсырылады.

Қайта тексеру мақсаты ______________________________________________

Қайта тексерумен қамтылатын кезең __________________________________

Қайта тексеру жүргізу мерзімі________________________________аралығы

Есеп комитетінің Төрағасы ________________________________________
(қолы, аты-жөні, тегі)

Ескертпе: Қайта тексеру жүргізуге тапсырма (бұдан әрі – Тапсырма) жасау.

Тапсырма мынадай деректерді:

1) нөмірі мен берілген күнін;

2) қайта тексеруді жүргізудің құқықтық негіздерін;

3) қайта тексеруді жүргізу тапсырылған Есеп комитеті қызметкері(лер)інің атын, әкесінің атын (болған жағдайда), тегін және лауазымын;

4) бақылау объектісінің ұйымдық-құқықтық нысанын (оның филиалдары мен өкілдіктерін қоса алғанда), толық атауын, орналасқан жерін, бизнес-сәйкестендіру нөмірін (БСН), жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН), басшысының атын, әкесінің атын (болған жағдайда), тегін;

5) қайта тексерудің мақсаты мен мәнін (Қайта тексерудің жоспары мен бағдарламасына сәйкес келеді);

6) бақылау объектісінде қайта тексеруді жүргізудің жоспарланып отырған мерзімдерін (Қайта тексеру жүргізудің бағдарламасына сәйкес келеді);

7) қайта тексерумен қамтылатын кезеңді (Қайта тексеруді жүргізу бағдарламасына сәйкес келеді);

8) Есеп комитеті Төрағасының аты-жөні мен тегін, оның қолын, сондай-ақ Есеп комитетінің мөрін қамтиды.

Есеп комитетінің сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды жүргізу қағидасына 11-3-қосымша
нысан

Ескерту. 11-3-қосымшамен толықтырылды - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

## Постбақылау жүргізуге тапсырма

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 141-бабының 22) тармақшасына, Есеп комитетінің 2013 жылғы 16 сәуірдегі № 3-НП нормативтік қаулысымен бекітілген Сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды жүргізу қағидасының 234-тармағына сәйкес және Есеп комитеті

Төрағасының 20__ жылғы «___»_________ №___ шешімімен ___________________________________________________________________

(постбақылау жүргізу тапсырылған Есеп комитеті қызметкер(лер)інің А.Ә.Т. мен лауазымы көрсетіледі) ___________________________________________________________________

(бақылау объектісінің ұйымдық-құқықтық нысаны, толық атауы, оның орналасқан ___________________________________________________________________

жері, БСН, ЖСН, басшысының А.Ә.Т. көрсетіледі) ______________________________ мәселесі бойынша постбақылау жүргізу (постбақылау мәні көрсетіледі) тапсырылады.

Постбақылау мақсаты _____________________

Постбақылаумен қамтылатын кезең ___________

Постбақылау жүргізу мерзімі______________________________аралығы

Есеп комитетінің мүшесі ____________________________

(қолы, аты-жөні, тегі)

Ескертпе: Постбақылау жүргізуге тапсырма (бұдан әрі – Тапсырма) жасау.

Тапсырма мынадай деректерді:

1) нөмірі мен берілген күнін;

2) постбақылау жүргізудің құқықтық негіздерін;

3) постбақылау жүргізу тапсырылған Есеп комитеті қызметкер(лер)інің атын, әкесінің атын (болған жағдайда), тегін және лауазымын;

4) постбақылау объектісінің ұйымдық-құқықтық нысанын (оның филиалдары мен өкілдіктерін қоса алғанда), толық атауын, орналасқан жерін, бизнес-сәйкестендіру нөмірін (БСН), жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН), басшысының атын, әкесінің атын (болған жағдайда), тегін;

5) постбақылаудың мақсаты мен мәнін (Постбақылау жоспары мен бағдарламасына сәйкес келеді);

6) бақылау объектісінде постбақылау жүргізудің жоспарланып отырған мерзімдерін (Постбақылау бағдарламасына сәйкес келеді);

7) постбақылаумен қамтылатын кезеңді (Постбақылау бағдарламасына сәйкес келеді);

8) Есеп комитетінің постбақылау жүргізуге жауапты мүшесінің аты-жөні мен тегін, оның қолын, не оның міндетін атқарушы адамның деректерін , сондай-ақ Есеп комитетінің мөрін қамтиды.

Есеп комитетінің сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылау жүргізу қағидасына
12-қосымша

Ескерту. 12-қосымша алынып тасталды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасының 14.08.2014 № 3-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Есеп комитетінің сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды жүргізу қағидасына
13-қосымша
нысан

Ескерту. 13-қосымша жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

күні, айы, жылы
Бақылау объектісінің басшысы (Министрліктің, агенттіктің жауапты хатшысы) ____________________________
(аты-жөні, тегі)

**Бақылау объектісі басшысының (келісімімен бақылау жүзеге асырылып жатқан лауазымды адамның) міндеттерін атқару жөніндегі талап**

1. Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің (бұдан әрі – Бюджет кодексі) 146-бабының 2-тармағына сәйкес, бақылау объектісінің басшысы:

1) мемлекеттік қаржылық бақылау органының қызметкерлерін жұмыс орындарымен қамтамасыз етуге;

2) мемлекеттік қаржылық бақылау органының қызметкерлерін бақылауды жүзеге асыру үшін сұратылып отырған барлық қажетті ақпаратпен __________ (басшысының ______________________________________________________ немесе бас бухгалтерінің қолы қойылған қажетті құжаттар мен ақпараттың тізбесі көрсетіледі) ____________________ дейін қамтамасыз етуге; (күні көрсетіледі)

3) мемлекеттік қаржылық бақылау органы қызметкерлерінің ақпараттық және есептік жүйелерге, соның ішінде ЭҚАБЖ-ға кіруін қамтамасыз етуге;

4) мемлекеттік қаржылық бақылау органы қызметкерлерінің іс-әрекеттеріне араласпауға, бақылауды жүргізуге кедергі келтірмеуге және оның ауқымын шектемеуге;

5) бақылау актісін жүргізілген бақылау нәтижелерімен танысуға берген күннен бастап, үш күн мерзімде белгіленген тәртіппен бақылау актісіне қол қоюға міндетті. Нәтижелермен келіспеген жағдайда, бақылау актісіне қарсылықтың болғаны туралы ескертпемен қол қойылады. Қарсылықтар бақылау актісіне қоса беріледі немесе бақылау актісі танысуға алынған күннен бастап, күнтізбелік он күн ішінде ұсынылады.

2. Бюджет кодексінің 149-бабы 2-тармағының негізінде мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының лауазымды адамдарына олардың өз құзыреттеріне сәйкес қызметтік міндеттерін орындауда бақылау жүргізуге жіберуден бас тарту, қажетті құжаттарды, материалдарды, қызмет туралы ақпаратты және өзге де мәліметтерді беруден бас тарту, анық емес ақпарат беру түріндегі кедергі келтіру, бақылауды жүзеге асыруға өзге де кедергі жасау әкімшілік жауаптылыққа әкеп соқтырады.

Есеп комитетінің қызметкері ___________________________________

(лауазымы, аты-жөні, тегі, қолы)

Ескертпе: Талаптың бірінші данасы бақылау актісінің бланкісінде ресімделеді.

Есеп комитетінің
сыртқы мемлекеттік қаржылық
бақылау жүргізу қағидасына
14-қосымша

нысан

## Бақылау объектісіне жіберуден бас тарту фактісі бойынша АКТ

______қаласы 20__жылғы «__» _________

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 141-бабына және Есеп комитетінің 20__жылғы___тоқсанға арналған жұмыс жоспарының ___-тармағына сәйкес ___________________________________________________

(тексерілетін органның, мекеменің, ұйымның атауы)

_________________________________ бақылау іс-шаралары жүргізіледі.

(бақылау іс-шарасының атауы)
Тексерілетін объектінің лауазымды адамы ______________________________

_____________________________________________________________________________

(лауазымы, аты-жөні және тегі)
оларға бақылау жүргізуге Тапсырманың көрсетілгеніне қарамастан, тексерілетін объектіге ______________________________________________
(тексерілетін органның, мекеменің, ұйымның атауы)

_____________________________________________________________________________

(Есеп комитеті қызметкерінің лауазымы, аты-жөні және тегі)
жіберуден бас тартты.

Бұл Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 146-бабының 2-тармағын және 149-бабының 2-тармағын бұзу болып табылады және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымды адамдардың жауапты болуына әкеп соғады.

Осы акт екі данада жасалды, оның бірі___________________________
(органның немесе ұйымның атауы)
басшысы (лауазымды адамы)________________________________ тапсырылды.
(лауазымы, аты-жөні және тегі)

Қолдары:

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті атынан ____________________________________________________
(лауазымы, аты-жөні және тегі, қолы)
Актінің бір данасын алдым ___________________________________________
(лауазымы, аты-жөні және тегі, қолы, қол қоюдан бас тарқан кезде – алудан бас тартты деп көрсетіледі)

Есеп комитетінің сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылау жүргізу қағидасына
15-қосымша

Ескерту. 15-қосымша алынып тасталды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасының 14.08.2014 № 3-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Есеп комитетінің сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды жүргізу қағидасына
16-қосымша
нысан

Ескерту. 16-қосымша жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (

алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

## Бақылау бағдарламасының орындалуы барысы туралы бақылау тобы жетекшісінің жиынтық апта сайынғы есебі
## (жұмыс жоспарының орындалу барысы туралы бақылаушының апта сайынғы есебі)

Бақылау іс-шарасы:«________________________________________________»
Жалпы жүргізу мерзімі: басталған және аяқталған күні

| Бақылаушының (сектор меңгерушісінің А.Ә.Т.) | Бақылау объектісінің атауы | Бақылау мерзімі | | Есепті күнге анықталғаны (жинақтау, яғни бақылау бас аяқталғанға дейін) | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | басталуы | аяқталуы | проблемалық мәселелер және олардың қысқаша сипаттамасы | қаржылық бұзушылықтар (мың теңге) | өзге де бұзушылықтар, соның ішінде рәсімдік | НҚА-ның бұзылған ережелеріне сілтеме жасай отырып, бұзушылықтар сомасы бөлінісінде бұзушылық түрінің қысқаша сипаттамасы | Есі сон алд есе көр бұз м е кем фан жо жан нег көр |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| | | | | | | | | |

Бақылау тобы жетекшісінің (бақылаушының) аты-жөні және тегі __________ (қолы)

Есеп комитетінің сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылау жүргізу қағидасына 17-қосымша

Ескерту. 17-қосымша алынып тасталды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасының 14.08.2014 № 3-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Есеп комитетінің сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылау жүргізу қағидасына 18-қосымша

нысан

Бақылау актісінің бланкісі

| | |
|---|---|
| РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БЮДЖЕТТІҢ АТҚАРЫЛУЫН БАҚЫЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕП КОМИТЕТІ | СЧЕТНЫЙ КОМИТЕТ ПО КОНТРОЛЮ ЗА ИСПОЛНЕНИЕМ РЕСПУБЛИКАНСКОГО БЮДЖЕТА |
| 20__ жылғы «__»________ | «__»_______ 20__ года |

Есеп комитеті
1 (2) дана

Ескертпе: бақылау актісі бланкісінің сипаттамасы

1. Бақылау актісінің бірінші парағы А4 форматындағы қатаң есептілік бланкісінде ресімделеді.

2. Есеп комитетінің ресми атауы мемлекеттік және орыс тілдерінде көк түспен көрсетіледі. Деректеме бланкінің жоғары жағында, Есеп комитеті логотипінің түрлі-түсті бейнесінің жоғарғы нүктесі мен ортасының аралығындағы деңгейде орналасады. Осы деректеме ортаға орнату тәсілімен

бейнеленеді.

3. Бланкінің төменгі оң жағында оның реттік нөмірі көрсетіледі.

4. Бақылау актісін ресімдеген кезде бланкінің сол жағында, парақтың тігінен алғанда ортасында «Көшірме жасауға тыйым салынады. Снятие копий запрещается» деген сөздер орналастырылады.

5. Бақылау актісінің қалған парақтары су белгісі түрінде орындалған «Есеп комитеті» «1(2) дана» деген сөздермен парақтың диагоналі бойынша А4 форматындағы парақтарда толтырылады.

Есеп комитетінің
сыртқы мемлекеттік қаржылық
бақылауды жүргізу қағидасына
19-қосымша
нысан

Ескерту. 19-қосымша жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

**Бақылау актісі**

__________________ 20___жылғы «____» ___________
(жасалған орны)
№_______
Бақылау объектісінің атауы __________________________________________
Бақылау үлгісі _______________________________________________________
Бақылау түрі _________________________________________________________
Бақылау жүргізуге тапсырма __________________________________________
Бақылауды ___________________________________________________ жүргізді
Бақылау мақсаты ______________________________________________________
Бақылау мәні _________________________________________________________
Бақылаумен қамтылған кезең ___________________________________________
Бақылау жүргізу мерзімі______________ _________________________ аралығы
Бақылау объектісінің лауазымды адамдары ______________________________
Алдыңғы бақылаудың нәтижелері ________________________________________
Жүргізіліп отырған бақылау нәтижелері туралы мәліметтер _____________
Бақылау жүргізудегі кедергілер ______________________________________
Бақылау барысында қабылданған шаралар ________________________________
Қосымшалар:

Есеп комитетінің қызметкер(лер)і:

_____________________ _____________________________

(лауазымы) (қолы, аты-жөні, тегі)

Мемлекеттік органдардың мамандары, сарапшылар

_____________________ _____________________________

(лауазымы) (қолы, аты-жөні, тегі)

Бақылау объектісінің лауазымды адамдары:

_____________________ _____________________________

(лауазымы) (қолы, аты-жөні, тегі)

_____________________ _____________________________

(лауазымы) (қолы, аты-жөні, тегі)

Бақылау актісі екі (үш) данада жасалды:

___________________________________________________________

Ескертпе: бақылау актісін жасау.

Бақылау актісінің жоғары бөлігінде оның жасалған орны (қаланың, басқа да елді мекеннің (ауыл, кент және тағы басқаларының) атауы), бақылау актісінің жасалған күні, бақылау актісі данасының нөмірі көрсетіледі (№ 1 дана – Есеп комитеті үшін, № 2 дана – бақылау объектісі үшін жасалады. Бірлескен бақылау кезінде № 1 дана – Есеп комитеті үшін, № 2 дана – бірлескен бақылауға қатысушы мемлекеттік орган үшін, № 3 дана – бақылау объектісі үшін жасалады).

Бақылау актісінде мынадай деректер көрсетіледі:

1. Бақылау объектісі.

Бақылау объектісінің толық атауы, мемлекеттік тіркеу туралы деректері, банктік және салықтық деректемелері, БСН (ЖСН) көрсетіледі.

2. Бақылау үлгісі.

Бақылау бағдарламасына сәйкес, бақылау үлгісі (сәйкестікке бақылау жасау, қаржылық есептілікті, тиімділікті бақылау) көрсетіледі.

3. Бақылау түрі.

Бақылау бағдарламасына сәйкес, бақылау түрі (кешенді, тақырыптық, үстеме, бірлескен, қосарлас) көрсетіледі.

4. Бақылау жүргізуге тапсырма.

Тапсырманың күні мен нөмірі, Тапсырмаға қол қойған лауазымды адамның аты-жөні, тегі, лауазымы көрсетіледі.

5. Бақылауды жүргізді.

Бақылауды жүргізген Есеп комитеті қызметкерінің, бақылау жүргізуге тартылған мемлекеттік органдар, аудиторлық ұйымдар мамандарының және сарапшылардың аты-жөні, тегі, лауазымы көрсетіледі.

6. Бақылау мақсаты.

Бақылау бағдарламасына сәйкес, бақылау мақсаты көрсетіледі.

7. Бақылау мәні.

Бақылау бағдарламасына сәйкес, бақылау мәні көрсетіледі.

8. Бақылаумен қамтылған кезең.

Бақылау объектісі қызметінің тексерілген кезеңі көрсетіледі (Бақылау бағдарламасына сәйкес келеді).

9. Бақылау жүргізу мерзімі.

Осы бақылау объектісінде бақылау жүргізудің басталған және аяқталған күні көрсетіледі (Бақылау бағдарламасына сәйкес келеді).

10. Бақылау объектісінің лауазымды адамдары.

Бақылау объектісінің келісімімен бақылау жүзеге асырылған лауазымды адамдарының аты-жөні, тегі, сондай-ақ бақылау объектісінің бақылаумен қамтылған кезеңде жұмыс істеген және құжаттарға қол қою құқығы болған лауазымды адамдарының аты-жөні, тегі көрсетіледі.

11. Алдыңғы бақылау нәтижелері.

Басқа мемлекеттік қаржылық бақылау органдары мен құқық қорғау органдарының бұрын қамтыған, тек тексеру мәні Есеп комитеті жүргізген бақылау мәнімен сәйкес келетін мәселелер бойынша қысқаша мәліметтер, бақылау объектісінің анықталған бұзушылықтарды жою жөнінде қабылдаған шаралары көрсетіледі. Есеп комитетінің бақылауда тұрған Қаулылары (Ұсынымдары) бойынша орындалу мерзімі өткен тапсырмалық тармақтар бойынша шаралар көрсетіледі.

12. Жүргізіліп отырған бақылау нәтижелері туралы мәліметтер.

Бақылау актісінің осы бөлімінде жүргізілген бақылаудың нәтижелері туралы бақылау мақсатына қол жеткізілгенін растауға жеткілікті мәліметтер көрсетіледі. Бақылау бағдарламасының сұрақтарына жауаптар тіркеледі, бұл ретте Бақылау бағдарламасының әрбір мәселесінің атауы көрсетіледі.

Бақылау бағдарламасының сұрақтарына жауаптар толық, дәл, объективті және қысқаша жазылады.

Бақылау актісіне қосымшаларда егжей-тегжейлі ақпарат көрсетіле отырып, тексерілетін мәселелер бойынша бақылау объектісі қызметінің нәтижелері бақылау актісінде жинақталған түрде тіркеледі.

Бақылау актісінде жүргізілген үстеме бақылаудың, бақылау өлшемдерінің (тексеріп қараулардың) нәтижелері көрсетіледі, сондай-ақ бұзушылық фактілері, соның ішінде бақылау объектісі болып табылмайтын басқа да мемлекеттік органдардың бөлінетін бюджеттік бағдарлама қаражатын пайдалану кезінде жасағандары баяндалады.

Бақылау мәселелері бойынша бұзушылықтар анықталған жағдайда,

бұзушылықтың әрбір фактісі жалғаспалы тәртіппен нөмірленеді және ережелері бұзылған нормативтік құқықтық актілердің және құқықтық актілердің баптарына, тармақтарына және тармақшаларына сілтеме жасала отырып, бұзушылықтың сипаттамасы мен түрін сипаттау арқылы жеке тармақта (1-тармақ, 2-тармақ және тағы басқа) тіркеледі және тиісті бұзушылыққа дәлел болатын құжаттар көрсетіледі.

Егер, талдамалық сипаттағы мәселелерді қоспағанда, Бақылау бағдарламасы мәселесі бойынша бұзушылықтар анықталмаса, қысқаша ақпарат беріледі және «Бағдарлама мәселесі (атауы) тексерілді. Бұзушылықтар анықталмады.» деген жазба жасалады. Бақылау актісіне тексеру жүргізілген құжаттардың деректемелері көрсетіле отырып, олардың тізбесі қоса беріледі.

Бақылауды жүзеге асыратын қызметкерлер жүргізілетін бақылаудың мәніне қарай бақылау актісіне қосымшалар ретінде ресімделетін мынадай кестелерді толтырады:

1) 1-кесте. Әкімшілердің бақылаумен қамтылған бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) орындауы туралы ақпарат;

2) 2-кесте. Құрылыс жұмыстарының орындалған (қабылданған) көлемі және құрылыс объектілерін пайдалануға берудің уақтылылығы туралы ақпарат;

3) 3-кесте. ____ жылы объектілерді салу және реконструкциялау құнының қымбаттағаны туралы мәлімет (қымбаттаған жағдайда);

4) 4-кесте. Квазимемлекеттік сектор субъектілеріне жарғылық капиталын толықтыруға бөлінген бюджет қаражатының пайдаланылуы туралы мәлімет.

Бақылауды жүзеге асырып жатқан қызметкерлер бақылау актісіне қосымша болып табылатын өзге де қажетті кестелер жасауы мүмкін. Бақылау актісінде көрсетілген қосымшаларға сілтеме жасау міндетті.

13. Бақылау жүргізудегі кедергілер.

Бақылау объектісі лауазымды адамдарының Есеп комитеті қызметкерлерінің бақылау жүргізуіне кедергі келтіру фактілері туралы мәліметтер көрсетіледі.

Есеп комитетінің қызметкері әкімшілік құқық бұзушылықтың жасалғаны туралы хаттама жасаған жағдайда, оның нөмірі және күні көрсетіледі (хаттама бақылау объектісінің лауазымды адамдары бақылау объектісіне жіберуден бас тартқан кезде, бақылау жүргізу үшін қажетті құжаттарды ұсынбаған немесе анық емес, объективті емес және (немесе) толық емес ақпаратты, материалдарды және өзге де мәліметтерді ұсынған кезде, бақылау актісіне қол қоюдан бас тартқан немесе қол қойылған

бақылау актісін бермеген кезде жасалады).

14. Бақылау барысында қабылданған шаралар.

Бақылау барысында анықталған бұзушылықтарды жою жөнінде бақылау объектісінің қабылдаған шаралары туралы мәліметтер көрсетіледі (салықтарды, айыппұлдарды, өсімпұлдарды қосымша есептеу, негізсіз пайдаланылған қаражатты бюджетке өтеу, бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік бойынша қаражатты қалпына келтіру, тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер бойынша өнім берушілердің шарттық міндеттемелерін орындауы, бақылау объектісінің лауазымды адамдарына қатысты қабылданған тәртіптік жазалау шаралары және басқалар).

15. Қосымшалар:

1) бақылау объектісі басшысының міндеттерін атқару жөніндегі талап;

2) бақылаудың нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің тізілімі (міндетті түрде);

3) құжаттардың түпнұсқалары немесе тиісті түрде расталған көшірмелері, анықтамалар, кестелер, бұзушылық фактілерін бейнелейтін фотосуреттер;

4) функционалдық және лауазымдық міндеттерін негізге ала отырып, жол берілген бұзушылықтарға қатысы бар адамдардың жазбаша түсініктемелері (қажет болғанда);

5) бақылау өлшемдері мен тексеріп караулардың актілері (олар жасалған жағдайда);

6) зерттеулердің (сынақтардың және тағы басқаларының), сараптамалардың қорытындылары, хаттамалардың көшірмелері, бақылау нәтижелеріне байланысты басқа да құжаттар немесе олардың көшірмелері (олар жасалған жағдайда);

7) мемлекеттік органдар мамандарының, сарапшылардың (тартылған жағдайда) сараптамалық қорытындылары;

8) мемлекеттік қызметтерді алушылардың қанағаттануы тұрғысынан халық арасында сауалнама жүргізу нәтижелері (қажет болғанда);

9) ақы төлеу фактісін растайтын құжаттар (бақылау барысында қаражат өтелген (қалпына келтірілген) жағдайда):

төлем тапсырмалары (төлеуге арналған шоттар, түбіртектер, чектер және (немесе) басқалары);

ведомостар, ордерлер, нарядтар;

10) бақылау актісінің танысуға және қол қоюға жіберілген күнін растайтын құжат (көшірмесі) (актінің танысуға және қол қоюға қабылданғаны туралы бақылау объектісінің мөртабаны болмаған жағдайда).

16. Бақылауды жүргізген Есеп комитеті қызметкерлерінің (бақылау жүргізуге тартылған мемлекеттік органдар мамандарының, сарапшылардың) және бақылау объектілерінің лауазымды адамдарының қолдары.

Бақылау актісінің соңғы бетінде адресатты және бланк нөмірін көрсете отырып, бақылау актісінің екі (үш) данада (бақылау актісінің № 1 данасы – Есеп комитетіне, бақылау актісі бланкісінің №__; № 2 дана – бақылау объектісіне, бланк № __) жасалғаны туралы жазба жасалады.

Бақылауды жүргізген бақылаушылар және бақылау объектісінің лауазымды адамдары екінші парағынан бастап, бақылау актісінің барлық беттеріне қол қояды.

Бақылау объектісінде бірыңғай топ бірлескен бақылау жүргізген кезде бақылау актісі Есеп комитетінің бланкісінде үш данада ресімделеді, оның бірінші данасы – Есеп комитетіне, екінші данасы – бірлескен бақылауға қатысушы мемлекеттік органға, үшінші данасы – бақылау объектісіне беріледі.

20___ жылғы «____» _________

Бақылау актісіне №__ қосымша

1-кесте. Әкімшілердің бақылаумен қамтылған бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) орындауы туралы ақпарат

(мың теңге)

| Р/с № | Бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) атауы | Жыл басына қаржыландыру жоспарының бекітілген сомасы | Жыл соңына қаржыландыру жоспарының түзетілген (нақтыланған) сомасы | Жыл қорытындысы бойынша төленген міндеттемелер (кассалық шығыстар) | Түзетілген (нақтыланған) сома мен төленген міндеттемелер арасындағы ауытқу, қаражаттың игерілмеу себептері көрсетіледі | Жыл қорытындысы бойынша іс жүзіндегі шығыстар | Төленген міндеттемел (кассалық шығыстард жыл қорытынды бойынша жүзінде жүргізілге шығыстард ауытқу себе |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| | Бюджеттік бағдарлама | | | | | | |
| | Кіші бағдарлама | | | | | | |
| | Барлығы | | | | | | |

Ескертпе:

3-баған – жыл басына бюджеттік бағдарламалар (кіші

бағдарламалар) бөлінісінде қаржыландыру жоспарында көзделген қаражат;
5-баған – жыл соңына бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бөлінісінде қаржыландыру жоспарында көзделген қаражат;
6-баған – баланс деректері (№ 2 нысан);
7-баған – баланс деректері (№ 2 нысан).

20___ жылғы «____» _________
Бақылау актісіне №__ қосымша

2-кесте. Құрылыс жұмыстарының көлемін орындау және құрылыс объектілерін пайдалануға берудің уақтылылығы туралы ақпарат

| Р/с № | Бюджеттік бағдарламаның / объектінің атауы | Мемлекеттік сараптама қорытындысы бойынша құрылыстың сметалық құны (мың теңге) | Іске асыру кезеңі | | Құрылыстың шарттық құны (мың теңге) | Құрылыстың бас кезінен бастап, орындалған ( қабылданған ) жұмыстар көлемі (мың теңге) | Шартқа сай объектіні пайдалануға берудің жоспарланған мерзімі | Объектіні пайдалануға берудің іс жүзіндегі мерзімі | [illegible] |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | құрылыстың нормативтік ұзақтығы | шарт бойынша | | | | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 1 |
| 1. | | | | | | | | | |
| 2. | | | | | | | | | |
| … | | | | | | | | | |

Ескертпе:
1-баған – реттік нөмірі;
2-баған – шегінде объектінің құрылысын қаржыландыру жүргізілетін бюджеттік бағдарламаның атауы;
3-баған – Мемлекеттік сараптаманың қорытындысы бойынша құрылыстың сметалық құны;
4-баған – Мемлекеттік сараптаманың қорытындысы бойынша құрылысты іске асырудың нормативтік мерзімі;
5-баған – жасалған шарт талаптары бойынша құрылыстың көзделген кезеңі;
6-баған – шарт талаптары бойынша объект құрылысының көзделген құны;
7-баған – құрылыстың бас кезінен бастап, қабылданған актілерге сай іс жүзінде орындалған құрылыс жұмыстарының құны;
8-баған – мердігердің қабылдаған міндеттемелерінің талаптары

бойынша объектіні тапсыруды аяқтаудың көзделген мерзімі;
9-баған – Мемлекеттік қабылдау комиссиясының актісіне сай, объектіні пайдалануға қабылдау мерзімі;
10-баған – құрылыс объектісі пайдалануға уақтылы тапсырылмаған жағдайда, себептері.
20___ жылғы «____» _________
Бақылау актісіне №__ қосымша
3-кесте. ___ жылы құрылыс объектілерін салу және реконструкциялау құнының қымбаттағаны туралы мәліметтер

| Р/с № | Бюджеттік бағдарламаның атауы | Объектінің атауы, қымбаттауды мақұлдаған бюджет комиссиясы шешімдерінің нөмірі және күні | Мемлекеттік сараптаманың қорытындысы бойынша объектінің бастапқы құны ( мың теңге) | Түзетуден кейінгі құрылыс құны ( мың теңге) | Қымбаттау ( мың теңге) | Себе |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1. | | | | | | |
| 2. | | | | | | |
| … | | | | | | |

Ескертпе:
1-баған – реттік нөмірі;
2-баған – шегінде объектіні салу немесе реконструкциялау құнының қымбаттауына қаржыландыру жүргізілетін бюджеттік бағдарламаның атауы;
4-баған – Мемлекеттік сараптаманың қорытындысы бойынша объектіні салудың немесе реконструкциялаудың бастапқы құны;
5-баған – объектіні салу немесе реконструкциялаудың жобаны түзеткеннен кейінгі (қымбаттау) құны;
6-баған – қымбаттау (түзету) құны;
7-баған – объектіні салудың және реконструкциялаудың қымбаттауына әсер еткен себептер.
20___ жылғы «____» _________
Бақылау актісіне №__ қосымша
4-кесте. Квазимемлекеттік сектор субъектілеріне жарғылық капиталын толықтыруға бөлінген бюджет қаражатының пайдаланылуы туралы мәліметтер

| Р/с № | Бюджеттік инвестициялардың қаржы-экономикалық негіздемесі | Бюджет қаражаты қандай мақсатқа бөлінді | Жарғылық капиталдың көзделген қаражатының жоспарлы мақсаты | | Жарғылық капиталдың бөлінген қаражатының іс жүзінде пайдалануы | | Жарғылық капиталына мемлекеттің қат арқылы бюдже инвестициялард қол жеткіз нәтижелері |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | іс-шаралар | сомасы (мың теңге) | іс-шаралар | сомасы (мың теңге) | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| 1. | | | | | | | |
| ... | | | | | | | |

Ескертпе:

2-баған – заңды тұлғалардың жарғылық капиталына бюджет қаражатын салудың негізділігі, орындылығы және оның нәтижесін бағалау;

3-баған – заңды тұлғаның жарғылық капиталын бюджет қаражаты есебінен ұлғайтуға оның қызметін дамыту немесе кеңейту мақсатында жол беріледі;

4-баған – қаражатты қандай іс-шараларға пайдалану жоспарланған;

5-баған – жоспарланған қаражат сомасы;

6-баған – қаражат іс жүзінде қандай іс-шараларға пайдаланылды;

7-баған – іс жүзіндегі шығыстар сомасы;

8-баған – қаржы-экономикалық негіздемеде көзделген мақсаттарға қол жеткізілді ме, бөлінген бюджет қаражатын басқа мақсатқа жұмсау фактілері бар ма.

9) қажет болған жағдайда, бақылау объектісінің және басқа мүдделі адамдардың мекенжайына оларға қатысты бөлігінде анықталған бұзушылықтарды және жұмыстағы кемшіліктерді жою үшін ұсыным жіберу туралы Есеп комитетінің бақылауға жауапты мүшесіне тапсырманы;

10) Қаулының (Ұсынымның) орындалуы туралы ақпаратты белгіленген мерзімде немесе егер мерзімі көрсетілмесе, оларды алған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде бақылау органдарына ұсыну туралы талапты;

11) Қаулыны орындаудың міндеттілігі туралы талапты;

12) Қаулының орындалуын бақылау жүктелген Есеп комитетінің лауазымды адамының лауазымын, аты-жөнін және тегін қамтиды.

Қаулы Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Қаулыға арналған бланкісінде ресімделеді.

Есеп комитетінің
сыртқы мемлекеттік қаржылық
бақылау жүргізу қағидасына
26-қосымша

нысан

**Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің ҰСЫНЫМЫ**

________________________________ "___"________ 20__ ж.

(органның орналасқан жері)

Ұсынымның тақырыбы

Айқындаушы бөлік __________________________________________________

Қаулы шығарушы бөлік ______________________________________________

Есеп комитетінің мүшесі ___________________________

(қолы, аты-жөні, тегі)

Ескертпе: Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің ұсынымын (бұдан әрі – Ұсыным) жасау.

Ұсыным жүргізілген бақылаудың нәтижелерінде уәкілетті мемлекеттік органдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің тарапынан бақылау мәні бойынша кемшіліктер болмаған, алайда оларға ведомстволық бағынысты ұйымдар бюджет заңнамасына сәйкес міндетті түрде қалпына келтіруге (өтеуге) тиісті сомалар анықталған жағдайда жіберіледі.

Ұсыным айқындаушы және қаулы шығарушы бөліктерден тұрады:
1. Айқындаушы бөлікте анықталған бұзушылықтардың қысқаша сипаттамасы беріледі.
2. Қаулы шығарушы бөлікте анықталған бұзушылықтар мен жұмыстағы кемшіліктердің жойылғаны және ұсынудың атқарылғаны туралы ақпаратты Есеп комитетіне белгіленген мерзімде ұсыну туралы талап көрсетіледі.
Ұсыным бақылау объектісіне (басқа мүдделі адамдарға):
1) негізсіз пайдаланылған бюджет қаражатын қалпына келтіру не оларды есеп бойынша қалпына келтіру, атаулылық және нысаналы сипат принципін бұза отырып пайдаланылған бюджет қаражатын, оның ішінде мақсаты бойынша пайдаланылмаған нысаналы трансферттер мен бюджеттік кредиттердің сомаларын қайтару, заңсыз іс-әрекеттер нәтижесінде мемлекетке келтірілген залалдың орнын толтыру туралы;
2) бұзушылық фактілері анықталған жағдайда, өнім берушілердің тауарларды жеткізуін (жұмыстарды орындауын және қызметтерді көрсетуін), басқа да шарттық міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету туралы, сондай-ақ басқа да шараларды қолдану туралы;
3) Ұсынымның орындалуы туралы ақпаратты сыртқы бақылау органына онда белгіленген мерзімде ұсыну туралы талаптарды қамтиды.
Есеп комитетінің бақылау жүргізуге жауапты мүшесі Ұсыным жобасын Есеп комитетінің отырысында талқылау үшін Қаулы жобасымен бірге енгізеді.
Ұсынымға Есеп комитетінің мүшесі қол қояды және бақылау объектісінің ( басқа да мүдделі тұлғалардың) мекенжайына оған (оларға) қатысты бөлігінде жіберіледі.
Ұсыным Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің бланкісінде ресімделеді.

Есеп комитетінің сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды жүргізу қағидасына 27-қосымша

## Бақылау іс-шаралары материалдарының сапасына бақылау жүргізу әдістемесі

Ескерту. 27-қосымшамен толықтырылды - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы Бақылау іс-шаралары материалдарының сапасына бақылау жүргізу әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) бақылау жүргізуге дайындалудан бастап, Есеп комитеті шешімдерінің (қаулыларының (ұсынымдарының)) орындалуын жүзеге асыруға дейінгі сапаны бақылауды жүргізу кезінде бірыңғай тәсілді қамтамасыз ету мақсатында әзірленді және сапаны бақылауды жүргізуге және құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшелердің сапаны бақылауды жүзеге асыру рәсімдеріне қойылатын талаптарды, соның ішінде сараптамалық қорытындылардың мазмұнына қойылатын талаптарды нақтылайды.

2. Бақылау іс-шаралары материалдарының сапасын бақылауды осы Әдістемеге 1-қосымшаға сай белгіленген тәртіппен бекітілген Есеп комитетінің кезекті жоспарлы кезеңге арналған бақылау іс-шараларының жоспарынан (бұдан әрі – Жоспар) іріктеу жолымен қалыптастырылып, Есеп комитетінің Төрағасы бекітетін Сапаны бақылауға жататын бақылау іс-шараларының тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) сай, сапаны бақылауды жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше жүргізеді. Бұл ретте жыл сайын сапаны бақылаумен Есеп комитетінің әрбір мүшесі бойынша кемінде бір бақылау іс-шарасын міндетті түрде бақылаумен қамти отырып, Жоспарда көзделген бақылау іс-шараларының кемінде 50%-ы қамтылуы тиіс.

3. Тізбені қалыптастыруды сапаны бақылауды жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше Жоспарды қалыптастыру кезеңінде бақылау іс-шараларын жүргізу мерзімдерін және жоспарлауға жауапты құрылымдық бөлімше жүргізетін бақылау объектілерінің тәуекелдерін бағалауды ескере отырып, осы Әдістемеге 2-қосымшаға сай критерийлер бойынша есептелген бақылау іс-шаралары тәуекелдерінің жиынтық көрсеткіштерін ранжирлеу жолымен жүзеге асырады.

4. Жоспарлы кезеңге арналған тізбені қалыптастыру үшін жоспарлауға жауапты құрылымдық бөлімше Жоспар бекітілгеннен кейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей, Тәуекелдерді басқарудың үлгі жүйесіне сәйкес, бақылау объектілері бойынша тәуекелдерді бағалау деректерін сапаны бақылауды жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшеге жібереді.

5. Тәуекелдердің жиынтық көрсеткіштерінің мәндері сәйкес келген жағдайда, іріктеу тәуекелдерді бағалаудың әр критерийі бойынша көрсеткіштердің мәндерін салыстыру негізінде жүзеге асырылады. Бұл ретте бақылау объектілері, бюджет қаражаты мен мемлекет активтері бақылаумен ең көп қамтылған бақылау іс-шарасына, сондай-ақ кешенді тексерулерге басымдық беріледі.

6. Бақылау іс-шараларын іріктеу нәтижелері қамтылған тізбені сапаны бақылауды жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше Жылдық жоспар

бекітілгеннен кейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей, Есеп комитетінің Төрағасына бекітуге ұсынады.

7. Бекітілген Тізбе сапаны бақылауды жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшеде сақталады және және жария етуге жатпайды.

8. Тізбеге өзгерістер мен толықтырулар сапаны бақылауды жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшенің бастамасы және Есеп комитеті Төрағасының тапсырмасы бойынша енгізіледі. Жоспарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу, сондай-ақ бақылау іс-шарасы тәуекелін қайта бағалау негіз бола алады.

9. Құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімше Тізбеге қарамастан, осы Әдістемеге 3 және 4-қосымшаларға сай нысан бойынша сараптама нәтижелерін міндетті түрде ресімдей және сапаны бақылауды жүргізуге, бақылау жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшелерге жібере отырып, бақылау іс-шараларының барлық материалдарына заң сараптамасын жүргізеді.

Құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімше заң сараптамасын жүргізген кезде мынадай құжаттарды:

бұзушылықтар тізілімін, бақылау актісін, актіге қоса берілген растайтын құжаттарды – бақылау актісінде бұзушылық ретінде тіркелген бұзушылықтар ( кемшіліктер) тармақтары мазмұнының сәйкестігі, анықталған бұзушылықтар көрсетілген кезде заңнаманың дұрыс қолданылуы, бұзушылықтарды растайтын құжаттардың бар болуы мәніне;

жиынтық тізілімді, қаулы (ұсыным) жобасын – қаулы (ұсыным) жобасына заңдық негізделмеген, расталмаған, әділ емес жазылған тұжырымдар мен ұсынымдардың енгізілуіне жол бермеу мәніне;

бақылау актілерін, растайтын құжаттарды – қажетті құжаттар тізбесінің бар-жоғы, бақылау объектілерінің лауазымды және өзге адамдарының іс-әрекетінде заңнамада көзделген қылмыс белгілерінің анықталуы мәніне зерделейді.

Қажетті растайтын құжаттар мен қылмыс белгілері болмаған жағдайда – құқық қорғау органдарына бақылау материалдарын жіберу мүмкіндігінің жоқ екендігі, сондай-ақ қаулы (ұсыным) жобасында жазылған ұсынымдар мен тапсырмалардың құқықтық негізділігі туралы қорытынды еркін нысанда жасалады.

10. Сапаны бақылау мынадай:

1) бақылау жүргізуге дайындалу сапасын бақылау;

2) бақылау актілерінің сапасын бақылау;

3) бақылау іс-шарасының қорытындысы бойынша қорытындылар мен қаулылар (ұсынымдар) жобаларының сапасын бақылау;

4) Есеп комитеті қаулыларының (ұсынымдарының) орындалу сапасын

бақылау бағыттары бойынша жүзеге асырылады.

11. Осы Әдістеменің 10-тармағында көзделген әрбір бағыт бойынша бақылау іс-шараларының сапасына бақылау жүргізу рәсімі осы Әдістемеге 5-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады, осы Әдістемеге 6 және 7-қосымшаларға сай нысандармен, сапаны бақылаудың қорытындысы және қаулыны (ұсынымды) бақылаудың қорытындысы туралы Есеп комитеті мүшесінің қызметтік жазбасын талдаудың қорытындысы бойынша, тиісінше, сараптамалық қорытындылармен ресімделеді және Есеп комитетінің бақылауға жауапты мүшесіне, бақылау жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшеге жіберіледі. Заң қорытындысында көрсетілген ескертулер сапаны бақылаудың нәтижелері бойынша сараптамалық қорытындыда көрсетіледі.

12. Келіспеушіліктер болған жағдайда, бақылау жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше соңғы сараптамалық қорытынды ұсынылған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей, сапаны бақылауды жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшеге осы Әдістемеге 8-қосымшаға сай нысан бойынша дәлелді қарсылықтарын жібереді.

Көрсетілген мерзім ішінде қарсылықтар келіп түспеген жағдайда, сараптамалық қорытындының тұжырымдары қабылданған болып есептеледі.

13. Сапаны бақылауды жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше әр бақылау іс-шарасының сапасын бақылауды және сараптамалық қорытындыларға қарсылықтарды өңдеуді аяқтағаннан кейін оның барлық кезеңдерінің сапасын бақылаудың нәтижелерін қорыта отырып, осы Әдістемеге 9-қосымшаға сай нысан бойынша жиынтық сараптамалық қорытынды дайындайды, ол Есеп комитетінің бақылауға жауапты мүшесіне, бақылау жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшеге жіберіледі. Жиынтық сараптамалық қорытынды Есеп комитетінің отырысын өткізу үшін дайындалған құжаттарға міндетті түрде қоса тіркеледі.

14. Сараптамалық және заңдық қорытындылар, оларға қатысты қарсылықтар белгіленген тәртіппен міндетті түрде ішкі хат-хабарларда тіркеледі.

15. Есеп комитеті Төрағасының шешімі бойынша бақылау объектісінде қайта тексеру тағайындалуы мүмкін. Сапаны бақылауды жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше және (немесе) аталған бақылауға қатыспаған бақылаушылар Есеп комитетінің сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылау жүргізу қағидасына 8 және 9-қосымшаларға сай нысан негізінде қайта тексеру жүргізудің Жоспарын және Бағдарламасын әзірлейді, оларға сараптамалық қорытындыда ескертулер орын алған мәселелер енгізіледі. Қайта тексеру жүргізу мерзімін Есеп комитетінің Төрағасы айқындайды. Қайта тексеру жүргізу нәтижелері Есеп комитетінің сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылау жүргізу қағидасына (бұдан әрі – Қағида) 19-қосымшаға сай нысан негізінде актімен екі данада ресімделеді

және бақылау объектісіне, сондай-ақ шешім қабылдау үшін тікелей Есеп комитетінің Төрағасына ұсынылады.

## 2. Бақылау жүргізуге дайындалу сапасын бақылау

16. Бақылау жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше бақылауға шыққанға дейін кемінде төрт жұмыс күні бұрын сапаны бақылауды жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшеге Есеп комитетінің бақылауға жауапты мүшесімен алдын ала келісілген мынадай құжаттарды: бақылау объектісін алдын ала зерделеу нәтижелері туралы ақпаратты; Бақылау жүргізу жоспары мен бағдарламасының жобаларын; алдын ала зерделеу (болған жағдайда) нәтижелері бойынша Есеп комитетінің Жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Есеп комитеті мүшесінің қызметтік жазбасын ұсынады.

17. Сапаны бақылау оны жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшеге құжаттардың жіберілген күнін тіркеуден басталады. Егер құжаттар осы Әдістеменің 16-тармағында белгіленген мерзімнен кеш ұсынылған жағдайда, бұл туралы сараптамалық қорытындының «Анықталған бұзушылықтар, сәйкессіздіктер, кемшіліктер жөніндегі негізгі тұжырымдар және оларды жою жөніндегі ұсыныстар» деген бөлімінде тиісті жазба жасалады.

Сапаны бақылау осы Әдістемеге 5-қосымшаға сәйкес әрбір бақылау іс-шарасы бойынша мынадай критерийлер:

1) Бақылау жүргізу жоспары және бағдарламасы жобаларының белгіленген нысандарға сәйкестігі;

2) Бақылау жүргізу бағдарламасы жобасында бағалау критерийлерінің ( тиімділікке бақылау жүргізген жағдайда), бақылау мәселелерінің толық көрсетілуі және олардың белгіленген талаптарға сәйкес келуі;

3) Бақылау жүргізу бағдарламасы жобасында бақылауды нормативтік құқықтық және әдіснамалық қамтамасыз ету тізбесінің дұрыс көрсетілуі бойынша үш жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

18. Бақылау жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше сараптамалық қорытындыны алғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде Бақылау жүргізу жоспарының және бағдарламасының жобаларын сапаны бақылауды жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшенің ескертулері мен ұсыныстарына сәйкес жетілдіреді. Даулы мәселелер жұмыс тәртібімен талқыланады. Егер талқылаудың қорытындысы бойынша тараптар ортақ көзқарасқа келмесе, келіспеушіліктер Есеп комитетінің бақылауға жауапты мүшесінің алдында талқыланады.

## 3. Бақылау актілерінің сапасын бақылау

19. Әрбір объекті бойынша бақылау актілерінің сапасын бақылау қол қойылған акт Есеп комитетіне келіп түскеннен кейін жүзеге асырылады.

20. Бақылау объектісі бақылау актісін қайтармаған және (немесе) оған қол қоймаған жағдайда, сапаны бақылауды жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше бақылау актісіне қол қоюдан бас тартқаны және оның алдыңғы даналарын қайтармағаны туралы тиісті жазбасы бар бақылау актісінің үшінші данасының көшірмесін қарайды.

21. Құжат айналымына жауапты құрылымдық бөлімше Бақылау актілерін есепке алу журналында бақылау актілерін өткізу күнін және өткізуге жауапты қызметкердің қолын міндетті түрде тіркей отырып, оларды сканерлегеннен кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей, сапаны бақылауды жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшеге тіркеу және есепке қою үшін ұсынады.

22. Сапаны бақылауды жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше актілер түскен күні оларды ЭҚАБЖ-ның арнайы модулінде хронологиялық тәртіппен тіркеуді қамтамасыз етеді.

Сапаны бақылауды жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше бақылау актілерін тіркеген кезде тексеруді мынадай өлшемдер: бақылаушылардың және бақылау объектілері өкілдерінің қойған қолдарының бар-жоғы, бақылау актісінде көрсетілген парақтардың жалпы санының бақылау актісінің және оларға қатысты қосымшалардың қағаз және электрондық нұсқасындағы парақтар санына сәйкестігі, актінің сканерленген электрондық нұсқасын көріп оқу мүмкіндігі бойынша жүзеге асырады.

23. Сапаны бақылауды жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше сапаны бақылауды оның тіркелген кезінен бастап жеті жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Егер сапаны бақылауға бір жұмыс күні ішінде 7-ден астам акті түссе немесе бақылау актісі 50 беттен асатын болса (қосымшаларын есептемегенде), онда әрбір бақылау актісі бойынша сапаны бақылау он жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

24. Сапаны бақылауды жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше басшысы басшылықтың тапсырмасы немесе өзінің бастамасы бойынша жақын арада болатын отырыстарға материалдарды дайындау мерзімдерінің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында бақылау актілерінің келіп түскен күніне қарамастан оларды қарау басымдылығын белгілеуі мүмкін.

25. Сапаны бақылау мынадай критерийлер:

1) бақылауды аяқтау мерзімдерінің сақталуы, бақылау актісінің танысу және қол қою үшін ұсынылуы, бақылау актісінің тіркеуге және есепке алуға өткізілуі;

2) бақылау актісінің белгіленген нысанға сәйкестігі;

3) бақылау актісі мазмұнының Стандарттардың және Қағиданың белгіленген талаптарына сәйкестігі бойынша жүргізіледі.

26. Сараптамалық қорытындыда заң қорытындысында көрсетілген ескертулер көрсетіледі.

27. Сапаны бақылауды жүргізген кезде заң сараптамасын жүргізу мерзімі осы Әдістеменің 23-тармағында көрсетілген сапаны бақылау мерзіміне сай есептеледі және сапаны бақылауды жүргізуге және бақылау жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшелерге қорытынды жалпы мерзім өткенге дейін кемінде бір жұмыс күні бұрын ұсынылады. Құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімше басшысы заң сараптамасын жүргізудің анағұрлым қысқа мерзімін белгілеуі мүмкін.

28. Сараптамалық қорытындының тұжырымдарымен келіспеген жағдайда, бақылау жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше осы Әдістемеге 8-қосымшаға сай нысан бойынша өзінің дәлелді негіздемелері бар қарсылықтарын жібереді.

29. Бақылауды және сапаны бақылауды жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшелер қарсылықтарды жұмыс тәртібінде өздері келіскен мерзімдерде, бірақ Есеп комитетінің Төрағасына отырысқа арналған материалдарды ұсыну мерзімінен бір күн бұрын талқылайды.

Әрбір даулы мәселе бойынша ескертулер алынып тасталған жағдайда, сапаны бақылауды жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшенің және сапаны бақылауды жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшенің дәлелдерімен және тұжырымдарымен келіскен жағдайда, бақылау жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшенің лауазымды адамдарының қолымен расталған келісу немесе келіспеу туралы түпкілікті шешім қабылданады. Жекелеген мәселелер бойынша сапаны бақылау критерийлері жөніндегі кемшіліктердің сыныптамасы өзгертілуі мүмкін.

30. Есеп комитетінің бақылауға жауапты мүшесі бақылау іс-шарасының нәтижесі бойынша қорытынды мен қаулының (ұсынымның) жобаларын дайындау кезінде сараптамалық қорытындының тұжырымдарын ескереді.

## 4. Қорытындылар мен қаулылар (ұсынымдар) жобаларының сапасын бақылау

31. Есеп комитетінің бақылауға жауапты мүшесі материалдарды Есеп комитеті Төрағасының карауына ұсынудың белгіленген мерзіміне дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей, қорытындының және қаулының (ұсынымның) жобаларын, бұзушылықтардың жиынтық тізілімін, бақылау объектілерінің қарсылықтарын және оларға берілетін жауаптарды сапаны бақылау мен заң сараптамасын жүргізу үшін сапаны бақылауды жүргізуге, құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшелерге ұсынады.

32. Құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімше екі жұмыс күні ішінде заң сараптамасын дайындайды және сапаны бақылауға жауапты

құрылымдық бөлімшеге жібереді.
33. Сапаны бақылау заң қорытындысы келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Сараптамалық қорытындыда заң қорытындысында көрсетілген ескертулерге сілтеме жасалады.
34. Қорытындылардың және қаулылардың (ұсынымдардың) жобаларының сапасын бақылау мынадай критерийлер:
1) белгіленген нысандарға қойылатын талаптарға сәйкестігі;
2) Стандарттардың, Қағиданың және өзге де нормативтік құқықтық құжаттардың белгіленген талаптарына мазмұнның сәйкестігі бойынша жүзеге асырылады.
35. Сараптамалық қорытындыда жазылған тұжырымдар бойынша келіспеушіліктер болған жағдайда, сапаны бақылауды жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше сараптамалық қорытындыны алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде даулы мәселелерді Есеп комитетінің мүшесімен талқылайды.
36. Егер Есеп комитетінің бақылауға жауапты мүшесі бақылау іс-шарасының нәтижесі бойынша қорытындының жобасына сараптамалық қорытындының тұжырымдарын ескермеу туралы шешім қабылдаса, онда сапаны бақылауды жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше ескертулері бар бұрыштама қояды.
Сапаны бақылауды жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше басшысы келіспеушілік фактісі туралы Есеп комитетінің Төрағасына баяндайды.

## 5. Есеп комитеті қаулыларының (ұсынымдарының) орындалу сапасын бақылау

37. Есеп комитеті мүшесінің Есеп комитеті Қаулысы (Ұсынымы) тармақтарының орындалуын бақылау нәтижелері туралы қызметтік жазбасы Есеп комитеті Төрағасының қарауына жіберіледі, ол Есеп комитетінің аппарат басшысына бақылаудан алу мүмкіндігін қарауға тапсырма береді.
38. Есеп комитетінің аппарат басшысы сапаны бақылауды жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшеге орындаудың уақтылылығы мен толықтығы мәніне сапаны бақылау жүргізуге тапсырма береді.
39. Сапаны бақылау Қаулы (Ұсыным) тармақтарының орындалуы туралы растайтын құжаттардың негізінде үш жұмыс күні ішінде жүргізіледі.
40. Есеп комитеті Қаулыларының (Ұсынымдарының) тармақтарын бақылаудан алу үшін мыналар:
1) толық және сапалы орындалуы;
2) заңды тұлғаның таратылуы (соның ішінде банкроттық), жеке тұлғаның қайтыс болуы;
3) лауазымды адамның және/немесе жеке тұлғаның Қазақстан

Республикасының шегінен тыс тұрақты тұрғылықты жерге кетуі;

4) фактілерді немесе өтеуге (қалпына келтіруге) жататын сомалар көлемін соттың растамауы;

5) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген ескіру мерзімінің өтуі ;

6) жария ету (рақымшылық жасау) актісінің қабылдануы, сондай-ақ қаражатты өтеу (қалпына келтіру) туралы Есеп комитеті қорытынды жасаған фактілерді заңдастыратын заңнаманың өзгеруі негіз болып табылады.

41. Сапаны бақылаудың қорытындысы бойынша 7-қосымшаға сай белгіленген нысанда тұжырымдар мен ұсыныстар көрсетіле отырып, сараптамалық қорытынды жасалады және тиісті шешім қабылдау үшін Есеп комитетінің Төрағасына ұсынылады.

## 6. Қорытынды ережелер

42. Бақылау іс-шарасының материалдарына сапаны бақылау жүргізу аяқталған соң осы Әдістемеге 10-қосымшаға сай критерийлер бойынша жүзеге асыралатын алдын ала бағалау жүргізіледі. Алдын ала бағалау жүргізілген бақылау іс-шарасының қорытындысы қаралғаннан кейін Есеп комитетінің отырысында айтылады.

43. Есеп комитеті шешімдерінің (қаулыларының, ұсынымдарының) іске асырылуына постбақылаулық бағалау осы Әдістемеге 11-қосымшаға сай критерийлермен олардың орындалу сапасын бақылаудың қорытындысы бойынша жүзеге асырылады. Әрбір критерий бойынша бағалау критерийі көрсеткішінің нақты мәніне сәйкес келетін 0-ден 100-ге дейінгі балл диапазонындағы бағалар мен басымдықтар бойынша салмақтық коэффициенттер белгіленген.

44. Постбақылаулық бағалау көрсеткішінің шекті мәндері балдармен:

«өте жақсы» - 90 балдан жоғары;

«жақсы» - 81-ден 90 балға дейін, қоса алғанда;

«қанағаттанарлық» - 65-тен 80 балға дейін, қоса алғанда.

45. Постбақылаулық бағалау Есеп комитеті мүшесінің Төрағаның атына жазған Есеп комитетінің Қаулысын (Ұсынымын) бақылаудан толық алу туралы қызметтік жазбасы негізінде жүргізіледі.

46. Постбақылаулық бағалау көрсеткіші әрбір критерий бойынша көрсеткіштер мәндерінің тиісті диапазоны балдарының санын мына формула бойынша салмақтық коэффициентке біртіндеп көбейту нәтижесінде алынған балдардың санын қосу жолымен шығарылады:

ОП постбақылаулық баға= $k1*X1+\ldots+kn*Xn$

мұнда:

k1-ден n-ге дейін – критерийлердің салмақтық коэффициенттері;

X1-ден n-ге дейін – осы критерий бойынша қол жеткізілген/қол жеткізілмеген көрсеткіштерге сай берілген балдардың саны;

n – бағалау критерийлерінің саны.

47. Қорытынды бағалау бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша ағымдағы жылдың 20 шілдесінен кешіктірмей, жылдың қорытындысы бойынша есепті кезеңнен кейінгі жылдың 20 қаңтарынан кешіктірмей жүргізіледі.

48. Бақылау іс-шарасын қорытынды бағалаудың көрсеткіші алдын ала бағалау үшін – 0,7 және постбақылаулық бағалау үшін – 0,3 салмақтық коэффициенттерін қолдана отырып, бақылау іс-шарасын алдын ала бағалаудың және Есеп комитеті қаулыларының (ұсынымдарының) орындалуын постбақылаулық бағалаудың көрсеткіштерін қосу жолымен шығарылады:

ОП қорытынды баға = (0,7*ОП алдын ала бағалау + 0,3*ОП постбақылаулық бағалау)

Қорытынды бағалаудың шекті мәндері балдармен:

«өте жақсы» - 90-нан 100 балға дейін;

«жақсы» - 81-ден 90 балға дейін;

«қанағаттанарлық» - 65-тен 80 балға дейін.

49. Бақылау іс-шарасын қорытынды бағалау нәтижелері бойынша осы Әдістемеге 12-қосымшаға сай нысан бойынша бағалау парағы ресімделеді.

Тізбеге кірмейтін бақылау іс-шараларына қатысты қорытынды бағалау постбақылаулық бағалауға тең деп қабылданады.

50. Сапаны бақылауды жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше сапаны бақылаудың қорытындысы бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жинақтап, оларға жол бермеу, бақылау жүргізу жөніндегі әдістемені жетілдіру және жұмысты ұйымдастыру бойынша ұсыныстарын Есеп комитетінің Төрағасына енгізеді.

Бақылау іс-шаралары материалдарының сапасына бақылау жүргізу әдістемесіне
1-қосымша

## 20__ жылы сапаны бақылауға жататын бақылау іс-шараларының тізбесі

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Бақылау іс-шарасының мерзімдері | | |

| Р/с № | Бақылау іс-шарасының атауы | Е с е п комитетінің бақылауға жауапты мүшесі | Бақылау объектілерінің саны | | | | Тәуекел тобы | Тәуекелд |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | дайындық | жүргізу | | | |

| | | | | | | іске асыру | | жиынты көрсеткіш |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |

Бақылау іс-шаралары материалдарының сапасына бақылау жүргізу әдістемесіне 2-қосымша

## Бақылау іс-шарасы тәуекелінің жиынтық көрсеткішін есептеу үшін критерийлер тізбесі

| Р/с № | Көрсеткіштердің атауы | Тәуекел топтары | | |
|---|---|---|---|---|
| | | жоғары деңгей, 3 балл | орта деңгей, 2 балл | ең төм деңгей, 1 |
| 1 | Жоғары тұрған органдардың бақылау іс-шарасын жүргізу туралы тапсырмасының болуы | 1 | 0 | 0 |
| 2 | Бақылау тобының құрамында бір жылдан аз бақылау жұмысы өтілі бар бақылаушылардың үлесі, % | > 50% | 10%–50% | < 10% |
| 3 | Бақылаумен қамтылған объектілердің саны | > 5 | 2–5 | < 2 |
| 4 | ЕК-нің 1 бақылаушысына шаққандағы объектілер саны | >3 | 1–3 | <1 |
| 5 | БІ-мен қамтылған бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің саны | > 5 | 2–5 | < 2 |
| 6 | БІ-мен қамтылған квазимемлекеттік сектор субъектілерінің саны | > 5 | 2–5 | < 2 |
| 7 | БІ-мен қамтылған бағдарламалық құжаттардың саны | > 2 | 1–2 | 0 |
| 8 | Бақылаумен қамтылған бюджеттік бағдарламалар саны | >20 | 10–20 | < 10 |
| 9 | Бақылау іс-шарасымен қамтылған бюджеттік инвестициялық жобалардың саны, бірлік | > 20 | 10–20 | < 10 |
| 10 | «Бақылау органдарының ұсынымдары мен ұсыныстары бойынша шара қабылдамау» критерийі бойынша тәуекелдің ең жоғары көрсеткішіне ие МО үлесі, %-бен | > 50% | 10%–50% | < 10% |
| | Жиынтық көрсеткіш ($\Sigma$ 1-ден 10-ға дейін) | | | |

Ескертпе: *Бақылау іс-шараларын тәуекел дәрежесі бойынша ранжирлеу Есеп комитетінің 2013 жылғы 18 қаңтардағы №1-НП нормативтік қаулысымен бекітілген Тәуекелдерді басқарудың үлгі жүйесінің 15-19-тармақтарына сай жүзеге асырылады.

Бақылау іс-шаралары материалдарының сапасына бақылау жүргізу әдістемесіне 3-қосымша

нысан

## Бұзушылықтар тізіліміне заң қорытындысы

| | | |
|---|---|---|
| Бақылау іс-шарасының атауы (мақсаты) | | |
| Объектінің атауы | | |
| АНЫҚТАЛҒАН БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ САРАПТАМАЛЫҚ БАҒАЛАУ (ТІЗІЛІМ БОЙЫНША) | | |
| Тізілім бойынша бұзушылықтың сипаттамасы (актіге сілтеме жасау) | Бұзушылықтың сипаты туралы заңгерлердің тұжырымдары | Бұзылған норманың сақталуын бақыл жүзеге асыратын уәкілетті орган/уәкі лауазымды адам |
| Қаржылық бұзушылықтар бойынша | | |
| Бюджетке қаражаттың түсуі бойынша | | |
| Бақылау актісінің бұзушылық № | | |
| | | |
| Бюджет қаражаты мен активтердің пайдаланылуы бойынша | | |
| Бақылау актісінің бұзушылық № | | |
| | | |
| Бақылау объектісі қызметіндегі заңнаманың, сондай-ақ оның міндеттері мен функцияларын іске асыруға, заңнам кемшіліктері мен олқылықтарына байланысты өзге де бұзушылықтар бойынша | | |
| Бұзушылық № | | |
| ТІЗІЛІМ (ЖИЫНТЫҚ ТІЗІЛІМ) БОЙЫНША ЖАЛПЫ ТҰЖЫРЫМДАР МЕН ҰСЫНЫМДАР (ОЛАР БОЛ ЖАҒДАЙДА) | | |

Бақылау іс-шаралары материалдарының сапасына бақылау жүргізу әдістемесіне
4-қосымша
нысан

## Қаулының (ұсынымның) жобасына заң қорытындысы

| | |
|---|---|
| Бақылау іс-шарасының атауы | |
| **САРАПТАМАЛЫҚ БАҒАЛАУ** | |
| Бақылаудың қорытындысы бойынша ұсыныстардың негізділігі | «негізделген» / «негізделмеген» деп көрсетіледі (негізделм жағдайда, мұндай тұжырымның себебі көрсетіледі: сипаты, мер адресаты бойынша) |
| № 1 ұсыным (тапсырма) (қаулы жобасының ___ беті) | |
| № __ ұсыным (тапсырма) (қаулы жобасының ___ беті) | |
| | |

| | |
|---|---|
| Құқық қорғау органдарына не әкімшілік іс қозғауға уәкілетті органдарға бақылау материалдарын жіберудің негізділігі | |
| ҚАУЛЫ БОЙЫНША ЖАЛПЫ ТҰЖЫРЫМДАР МЕН ҰСЫНЫМДАР (ОЛАР БОЛҒАН ЖАҒДАЙДА) | |

Бақылау іс-шаралары материалдарының сапасына бақылау жүргізу әдістемесіне 5-қосымша

# Бақылау іс-шараларының сапасына бақылау жүргізу рәсімдері

## 1. Жоспарлау сапасын бақылау критерийлері

| | Жоспарлау сапасын бақылау критерийлері | Бақылау іс-шараларының сапасына бақылау жүргізу рәсімі |
|---|---|---|
| 1 | Бақылау жүргізу жоспары мен бағдарламасы жобаларының белгіленген нысандарға сәйкестігі | Алдымен бақылау жүргізу жоспарлары, бағдарламалары жобаларының форма<br>белгілері осы Қағидаға 8, 9-қосымшаларда белгіленген нысандардың сак<br>мәніне зерделен<br>Жоспардың жобасын зерделеу кезінде оның мазмұны Есеп комитетінің жы<br>және тоқсандық жұмыс жоспарларына, яғни мына параметр<br>1) жоспарда көрсетілген бақылау іс-шарасының мақсатымен сәйкес келуі<br>бақылау іс-шарасының атау<br>2) бақылануы жоспарланған қаражат көле<br>3) бақылау жүргізу мерзімде<br>4) бақылаумен қамтылатын кез<br>5) бақылаудың үлгісі мен тү<br>6) бақылау объектілерінің санына, атауы мен ұйымдық-құқықтық нысан<br>сәйкестігіне зерделенеді. Есеп комитетінің бақылау іс-шаралары жоспар<br>өзгерістер енгізілмей бақылау объектілерінің саны мен атауы бойы<br>алшақтықтар тек үстеме бақылау объектілеріне қатысты ғана болуы мүмкін.<br>де алшақтықтар болған жағдайда, бақылау объектілерін нақтылау және<br>комитетінің бақылау іс-шаралары жоспарына өзгерістер енгізу жөнінде ұсын<br>беріледі.<br>Бақылау жоспарында бақылау объектісінің ұйымдық-құқықтық нысаны<br>болуына назар аударған жөн, өйткені бақылау бағдарламасындағы бақ<br>мәселелері олардың құқықтық мәртебесіне қарай айқындалуы тиіс. Бақ<br>объектілерінің атауы мен ұйымдық-құқықтық нысаны ресми интернет-ресурс<br>Заңды тұлғалар» дерекқоры, заңнама базасы пайдаланыла отырып, іші<br>тексерілуі мүм<br>Бақылау бағдарламасы жобаларының құрылымын зерделеген ке<br>бағдарламадағы мәліметтердің бақылау жоспарының жобасында көрсеті<br>деректерге сәйкестігі зерделе<br>Бақылау мәні бойынша бақылау бағдарламасында бақылау тақырыбы |

| | | |
|---|---|---|
| | | мақсатын ескере отырып, оның осы Қағиданың нормаларына сәйкестігін к қажет. |
| 2 | Бақылау жүргізу бағдарламасының жобасында бағалау критерийлерін ( тиімділікті бақылауды жүргізген жағдайда), бақылау мәселелерін және олардың белгіленген талаптарға сәйкестігін көрсетудің толықтығы | Бақылау бағдарламасы осы Қағиданың 57-60-тармақтарының талаптарына бақылау жүргізу үлгісіне қарай әр бақылау объектісі бойынша жеке мәселе қамтуы тиіс. Бұл ретте тиімділікті бақылауды жүргізген кезде Бағдарлам мәселелері Мемлекеттік және салалық бағдарламаларға, орталық мемлек органдардың стратегиялық жоспарларына және аумақтарды дамі бағдарламаларына бағалау жүргізу қағидаларының (ЕК-нің 2010 жылғ маусымдағы № 17-қ қаулысы) талаптары ескеріле отырып, жасалуы тиіс. |
| 3 | Бақылау жүргізу бағдарламасының жобасында бақылауды нормативтік құқықтық және әдіснамалық қамтамасыз ету тізбесін көрсетудің толықтығы | Бақылау нормативтік құқықтық және әдіснамалық қамтамасыз ету тізбесі бой :<br>– заң сатысы бойынша оның көрсетілуін сақтай отырып, мұндай тізбенің б о л у ы н ;<br>– атаулардың дұрыс жазылуын және олардың қабылданған к<br>– көрсетілген актілер мен құжаттардың өзектілігін (оларды жоюға қою не олардың қолданысқа енгізілмеуі фактілерін) қарау қажет. |

## 2. Бақылау актілерінің сапасын бақылау критерийлері

| | | |
|---|---|---|
| | Бақылау актілерінің сапасын бақылаудың критерийлері (кіші критерийлері) | Бақылау іс-шараларының сапасына бақылау жүргізу рәсімі |
| 1 | Бақылауды аяқтау, бақылау актісін танысуға және қол қоюға ұсыну, бақылау актілерін тіркеуге және есепке алуға тапсыру мерзімдерінің сақталуы | Осы критерий бойынша осы Қағиданың 106 және 187-тармақтары талаптар сақталуын тексерген жөн. Бақылау объектісінің басшысына қол қоюға ұ мерзімі актіні танысуға және қол қоюға қабылдағаны туралы бақылау объект мөртабанында көрсетілген күн немесе бақылау актісінің танысуға және қол к жіберілген күнін растайтын құжат (көшірмесі) бойынша айқындалады (бақ объектісінің актіні танысуға және қол қоюға қабылдағаны туралы мөрта б о л м а ға н ж а ғ д а й д а ) .<br>Қол қойылған бақылау актілерін тіркеуге тапсырудың уақтылылығы Қағиданың 195-тармағында белгіленген мерзімдер ескеріле отырып тексеріл |
| 2 | Бақылау актісінің белгіленген нысанға сәйкестігі | Осы критерий бойынша актінің осы Қағиданың 18-20-қосымшаларына сай, үлгі нысаны мен құрылымының талаптарына сәйкестігі мәніне, соның іш актінің барлық қажетті деректемелерінің болуына; актінің қатаң есептілі арнайы бланкіде жасалуына; белгіленген тәртіппен ресімделген актіл қосымшалардың болуына, бұзушылықтар тізілімінің болуына талданады.<br>Осы Қағиданың 105-тармағына сәйкес, үстеме бақылаудың нәтижелерін рес кезінде Қағиданың 19-қосымшасында келтірілген бақылау актісі нысаны мынадай бөлімдердің: бақылау үлгісі, алдыңғы бақылау нәтижелері ту мәлімет алынып тасталатынын ескеру қажет.<br>Бақылау актісі қосымшалардың болу мәселесіне бойынша осы Қағиданы тармағы талаптарының сақталуына зерделенеді.<br>Егер бұзушылықтар тізілімінде бұзушылықтарды сипаттамау, заңнама бұзылған нормаларына, соның ішінде Бұзушылықтар сыныптауышы тармақтарына сілтеме көрсетпеу фактілері анықталған болса, аталған сәйкес осы Қағиданың 181-тармағының талаптары бұзылғанына сілтеме жасала от көрсетіледі. |
| | Бақылау актісі мазмұнының Стандарттардың және Есеп | |

| | | |
|---|---|---|
| 3 | комитетінің Сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды жүргізу қағидасының талаптарына сәйкестігі, соның ішінде: | Бақылау актісін Стандарттар мен Қағиданың белгіленген талаптары мазмұнына сәйкестігіне тексеру төменде көрсетілген кіші критерийлер бойі жүргізіледі. |
| 3.1 | бақылаумен қамтылған мәселелердің толықтығы және Бақылау бағдарламасында көрсетілген мәселелерге сәйкестігі | Осы кіші критерий бойынша сапаны бақылау бекітілген Бақылау бағдарлама енгізілген барлық мәселелер бойынша бақылаудың нәтижелері тур мәліметтерді бақылау актісінде көрсетудің толықтығына жүзеге асырыл Бақылау актілеріндегі бақылау нәтижелерінің бақылаудың қойылған мақса мәніне және мәселелеріне сәйкестігіне назар аударған жөн. Сәйкессізд анықталған кезде Бақылау бағдарламасына сай мәселенің нөмірлерін (к болған жағдайда атауын) көрсете отырып, осы Қағиданың 78, 179 тармақтарының нормаларына сілтеме жасалады.<br>Бақылаушылардың бақылау жоспарында және бағдарламасында көрсетілм мәселелер мен бюджеттік бағдарламалар бойынша бақылау жүргізу фа табылған жағдайда, осы Қағиданың 76 және 77-тармақтарының талаптарына өзгерістердің Бақылау бағдарламасы мен Жұмыс жоспарына белгіле тәртіппен енгізілгенін тексеру қажет. Бақылау бағдарламасына бақылаушыл бақылау барысында туындаған басқа да мәселелер бойынша бақылау жүрі құқығы көрсетілген фактілер қосылмайды.<br>Анықталған сәйкессіздіктер бойынша бақылау актісінің бақылау бағдарла мәселелерінің тізбесіне қатаң сәйкестікте жасалатыны туралы осы Қағидань -тармағының талабына сілтеме жасау қажет. |
| 3.2 | бақылаумен қамтылатын кезеңнің сақталуы | Осы кіші критерийді бақылау кезінде бақылаумен қамтылған нақты к Бақылау жоспары мен бағдарламасында көзделген бақылау кезеңі салыстырылады. |
| 3.3 | анықталған кемшіліктер мен бұзушылықтар болмаған жағдайда, бақылау нәтижелерін ресімдеу талаптарының сақталуы | Осы кіші критерий бойынша осы Қағиданың 180-тармағына сәйкестігі тексе . Бұл ретте, егер бақылаудың кез келген мәселесі бойынша бұзушылықтар кемшіліктер анықталмаса, бақылаушының бақылау актісінде анықта кемшіліктер мен бұзушылықтардың болмағанын көрсете отырып (талдам сипаттағы мәселелерді қоспағанда), тексерілген мәселе жөнінде қысқаша ақ көрсететіні белгіленген. |
| 3.4 | анықталған бұзушылықтар көрсетілген кезде заңнаманы қолданудың дұрыстығы мен негізділігі, соның ішінде Есеп комитетінің талаптары бұзылған нормативтік құқықтық және құқықтық актілерінің баптарына, тармақтары мен тармақшаларына қажетті сілтемелердің болуы | Осы кіші критерий бойынша құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылы бөлімше бұзушылықтардың тіркелген фактілеріне, ережелері бұзыл нормативтік құқықтық актілер баптарының, тармақтарының ж тармақшаларының нақты нормаларына сілтемелердің бар болуына, ола қолданудың дұрыстығына, қоса берілген растайтын құжаттардың бар бол және толықтығына құқықтық сараптама жүргізеді.<br>Құқықтық сараптама аталған субъектіге қатысты бұзушылықты сараптау негізділігіне (бұзушылықтың атаулылығына) жүргізіледі.<br>Заң қорытындысында көрсетілген ескертулер сараптамалық қорытынд енгізіледі.<br>Сараптамалық қорытындыда анықталған сәйкессіздіктер бойынша осы Қағи 184 және 185-тармақтарына, Стандарттардың «Дәлелдер» стандарты бойын тармағына сілтеме жасалады. |
| | бақылау өлшемі актілерін өткізуге қажеттілік болған жағдайда, олардың болуының ( болмауының негіздемесі), | Осы кіші критерийдің шеңберінде бақылаушылардың осы Қағиданың тармақтарының талаптарын сақтауы тексеріледі: бақылау объектісінің басш бақылау өлшемінің (тексеріп қараудың) жүргізілуі туралы хабарлама (к болған жағдайда) жазбаша түрде жіберілді ме; бақылау өлшемі актісінің Қағ 21-қосымшада келтірілген нысанға сәйкестігі; бақылау өлшемі актісінде тап |

| | | |
|---|---|---|
| 3.5 | мұндай актілерді жасау тәртібінің сақталуы | берушінің өкілінің және бақылау өлшемін (тексеріп қарауды) жүргізуге қаты басқа да адамдардың қойған қолының болуы; қол қоюдан бас тартқан жағд тиісті белгінің болуы; бақылау актісінде өлшем (тексеріп қарау) нәтижеле көрсетілуі. |
| 3.6 | әр бұзушылықты жеке тармақпен нөмірлеу және тіркеу туралы талаптардың сақталуы, бақылау тізілімі мен бақылау актілері мазмұнының сәйкестігі | Осы кіші критерий бойынша құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылы бөлімше акт мазмұнының осы Қағиданың 181-тармағының талаптарын сақ мәніне: бақылау барысында анықталған бұзушылықтар фактілерінің бар сипаты мен бұзушылық түрі баяндала отырып, жалғаспалы тәртіппен, тармақта нөмірленгеніне және тіркелгеніне (1-тармақ, 2-тармақ және т.б.) т жүргізеді. Бұзушылықтар тізілімінің мазмұны бақылау актісінде тіркелген бар бұзушылықтарды қамтуы, сондай-ақ тізілімнің барлық деректері бақ актісіндегі деректермен сәйкес келуі Сараптамалық қорытындыда осы Қағиданың 181-тармағының талаптары сақталмағанына сілтеме жасала отырып, заң сараптамасында аталған ескер көрсетіледі. |
| 3.7 | Бақылау жүргізу бағдарламасының мәселелерін ашудың толықтығы | Осы кіші критерий шеңберінде Бақылау бағдарламасындағы мәселелердің т ашылуы мәніне тексеру жүргізіледі және бағдарламаның белгілі бір мәсел жүзінде бақылаумен қамтылғанымен, бақылаудың мақсаты мен мәніне к толық ашылмаған жағдайдағы сәйкессіздік көрсетіледі. Мысалы, бақылауш бақылау объектісінің есепті деректерін сипаттаумен шектелді ме, бақылауш бақылау мәселелері бойынша деректердің анықтығы мен объективт қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдады ма, сондай-ақ және бақ объектілерінде анықталған сәйкессіздіктер мен бұзушылықтардың себеп белгіледі Сараптамалық қорытындыда сәйкессіздіктер анықталған кезде бақы бағдарламасына сай мәселенің нөмірін (атауы қажет болған кезде) көр отырып, осы Қағиданың 179-180-тармақтарының нормаларына сілтеме ж қажет. |
| 3.8 | Стандарттардың бақылау нәтижелерін баяндау стиліне қойылатын талаптарының сақталуы (қысқалығы, қайталаудың болмауы, қисындылығы, қабылдауға оңайлығы) | Осы кіші критерий бойынша бақылау актісі мәтінінің жазылуы қабылд оңайлығына, түсінікті болуына, қайталаудың болмауына, қисындылығына, байланыстылығына, хронологиялық дәйектілігіне, әдеби тіл нормалары сақталуына зерделенеді. Анықталған сәйкессіздіктер Стандарттардың «Есеп стандарты бойынша 74, 76-тармақтарға сілтеме жасала отырып көрсетіледі. |
| 3.9 | бұзушылықтар фактілерін растайтын құжаттардың болуы | Осы кіші критерий бойынша бақылаушылардың осы Қағиданың 184-тармағ талаптары бақылау актісіне қоса берілген, бақылау актісіндегі бұзушыль бойынша жазбалардың анықтығын растайтын құжаттардың бар болуы толықтығы мәніне сақтауы тексеріледі. |
| 3.10 | деректемелерде, сомаларда техникалық қателердің болуы және т.б. | Осы кіші критерий бойынша бақылау актісінің мәтіні бақылау актіс сомаларында, деректемелерінде, атаулары мен басқа да мәліметтерінде қате бар болуына зерделенеді. |

## 3. Қорытындылар және қаулылар (ұсынымдар) жобаларының сапасын бақылаудың критерийлері

| | | |
|---|---|---|
| | Қорытындылар, қаулылар ( ұсынымдар) жобаларының | Бақылау іс-шараларының сапасына бақылау жүргізудің рәсімі |

| | | |
|---|---|---|
| | сапасын бақылаудың критерийлері (кіші критерийлері) | |
| 1 | Белгіленген нысандарға қойылатын талаптарға сәйкестігі | Осы критерий бойынша Қағидаға 23, 24, 25-қосымшалар жасау бойынша Қа талаптарының сақталуына тексеру жүргізіледі. |
| 2 | Мазмұнның Стандарттардың, Қағиданың және өзге де нормативтік құқықтық актілердің белгіленген талаптарына сәйкестігі, соның ішінде: | Қорытынды және қаулы (ұсыным) жобаларының Стандарттар мен Қағи белгіленген талаптардың мазмұнына сәйкестігін тексеру төменде көрсетілген критерийлер бойынша жүргізіледі: |
| 2.1 | бақылау актілерінде бақылау объектілерінің қарсылықтары ескеріле отырып жазылған бұзушылықтардың барлық фактілерін қорытындыда қамтудың толықтығы | Осы критерий бойынша құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөл жиынтық тізілімге бақылау актілерінің қарсылықтары ескеріле отырып, бақ актілерінде және тізілімдерде тіркелген барлық бұзушылық фактілерінің және о жауаптардың, сондай-ақ бақылау актілеріне заң қорытындысында көрсеті ескертулердің енгізілуіне салыстырып тексеру жүргізеді. |
| 2.2 | Стандарттардың бақылау нәтижелерін баяндау стиліне қойылатын талаптарының сақталуы (қысқалығы, қайталаудың болмауы, қисындылығы, қабылдауға оңайлығы) | Осы кіші критерий бойынша Стандарттардың 74, 76-тармақтарына және Қағиданың 205-тармағына сілтеме жасала отырып, «Есептілік» стандарть сақталуына тексеру жүргізіледі. |
| 2.3 | тұжырымдар мен ұсыныстардың негізділігі | Осы кіші критерий бойынша ұсынымдардың, тапсырмалардың қорытынды жо мен бақылау актілерінің мазмұнына сәйкестігі және олардың негізділігі зердел Құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімше адресаттың құзыр сай құқықтық негізділігі, атаулылығы мәселесі бойынша заң сараптамасын жүрі сондай-ақ бақылау объектілерінің лауазымды және өзге де адамдары іс-әрекеттерінде қылмыс белгілерін қамтитын, анықталған фактілер бойы процестік шаралар қабылдау үшін құқық қорғау органдарына бақылау материал беру туралы шешім енгізудің негізділігіне баға бе Ұсыныстар нақты, ақылға қонымды мерзімде орындалатын және Қазақ Республикасының қолданыстағы заңнамасы шеңберінде болып, анықта кемшіліктер мен бұзушылықтарды жою жөнінде нақты шаралар қабылд бағытталуы т Қажет болған жағдайда, тапсырмалар мен ұсынымдарды толықтыру жөн ұсынымдар беріледі. |

Бақылау іс-шаралары материалдарының сапасына бақылау жүргізу әдістемесіне 6-қосымша
нысан

______________________________

______________________________

________________________________________________________________
(бақылау объектісін алдын ала зерделеу туралы есептің, бақылау актісінің атауы)
бақылау іс-шарасы шеңберінде
________________________________________
(жоспарлау немесе жүргізу)
сапаны бақылау нәтижесі бойынша сараптамалық қорытынды

| № | Сапаны бақылау критерийлері | Бұзушылықтар мен сәйкессіздіктердің анықта фактілері (ережелері бұзылған құжаттарға ж НҚА-ның тармақтарына сілтеме жасай оты бұзушылықтар мен сәйкессіздіктердің нақты факт көрсету) |
|---|---|---|
| | | |
| | | |
| | | |

Анықталған бұзушылықтар, сәйкессіздіктер, кемшіліктер бойынша негізгі тұжырымдар және оларды жою жөніндегі ұсыныстар:
Ішкі аудит бөлімінің меңгерушісі ______________________________
Бақылау іс-шаралары материалдарының сапасына бақылау жүргізу әдістемесіне
7-қосымша
нысан

## ____ жылғы «___»___________ № ____ қаулыны (ұсынымды) бақылаудың қорытындысы туралы Есеп комитетінің мүшесі____________________________________________ қызметтік жазбасын талдаудың нәтижелері бойынша сараптамалық қорытынды

| № | Тармақ (қаулының тармақшасы) | Тармақтың мазмұны | Есеп комитеті мүшесінің ұсынысы | Талдаудың қорытындысы бойынша тұжырымдар | Есеп комите мүшесінің ұсыныс келіспеген жағда тұжырымдарды не |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |

Бақылау іс-шаралары материалдарының сапасына

бақылау жүргізу әдістемесіне
8-қосымша
нысан

___________________________________________________________________

(бақылау іс-шарасының және бақылау актісінің атауы) бақылау объектісін алдын ала зерделеу туралы есептің және бақылау актісінің сапасын бақылаудың қорытындысы бойынша сапаны бақылауды жүзеге асыруға жауапты құрылымдық бөлімшенің « »_______ жылғы № ____ сараптамалық қорытындысына қарсылықтар және қарсылықтарды бірлесіп қараудың түпкілікті нәтижелері

| Р/с № | Бақылауды жүргізген бақылаушының А.Ә.Т | Сапаны бақылаудың критерийлері (сәйкес келмейтін тармақтарды көрсете отырып) | Сапаны бақылауды жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше анықтаған бұзушылықтар, сәйкессіздіктер мен кемшіліктер фактілері | Сапаны бақылауды жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшенің бұзушылықтарды , сәйкессіздіктер мен кемшіліктерді жою жөніндегі ұсыныстары | Бақылау бөлімінің дәлелді қарсылықтары ( сарапталық қорытындының , НҚА-ның және осы Қағиданың тармақтарына сілтеме жасай отырып) | Сапаны бақылауды жүрг жауапты құрылымды бөлімшенің қарсылықта бірлесіп қараудың түпкі нәтижесі туралы шыға шешімі | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | Қабылданады (себептерін көрсете отырып) | Қабылдан (нак себептері дәлелдер көрсете от ) |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| | | | | | | | |

Бақылау іс-шаралары материалдарының сапасына бақылау жүргізу әдістемесіне
9-қосымша
нысан

____________________________________________

(бақылау іс-шарасының атауы)

бақылау іс-шарасы материалдарының сапасын бақылаудың қорытындысы бойынша жиынтық сараптамалық қорытынды

| № | Сапаны бақылаудың критерийлері | Анықталған сәйкессіздік фактілері (бұзушылықтардың нақты фактілеріне сілтемелерді көрсете отырып) | Жою жөнінде ұсын (болған жағдайда) |
|---|---|---|---|
| | Бақылау іс-шарасын жоспарлаудың сапасын бақылау | | |
| | | | |
| | Бақылау іс-шарасы актілерінің сапасын бақылау | | |
| | | | |
| | Қорытындылар, қаулылар (ұсынымдар) жобаларының сапасын бақылау | | |
| | | | |
| | | | |

Негізгі тұжырымдар мен ұсыныстар:
Ішкі аудит бөлімінің меңгерушісі ________________________________
Таныстым, тұжырымдармен келісемін
Бақылау іс-шаралары материалдарының сапасына бақылау жүргізу әдістемесіне 10-қосымша

## Бақылау іс-шарасын алдын ала бағалаудың критерийлері*

| № | Сапаны бақылаудың және Қағида талаптарын бұзушылықтардың негізгі критерийлері (кіші критерийлері) | Сәйкессіздіктердің анықталған фактілері мен бақылаудың көрсеткіштері | Салмақтық мәнін балдар |
|---|---|---|---|
| Теріс балдар бойынша бағалау критерийлері | | | |
| | I. Жоспарлау сапасын бақылау | | |
| 1.1 | Бақылау объектілерін алдын ала зерделеудің сапасы мен бақылау іс-шарасына дайындалу, Бақылау жүргізу жоспары мен бағдарламасы жобаларының сапаны бақылауға уақтылы ұсынылуы | бақылау объектілерін сапасыз алдын ала зерделеу және бақылау іс-шарасына дайындалу | «–2» |
| | | сапаны бақылауға Бақылау жүргізу жоспары мен бағдарламасы жобаларын уақтылы ұсынбау | «–1» |
| 1.2 | Бақылау жүргізу жоспары мен бағдарламасы жобаларының белгіленген нысандарға сәйкестігі | Бақылау жүргізу жоспары мен бағдарламасы жобаларының белгіленген нысандарға сәйкессіздігі | «–1» |
| 1.3 | Бақылау жүргізу бағдарламасы жобасында бағалау критерийлерінің (тиімділікке бақылау жүргізген жағдайда), мәселелердің толық көрсетілуі және олардың белгіленген талаптарға сәйкестігі | 1 бағалау критерийі қосылған (алынып тасталған), дұрыс емес және толық емес белгіленген | «–1» |
| | | 2 және одан көп бағалау критерийі қосылған (алынып тасталған), дұрыс емес және толық емес белгіленген | «–2» |
| | | сапаны бақылау нәтижелері бойынша 3-ке дейін мәселе қосылған (алынып тасталған) | «–1» |
| | | сапаны бақылау нәтижелері бойынша 3 және одан көп мәселе қосылған (алынып тасталған) | «–2» |
| 1.4 | Бақылау жүргізу бағдарламасы жобасында бақылауды нормативтік құқықтық және әдіснамалық қамтамасыз ету тізбесінің дұрыс көрсетілуі | Бақылау жүргізу бағдарламасы жобасында бақылауды нормативтік құқықтық және әдіснамалық қамтамасыз ету тізбесін дұрыс көрсетуді бұзушылық | «–1» |
| 1.5 | Жоспарлау сапасын бақылау қорытындысы бойынша қарсылықтарды қарау тәртібінің сақталуы | Қарсылықтар белгіленген мерзімдерді бұза отырып жіберілген (болған жағдайда) | «–1» |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | 2. Бақылау актілерінің сапасын бақылау | | |
| 2.1 | Бақылаудың аяқталуы, бақылау актісінің танысуға және қол қоюға ұсынылуы, бақылау актілерін тіркеуге және есепке алуға өткізу мерзімдерінің сақталуы | Бақылауды аяқтау мерзімін бұзу (Бақылауды мерзімін ұзарту туралы Есеп комитеті Төрағасының келісімінсіз) | «–5» |
| | | бақылау объектісіне бақылау актісін танысу және қол қою үшін ұсыну мерзімдерін бұзушылықтар | «–3» |
| | | актілерді тіркеуге және есепке алуға өткізу мерзімін бұзушылықтар | «–2» |
| 2.2 | Бақылау актісінің белгіленген нысанға сәйкестігі | актілерде 30 %-дан астам сәйкессіздік анықталған | «–3» |
| 2.3 | Бақылаумен қамтылған мәселелердің толықтығы, Бақылау жүргізу бағдарламасында көрсетілген мәселелермен сәйкестігі | Бақылау жүргізу бағдарламасының 10% -ға дейінгі ( қоса алғанда) мәселелері бақылаумен қамтылмаған | «–2» |
| | | Бақылау жүргізу бағдарламасының 10% -ы және одан астам мәселелері бақылаумен қамтылмаған | «–3» |
| | | Бақылау жүргізу жоспары мен бағдарламасында көзделмеген мәселелер мен бюджеттік бағдарламалар бойынша бақылау жүргізілген | «–6» |
| 2.4 | Бақылаумен қамтылатын кезеңнің сақталуы | актілердің 30%-ға дейін (қоса алғанда) сәйкессіздігі фактісі | «–1» |
| | | актілердің 30% -ы және одан астамының сәйкессіздігі фактісі | «–3» |
| 2.5 | Анықталған кемшіліктер мен бұзушылықтар болмаған жағдайда, бақылау нәтижелерін ресімдеу талаптарының сақталуы | кемшіліктер мен бұзушылықтардың болмауын ( талдамалық сипаттағы мәселелерді қоспағанда) көрсете отырып, тексерілетін мәселе бойынша қысқаша ақпараттың болмауы | «–2» |
| 2.6 | Анықталған бұзушылықтарды көрсету кезінде заңнаманы қолданудың дұрыстығы мен негізділігі, соның ішінде талаптары бұзылған Есеп комитеті Төрағасының нормативтік құқықтық және құқықтық актілерінің тармақтары мен тармақшаларына қажетті сілтемелердің болуы | бақылау актілерінде бірден 4-ке дейінгі (қоса алғанда) факті сәйкессіздігінің анықталуы және/немесе сілтемелердің болмауы | «–3» |
| | | бақылау актілерінде 5 және одан көп фактілер бойынша сәйкессіздіктің анықталуы және/немесе сілтемелердің болмауы | «–6» |
| 2.7 | Бақылау өлшемі актілерінің бар-жоғы (болмауының негіздемесі) қажет болған жағдайда оларды жүргізу, осындай актілерді жасау тәртібінің сақталуы | бақылау өлшемі (тексеріп қарау) актілерін жасау тәртібінің бұзылуы | «–1» |
| | | тауарлардың, қызметтердің іс жүзінде жеткізілуі және белгілі бір жұмыс түрлерін (көлемдерін) орындаудың анықтығын растау және (немесе) оның мәніне дәлел жинау қажет болған жағдайда бақылау өлшемі ( тексеріп қарау) актілерінің болмауы | «–3» |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2.8 | Әрбір бұзушылықты жеке тармақпен нөмірлеу және тіркеу жөніндегі талаптардың сақталуы, бұзушылықтар тізілімі мен бақылау актісі мазмұнының сәйкестігі | бұзушылықтар тізілімінің және бақылау актісінің сәйкес келмеуі | «–3» |
| | | бұзушылықтардың 3-ке дейінгі фактісі жеке тармақпен тіркелмеген | «–2» |
| | | бұзушылықтардың 3-тен астам фактісі жеке тармақпен тіркелмеген | «–4» |
| 2.9 | Бақылау жүргізу бағдарламасындағы мәселелерді ашудың толықтығы | Бақылау бағдарламасы мәселелерінің 10%-ға дейіні ( қоса алғанда) ашылмаған | «–3» |
| | | Бақылау бағдарламасының 30% және одан көп мәселелері ішінара ашылмаған | «–6» |
| 2.10 | Бақылау нәтижелерін баяндау стиліне қойылатын стандарттар талаптарының сақталуы ( қысқалық, қайталауларды болдырмау, қисындылық, қабылдауға оңай болуы) | бақылау актісінің мәтінінде қабылдаудың оңай болмауы, түсінбеушілік, қисындылық, өзара байланыстылық, хронологиялық реттіліктің болмауы, қарама-қайшылықтардың болуы. | «–2» |
| 2.11 | бақылау актісіне бұзушылық фактілерін растайтын құжаттардың бар-жоғы | тиісті құжаттармен расталмаған бірден 5-ке (қоса алғанда) дейінгі фактілердің анықталуы | «–3» |
| | | Тиісті құжаттармен расталмаған 5 және одан көп фактілердің анықталуы | «–6» |
| 2.12 | Деректемелерде, сомаларда және техникалық қателердің бар-жоғы және т.б. | Сомаларды есептеуде, деректемелерде, атауларда және бақылау актісінің басқа мәліметтерінде қателердің болуы | «–1» |
| 2.13 | Бақылау актілерінің сапасын бақылау қорытындылары бойынша қарсылықтарды қараудың тәртібінің сақталуы | Қарсылықтар белгіленген мерзім бұзыла отырып жіберілген (болған жағдайда) | «–2» |
| 2.14 | Бақылау объектілерінің қарсылықтарын қараудың тәртібінің сақталуы | бақылау объектілерінің қарсылықтарына жауап белгіленген мерзім бұзыла отырып жіберілген | «–1» |
| | | бақылау объектілерінің қарсылықтарына жауап жіберілмеген | «–2» |
| 3. Қорытындылар мен қаулылар (ұсынымдар) жобаларының сапасын бақылау | | | |
| 3.1 | Қорытынды және қаулы ( ұсыным) жобаларын, бұзушылықтардың жиынтық тізілімін, бақылау объектілерінің қарсылықтары мен қарсылықтарға жауаптарды жіберу мерзімінің сақталуы | қорытынды және қаулы (ұсыным) жобаларының, бұзушылықтардың жиынтық тізілімінің, бақылау объектілерінің қарсылықтары мен қарсылықтарға жауаптардың уақтылы жіберілмеуі | «–1» |
| 3.2 | Қорытынды және қаулы ( ұсыным) жобаларының белгіленген талаптарға сәйкестігі | Қорытынды және қаулы (ұсыным) жобаларының белгіленген нысандарға сәйкессіздігі | «–1» |
| 3.3 | Бақылау объектілерінің қарсылықтарын ескере отырып, бақылау актілерінде баяндалған | | «–2» |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | бұзушылықтардың барлық фактілерін қорытындыда қамтудың толықтығы | қорытындының жобасына және жиынтық тізілімге бақылау актілерінде және әр актіге тізілімдерде тіркелген бұзушылық фактілері енгізілмеген | |
| 3.4 | Тұжырымдар мен ұсыныстардың негізділігі | жекелеген тұжырымдар мен ұсыныстар негізделмеген, қорытынды жобасының және бақылау актісінің мазмұнына толық сәйкес келмейді, мерзімдері оларды орындалуы ескерілмей белгіленген | «–2» |
| 3.5 | Бақылау нәтижелерін баяндау стиліне қойылатын стандарттар талаптарының сақталуы ( қысқалық, қайталауларды болдырмау, қисындылық, қабылдауға оңай болуы) | қорытындының, қаулының (ұсыным) жобасының мәтінінде қабылдаудың оңай болмауы, түсінбеушілік, қисындылық, өзара байланыстылық, хронологиялық реттіліктің болмауы және (немесе) қарама-қайшылықтардың болуы | «–2» |
| | 4. Бақылаудың нәтижелілігі | | |
| | Оң балдар бойынша бағалау критерийлері | | |
| 4.1 | Бақылау объектісінің бақылау барысында анықталған бұзушылықтар (кемшіліктер) бойынша қабылдаған шаралары (бюджетке өтеу, төленген, орындалған жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді атқару, жеткізілмей қалған тауарды жеткізу, бухгалтерлік есеп бойынша қалпына келтіру және т.б) | бақылау барысында өтеуге жататын жалпы сомадан өтелген қаражаттың үлес салмағы | |
| | | 25% дейін | «+2» |
| | | 25 % және жоғары | «+4» |
| | | жіберілмей қалған тауарлар бойынша жасалған жұмыстардың, қызметтердің, жеткізілімдердің үлес салмағы | |
| | | 25% дейін | «+1» |
| | | 25 % және жоғары | «+2» |
| | | бухгалтерлік есеп бойынша қалпына келтіру | «+1» |
| 4.2 | Бақылау объектілері лауазымды адамдарының әкімшілік жауаптылыққа тартылуы | әкімшілік жаза | «+2» |
| 4.3 | Заңнаманың жетілдірілмеуіне ( НҚА арасындағы қарама-қайшылық, құқықтық реттеудегі олқылықтар, коллизиялар) және/немесе құзыретті органдар мен бақылау объектілеріне берілген ұсынымдар (тапсырмалар) бойынша жұмысты ұйымдастыруға байланысты жүйелі кемшіліктер мен проблемалар (құзыреттің болмауы немесе жеткіліксіздігі; өкілеттіктердің қайталануы; | анықталған жүйелік кемшіліктер мен заңнамаға өзгеріс пен қосымшалар енгізу бойынша нақты ұсыныстар | |
| | | 1-ден 2-ге дейін | «+5» |
| | | 2-ден жоғары | «+10» |
| | | заңнамаға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бойынш нақты ұсыныстарының саны | |
| | | құқықтық реттеудегі олқылықтар (НҚА арасындағы қарама-қайшылық) | |
| | | 1-ден 2-ге дейін | «+1» |
| | | 2-ден жоғары | «+2» |
| | | жұмысты ұйымдастырудағы кемшіліктердің саны | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | басқа ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау тетігінің болмауы және т.б) | 3-тен 5-ке дейін | «+1» |
| | | 5-тен жоғары | «+2» |
| Теріс балдардың жалпы сомасы | | | |
| Оң балдардың жалпы сомасы | | | |
| | | жақсы | |
| | | қанағаттанарлық | |
| Шекті балл – 100 балл. Есептеу үшін бағалау – 79 балл («жақсы» деген бағаның төменгі шегі), осы балдан теріс ба алынып тасталып, содан кейін оң балдар сомасы қосылады (олар болған жағдайда). | | | |

Ескертпелер:

1) 1.3-критерий бойынша, егер сәйкессіздік деректері бұзушылықтың бірдей фактісіне қатысты болса, онда басқа теріс балдар сомасы қосылмастан, ең жоғары балл ғана ескерілетін болады;

2) 2.3, 2.4, 2.6, 2.8, 2.9, 2.11-критерийлер бойынша, егер сәйкессіздік деректері бұзушылықтың бірдей фактісіне қатысты болса, онда басқа теріс балдар сомасы қосылмастан, ең жоғары балл ған ескерілетін болады;

3) 3.6-критерий бойынша егер сәйкессіздік деректері бұзушылықтың бірдей фактісіне қатысты болса, онда басқа теріс балдар сомасы қосылмастан, ең жоғары балл ғана ескерілетін болады;

4) 4.1, 4.3, 4.4-критерийлер бойынша, егер сәйкессіздік деректері бұзушылықтың бірдей фактісіне қатысты болса, онда басқа оң балдар сомасы қосылмастан, ең жоғары балл ғана ескерілетін болады;

5) 4.3-критерий бойынша құқықтық сүйемелдеуге жауапты құрылымдық бөлімше (қызметтік жазба арқылы) сапаны бақылауға жауапты құрылымдық бөлімшеге сапаны бақылауды өткізудің жалпы мерзімінен кешіктірмей, Есеп комитетінің бақылау қорытындысы бойынша отырысына дейін мәліметтерді жібереді.

** бақылау-талдамалық және талдамалық іс-шараларға алдын ала бағалау жүргізілмейді.*

Бақылау іс-шаралары материалдарының сапасына бақылау жүргізу әдістемесіне
11-қосымша

# Бақылау іс-шарасын постбақылаулық бағалаудың критерийлері

| № | Сапаны бақылау критерийлері | Көрсеткіш мәндерінің диапазоны | | Баллдар | Салмақтық коэффициент | Салмақ мәндег балмен бағалау |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | | 4 | 5 | 6 |
| | Бақылау іс-шарасының қорытындысы бойынша Қаулының (Ұсынымның) іске асырылуын бағалау: | | | | | |
| 2.1 | Қаулыны ( Ұсынымды) бақылаудан алу туралы қызметтік жазбаны дайындаудың уақтылылығы | Осы критерий бойынша Есеп комитеті мүшесінің қызметтік жазба дайындауының бақылау объектісінен ақпарат алған күннен бастап, МҚБ Қағидасында белгіленген мерзімдерінің сақталуы қаралады. Бағалау кезінде Есеп комитеті мүшесіне ақпарат түскен сәттен бастап, қызметтік жазбаның сараптама жүргізу үшін сапаны бақылауды жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшеге енгізілгенге дейінгі нақты мерзімі ескеріледі. Қаулының (Ұсынымның) жекелеген тармақтарының түрлі мерзімдерде орындалуы және оларды бақылаудан алу туралы қызметтік жазбалардың тиісінше ұсынылуы туралы ақпараттың түрлі мерзімдерде түсуін ескере отырып, осы көрсеткіш бойынша «+» белгісі бар баға қою арқылы уақтылы ұсынылған қызметтік жазбалардың олардың жалпы санына пайыздық арақатынасы есептеледі. | уақтылы ұсынылған қызметтік жазбалардың олардың жалпы санына шаққандағы пайыздық арақатынасы | | 0,10 | |
| | | | 90%-дан көп | 50 | | |
| | | | 71%-дан 90%-ға дейін қоса алғанда | 40 | | |
| | | | 51%-дан 70%-ға дейін қоса алғанда | 30 | | |
| | | | 50%-ға дейін қоса алғанда | 0 | | |
| | Бюджетке өтелген және/ | Осы критерий бойынша «+» белгісі бар балл қою арқылы Қаулының (Ұсынымның) тиісті тармағын бақылаудан | өндіріп алуға үмітсіз қаражат сомаларын ( болған жағдайда) есепке алмағанда, бюджетке нақты өтелген және/немесе қалпына келтірілген қаражаттың бюджетке өтелуге және/немесе | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2.2 | немесе қалпына келтірілген қаражаттың өтелуге және/немесе қалпына келтірілуге жататын жалпы сомаға шаққандағы үлес салмағы | алу туралы қызметтік жазбада міндетті түрде негіздей отырып, өндіріп алуға үмітсіз қаражат сомаларын (болған жағдайда) есепке алмағанда, бюджетке нақты өтелген және/немесе қалпына келтірілген қаражаттың бюджетке өтелуге және/немесе қалпына келтірілуге жататын жалпы сомаға пайыздық арақатынасы есептеледі. | қалпына келтірілуге жататын жалпы сомаға пайыздық арақатынасы | | 0,50 | |
| | | | 80%-дан көп | 100 | | |
| | | | 51%-дан 80%-ға дейін қоса алғанда | 80 | | |
| | | | 21%-дан 50%-ға дейін қоса алғанда | 60 | | |
| | | | 10%-дан 20%-ға дейін қоса алғанда | 40 | | |
| | | | 10%-ға дейін қоса алғанда | 0 | | |
| 2.3 | Қаулының (Ұсынымның) тармақтарын орындаудың уақтылылығы | Осы критерий бойынша «+» белгісі бар балл қою арқылы орындау мерзімін ұзарту фактілерін ескере отырып, тапсырмалардың жалпы санына шаққанда мерзімінде орындалған тапсырмалардың пайыздық арақатынасы есептеледі. | бағаланатын кезеңге орындау мерзімі келгенін ескере отырып, тапсырмалардың (ұсынымдардың) жалпы санына шаққанда мерзімінде орындалған тапсырмалардың пайыздық арақатынасы | | 0,20 | |
| | | | 90%-дан көп | 100 | | |
| | | | 71%-дан 90%-ға дейін қоса алғанда | 80 | | |
| | | | 51%-дан 70%-ға дейін қоса алғанда | 60 | | |
| | | | 50%-ға дейін қоса алғанда | 0 | | |
| 2.4 | Бақылаудан алу үшін Есеп комитеті Қаулысының (Ұсынымының) орындалуы туралы қызметтік | Осы критерий бойынша «+» белгісі бар балл қою арқылы Қаулының (Ұсынымның) | Қаулылардың (Ұсынымдардың) тармақтарын бақылаудан алудан бас тарту (жетілдіруге қайтару) фактілерінің пайыздық арақатынасы | | 0,15 | |
| | | | бас тартудың болмауы | 100 | | |
| | | | тармақтардың 10%-дан азын бақылаудан алудан бас тарту | 80 | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | жазбаны дайындаудың сапасы | тармақтарын бақылаудан алудан бас тарту (жетілдіруге қайтару) фактілері қаралады. | тармақтардың 10%-дан 30%-ға дейінгісін қоса алғанда, бақылаудан алудан бас тарту | 60 | | |
| | | | тармақтардың 30%-дан астамын қоса алғанда, бақылаудан алудан бас тарту | 0 | | |
| | Құқық қорғау органдарының бақылау | Осы критерий бойынша материалдарды процестік іс жүргізуге қабылдау ( қылмыстық іс қозғау, тергеуге дейінгі тексеру жүргізу, соның ішінде сараптама тағайындау, прокурорлық ден қою шараларын қабылдау) фактілері болған жағдайда, материалдарды процестік іс жүргізуге қабылдаудың әрбір фактісі үшін «+» белгісі бар 5 балл қойылады, бірақ олардың жалпы сомасы 50 балдан аспауы тиіс. Құқық қорғау органдары құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшенің қылмыс белгілерінің болмағаны туралы қорытынды берген бақылау материалдарын іс жүргізуге қабылдаудан бас тартқан жағдайда, оң бағасы бар балдардың тиісті саны нөлге теңестіріледі және материалдарды қараудан бас тартудың әрбір фактісі үшін «-» белгісі бар қосымша 5 балл қойылады, бірақ олардың жалпы сомасы 50 балдан аспауы тиіс. Құқық қорғау органдары бақылау материалдарын іс жүргізуге қабылдаудан бас тартқан өзге де жағдайларда, оң бағасы бар балдардың тиісті саны нөлге теңестіріледі. Процестік іс жүргізуді қозғау үшін құқық қорғау органдарына материалдарды жіберу фактілері болмаған кезде осы критерий постбақылаулық бағалаудың | материалдарды процестік іс жүргізуге қабылдаудың ( қылмыстық іс қозғау, тергеуге дейінгі тексеру жүргізу, соның ішінде сараптама тағайындау, прокурорлық ден қою шараларын қабылдау) әрбір фактісі үшін 5 балл қойылады, бірақ олардың жалпы сомасы 50 балдан аспауы тиіс | 5 | | |
| | | | құқық қорғау органдары құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшенің қылмыс белгілері жоқ екендігі туралы қорытынды берген бақылау материалдарын іс жүргізуге қабылдаудан бас тартқан жағдайда, оң бағасы бар балдардың тиісті саны нөлге теңестіріледі және материалдарды қараудан бас тартудың әрбір фактісі үшін «-» белгісі бар қосымша 5 балл қойылады, бірақ олардың жалпы сомасы 50 балдан аспауы тиіс | – 5 | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2.5 | бақылау материалдарын іс жүргізуге қабылдауы | жиынтық көрсеткішін есептеуде ескерілмейді. | | 0 | 0,10 | |
| | | | | 5 | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2.6 | Есеп комитеті Қаулыларының ( Ұсынымдарының ) іске асырылуын орындауды бақылау барысында бақылау объектілерінің лауазымды адамдарын әкімшілік жауаптылыққа тарту | Осы критерий бойынша Есеп комитетінің сот органдарына ( уәкілетті органдарға) оларға қатысты материалдар жіберген бақылау объектісінің лауазымды адамдарын әкімшілік жауаптылыққа тарту туралы соттың (уәкілетті органның) заңдық күшіне енген әрбір шешімі үшін «+» белгісі бар 5 балл қойылады, бірақ жалпы сомасы 50 балдан аспауы тиіс Құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімше әкімшілік құқықтық бұзушылықтар белгілерінің жоқ екендігі туралы қорытынды берген әкімшілік істердің материалдарын қараудың қорытындысы бойынша әкімшілік іс жүргізу материалдарын қараудан бас тартқан және/немесе әкімшілік жаза қолданудан бас тартқан жағдайда, оң бағасы бар балдардың тиісті саны нөлге теңестіріледі және материалдарды қараудан бас тартқан әрбір факті үшін «-» белгісі бар қосымша 5 балл қойылады, бірақ олардың жалпы сомасы 50 балдан аспауы тиіс. Әкімшілік істердің материалдарын қараудың қорытындысы бойынша әкімшілік іс жүргізу материалдарын қараудан бас тартудың және/немесе әкімшілік жаза қолданудан бас тартудың өзге де жағдайларында, оң бағасы бар балдардың тиісті саны нөлге теңестіріледі.<br>Егер бақылау объектісінің лауазымды адамдарын әкімшілік жауаптылыққа тартуға қатысты материалдарды жіберу туралы | Есеп комитеті сот органдарына (уәкілетті органдарға) оларға қатысты материалдар жіберген бақылау объектісінің лауазымды адамдарын әкімшілік жауаптылыққа тарту туралы соттың (уәкілетті органның) заңдық күшіне енген әрбір шешімі үшін « +» белгісі бар 5 балл қойылады, бірақ олардың жалпы сомасы 50 балдан аспауы тиіс | | 0,10 | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | шешім қабылданбаса, осы критерий постбақылаулық бағалаудың жиынтық көрсеткішін есептеуде ескерілмейді. | | 0 | | |
| | | | құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімше әкімшілік құқық бұзушылық белгілерінің жоқ екендігі туралы қорытынды берген материалдарды қараудан бас тартқан жағдайда, оң бағасы бар балдардың тиісті саны нөлге теңестіріледі, «-» белгісі бар қосымша 5 балдан қойылады, бірақ олардың жалпы сомасы 50 балдан аспауы тиіс | –5 | | |
| | Жеткілікті дәрежеде негізделген | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2.7 | тұжырымдар мен ұсынымдар фактілерінің анықталуына байланысты, Қаулының (Ұсынымның) тармақтарын бақылаудан алу фактілерінің болуы | Қаулылардың (Ұсынымдардың) тармақтары нақты орындалмастан, олар бақылаудан алынған жағдайда, жеткілікті дәрежеде негізделген тұжырымдар мен ұсынымдар фактілерінің анықталуына байланысты, «–» белгісі бар 50 балл қойылады. | тапсырмалардың жалпы санына шаққанда дұрыс емес тұжырымдар мен ұсынымдар фактілерінің анықталуына байланысты, тапсырмалар нақты орындалмастан, оларды бақылаудан алу фактісінің болуы | –50 | 0,25 | |
| 2.8 | Есеп комитеті Қаулысының (Ұсынымдарының) шешімдерін орындау жөніндегі ақпаратты бақылау объектісі уақтылы ұсынбаған жағдайда, бақылау объектісіне әкімшілік жауаптылық туралы ескертудің уақтылы жіберілуі | Бақылау объектісіне ЭҚАБЖ арқылы (болған жағдайда) және қағаз түрінде ӘҚтК-де көзделген әкімшілік жауаптылық туралы ескерту уақтылы жіберілмеген, Есеп комитеті Қаулысының (Ұсынымдарының) шешімдерін орындау жөніндегі ақпаратты бақылау объектісі уақтылы ұсынбаған жағдайда, «–» белгісі бар «10» балл қойылады. Жоғарыда аталған ескерту болмаған жағдайда, «–» белгісі бар «20» балл қойылады. | уақтылы жіберілмеуі<br>ескертудің жіберілмеуі | –10<br>–20 | 0,25 | |
| 2.9 | Бақылау объектісі Қаулылардың (Ұсынымдардың) шешімдерін тиісінше орындамаған жағдайда, Есеп комитеті мүшесінің қызметтік жазбасының бар-жоғы | Есеп комитетінің мүшесі Есеп комитеті Төрағасының атына бақылау объектісіне әкімшілік ықпал ету шараларын қолдану туралы қызметтік жазбаны уақтылы жібермеген, сондай-ақ бақылау объектісі Қаулының (Ұсынымның) тармағын көрсетілген мерзімде орындамаған жағдайларда, Қаулының (ұсынымның) орындалмаған тармақтарының үлес салмағына қарай балдар қойылады.<br>Бақылау объектісінің лауазымды адамдарын әкімшілік жауаптылыққа тарту туралы қызметтік жазба ұсынылмаған жағдайда, «–» | қаулылардың орындалмаған тармақтарының жалпы санына шаққанда уақтылы жіберілген қызметтік жазбалардың пайыздық арақатынасы | | 0,25 | |
| | | | қаулылардың орындалмаған тармақтарының 10%-дан азын уақтылы жібермеу | –10 | | |
| | | | қаулылардың орындалмаған тармақтарының 10%-дан 30%-ға дейінгісін уақтылы жібермеу | –20 | | |
| | | | қаулылардың орындалмаған тармақтарының 30%-дан | –30 | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | белгісі бар «50» балл қойылады. | астамын уақтылы жібермеу | | | |
| | | | қызметтік жазбаның болмауы | –50 | | |

Бақылау іс-шаралары материалдарының сапасына бақылау жүргізу әдістемесіне 12-қосымша

## Бағалау парағы

| № | Сапаны бақылау критерийлері | Көрсеткіш мәндерінің диапазоны | Баллдар | Салмақтық коэффициент | Салмақ мәндег балмен бағалау |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. Алдын ала бағалау | | | | | |
| 2. Бақылау іс-шарасының қорытындысы бойынша Қаулының (Ұсынымның) орындалуын бағалау: | | | | | |
| 2.1 | Қаулыны (Ұсынымды) бақылаудан алу туралы қызметтік жазбаны дайындаудың уақтылылығы | уақтылы ұсынылған қызметтік жазбалардың олардың жалпы санына шаққандағы пайыздық арақатынасы | | 0,10 | |
| | | 90%-дан астам | 50 | | |
| | | 71%-дан 90%-ға дейін қоса алғанда | 40 | | |
| | | 51%-дан 70%-ға дейін қоса алғанда | 30 | | |
| | | 50%-ға дейін қоса алғанда | 0 | | |
| 2.2 | Бюджетке өтелген және/немесе қалпына келтірілген қаражаттың өтелуге және/немесе | өндіріп алуға үмітсіз қаражат сомаларын (болған жағдайда) есепке алмағанда, бюджетке нақты өтелген және/немесе қалпына келтірілген қаражаттың бюджетке өтелуге және/немесе қалпына келтірілуге жататын жалпы сомаға пайыздық арақатынасы | | 0,50 | |
| | | 80%-дан көп | 100 | | |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қалпына келтірілуге жататын жалпы сомаға шаққандағы үлес салмағы | 51%-дан 80%-ға дейін қоса алғанда | 80 | | |
| | | 21%-дан 50%-ға дейін қоса алғанда | 60 | | |
| | | 10%-дан 20%-ға дейін қоса алғанда | 40 | | |
| | | 10%-ға дейін қоса алғанда | 0 | | |
| 2.3 | Қаулының (Ұсынымның) тармақтарын орындаудың уақтылылығы | бағаланатын кезеңге орындау мерзімі келгенін ескере отырып, тапсырмалардың (ұсынымдардың) жалпы санына шаққанда мерзімінде орындалған тапсырмалардың пайыздық арақатынасы | | 0,20 | |
| | | 90%-дан көп | 100 | | |
| | | 71%-дан 90%-ға дейін қоса алғанда | 80 | | |
| | | 51%-дан 70%-ға дейін қоса алғанда | 60 | | |
| | | 50%-ға дейін қоса алғанда | 0 | | |
| 2.4 | Бақылаудан алу үшін Есеп комитеті Қаулысының (Ұсынымының) орындалуы туралы қызметтік жазбаны дайындаудың сапасы | Қаулылардың (Ұсынымдардың) тармақтарын бақылаудан алудан бас тарту (жетілдіруге қайтару) фактілерінің пайыздық арақатынасы | | 0,15 | |
| | | бас тартудың болмауы | 100 | | |
| | | тармақтардың 10%-дан азын бақылаудан алудан бас тарту | 80 | | |
| | | тармақтардың 10%-дан 30%-ға дейінгісін қоса алғанда, бақылаудан алудан бас тарту | 60 | | |
| | | тармақтардың 30%-дан астамын қоса алғанда, бақылаудан алудан бас тарту | 0 | | |
| | | материалдарды процестік іс жүргізуге қабылдаудың (қылмыстық іс қозғау, тергеуге дейінгі тексеру жүргізу, соның ішінде сараптама тағайындау, прокурорлық ден қою шараларын қабылдау) әрбір фактісі үшін 5 балл қойылады, бірақ 50 балдан аспауы тиіс | 5 | | |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 2.5 | Құқық қорғау органдарының бақылау материалдарын іс жүргізуге қабылдауы | құқық қорғау органдары құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшенің қылмыс белгілерінің болмағаны туралы қорытынды берген бақылау материалдарын іс жүргізуге қабылдаудан бас тартқан жағдайда, оң бағасы бар балдардың тиісті саны нөлге теңестіріледі және материалдарды қараудан бас тартудың әрбір фактісі үшін «-» белгісі бар қосымша 5 балл қойылады, бірақ олардың жалпы сомасы 50 балдан аспауы тиіс | –5 | 0,10 | |
| | | бас тартудың өзге де жағдайларында, оң бағасы бар балдардың тиісті саны нөлге теңестіріледі | 0 | | |
| 2.6 | Есеп комитеті Қаулыларының ( Ұсынымдарының) іске асырылуын орындауды бақылау барысында бақылау объектілерінің лауазымды адамдарын әкімшілік жауаптылыққа тарту | Есеп комитеті сот органдарына (уәкілетті органдарға) оларға қатысты материалдар жіберген бақылау объектісінің лауазымды адамдарын әкімшілік жауаптылыққа тарту туралы соттың (уәкілетті органның) заңдық күшіне енген әрбір шешімі үшін «+» белгісі бар 5 балл қойылады, бірақ жалпы сомасы 50 балдан аспауы тиіс | 5 | 0,10 | |
| | | құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімше қылмыс белгілерінің жоқ екендігі туралы қорытынды берген материалдардарды қараудан бас тартқан жағдайда, оң бағасы бар балдардың тиісті саны нөлге теңестіріледі, «-» белгісі бар қосымша 5 балдан қойылады, бірақ олардың жалпы сомасы 50 балдан аспауы тиіс | –5 | | |
| | | бас тартудың өзге де жағдайларында, оң бағасы бар балдардың тиісті саны нөлге теңестіріледі | 0 | | |
| 2.7 | Жеткілікті дәрежеде негізделген тұжырымдар мен ұсынымдар фактілерінің анықталуына байланысты, Қаулының (Ұсынымның) тармақтарын бақылаудан алу фактілерінің бар болуы | тапсырмалардың жалпы санына шаққанда дұрыс емес тұжырымдар мен ұсынымдар фактілерінің анықталуына байланысты, тапсырмалар нақты орындалмастан, оларды бақылаудан алу фактісінің бар болуы | –50 | 0,25 | |
| | Есеп комитеті Қаулысының ( Ұсынымдарының) | уақтылы жіберілмеуі | –10 | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 2.8 | шешімдерін орындау жөніндегі ақпаратты бақылау объектісі уақтылы ұсынбаған жағдайда, бақылау объектісіне әкімшілік жауаптылық туралы ескертудің уақтылы жіберілуі | | | 0,25 | |
| | | ескертудің жіберілмеуі | – 20 | | |
| 2.9 | Бақылау объектісі Қаулылардың ( Ұсынымдардың) шешімдерін тиісінше орындамаған жағдайда, Есеп комитеті мүшесінің қызметтік жазбасының бар болуы | қаулылардың орындалмаған тармақтарының жалпы санына шаққанда уақтылы жіберілген қызметтік жазбалардың пайыздық арақатынасы: | | 0,25 | |
| | | | | | |
| | | қаулылардың орындалмаған тармақтарының 10%-дан азын уақтылы жібермеу | –10 | | |
| | | қаулылардың орындалмаған тармақтарының 10%-дан 30%-ға дейінгісін уақтылы жібермеу | –20 | | |
| | | қаулылардың орындалмаған тармақтарының 30%-дан астамын уақтылы жібермеу | –30 | | |
| | | қызметтік жазбаның болмауы | –50 | | |
| 3. | Қорытынды баға: 3-бет = (1-бет *0,7+ 2-бет*0,3) : | | | | |

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2013 жылғы 16 сәуірдегі № 3-НП нормативтік қаулысына 2-қосымша

## Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссияларының сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды жүргізу қағидасы

## 1. Жалпы ережелер

1. Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссияларының сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды жүргізу қағидасы ( бұдан әрі – Қағида) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің (бұдан әрі – Бюджет кодексі) 141-бабының 19) тармақшасына , «Мемлекеттік қаржылық бақылау стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – Стандарттар) Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 7 сәуірдегі № 788 Жарлығына, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2011 жылғы 12 тамыздағы № 1-НП нормативтік қаулысымен бекітілген Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссиялары туралы үлгі ережеге (бұдан әрі – Тексеру комиссиялары) сәйкес әзірленді.

2. Қағида бақылау қызметін жоспарлау, бақылауға дайындалу, бақылауды жүргізу, бақылаудың қорытындысы бойынша есептерді ресімдеу, шешімдердің орындалуын мониторингілеуді және бақылауды ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

3. Осы Қағидада мынадай анықтамалар пайдаланылады:

1) сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылау – тиісті мәслихаттарға есептер ұсына отырып, Тексеру комиссиясы жүзеге асыратын жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау (бұдан әрі – бақылау);

2) сәйкестікке бақылау жасау – бақылау объектісі қызметінің Қазақстан Республикасының бюджет және өзге де заңнамасының талаптарына сәйкестігін бағалау;

3) қаржылық есептілікті бақылау – бақылау объектісінің қаржылық есептілікті жасауының және табыс етуінің анықтығын, негізділігін және уақтылығын бағалау;

4) тиімділікті бақылау – сәйкестікке бақылау жасау және қаржылық есептілікті бақылау негізінде жүргізілетін бағалау, мемлекеттік, салалық және бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуын, көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді, байланысты гранттарды, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, мемлекет кепілгерліктері мен активтерін пайдалануды бағалау, сондай-ақ мемлекеттік орган және квазимемлекеттік сектор субъектілері қызметінің экономиканың немесе жеке алғанда экономика саласының, әлеуметтік саланың, мемлекеттік басқарудың басқа да салаларының дамуына тигізетін әсерін кешенді және объективті талдау;

5) кешенді бақылау – бақылау объектілерінің нақты кезеңдегі қызметін барлық мәселелер бойынша бақылау және бағалау;

6) тақырыптық бақылау – бақылау объектісінің нақты кезеңдегі қызметін жекелеген мәселелер бойынша бақылау және бағалау;

7) үстеме бақылау – тексеріліп отырған мәселе шеңберінде бақылаудың

негізгі объектісімен өзара қатынастары мәселелері бойынша ғана жүргізілетін үшінші тұлғаларды бақылау;

8) бірлескен бақылау – мемлекеттік қаржылық бақылау органдары келісілген мерзімде басқа мемлекеттік органдармен бірлесіп жүргізетін бақылау;

9) қосарлас бақылау – мемлекеттік қаржылық бақылау органдары кейіннен олардың нәтижелерімен алмаса отырып, келісілген мәселелер мен жүргізу мерзімдері бойынша өз бетінше жүргізетін бақылау;

10) бақылаушы – лауазымдық міндеттеріне бақылауды жүзеге асыру кіретін Тексеру комиссиясының қызметкері;

11) бақылау іс-шарасы – бақылауға дайындалуға, бақылауды жүргізуге және бақылаудың қорытындысы бойынша есептерді ресімдеуге бағытталған іс-қимылдар кешені;

12) талдамалық іс-шара – жекелеген экономикалық және әлеуметтік процестерді ашуға бағытталған талдау, талдамалық зерттеу, мониторинг, бағалау және сараптама жүргізуге байланысты іс-қимылдар кешені;

13) бақылау-талдамалық іс-шара бақылау және талдамалық іс-шаралар жүргізу кезінде көзделген іс-қимылдар мен рәсімдер кешені;

14) бақылау іс-шарасына дайындалу принциптері:

кешенділік – бақылау объектісін алдын ала зерделеуден бастап, бақылау бағдарламасын жасағанға дейінгі барлық кезеңдердің өзара байланыстылығы және келісілуі;

үздіксіздік – бақылауды жүзеге асыратын Тексеру комиссиясының қызметкерлеріне, мемлекеттік органдардың, аудиторлық ұйымдардың мамандарына және сарапшыларға бақылаудың кезеңдері мен мерзімдері бойынша өзара байланысты тапсырмаларды белгілеу;

оңтайлылық – бақылаудың түпкілікті мақсатына ең аз шығын жұмсай отырып қол жеткізу үшін бақылау бағдарламасының неғұрлым орынды нұсқасын таңдау;

атаулылық – бақылау объектілерінің өңірлік орналасуын қоса алғанда, оларды нақты таңдау.

15) Тексеру комиссиясының қаулысы – бақылау нәтижелерін растайтын және ол арналған барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар мен лауазымды адамдар орындауға міндетті шешімдерді қамтитын құжат (бұдан әрі – Қаулы);

16) бақылаудың нәтижесі бойынша қорытынды – бақылау актілерінің және (немесе) аудиторлық есептердің негізінде жасалатын Тексеру комиссиясының құжаты (бұдан әрі – Қорытынды);

17) ұсыным – мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының анықталған бұзушылықтарды және жұмыстағы кемшіліктерді жою үшін бақылау объектілеріне және басқа да мүдделі тұлғаларға жіберетін орындалуға міндетті құжаты (бұдан әрі – Ұсыным);

18) сапаны бақылау – бақылау іс-шаралары материалдарының сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылау саласындағы заңнаманың белгіленген талаптарына сәйкестігін тексеру және талдау;

19) постбақылау – Тексеру комиссиясы шешімдерінің (Қаулыларының (Ұсынымдарының)) орындалуын бақылау.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

4. Сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылау мемлекеттік басқару жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады, бюджетті атқарудың және мемлекет активтерін пайдаланудың айқындығын, тиімділігін, жауапкершілігін арттыруға бағытталған.

5. Бюджет кодексінің 136-бабы 3-1-тармағына сәйкес Тексеру комиссиясының қызметкерлерін мемлекеттік органдардың сұрауы бойынша оның жұмыс жоспарларында көзделмеген тексеру жүргізу үшін тартуға жол берілмейді.

6. Бақылау Тексеру комиссиясының жылдық және тоқсандық жұмыс жоспарлары негізінде жүргізіледі.

7. Бақылау іс-шарасын жүргізуге тікелей басшылықты Тексеру комиссиясының бақылауды жүргізуге жауапты мүшесі жұмыстың бекітілген бағыттары бойынша (соның ішінде бақылау мәселелерінің қамтылу толықтығын бақылауды жүзеге асыру, бақылаушылардың жұмыс бағыттарын түзету) жүзеге асырады.

8. Бақылау тобының құрамы бақылау іс-шарасын жүргізуге қатысатын Тексеру комиссиясының қызметкерлерін – бақылау тобының жетекшісі мен бақылаушыларды, және қажет болғанда, мемлекеттік органдардың мамандарын, аудиторлық ұйымдардың қызметкерлерін және (немесе) сарапшыларды қамтиды. Бірлескен бақылауды жүргізу кезінде бақылау тобының құрамына басқа мемлекеттік органдардың қызметкерлері енгізіледі.

9. Тексеру комиссиясының қызметкерлері бақылау жүргізу кезінде Бюджет кодексінде белгіленген құзыретіне сүйене отырып, осы Қағиданы басшылыққа алады.

10. Бақылау жүргізуге тартылатын мемлекеттік органдардың (келісім бойынша), аудиторлық ұйымдардың мамандары және сарапшылар осы Қағиданы басшылыққа алады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасының 14.08.2014 № 3-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа

енгізіледі) қаулысымен.

11. Бақылау мынадай үлгілерге бөлінеді:

1) сәйкестікке бақылау жасау;

2) қаржылық есептілікті бақылау;

3) тиімділікті бақылау.

12. Тексеру комиссиясы өз өкілеттігі шегінде кешенді, тақырыптық, үстеме, бірлескен, қосарлас бақылау түрлерін жүзеге асырады.

13. Бақылау жергілікті бюджеттің атқарылуын, бюджеттік бағдарламалардың, аумақтарды дамыту бағдарламаларының іске асырылуын, бюджет процесіне қатысушылардың, сондай-ақ басқа да бюджет қаражатын алушылардың, байланысты гранттарды, мемлекет активтерін, жергілікті атқарушы органдардың қарыздарын, бюджеттік инвестицияларды пайдаланатын жеке және заңды тұлғалардың (бұдан әрі – бақылау объектілері) оларды жоспарлауға, қалыптастыруға, бөлуге, пайдалануға байланысты заңнамалардың нормаларын сақтауын мониторингтеу, салыстыру, бағалау және талдау жүйесі қолданыла отырып жүргізіледі.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 10.12.2014 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейінгі күні қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

14. Тексеру комиссиясы бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды, кемшіліктерді талдау, қорыту және жүйелендіруді жүзеге асырады.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

## 2. Тексеру комиссиясының бақылау қызметін жоспарлау

15. Тексеру комиссиясының бақылау қызметін жоспарлау бақылау объектілерінің заңнама нормаларын, соның ішінде бюджет қаражатын, мемлекет пен квазимемлекеттік сектор активтерін жоспарлауға, қалыптастыруға, бөлуге, пайдалануға байланысты бұзушылықтарды анықтау, жою және оларға жол бермеу мақсатында Бюджет кодексінде көзделген өзінің өкілеттіктерін іске асыру үшін жүргізіледі.

16. Жоспарлау мынадай принциптерге сәйкес:

1) жоспарлаудың кешенділігі (қызметтің заң жүзінде белгіленген барлық міндеттерін, түрлері мен бағыттарын жоспарлаумен қамту);

2) жоспарлаудың үздіксіздігі;
3) ресурстарды бөлудің теңгерімділігі;
4) бақылау объектілерінде бақылау іс-шараларын жүргізудің мерзімділігі принциптеріне сәйкес жүйелі тәсілге негізделеді.

17. Тексеру комиссиясының бақылау іс-шараларының жылдық (тоқсандық) жоспары (бұдан әрі – жылдық жоспар) бақылау объектілерін қайталауды болдырмау мақсатында тексеру комиссиясының перспективалық жұмыс жоспарын, мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының өзара іс-қимылын ескере отырып, кезекті жылға арналған бақылау іс-шараларын сапалы және тиімді жоспарлау үшін қалыптастырылады.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасының 14.08.2014 № 3-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

18. Жылдық жоспарды қалыптастыру үшін жоспарлауға жауапты құрылымдық бөлімше жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың деректері негізінде бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінен (бұдан әрі – ББӘ) бастап, бюджет қаражатын түпкі алушыларға дейінгі бюджет қаражатын пайдаланудың бірізділігін көрсететін бақылау объектілері жөніндегі деректер базасын 1 қыркүйектен кешіктірмей қалыптастырады.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасының 14.08.2014 № 3-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

19. Деректер базасы мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының бұрын жүргізген бақылау іс-шараларының нәтижелерін көрсете отырып, ағымдағы, күрделі шығындардың түрлері бойынша жергілікті атқарушы органдардың және басқа да бюджет қаражатын алушылардың, салықтық, салықтық емес түсімдердің, негізгі капиталды сатудан түскен түсімдердің, мемлекет және квазимемлекеттік сектор активтерінің бөлінісінде ББӘ, бюджеттік бағдарламалар жөніндегі ақпаратты қамтиды және бағдарламалық құжаттардың (аумақтарды дамыту бағдарламаларының) және инвестициялық жобалардың іске асырылуын көрсетеді.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

20. Жоспарлауға жауапты құрылымдық бөлімше жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың 1 қыркүйегінен кешіктірмей, бақылау объектілерінің (ББӘ)

деректер базасы негізінде осы Қағидаға 1-қосымшаға сай нысан бойынша облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бақылау объектілері ( жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілері) бойынша ақпараттық деректер базасын (бұдан әрі – ақпараттық база) қалыптастырады.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

21. Жылдық жоспарды қалыптастыру үшін Тексеру комиссиясының мүшелері жоспарлауға жауапты құрылымдық бөлімше 1 қыркүйектен кешіктірмей ұсынатын тәуекелдерді бағалау жүйесін ескере отырып, ақпараттық базаның деректері және қосымша көздерден алынған деректер негізінде жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың 1 қазанынан кешіктірмей жылдық жоспар жобасына өздерінің ұсыныстарын бақылау іс-шарасын жүргізуге өтінім түрінде осы Қағидаға 2-қосымшаға сай нысан бойынша дайындайды.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасының 14.08.2014 № 3-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

22. Тексеру комиссиясының мүшелері өтінімдерді жасау кезінде бақылау іс-шарасының атауын, бақылау объектілерін және бақылаумен қамтылатын қаражат көлемін, өздерінің бағыттары бойынша бақылаудың үлгілері мен түрлерін, сондай-ақ бақылаушылардың қажетті санын ескере отырып, аудиторлық компанияларды және сарапшыларды тартудың қажеттілігін айқындайды. Кезекті жылға арналған жылдық жоспар осы Қағидаға 3-қосымшаға сай нысан бойынша қалыптастырылады.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасының 14.08.2014 № 3-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

23. Тексеру комиссиясының мүшелері жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың 1 желтоқсанына дейін Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетімен (бұдан әрі – Есеп комитеті) және басқа мемлекеттік органдармен жүзеге асырылатын кешенді, қосарлас, бірлескен бақылау жүргізу мәселелерін өздерінің жылдық жоспарының жобасына енгізу үшін келіседі.

24. Жылдық жоспардың келісілген жобасы жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың 20 желтоқсанына дейін Тексеру комиссиясының отырысында қаралып мақұлданады.

25. Жылдық жоспарды бекіту туралы бұйрық қол қойылған күнінен бастап

бір жұмыс күні ішінде тіркелуге, бақылауға қойылуға және Тексеру комиссиясының Интернет-ресурсына орналастырылуға жатады.

Бұйрық тіркелген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі (бұдан әрі – ЭҚАБЖ) арқылы және (немесе) жазбаша түрде почтамен Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген ішкі бақылау жөніндегі органның (бұдан әрі – ҚБК) аумақтық бөлімшелеріне, Есеп комитетіне, құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органға – бекітілген жылдық жоспарды және осы Қағидаға 3-1-қосымшаға сай нысан бойынша қалыптастырылған, Кезекті жылы бақылау жүргізілуі жоспарланған бақылау объектілері мен бюджеттік бағдарламалардың тізбесін, ал жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне және аудандардың, облыстық маңызы бар қаланың (қалалардың) әкімдеріне – жылдық жоспардың өздеріне қатысты бөлігіндегі үзіндіні жіберу жүзеге асырылады.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

26. Жоспарлауға жауапты құрылымдық бөлімше Тексеру комиссиясының бекітілген жылдық жоспарының орындалуына тұрақты негізде мониторинг жүргізеді.

27. Жоспарлауға (ұйымдастырушылық жұмысқа) жауапты құрылымдық бөлімше жылдық жоспар бекітілгеннен кейін бес жұмыс күні ішінде тоқсан сайын нақтыланып отыратын бақылау іс-шараларының аяқталуын ескере отырып, отырыстар өткізудің жылдық кестесін қалыптастырады.

28. Тиісті мәслихаттың ұсыныстары бойынша немесе Тексеру комиссиясы Төрағасының шешімі бойынша осы Қағидаға 2-қосымшада көзделген нысан бойынша өзектендірілген өтінім және өзгерістер мен толықтырулар енгізудің негізділігін растайтын құжаттар (материалдар) қоса берілген Тексеру комиссиясы мүшесінің қызметтік жазбасы негізінде жылдық жоспарға өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасының 14.08.2014 № 3-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

28-1. Тексеру комиссиясының бақылау іс-шараларының тоқсандық жоспары тиісті кезең басталғанға дейін күнтізбелік үш күннен кешіктірілмей, ЭҚАБЖ арқылы және қағаз түрінде құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органға жіберіледі және Тексеру комиссиясының интернет-ресурсына орналастырылады.

Тексеру комиссиясының бақылау іс-шараларының тоқсандық жоспарына өзгерістер енгізілген жағдайда, өзгертілген тоқсандық жоспар тиісті бұйрыққа қол қойылғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде ЭҚАБЖ арқылы және қағаз түрінде құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органға жіберіліп, Тексеру комиссиясының интернет-ресурсына орналастырылады.

Ескерту. 28-1-тармақпен толықтырылды - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

## 3. Бақылауға дайындалу 1-параграф. Жалпы ережелер

29. Бақылау жүргізуге дайындалу бақылау іс-шарасының бастапқы кезеңі болып табылады, онда бақылау объектісін алдын-ала зерделеу және бақылау жүргізу жоспарын (бұдан әрі – Бақылау жоспары), бақылау жүргізу бағдарламасын (бұдан әрі – Бақылау бағдарламасы), бақылау жүргізуге тапсырманы (бұдан әрі – Тапсырма), бақылау жүргізудің жұмыс жоспарларын (бұдан әрі – Жұмыс жоспарлары) жасау жүзеге асырылады.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

29-1. Бақылау іс-шараларының қайталануын болдырмау мақсатында, жоспарлауға жауапты құрылымдық бөлімше ҚБК-нің аумақтық бөлімшелерінің бақылау іс-шаралары жоспарларына өзгерістерге тоқсан сайынғы негізде мониторинг жүргізеді.

Ескерту. 29-1-тармақпен толықтырылды - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

30. Бақылау іс-шарасына дайындалу кезінде кешенділік, үздіксіздік, оңтайлылық, атаулылық принциптерін басшылыққа алған жөн.

## 2-параграф. Бақылау объектісін алдын ала зерделеу

31. Бақылау объектілерін алдын ала зерделеу бақылау объектілеріне бармай, Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын қорғау жөніндегі заңнамаға сәйкес жүзеге асырылатын тексерулерді қоспағанда, олардың қызметі туралы бақылаудың үлгісін, түрі мен объектілерін, бақылаумен қамтылатын

қаражат пен активтер көлемін, бақылау жүргізу мерзімін нақтылауға, бақылау мәселелерін айқындауға, соның ішінде осы Қағидаға 1-1-қосымшада көзделген деректерді өзекті етуге қажетті ақпаратты жинау және талдау жолымен жүргізіледі. Тиімділікті бақылау жүргізілген жағдайда, үнемділікті, тиімділік пен нәтижелілікті бағалаудың тиісті критерийлері әзірленеді.

Тексеру комиссиясының бақылау іс-шарасын жүргізуге жауапты мүшесінің қолы қойылған Тапсырманың болуы алдын ала зерделеу жүргізуге негіз болып табылады.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

31-1. Алдын ала зерделеу жүргізу туралы хабарлама «Тексерудің тағайындалғаны туралы актілерді, тексеруді тоқтата тұру, қайта бастау, оның мерзімдерін ұзарту туралы, қатысушылар құрамын өзгерту және тексеру мен оның нәтижелері туралы ақпараттық есептік құжаттарды ұсыну туралы хабарламаларды тіркеу қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2015 жылғы 29 мамырдағы № 67 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11564 тіркелді) (бұдан әрі – № 67 Бұйрық) сәйкес, құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органға жіберіледі.

Алдын ала зерделеудің нәтижесі бойынша хабарлама талоны толтырылады, онда құжаттар мен ақпаратты ұсыну туралы бақылау объектілеріне жіберілген сұрау салулар саны көрсетіледі.

Ескерту. 31-1-тармақпен толықтырылды - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

32. Бақылау объектісін алдын ала зерделеу барысында жоспарланған бақылауды жүргізуге қажетті ақпарат көздері айқындалады.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

33. Бақылау тобы бақылау объектісінің қызметін алдын ала зерделеуді бақылау жүргізу басталғанға дейін кемінде екі жұмыс күні бұрын аяқтай отырып, жылдық жоспарда көзделген мерзімде жүргізеді.

Бақылау тобы қолжетімді дереккөздерден ақпарат жинауды және бақылау объектілерін алдын ала зерделеу үшін бақылаудың үлгісіне, түріне және

мақсаттарына сәйкес, осы Қағидаға 4-қосымшаға сай бақылау объектілері қызметін алдын ала зерделеу барысында зерделенетін мәселелердің үлгі тізбесіне сәйкес және осы Қағидаға 5-қосымшаға сай нысан бойынша құжаттар мен ақпаратты сұрау салуларды бақылау объектілеріне жіберуді жүзеге асырады.

Мәлімет алу мақсатында, Тексеру комиссиясының бақылауға жауапты мүшесі бақылау тобымен бірге құпиялылық режимінің, қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияның сақталуын ескере отырып, бақылау объектісіне қатысты ақпаратқа ие мемлекеттік органдарға, жеке және заңды тұлғаларға сұрау салулар дайындайды.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

34. Алып тасталды - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

35. Қолдағы бар және бақылау объектісін алдын ала зерделеу барысында алынған деректерге жүргізілген зерделеу мен талдауға сәйкес:

1) бақылаудың үлгісі, түрі мен объектілері нақтыланады;

2) бақылау объектілері – бақылаушылар арасында, кешенді, бірлескен және қосарлас бақылауды жүргізген жағдайда, мемлекеттік органдар мен қаржылық бақылау органдары арасында бөлінеді;

3) үстеме бақылаудың объектілері айқындалады;

4) бақылау жүргізуге тартылатын мемлекеттік органдардың мамандары, сарапшылар мен аудиторлық компаниялар және бақылаудың соларға тапсырылуы жоспарланған нақты мәселелері айқындалады;

5) режимдік объектілерде бақылау жүргізген жағдайда, рұқсат алу мәселелері пысықталады;

6) бақылау объектісі басшысының міндеттерін атқару жөніндегі талапқа қосу мақсатында, бақылауды жүзеге асыру үшін құжаттардың және басқа да ақпараттың тізбесі жасалады;

7) бақылау тобының жетекшісі (бақылаушы) бақылау объектілерін алдын ала зерделеудің нәтижелері туралы ақпаратты осы Қағидаға 6-қосымшаға сай нысан бойынша жасайды.

36. Бақылау объектілерінде бақылауды жүзеге асырудың орынсыздығы ( елеулі тәуекелдердің болмауы, басқа мемлекеттік қаржылық бақылау органының бақылау жүргізгені, құқық қорғау органдарының құқық белгілеуші және өзге де бастапқы құжаттарды алып қойғаны және басқалар) немесе бақылаудың үлгілері

мен түрлері, бақылаумен қамтылатын қаражаттың және (немесе) активтердің көлемі бойынша өзгерістер енгізудің қажеттілігі анықталған жағдайда, Тексеру комиссиясының бақылауға жауапты мүшесі бақылаудың үлгісі мен түрін, бақылаумен қамтылатын қаражаттың және (немесе) активтердің көлемін, сондай-ақ бақылау объектілерінің тізбесін өзгертуді негіздей отырып, немесе бақылау мерзімдерін ауыстыру не аталған бақылау іс-шарасын Тексеру комиссиясының жылдық жоспарынан алып тастау туралы қызметтік жазба дайындайды және оны Тексеру комиссиясы Төрағасының карауына ұсынады. Өзгерістер енгізу туралы немесе Тексеру комиссиясының жылдық жоспарынан бақылау іс-шарасын алып тастау туралы шешімді Тексеру комиссиясының Төрағасы қабылдайды.

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

## 3-параграф. Бақылау жоспарын, Бақылау бағдарламасын, Жұмыс жоспарын және Тапсырмаларды жасау

37. Бақылау объектісін алдын ала зерделеу негізінде Бақылау жоспары, Бақылау бағдарламасы, Жұмыс жоспарлары жасалады.

38. Бақылауға шыққанға дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей:

1) бақылау тобының жетекшісі (бақылаушы) бақылау объектілері бойынша жасап, ішкі келісу рәсімдерінен өткен соң Тексеру комиссиясының бақылауға жауапты мүшесі қол қойған Бақылау жоспарының жобасы Тексеру комиссиясының Төрағасына бекітуге енгізіледі;

2) Тексеру комиссиясының бақылауға жауапты мүшесі бақылау тобының қатысушысы (бақылаушы) бақылау объектілері бойынша жасап, бақылау тобының жетекшісі (бақылаушы) жинақтаған және қол қойған Бақылау бағдарламасын ішкі келісу рәсімдерінен өткен соң бекітеді;

3) Тексеру комиссиясының бақылауға жауапты мүшесі бақылау тобының әрбір қатысушысына (бақылаушыға) жеке-жеке жасалып, бақылау тобының жетекшісі, бақылаушы қол қойған жұмыс жоспарын ішкі келісу рәсімдерінен өткен соң бекітеді;

4) Тексеру комиссиясының бақылауға жауапты мүшесі бақылау тобының қатысушысы (бақылаушы) жасаған тапсырманы ішкі келісу рәсімдерінен өткен соң бекітеді;

5) Тексеру комиссиясының Төрағасы кадр қызметінің қызметкерлері жасаған бұйрықтарға ішкі келісу рәсімдерінен өткен соң қол қояды.

39. Осы Қағиданың 38-тармағында көрсетілген құжаттарға қол қойылғаннан кейін Бақылау жоспары, Бақылау бағдарламасы, Жұмыс жоспарлары және Тапсырмалар ЭҚАБЖ-да бір тіркеу нөмірімен тіркеледі.

Күнтізбелік жылдың бас кезінен мынадай мәндері көрсетіле отырып, тіркеу нөмірлері беріледі

N-ААЗ – алдын ала зерделеу жүргізуге тапсырма;

N-ҚТ – қайта тексеруге тапсырма;

N-ПБ – постбақылауға тапсырма;

N-Ж – жоспар;

N-Б – бағдарлама;

N-ЖЖ – жұмыс жоспарлары. Бір бақылау іс-шарасының жұмыс жоспарларына ортақ нөмір беріледі;

N-П-Т – тапсырма, мұнда N – бақылау іс-шараларының жылдық жоспарына сәйкес, бақылау іс-шарасының реттік нөмірі, П – тапсырманың реттік нөмірі.

Екінші және кейінгі тапсырмаларды бір бақылау іс-шарасы шеңберінде тіркеу көрсетілген мәнге дефис арқылы реттік нөмір бере отырып (-1Т, -2-Т және т.б.), сол реттік нөмірмен (N) жүзеге асырылады.

Тіркелген тапсырмаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажет болған жағдайда, бақылау объектісіне, құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органға бір мезгілде хабар беріле отырып, жаңа тапсырма қабылданады.

Үстеме бақылау жүргізуге берілген тапсырмаға негізгі бақылау объектісінде Бақылау жүргізуге тапсырманың нөміріне бөлшек қою арқылы реттік нөмір беріледі (N-1/1-Т, N-2/1-Т және т.б.).

Ескерту. 39-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

40. Тексеру комиссиясының бақылауға жауапты мүшесі мен бақылау жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшенің басшысы бақылауға шыққанға дейін бақылау тобының қатысушыларына техникалық сабақ (нұсқама) өткізеді.

Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

41. Тексеру комиссиясының бақылауға жауапты мүшесі бақылау жүргізу кезінде (үстеме бақылауды қоспағанда) ол басталғанға дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей, бақылау объектісіне осы Қағидаға 7-1-қосымшаға сай нысан бойынша бақылау жүргізу туралы хабарлама жібереді.

Ескерту. 41-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

42. Бақылау жоспары осы Қағидаға 8-қосымшада келтірілген нысан бойынша жасалады.

43. Бақылаудың мақсаты жылдық жоспарда көзделген, жүргізілетін бақылаудың тақырыбы (бақылау, бақылау-талдамалық және (немесе) талдамалық іс-шараның атауы) мен үлгілерін негізге ала отырып айқындалады.

Жоспарланған бақылаудың тақырыбына (бақылау, бақылау-талдамалық және (немесе) талдамалық іс-шараның атауы) және үлгісіне қарай:

1) жергілікті бюджеттің атқарылуын;

2) аумақтарды дамыту бағдарламаларының және бюджеттік бағдарламалардың іске асырылу тиімділігін;

3) акциялары (қатысу үлестері) мемлекетке тиесілі квазимемлекеттік сектор субъектілерінің иелігіндегі активтерді басқарудың тиімділігін;

4) бюджеттік инвестициялардың тиімділігін;

5) жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің толықтығы мен уақтылылығын, сондай-ақ жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің артық (қате) төленген сомаларын қайтарудың және (немесе) есепке жатқызудың дұрыстығын;

6) жоғары тұрған бюджеттен бөлінген қаражатты, соның ішінде:

нысаналы трансферттер мен кредиттерді;

байланысты гранттарды;

мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды;

бюджеттік инвестицияларды;

концессиялық жобаларды бюджеттен қоса қаржыландыруды пайдаланудың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігін;

7) мемлекеттің кепілгерліктері мен активтерін пайдаланудың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігін;

8) жергілікті бюджет қаражатын және мемлекет активтерін пайдалану кезінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының сақталуын;

9) бақылау объектілерінің есепке алу мен есептілікті жүргізуінің анықтығы мен дұрыстығын;

10) жергілікті атқарушы органдарға, мемлекеттік органдарға және бақылау объектілеріне жіберілген ұсынымдар мен тапсырмалардың орындалуын;

11) Тексеру комиссиялары шешімдерінің орындалуын (постбақылау) бақылау және (немесе) бағалау көрсетіледі.

Ескерту. 43-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын

бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

44. Бақылау жүргізудің мерзімі Тексеру комиссиясының жұмыс жоспарында айқындалады және алдағы жұмыстардың көлемі, бақылаудың үлгілері, түрлері, бақылаумен қамтылатын қаражаттың және (немесе) активтердің көлемі, бақылау объектілерінің саны нақтыланған жағдайларда, бақылау іс-шарасына дайындық кезеңінде қайта қаралады.

Ескерту. 44-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

45. Бақылау бағдарламасы Бақылау жоспарын дамыту үшін жасалып, оны іс жүзінде іске асыруға қажетті іс-шаралардың егжей-тегжейлі сипаттамасын білдіреді және осы Қағидаға 9-қосымшада келтірілген нысан бойынша ресімделеді.

46. Бақылаудың мақсатына қарай бақылау бағдарламасының мәні:

1) жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің толықтығы мен уақтылылығы, сондай-ақ жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің артық (қате) төленген сомаларын қайтарудың және (немесе) есепке жатқызудың дұрыстығы;

2) бюджеттік бағдарламалар және аумақтарды дамыту бағдарламасы;

3) бюджет қаражаты мен активтер;

4) жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке бөлінген нысаналы трансферттер мен бюджеттік кредиттер, байланысты гранттар, жергілікті атқарушы органдардың қарыздары, бюджеттік инвестициялар;

5) қаржы активтерін сатып алу, оларды сатудан бюджетке түсетін түсімдер;

6) есепке алу және есептілік;

7) мемлекеттік сатып алуды жүргізудің рәсімдері;

8) Тексеру комиссиясының бұрын қабылдаған қаулыларының (ұсынымдарының) орындалуы болып табылады.

Ескерту. 46-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

47. Алып тасталды - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.күні қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

48. Бақылау бағдарламасының мәселелерін қалыптастыру үшін бақылаудың

үлгісі мен түріне қарай негізгі бағыттары:
1) аумақтарды дамыту бағдарламаларының, бюджеттік бағдарламалардың, көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің іске асырылуы;
2) бақылау объектісінің есепке алу мен есептілікті жүргізуінің анықтығы мен дұрыстығы;
3) жергілікті бюджет қаражатын, оның ішінде жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке нысаналы трансферттер мен бюджеттік кредиттер, байланысты гранттар, жергілікті атқарушы органдардың қарыздары, мемлекет активтері түрінде бөлінгендерін пайдаланудың заңнама нормаларына, соның ішінде оларды жоспарлауға, қалыптастыруға, бөлуге және пайдалануға байланысты сәйкестігі;
4) жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің толықтығы мен уақтылылығы, сондай-ақ жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің артық (қате) төленген сомаларын қайтарудың және (немесе) есепке жатқызудың дұрыстығы;
5) бақылау объектілерінің жергілікті бюджет қаражатын және мемлекет активтерін пайдалану кезінде мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы сақтауы;
6) жалпы сипаттағы трансферттер көлемдері туралы заңға (облыстық мәслихаттың шешіміне) сәйкес, шығыстардың жекелеген бағыттарын жергілікті бюджеттен қаржыландыру көлемі;
7) бақылаудың қорытындылары бойынша Тексеру комиссиясының (тиісті тапсырма болған жағдайда – Есеп комитетінің) қабылдаған шешімдерін бақылау объектілерінің орындауының толықтығы мен уақтылылығы болып табылады.

Ескерту. 48-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

49. Сәйкестікке бақылау жасау кезінде Бақылау бағдарламасында бюджет, салық заңнамасы нормаларының, бақылау объектісінің қызметін реттейтін және регламенттейтін нормативтік құқықтық актілер ережелерінің, қаржылық есептілікті ұйымдастырудың, жасаудың және ұсынудың белгіленген тәртібінің сақталуы мәселелері қамтылады.

Ескерту. 49-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 10.12.2014 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейінгі күні қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

50. Қаржылық есептілікті бақылаудың бағдарламасын жасау кезінде оған бақылау объектілерінің жергілікті бюджетті атқаруының қаржылық есептілігін нормативтік құқықтық актілерге, бухгалтерлік стандарттарға сәйкес жасауының толықтығы мен анықтығы мәселелерін енгізген жөн, оларды бұзу қаржылық

есепте мәлімделген сомаларға немесе қаражатты пайдаланудың дұрыстығы нәтижелеріне тікелей және елеулі әсер етеді.

51. Тиімділікті бақылау бағдарламасы соның ішінде бақылаудың алдыңғы екі үлгісіне – сәйкестікке бақылау жасауға және қаржылық есептілікті бақылауға негізделеді. Тиімділікті бақылау бағдарламасының мәселелері оның бюджет қаражатын және мемлекет активтерін пайдаланудан алынған түпкілікті әлеуметтік-экономикалық нәтижені айқындауға арналған бағытын ескереді.

Тиімділікті бақылау бірнеше бақылау объектісінде жүргізілген жағдайда, бақылаудың үлгісі аталған обьектідегі бақылау мақсатына қарай, әрбір бақылау объектісі бойынша көрсетіледі.

Ескерту. 51-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

52. Тиімділікті бақылаудың бағдарламасында критерийлер – қол жеткізілетін көрсеткіштер айқындалады, солар бойынша:

1) бақылау объектісі қызметінің нақты нәтижелеріне қол жеткізуге жұмсалған бюджет қаражатын пайдаланудың үнемділігі;

2) бақылау объектісінің өндірістік және өзге де қызметі процесінде еңбек, қаржы және басқа да ресурстарды пайдаланудың, сондай-ақ ақпараттық жүйелер мен технологияларды пайдаланудың тиімділігі;

3) бақылау объектісінің қойылған міндеттерді орындауы, осыған бөлінген ресурстардың көлемі ескеріле отырып, жоспарлы көрсеткіштермен салыстырғанда нақты нәтижелерге қол жеткізу жөніндегі қызметінің нәтижелілігі бағаланады.

Критерийлер сапалы нәтижелердің, сандық қорытындылардың, іске асырылып отырған мемлекеттік саясаттың нәтижелілігі мен тиімділігінің сандық тұрғыдан айқындауға болатын көрсеткіштері болып табылады.

Аумақтарды дамыту бағдарламаларын бағалаудың критерийлерін айқындау кезінде «Мемлекеттік және салалық бағдарламаларға, орталық мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларына және аумақтарды дамыту бағдарламаларына бағалау жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Есеп комитетінің 2010 жылғы 1 шілдедегі № 17-қ қаулысын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6371 тіркелген) басшылыққа алған жөн.

Ескерту. 52-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

53. Жұмыс жоспарында нақты бағдарламалық мәселелер, оларды әрбір

бақылау объектісінде қараудың мерзімі көрсетіледі. Жұмыс жоспары осы Қағидаға 10-қосымшада келтірілген нысан бойынша ресімделеді.

Ескерту. 53-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

54. Тапсырма осы Қағидаға 11, 11-1, 11-2, 11-3-қосымшаларға сай нысан бойынша тиісінше бақылау жүргізуге, алдын ала зерделеуге, қайта тексеруге, постбақылауға құқық беретін ресми құжат болып табылады. Тапсырма қатаң есептілік бланкісінде ресімделеді және № 67 бұйрыққа сәйкес, құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органда тіркеуге жатады.

Ескерту. 54-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

## 4. Бақылауды жүргізу 1-параграф. Бақылау іс-шарасын жүргізудің ұйымдастырушылық негіздері

55. Бюджет кодексінің 142-бабы және Тексеру комиссиясының жұмыс жоспары негізінде Тексеру комиссиясының бақылауға жауапты мүшесі не Тексеру комиссиясының Төрағасы (бақылауды Тексеру комиссиясының мүшесі жүргізген жағдайда) қол қойған Тапсырманың болуы бақылау жүргізу үшін негіз болып табылады.

56. Әрбір бақылау объектісіне жеке Тапсырма ресімделеді.

57. Бақылау жүргізердің алдында бақылау объектісінің басшысына:

1) Тапсырма;

2) бақылауды жүзеге асыруға уәкілетті адамдардың қызметтік куәліктері;

3) Қазақстан Республикасында құпиялылық режимін қамтамасыз ету жөніндегі заңнамада белгіленген жағдайда, құзыретті органның режимді объектіде болуға арналған рұқсаты көрсетіледі.

58. Бақылауды Тапсырмада көрсетілген адамдар ғана жүзеге асырады.

59. Бақылау объектісінің лауазымды адамына (адамдарына) Тапсырманың көрсетілген күні бақылау жүргізудің басталған кезі болып табылады.

Ескерту. 59-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

60. Бақылау объектісінің басшысына немесе келісімімен бақылау жүзеге асырылып жатқан лауазымды адамға Тапсырма көрсетілген күннен бастап екінші күннен кешіктірілмей, бақылау тобының жетекшісі немесе бақылаушы қол қойған, осы Қағидаға 12-қосымшаға сай нысан бойынша бақылау объектісі басшысының (келісімімен бақылау жүзеге асырылып жатқан лауазымды адамның) міндеттерін атқару жөніндегі талап (бұдан әрі – Талап) табыс етіледі. Талапқа бөлшек арқылы тапсырманың нөмірі беріліп, Талаптың табыс етілген күні көрсетіледі.

Талаптың бірінші данасы осы Қағидаға 15-қосымшаға сай нысан бойынша бақылау актісінің бланкісінде ресімделеді және бақылау объектісінің басшысына немесе келісімімен бақылау жүзеге асырылып жатқан лауазымды адамға қол қою арқылы табыс етіледі. Оны қабылдамаған жағдайда, бақылау тобының жетекшісі (бақылаушы) Талапты бақылау объектісінің кеңсесі арқылы жібереді.

Талаптың А4 форматының парағында жасалған, қабылданғаны туралы белгісі бар екінші данасы бақылаушыда қалады және бақылау актісіне қоса тіркеледі.

Бақылау жүргізу барысында қосымша құжаттар, материалдар, ақпарат алуға қажеттілік болған және оларды ұсынуға кедергі келтірілген жағдайда, бақылау объектісіне Қағиданың осы тармағына сәйкес ресімделетін Талап жіберіледі.

Үстеме бақылау жүргізу кезінде бақылау объектісі бақылау жүргізуге кедергі келтірген жағдайда, оған Талап көрсетіледі.

Ескерту. 60-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

61. Бақылау объектісінің лауазымды адамдары бақылау объектісіне кіргізуден бас тартқан жағдайда, бақылаушылар осы Қағидаға 13-қосымшаға сай нысан бойынша бақылау объектісіне кіргізуден бас тарту фактісі бойынша акті және Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің (бұдан әрі – ӘҚтК) негізінде және онда көзделген тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасайды.

Бақылау объектісінің лауазымды адамдары бақылаушыны бақылау объектісіне кіргізуден бас тартқан жағдайда және бақылау жүргізуге кедергі келтірген кезде бақылау тобының жетекшісі (бақылаушы) аталған фактілер туралы жазбаша, электрондық пошта/факс, пошта байланысы арқылы және (немесе) қолма-қол Тексеру комиссиясының бақылауға жауапты мүшесіне хабарлайды, ол осыларды жою жөнінде шаралар қабылдайды. Бақылау объектісі бақылау жүргізуге кедергі келтіретін мән-жайларды жоймаған жағдайда, Тексеру комиссиясының бақылауға жауапты мүшесі бақылау жүргізуге кедергі келтіретін себептер толық жойылғанға дейін бақылау іс-шарасын тоқтата тұру туралы

Тексеру комиссиясының Төрағасына ұсынымхат дайындайды. Бақылау іс-шарасын тоқтата тұру, ұзарту туралы шешім бақылау объектісін, құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органды бір мезгілде хабардар ете отырып, Тексеру комиссиясы Төрағасының бұйрығы түрінде шығарылады. Бақылау қайта басталған кезде жаңа тапсырма жазылып беріледі.

Ескерту. 61-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

62. Бақылау жүргізу бақылау объектісінің қызметіне кедергі келтірмеуі тиіс.

63. Бақылау жүргізу бақылау объектісінің жұмыс режиміне және күн тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

64. Бақылаушылар бақылау объектісінің ақпараттық стендінде Тексеру комиссиясы қызметкерлерінің объектіде бақылау жүргізіп жатқаны туралы ақпарат іледі.

65. Бақылау іс-шарасын жүргізу барысында Бақылау жоспарына, Бақылау бағдарламасына және Жұмыс жоспарларына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге:

Бақылау жоспарына – өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізудің негіздемелерін көрсете отырып, Тексеру комиссиясының бақылауға жауапты мүшесінің Тексеру комиссиясы Төрағасының атына қызметтік жазбасының негізінде;

Бақылау бағдарламасына – өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізудің негіздемелерін көрсете отырып, бақылау тобы жетекшісінің (бақылаушының) Тексеру комиссиясының бақылауға жауапты мүшесінің атына қызметтік жазбасының негізінде;

Жұмыс жоспарына – бақылаушының Тексеру комиссиясы мүшесінің атына қызметтік жазбасының негізінде немесе Бақылау жоспары мен бағдарламасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда жол беріледі.

Бұл ретте Бақылау жоспарын – Тексеру комиссиясының жылдық (тоқсандық) жұмыс жоспарына бір мезгілде өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізе отырып (қажет болғанда) Тексеру комиссиясының Төрағасы, Бақылау бағдарламасын және Жұмыс жоспарын – енгізілген өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды ескеріп, бақылау жүргізу мерзімін өзгертіп немесе өзгеріссіз қалдырып, келісу рәсімдерін сақтай отырып Тексеру комиссиясының бақылауға жауапты мүшесі қайта бекітеді.

Ескерту. 65-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа

енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

65-1. Құқық қорғау органдары бақылау объектісіндегі құжаттарды алып қойғанда, мемлекеттік органдардың, аудиторлық ұйымдардың мамандары және сарапшылар бақылау жүргізуден бас тартқанда, басқа мемлекеттік қаржылық бақылау органдары бақылау жүргізіп (ішкі бақылау қызметтерін қоспағанда), бақылау актілері мемлекеттік қаржылық бақылау стандарттарына сай болған жағдайда, бақылау жүргізуге жауапты немесе оған қол қойған Тексеру комиссиясының мүшесі тіркелген Тапсырманың күшін жоюға келісім берген бақылау тобы жетекшісінің, бақылауды жүргізуге, заң қызметіне жауапты бөлімше басшыларының қолы болған жағдайда, оның оң жақ жоғарғы бұрышына қойылатын «Тапсырманың күші жойылды» деген мәтіні бар мөртабанға өзінің қолын қойып, растай отырып Тапсырманың күшін жояды. Тапсырманың артқы бетінде (мөртабанның бедері деңгейінде) оның күшін жоюдың себептері және осындай шешімнің қабылданған күні көрсетіледі.

Ескерту. 65-1-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасының 14.08.2014 № 3-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

66. Бақылау барысында Бақылау бағдарламасымен қамтылмаған, бірақ бақылау мәнін толық зерделеуге қажетті мәселелер туындаған жағдайда, бақылаушы жазбаша түрде Тексеру комиссиясының бақылауға жауапты мүшесіне хабарлайды. Бақылау бағдарламасында қамтылмаған мәселелер бойынша бақылау жүргізудің орындылығы танылған жағдайда, Тексеру комиссиясының бақылауға жауапты мүшесі бақылаушының Жұмыс жоспарына толықтырулар енгізе отырып, бақылаушыға тиісті тапсырма береді. Бақылау объектісі Бақылау бағдарламасында қамтылмаған мәселелер бойынша материалдарды бақылауды жүзеге асырып отырған бақылаушының сұрауы негізінде ұсынады.

67. Бақылау жүргізу кезінде бақылаудың қойылған мақсатына, мәніне және мәселелеріне сәйкес дәлелдер қалыптастыруға қажетті нақты деректерді жинау, талдау жүргізіледі.

Нақты деректерді жинау мынадай тәсілдермен:

1) бір мезгілде;

2) үздіксіз процесс жолымен, белгілі бір уақыт аралығында;

3) ол жүргізілетін бүкіл мерзімі ішінде жүзеге асырылады.

68. Бақылау жүргізу барысында жиналған дәлелдер заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің бақылау объектісінде анықталған бұзушылықтарын негіздеуі тиіс. Жиналған дәлелдердің негізінде бақылау іс-шарасының нәтижелері бойынша қорытындыда тұжырымдар мен ұсынымдар

қалыптастырылады.

69. Бақылау іс-шарасын жүргізу барысында осы Қағиданың 61-тармағында көзделген жағдайда, Тексеру комиссиясының бақылауға жауапты мүшесінің қызметтік жазбасының негізінде Тексеру комиссиясының Төрағасы бақылау іс-шарасын жүргізуді күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімге ұзартады.

Ескерту. 69-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

70. Бақылаушылар іс жүзінде тауарларды жеткізу, қызметтерді көрсету және белгілі бір жұмыс түрлерін (көлемін) орындау мәнінің анықтығын растау және ( немесе) осыған байланысты дәлелдер жинау үшін бақылау объектісінің басшысы уәкілеттік берген адаммен бірге бақылау өлшемін, тексеріп қарауды (бұдан әрі – бақылау өлшемі (тексеріп қарау)) жүргізеді.

Қажет болған жағдайда, бақылау объектісінің басшылығы тапсырыс берушінің және (немесе) өнім берушінің (мердігердің) өкілдерінің және басқа да қатысы бар адамдардың толыққанды бақылау өлшемін (тексеріп қарауды) жүргізуге қажетті бақылау-өлшеу аспаптарымен қатысуын қамтамасыз ету қажеттілігі туралы хабардар етіледі.

Ескерту. 70-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

71. Бақылау өлшемінің (тексеріп қараудың) қорытындысы бойынша жүргізілген күні, орны, мақсаты, нәтижелері және оны жүргізуге қатысып, аяқталған күні қол қойған адамдар көрсетіле отырып, осы Қағидаға 18-қосымшаға сай нысан бойынша бақылау өлшемі (тексеріп қарау) актісі екі данада ресімделеді. Қол қойылған актінің бір данасы бақылаушыда қалдырылады, ал екінші данасы бақылау объектісіне табыс етіледі. Бақылау өлшемінің (тексеріп қараудың) нәтижелерін бақылаушы негізгі бақылау объектісінде жасалатын бақылау актісінде міндетті түрде көрсетеді.

72. Бақылау объектісінің (тапсырыс берушінің) өкілдері тарапынан актіге қол қоюдан бас тартылған жағдайда, қол қоюдан бас тартылғаны жөнінде белгі қойылады. Жүргізілген бақылау өлшемінің нәтижелерін растайтын тиісті негіздер (дәлелдер) болған жағдайда, бақылау объектісі (тапсырыс беруші) тарапынан актіге қол қоюдан бас тарту өлшем нәтижелерін бақылау актісіне енгізуден бас тартуға негіз бола алмайды.

73. Бақылау тобының жетекшісі (бақылаушылар) апта сайын аптаның соңғы жұмыс күні Тексеру комиссиясының бақылауға жауапты мүшесіне осы Қағидаға

14-қосымшаға сай нысан бойынша Бақылау бағдарламасының (Жұмыс жоспарының) орындалу барысы туралы есепті күнге толтырылған (жасалған) апта сайынғы есеп ұсынып отырады.

Ескерту. 73-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

74. Бақылау тобының басшысы (бақылау тобын құрған кезде) бақылаушылардың жұмысын үйлестіреді, бақылау мәселелерінің толық қамтылуына мониторинг жүргізеді, бақылаудың жекелеген бағыттарын түзетеді, бақылаушылар арасында туындайтын проблемалық мәселелерді шешеді.

75. Бақылау тобының жетекшісі Тексеру комиссиясының бақылауға жауапты мүшесін бақылау тобы қатысушыларының бақылау жүргізу барысында қызметтік міндеттерін орындамау оқиғалары және атқарушылық тәртіпті, еңбек тәртібін бұзу, мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасын сақтамау фактілері туралы жазбаша түрде хабардар етеді. Тексеру комиссиясының бақылауға жауапты мүшесі тәртіптік сипаттағы шаралар қабылдау үшін көрсетілген фактілер туралы жазбаша түрде Тексеру комиссиясының Төрағасына хабарлайды.

Ескерту. 75-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

76. Режимдік мекемелерде бақылау жүргізуге байланысты құпия материалдарды зерделеу және талдау Қазақстан Республикасында құпиялылық режимін қамтамасыз ету жөніндегі қолданыстағы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

## 2-параграф. Мемлекеттік органдардың, аудиторлық ұйымдардың мамандарын және сарапшыларды бақылау жүргізуге тарту

77. Тексеру комиссиясы өз өкілеттігі шегінде өзіне жүктелген міндеттерді орындау мақсатында:

1) бақылау тобының құрамына жекелеген мамандарды, сарапшыларды енгізу;

2) аудиторлық ұйымдарға, сарапшыларға Бақылау бағдарламасына сәйкес қызметтер көрсетуге жеке тапсырма беру жолымен мемлекеттік органдардың, аудиторлық ұйымдардың мамандарын және сарапшыларды тартады.

78. Мемлекеттік органдардың, аудиторлық ұйымдардың мамандарын және сарапшыларды тартудың мақсаты бақылаудың арнайы білімдерді талап ететін

мәселелері бойынша сапалы бақылауды қамтамасыз ету және бақылаудың нәтижелерін тәуелсіз сараптаманың қорытындыларымен растау болып табылады.

Мемлекеттік органдардың мамандарын бақылау іс-шарасына қатысуға жіберу мүмкіндік болмаса не оларды жіберуден бас тартылған болса, Тексеру комиссиясының мүшесі қажет болған жағдайда сынақтардың, бақылау өлшемдерінің (тексерулердің) нәтижелерін қажетті қорытындыларды алу мақсатында уәкілетті органдар мен ұйымдарға жолдайды.

Уәкілетті органдар мен ұйымдардың қорытындыларының нәтижелері Қорытындыға және Жиынтық тізілімге енгізіледі.

Ескерту. 78-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасының 14.08.2014 № 3-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

79. Мемлекеттік органдардың, аудиторлық ұйымдардың мамандарын және сарапшыларды тартудың қажеттілігі Тексеру комиссиясының жылдық жоспарын жасау кезінде айқындалады.

80. Мемлекеттік органдардың мамандары Тексеру комиссиясының жоспарланған бақылаудың мәнін, мамандардың саны мен біліктілігін, бақылаудың немесе сараптаманың жүргізілу мерзімі мен кезеңін көрсете отырып, мемлекеттік орган мен мекеменің басшысының атына хатының негізінде бақылауға тартылады.

81. Аудиторлық ұйымдардың және сарапшылардың көрсететін қызметтерін тиісті шарттар жасай отырып сатып алу Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасы мен мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының талаптарына сәйкес жүргізеді.

## 3-параграф. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы толтыру, сондай-ақ әкімшілік және қылмыстық құқық бұзушылықтар белгілерін қамтитын анықталып отырған фактілер бойынша дәлелдер жинау

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 10.12.2014 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейінгі күні қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

82. Егер бақылау объектісінің басшысы Бақылау объектісі басшысының міндеттерін атқару жөніндегі талапта көрсетілген мерзім аяқталған соң да Бюджет кодексінің 146-бабында көзделген міндеттерін орындамаса, бақылаушы – анықталған күні, ал әкімшілік құқық бұзушылықтың мән-жайларын және жеке тұлғаның жеке басын қосымша анықтау қажет болған жағдайда, көрсетілген

деректер анықталған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ӘҚтК негізінде және онда көзделген тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырады, ол ұсынылған күннен бастап, бір жұмыс күні ішінде заң қызметімен (заңгермен) келісіледі.

Ескерту. 82-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 10.12.2014 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейінгі күні қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

83. Бақылау жүргізу барысында бюджет қаражатын пайдалану саласында анықталған әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама дереу тиісті тексеру аяқталғаннан кейін толтырылады. Сараптама жүргізу қажет болған жағдайда, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама сараптаманың қорытындысы алынған күнінен бастап ,екі тәулік ішінде толтырылады.

Ескерту. 83-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 10.12.2014 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейінгі күні қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

84. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырылған кезде өзіне қатысты іс қозғалған лауазымды адамға, сондай-ақ іс бойынша іс жүргізудің басқа да қатысушыларына ӘҚтК-де көзделген олардың құқықтары мен міндеттері түсіндіріледі, бұл туралы хаттамаға белгі қойылады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға оны толтырған адам және әкімшілік құқық бұзушылықты жасаған адам қол қояды. Куәлар болған кезде, сондай-ақ куәгерлер қатысқан жағдайда, хаттамаға осы адамдар да қол қояды.

Өзіне қатысты іс қозғалған лауазымды адамға әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамамен танысуға мүмкіндік беріледі. Көрсетілген адам хаттаманың мазмұны бойынша түсініктемелер мен ескертулер береді, сондай-ақ оған қол қоюдан бас тартуының себептерін баяндайды, олар осы хаттамаға қоса тіркеледі. Аталған адамдар әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға қол қоюдан бас тартқан жағдайда, онда тиісті жазба жасалады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманың көшірмесі өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалған адамға қолхатпен табыс етіледі.

Тиісінше хабардар етілген әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адам болмаған немесе келмеген жағдайда, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға оны толтырған адам қол қойып, оған әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамның болмағаны немесе келмегені жөнінде белгі қояды.

Тиісінше хабардар етілген әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адам болмаған немесе келмеген жағдайда, әкімшілік құқық бұзушылық туралы

хаттама өзіне қатысты іс қозғалған адамды хабардар ете отырып, тапсырысты хатпен почта арқылы жолданады.

Ескерту. 84-тармаққа өзгеріс енгізілді - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 10.12.2014 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейінгі күні қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

85. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманың көшірмесін қолхатпен алудан бас тартылған жағдайда, оны толтырған адам хаттамада тиісті жазба жасайды және әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманың көшірмесін өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалған адамды хабардар ете отырып, тапсырысты хатпен почта арқылы тұратын мекенжайына немесе жұмыс орнына жолдайды.

86. Хаттамаға мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) құқық бұзушының жеке басын куәландыратын құжат (көшірмесі);

2) функционалдық және лауазымдық міндеттерін негізге ала отырып, адамдардың жазбаша түсініктемелері (не түсініктеме беруден бас тарту туралы акт);

3) анықталған құқық бұзушылықтың белгілерін растайтын, лауазымды адамдардың қолымен, ұйымның мөрімен немесе мөртабанымен расталған құжаттардың түпнұсқалары немесе төлнұсқаның көшірмелері:

соның ішінде, әкімшілік құқық бұзушылықтың түріне қарай:

жүргізілген зерттеулердің (сынақтардың, бақылау өлшемдерінің (тексеріп қараулардың) және тағы басқаларының) актілері;

сараптаманың және аудиторлық ұйымдардың қорытындылары (жүргізілген жағдайда);

операция немесе әрекет фактісін қамтитын құжаттар немесе олардың көшірмелері, соның ішінде шешімдер:

орындалған жұмыстардың актілері (тауарларды қабылдау-өткізу, қызметтерді көрсету, есептен шығару, жою актілері);

мемлекеттік сатып алу туралы бұйрықтар, хаттамалар және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдардың басқа да шешімдері;

шарттар;

ақы төлеу фактісін растайтын құжаттар:

төлем тапсырмалары (төлеуге арналған шоттар, түбіртектер, чектер және (немесе) басқалары);

ведомостар, ордерлер, нарядтар;

4) лауазымды адамдардың өкілеттіктерін растайтын құжаттардың көшірмелері:

жарғылар, ережелер, лауазымдық нұсқаулықтар;

анықталған бұзушылықтарға қатысы бар лауазымды адамдарды тағайындау (жұмыстан босату) туралы бұйрықтар;

5) мемлекетке, мемлекеттің қатысуымен құрылған заңды тұлғалардың мүдделеріне келтірілген залалдың сомасын растайтын құжаттар немесе олардың көшірмелері:

анықтамалар, кестелер, диаграммалар;

есептеулер;

бұзушылық фактілерін көрсететін және бақылау актісінің ажырамас бөлігі болып табылатын фотоматериалдар.

Заң сараптамасын жүргізу кезінде орны толмайтын, ұсынылған құжаттардың толық болмауы хаттаманы жасаушының кемшіліктерді жою үшін материалдарды қайтаруына әкеп соқтырады.

Лауазымды адам хаттаманың және басқа да материалдардың кемшіліктерін оларды алған кезден бастап екі тәулік ішінде жояды.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама мен әкімшілік құқық бұзушылық туралы істің басқа да материалдары жасалған кезінен бастап, үш тәуліктің ішінде тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністің аумағында орналасқан сотқа жіберіледі.

Ескерту. 86-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

87. Алып тасталды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 10.12.2014 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейінгі күні қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

88. Бақылау объектісінің лауазымды адамдарының іс-әрекетінде Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Қылмыстық кодексінің баптарымен көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар белгілері және олар бойынша қарау мен процестік шешім қабылдау әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға уәкілетті органдардың (лауазымды адамдардың) құзыретіне жататын әкімшілік құқық бұзушылық белгілері анықталған жағдайда, бақылаушылар кейіннен құқық қорғау органдарына және әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайтын уәкілетті органдарға (лауазымды адамдарға) беру үшін құқық бұзушылыққа жол берген адамнан жазбаша түсініктемелер және анықталған құқық бұзушылықтың белгілерін растайтын, лауазымды адамдардың қолымен, ұйымның мөрімен немесе мөртабанымен расталған құжаттардың түпнұсқаларының көшірмелерін (бұдан әрі – құжаттар тізбесі) жасауды талап етеді:

1) бұзушылық фактісін тікелей растайтын құжаттар:

бұзушылық фактілерін көрсететін және бақылау актісінің ажырамас бөлігі болып табылатын фотоматериалдар;

жүргізілген зерттеулердің (сынақтардың, бақылау өлшемдерінің (тексеріп караулардың) және тағы басқаларының) актілері;

сараптаманың және аудиторлық ұйымдардың қорытындылары (жүргізілген жағдайда);

функционалдық және лауазымдық міндеттерін негізге ала отырып, адамдардың жазбаша түсініктемелері (не түсініктеме беруден бас тарту туралы акт);

2) операция немесе әрекет фактісін қамтитын құжаттар немесе олардың көшірмелері, соның ішінде шешімдер:

орындалған жұмыс актілері (тауарларды қабылдау-өткізу, қызметтерді көрсету, есептен шығару, жою актілері);

мемлекеттік сатып алу туралы бұйрықтар, хаттамалар және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдардың басқа да шешімдері; шарттар;

3) ақы төлеу фактісін растайтын құжаттар немесе олардың көшірмелері:

төлем тапсырмалары (төлеуге арналған шоттар, түбіртектер, чектер және (немесе) басқалары);

ведомостар, ордерлер, нарядтар;

4) лауазымды адамдардың өкілеттіктерін растайтын құжаттар немесе олардың көшірмелері:

жарғылар, ережелер, лауазымдық нұсқаулықтар;

анықталған бұзушылықтарға қатысы бар лауазымды адамдарды тағайындау (жұмыстан босату) туралы бұйрықтар;

5) мемлекетке, мемлекеттің қатысуымен құрылған заңды тұлғалардың мүдделеріне келтірілген залалдың сомасын растайтын құжаттар:

анықтамалар, кестелер, диаграммалар;

есептеулер.

Ескерту. 88-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік каулысымен.

88-1. Әрбір әкімшілік құқық бұзушылық бойынша материалдар тиісті уәкілетті органдарға жеке ілеспе хатпен жіберіледі.

Ескерту. 88-1-тармақпен толықтырылды - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік каулысымен.

## 4-параграф. Тақырыптық бақылауды жүзеге асыру

89. Тақырыптық бақылау түрі бойынша жүргізілетін бақылау іс-шаралары осы Қағиданың 2-тарауында белгіленген тәртіпке сәйкес Тексеру комиссиясының кезекті жылға арналған бақылау жұмысы жоспарының жобасын қалыптастыру кезеңінде көзделеді.

90. Бақылаудың тақырыптық түрі жеке, сондай-ақ кешенді, қосарлас, бірлескен бақылау іс-шараларын жүргізу шеңберінде жүзеге асырылады.

## 4-1-параграф. Бақылау-талдамалық және (немесе) талдамалық іс-шараларды жүзеге асыру

Ескерту. 4-1-параграфпен толықтырылды - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

90-1. Бақылау-талдамалық және (немесе) талдамалық іс-шаралар осы Қағиданың 2-тарауында белгіленген тәртіпке сәйкес, кезекті жылға арналған бақылау жұмысы жоспарының жобасын қалыптастыру кезеңінде көзделеді.

90-2. Бақылау-талдамалық және (немесе) талдамалық іс-шараларды жүргізуді Тексеру комиссиясы дербес не басқа да мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының қатысуымен жүзеге асырады.

90-3. Талдамалық іс-шара бақылау объектісіне шықпай, бақылау объектісінен алынған материалдарға және тексеру тақырыбы бойынша өзге де ақпаратқа талдау, талдамалық зерттеу, мониторинг, бағалау мен сараптама жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

90-4. Бақылау-талдамалық және (немесе) талдамалық іс-шараларды дайындау мен жүргізу Тексеру комиссиясының жылдық (тоқсандық) жоспарында көзделген мерзімдерде және осы Қағидада белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

## 5-параграф. Үстеме бақылауды жүзеге асыру

91. Бақылаудың негізгі объектілерінің қызметін алдын ала зерделеу барысында үстеме бақылаудың ықтималды объектілері айқындалып, олар Бақылау жоспары мен бағдарламасына енгізіледі. Егер бақылау іс-шараларын жүргізу барысында үстеме бақылау жүргізуге негіз туындаса, онда Бақылау жоспары мен бағдарламасына өзгерістер енгізілместен, Жұмыс жоспарларына тиісті толықтырулар енгізіледі.

92. Үстеме бақылау жүргізу үшін әрбір бақылау объектісіне бақылау үлгісі көрсетілместен жеке Тапсырма ресімделеді.

Ескерту. 92-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасының 14.08.2014 № 3-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

93. Егер бақылау іс-шарасы барысында бақылау объектісінің үшінші тұлғалармен жасасқан азаматтық-құқықтық мәмілелерінің, есеп айырысулары мен қаржы операцияларының анықтығын, іс жүзінде тауарлардың жеткізілгенін, жұмыстардың орындалғанын және қызметтердің көрсетілгенін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының, оның ішінде мемлекеттік сатып алу туралы заңнама талаптарының сақталуын бақылау мүмкін болмағанда, үстеме бақылау жүргізіледі.

94. Үстеме бақылау нәтижелерін ресімдеу кезінде осы Қағиданың 16-қосымшасында келтірілген бақылау актісінің нысанынан мынадай бөлімдер: бақылау үлгісі, бұрынғы бақылау нәтижелері туралы мәліметтер алынып тасталады.

95. Бақылау объектісінің басшылығы жүргізілген бақылаудың нәтижелерімен танысуға бақылау актісі ұсынылған күннен бастап, күнтізбелік үш күн ішінде үстеме бақылау актісімен танысады және оған қол қояды. Бақылаушы және бақылау объектісінің лауазымды адамы бақылау актісінің екінші парағынан бастап барлық беттеріне қол қояды.

Ескерту. 95-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

96. Үстеме бақылау жүргізілген жағдайда, бақылаушы оның нәтижелерін негізгі бақылау объектісінде жасалатын бақылау актісінде міндетті түрде көрсетеді.

## 6-параграф. Кешенді бақылауды жүзеге асыру

97. Кешенді бақылау іс-шаралары осы Қағиданың 2-тарауында белгіленген тәртіпке сәйкес кезекті жылға арналған бақылау жұмысы жоспарының жобасын қалыптастыру кезеңінде көзделеді.

98. Кешенді бақылауды жүргізуді Тексеру комиссиясы жеке немесе басқа мемлекеттік органдардың қатысуымен бір мезгілде келісілген мерзімде жүзеге асырады. Кешенді бақылау жалпы алғанда тиімділікті бақылау үлгісі бойынша жүргізіледі. Кешенді бақылау шеңберінде бақылаудың нақты объектілері

бойынша бақылаудың басқа да үлгілері қолданылуы мүмкін.

99. Кешенді бақылауды жүргізуге дайындалу Тексеру комиссиясының бақылау жұмысы жоспарында көзделген мерзімге сәйкес жүргізіледі.

100. Кешенді бақылауға қойылған міндеттерді іске асыруға тартылған басқа да бақылау объектілерін қамти отырып, бақылау объектілерінің нақты кезеңдегі барлық мәселелер бойынша қызметі жатады, оның нәтижелері бойынша мемлекеттің барлық ресурстарының, қаржы және өзге активтерінің пайдаланылуына, аумақтарды дамыту бағдарламаларын, бюджеттік бағдарламаларды, қойылған әлеуметтік-экономикалық мақсаттар мен міндеттерді іске асыру бойынша басқа мемлекеттік органдар – бірлесіп орындаушылармен үйлестіруге және өзара іс-қимылдарына, мемлекеттік функциялардың орындалуына және мемлекеттік қызметтердің көрсетілуіне, бюджетке түсетін түсімдердің толықтығы мен уақтылылығына, бюджетке түсетін түсімдердің артық (қате) төленген сомаларының қайтарылуына және (немесе) есепке жатқызылуына баға беріледі.

Ескерту. 100-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 10.12.2014 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейінгі күні қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

101. Тексеру комиссиясы жеке жүргізетін кешенді бақылаудың Жоспары, Бағдарламасы және Жұмыс жоспарлары осы Қағиданың 3-тарауында белгіленген тәртіппен жасалып бекітіледі.

102. Тексеру комиссиясы басқа мемлекеттік органдармен немесе мемлекеттік қаржылық бақылау органдарымен бірге жүргізетін кешенді бақылау бірлескен және (немесе) қосарлас бақылау арқылы жүзеге асырылады.

## 7-параграф. Қосарлас бақылауды жүзеге асыру

103. Қосарлас бақылаудың іс-шаралары осы Қағиданың 2-тарауында белгіленген тәртіпке сәйкес Тексеру комиссиясының кезекті жылға арналған бақылау жұмысы жоспарының жобасын қалыптастыру кезеңінде көзделеді.

104. Қосарлас бақылауды жүргізуді Тексеру комиссиясы кезекті жылға (тоқсанға) арналған тиісті бекітілген бақылау жұмысы жоспарларының негізінде бақылаудың жеке түрі ретінде не жүргізіліп отырған кешенді бақылау шеңберінде бір мезгілде не келісілген мерзімде жүзеге асырады.

105. Қосарлас бақылауды жүргізуге дайындалу Тексеру комиссиясының бақылау жұмысы жоспарында көзделген мерзімге сәйкес жүзеге асырады.

106. Бақылау тобының жетекшісі және бақылау тобының қатысушылары Тексеру комиссиясының қосарлас бақылауға жауапты мүшесімен бірлесіп

ақпарат жинауды жүргізеді және алдын ала зерделеудің мерзімі басталғаннан бастап екі жұмыс күні ішінде жетіспейтін ақпаратты ұсыну жөнінде бақылау объектілеріне сұрау жолдайды.

107. Алдын ала зерделеудің қорытындысы бойынша Тексеру комиссиясының мүшесі бақылау тобының жетекшісімен бірлесіп, жоспардың, бағдарламаның және жұмыс жоспарларының жобаларын жасайды. Бақылау бағдарламасының жобасы қосарлас бақылауды жүргізуге қатысатын мемлекеттік қаржылық бақылау органдарымен келісіледі.

108. Қосарлас бақылаудың жоспарын, бағдарламасын және жұмыс жоспарларын әрбір тарап қосарлас бақылау іс-шарасы басталғанға дейін екі жұмыс күнінен кешіктірмей (бақылау объектілерінің атауын, бюджеттік бағдарламаларды, бақылау мәселелерін көрсете отырып) жеке бекітеді.

109. Бақылауды жүргізуге негіз болып табылатын құжаттарды әрбір мемлекеттік қаржылық бақылау органы жеке ресімдейді.

110. Қосарлас бақылауды әрбір тарап оны жүргізудің мерзімін келісе отырып, жеке бақылау тобын құру арқылы жүргізеді.

111. Қызметкерлерді іссапарға жіберуді, сондай-ақ іссапар шығыстарын төлеуді әрбір мемлекеттік қаржылық бақылау органы жеке жүргізеді.

112. Бақылауға жауапты лауазымды адамдар, қосарлас бақылау топтарының қатысушылары:

1) қосарлас бақылауды жүргізу барысында туындайтын мәселелерді талқылай отырып жұмыс кеңестерін;

2) консультацияларды;

3) әдістемелік және талдамалық құжаттармен алмасуды жүргізеді.

113. Бақылау топтарының жетекшілері бақылауды жүргізудің барысы ( бақылау мәселелерін қамтудың толықтығы, туындаған мәселелер және басқалар) және бақылаудың алдын ала нәтижелері туралы ақпарат алмасады.

114. Қосарлас бақылауды жүргізу кезінде әрбір тарап бақылау актілерін олардың нысаны мен мазмұнына қойылатын мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының бекітілген талаптарына сәйкес жеке ресімдейді.

115. Тексеру комиссиясы қосарлас бақылаудың нәтижелері бойынша қорытындыны дайындауды, бақылау объектісіне қорытынды мен жиынтық тізілімді жіберуді осы Қағиданың 158, 159-тармақтарында көрсетілген тәртіпке сәйкес жүзеге асырады.

116. Тексеру комиссиясының отырысында жүргізілген қосарлас бақылаудың материалдары талқыланып, жүргізілген қосарлас бақылаудың қорытындылары туралы Қаулы қаралып қабылданады.

117. Тексеру комиссиясы қосарлас бақылаудың қорытындылары туралы қабылданған Қаулыға қол қойылғаннан кейін оның көшірмесін екі жұмыс күні

ішінде қосарлас бақылауға қатысушы мемлекеттік қаржылық бақылау органдарына жібереді.

Ескерту. 117-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

118. Тексеру комиссиялары жүргізілген қосарлас бақылаудың нәтижелері туралы талдамалық ақпаратты ол аяқталған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Есеп комитетіне ұсынады.

119. Тексеру комиссиясы қосарлас бақылаудың нәтижелері бойынша Қаулының орындалуын бақылауды осы Қағиданың 6-тарауында белгіленген тәртіпке сәйкес жүзеге асырады.

120. Тексеру комиссиясы қосарлас бақылауға қатысқан мемлекеттік қаржылық бақылау органына қосарлас бақылаудың нәтижелері бойынша Қаулылар (Ұсынымдар) тармақтарының іске асырылу барысы туралы ақпаратты ЭҚАБЖ және почтамен қағаз түрінде жолдау арқылы хабарлап отырады.

## 8-параграф. Бірлескен бақылауды жүзеге асыру

121. Бірлескен бақылаудың іс-шаралары осы Қағиданың 2-тарауында белгіленген тәртіпке сәйкес Тексеру комиссиясының кезекті жылға арналған бақылау жұмысы жоспарының жобасын қалыптастыру кезеңінде көзделеді.

122. Бірлескен бақылауды жүргізуді Тексеру комиссиясы кезекті жылға арналған бекітілген бақылау жұмысы жоспарлары негізінде бақылаудың жеке түрі ретінде не жүргізіліп отырған кешенді бақылау шеңберінде келісілген мерзімде бір мезгілде жүзеге асырады.

123. Бірлескен бақылауды жүргізуге дайындалу Тексеру комиссиясының бақылау жоспарында көзделген мерзімге сәйкес жүргізіледі.

124. Бақылау тобының жетекшісі және бақылау тобының қатысушылары Тексеру комиссиясының бірлескен бақылауды жүргізуге жауапты мүшесімен бірлесіп, ақпарат жинауды жүргізеді және алдын ала зерделеудің мерзімі басталғаннан бастап екі жұмыс күні ішінде жетіспейтін ақпаратты ұсыну жөнінде бақылау объектілеріне сұрау жолдайды.

125. Алдын ала зерделеудің қорытындысы бойынша Тексеру комиссиясының мүшесі бақылау тобының жетекшісімен бірге Жоспардың, Жұмыс жоспарларының жобаларын жасайды, бірлескен бақылаудың бағдарламасын келісу бойынша жұмыс бақылау іс-шарасы басталғанға дейін кемінде бес жұмыс күні бұрын жүргізіледі.

126. Бірлескен бақылау бағдарламасында бақылау объектілері бойынша:

бақылау объектісінің атауы, бақылаудың мәні, бақылаудың үлгісі мен түрі, бақылаумен қамтылатын кезең, бақылау жүргізудің мерзімі, бірлескен бақылау тобының құрамы, бақылаумен қамтылатын қаражат көлемі, бақылау мәселелері және оларды қараудың дәйектілігі көрсетіледі.

127. Бірлескен бақылауды жүргізу үшін бірлескен бақылауға қатысушы мемлекеттік органдардың өкілдерінен олардың қатысушыларын бақылау объектілері және бюджет деңгейлері бойынша бөле отырып, ортақ бірлескен немесе тараптардың әрқайсысының жеке бақылау тобы құрылады.

128. Бақылауды жүргізуге негіз болып табылатын құжаттарды әрбір мемлекеттік орган жеке ресімдейді.

129. Қызметкерлерді іссапарға жіберуді, сондай-ақ іссапар шығыстарын төлеуді әрбір мемлекеттік орган жеке жүргізеді.

130. Бірлескен бақылауды сапалы жүргізу мақсатында мемлекеттік органдардың бақылауға жауапты лауазымды адамдары, бірлескен бақылау тобының қатысушылары бір-бірімен:

1) бірлескен бақылауды жүзеге асыру барысында туындайтын мәселелерді талқылай отырып жұмыс кеңестері;

2) консультациялар;

3) әдістемелік және талдамалық құжаттармен, ақпаратпен алмасу түріндегі өзара іс-қимылды жүзеге асырады.

131. Бақылау объектісінде бірлескен бақылауды ортақ бақылау тобы жүргізген кезде бақылау актісі үш данада жасалады. Бірлескен бақылауды жеке топ жүргізген кезде бақылау актісін тараптардың әрқайсысы жеке ресімдеп, кейіннен нәтижелерімен алмасады. Бақылау актісіне бақылауды жүргізген қызметкерлер қол қойған Тізілім қоса беріледі (Бақылау актісіне бақылаудың нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктер тізілімінің нысаны бойынша ресімделеді).

132. Бақылау актісіне жазбаша қарсылықтарды бірлескен бақылауды жүргізуге жауапты Тексеру комиссиясының мүшесі мен мемлекеттік органның лауазымды адамы бақылауды жүзеге асырған қызметкерлермен бірлесіп қарайды . Бақылау объектісіне жауапты өзінің атына жазбаша қарсылықтар келіп түскен мемлекеттік орган бес жұмыс күні ішінде жолдайды.

133. Тексеру комиссиясы Бірлескен бақылаудың нәтижелері бойынша қорытындыны дайындауды (Есеп комитеті жүргізген бірлескен бақылаудың қорытындыларын қоспағанда) бірлескен бақылау барысында жасалған актілердің негізінде жүзеге асырылады, бақылау объектілеріне Қорытынды және Жиынтық тізілімді жолдау осы Қағиданың 158, 159-тармақтарында көрсетілген тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

134. Мемлекеттік органдармен бірге жүргізген бірлескен бақылаудың

нәтижесі бойынша қорытындыға (Есеп комитетін қоспағанда) Тексеру комиссиясының мүшесі қол қояды және бірлескен бақылауды жүргізуге жауапты мемлекеттік органның лауазымды адамымен келісіп, қаулының жобасымен бірге Тексеру комиссиясының отырысына қарауға шығарады.

135. Бірлескен бақылаудың қатысушысы – мемлекеттік органның (Есеп комитетін қоспағанда) басшылығының қатысуымен өтетін Тексеру комиссиясының отырысында жүргізілген бірлескен бақылаудың материалдары талқыланып, Бірлескен бақылаудың нәтижелері туралы қаулы қаралып қабылданады.

136. Бірлескен отырысқа бақылау объектісінің лауазымды адамдары шақырылады.

137. Бірлескен бақылаудың нәтижелері бойынша Қаулының орындалуын бақылауды Тексеру комиссиясының бірлескен бақылауды жүргізуге жауапты мүшесі осы Қағиданың 6-тарауында белгіленген тәртіпке сәйкес жүзеге асырады.

## 5. Бақылаудың қорытындылары бойынша есептерді ресімдеу 1-параграф. Бақылау актілерін жасау және ресімдеу

138. Бақылау жүргізілген әрбір объекті бойынша бақылаудың нәтижелері осы Қағидаға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қатаң есептілік бланкісінде бақылау актісімен ресімделеді. Бақылау актісі осы Қағидаға 16-қосымшаға сай нысан бойынша жасалады.

139. Бақылау актісінің құрылымы Бақылау бағдарламасындағы барлық мәселелердің толық көрсетілуін, онда баяндалған мәліметтердің анықтығын, объективтілігін қамтамасыз етуі тиіс.

140. Бақылау актісі Бақылау бағдарламасындағы және Жұмыс жоспарларындағы мәселелердің тізбесіне қатаң сәйкестікте жасалады. Анықталған бұзушылықтар бақылау актісіндегі жазбалардың анықтығын растайтын құжаттардың түпнұсқаларының деректемелеріне, сондай-ақ ережелері бұзылған нормативтік құқықтық актілердің баптарына, тармақтары мен тармақшаларына қажетті сілтемелер жасала отырып, объективті және дәл сипатталады. Егер, талдамалық сипаттағы мәселелерді қоспағанда, бақылау мәселесі бойынша бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталмаса, бақылаушы:

1) бақылау актісінде анықталған кемшіліктер мен бұзушылықтардың болмағандығын көрсете отырып, тексерілетін мәселе бойынша қысқаша ақпарат береді;

2) тексеру жүргізілген құжаттардың деректемелерін көрсете отырып, олардың тізбесін бақылау актісіне қоса береді.

Ескерту. 140-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік

атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

141. Бұзушылықтың әрбір фактісі, сондай-ақ заңнаманың анықталған кемшіліктері мен олқылықтары бұзушылықтың сипаты мен түрін, оның ішінде Мемлекеттік қаржылық бақылау объектілерінде айқындалған бұзушылықтар сыныптауышында (бұдан әрі – Бұзушылықтар сыныптауышы) көзделген заңнаманың анықталған кемшіліктері мен олқылықтарын сипаттай отырып, реттік тәртібімен нөмірленеді және жеке тармақта (1-тармақ, 2-тармақ және тағы басқалар) тіркеледі. Бұзушылықтардың сипаттамасында бұзушылықтарды расстайтын құжаттарға сілтеме жасалады.

Ескерту. 141-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

142. Бақылаушы бақылау актісінде баяндалған бұзушылық пен кемшілік фактілерін олардың негізділігі бөлігінде бақылау объектісінің лауазымды адамдарымен бірге алдын ала пысықтайды.

143. Бақылау актісіне оның ажырамас бөлігі болып табылатын мынадай материалдар:

1) бақылау объектісі басшысының міндеттерін атқару жөніндегі талап;

2) бақылаушылар қол қойған және осы Қағидаға 17-қосымшаға сай нысан бойынша жасалған Бақылаудың нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің тізілімі (бұдан әрі – Тізілім);

3) құжаттардың, кестелердің түпнұсқалары немесе белгіленген тәртіппен расталған көшірмелері, сондай-ақ қажет болғанда бұзушылық фактілерін көрсететін анықтамалар, фотосуреттер;

4) функционалдық және лауазымдық міндеттерін негізге ала отырып, жол берілген бұзушылықтарға қатысы бар адамдардың жазбаша түсініктемелері;

5) осы Қағидаға 18-қосымшаға сай нысан бойынша толтырылған бақылау өлшемдері (тексеріп қараулар) актілері (толтырылған жағдайда);

6) зерттеулердің (сынақтардың), сараптамалардың қорытындылары, хаттамалардың көшірмелері, бақылау нәтижелеріне байланысты басқа да құжаттар немесе олардың көшірмелері (олар толтырылған жағдайда);

7) мемлекеттік органдар және мекемелер мамандарының, сарапшылардың ( тартылған жағдайда) сараптамалық қорытындылары;

8) мемлекеттік қызметтерді алушылардың қанағаттануы тұрғысынан халық арасында сауалнама жүргізу нәтижелері (оны жүргізген жағдайда);

9) ақы төлеу фактісін (бақылау барысында қаражат өтелген (қалпына

келтірілген) жағдайда) растайтын құжаттар (көшірмелері):
төлем тапсырмалары (төлеуге арналған шоттар, түбіртектер, чектер және (немесе) басқалары);
ведомостар, ордерлер, нарядтар;

10) бақылау актісінің танысып, қол қоюға жіберілген күнін растайтын құжат (көшірмесі) (актіні танысуға және қол қоюға қабылдағаны туралы бақылау объектісінің мөртабаны болмаған жағдайда);

11) талдамалық материалдар және бақылау объектісінің қызметіндегі бұзушылықтар мен олқылықтар фактісін растайтын материалдар қоса беріледі.

Бақылау актісіне қоса берілетін құжаттардың көшірмелері белгіленген тәртіппен уәкілетті лауазымды адамдардың қолымен, бақылау объектісінің мөрімен және мөртабанымен (болған жағдайда) расталады. Бақылау актісінде қосымшаларының реттік нөмірі, парақ саны көрсетіле отырып, оларға сілтеме жасалады.

Ескерту. 143-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

144. Бақылау актісіне тиісті құжаттармен расталмаған бұзушылық фактілерін енгізуге жол берілмейді.

Ескерту. 144-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

145. Бақылау актісінде баяндалып, бақылау актісінде соларға сілтеме жасалған бұзушылықтарды растайтын құжаттардың болмауы Стандарттарды бұзу болып табылады. Мұндай фактілер Қорытындыға енгізілмейді.

146. Бақылау объектісінің тауарларға, жұмыстарға немесе көрсетілген қызметтерге ақы төлеуінің негізділігін растайтын құжаттар бақылау объектісінде болмаған жағдайда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген талаптарды, міндеттерін орындамағанда немесе тиісінше орындамағанда, бақылау объектісінің лауазымды адамдары Есеп комитетінің қызметкерлеріне олардың сұрауы бойынша тиісті жазбаша түсініктемелер береді.

Ескерту. 146-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасының 14.08.2014 № 3-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

147. Бақылау актісі (осы Қағиданың 131, 152-тармақтарында көрсетілген жағдайларды қоспағанда) екі данада жасалып, оған бақылауды жүзеге асырған

Тексеру комиссиясының қызметкерлері, мемлекеттік органдардың мамандары және сарапшылар қол қояды және:

1) бақылау жүргізу мерзімі алты жұмыс күніне дейін қоса алғандағы бақылау іс-шаралары бойынша, оны бақылау объектісінің кіріс хат-хабарларын есепке алу жүйесінде тіркеп не почтамен хабарлай отырып, бақылау объектісінде Тапсырмада көрсетілген бақылаудың аяқталатын күніне дейін (үстеме бақылауды, бақылау өлшемін (тексеріп қарауды) қоспағанда) бір жұмыс күнінен кешіктірмей;

2) мерзімі алты жұмыс күнінен асатын бақылау жүргізілген жағдайда, осы Қағиданың 147-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген рәсімдерді сақтай отырып, бақылау объектісінде бақылаудың аяқталатын күніне дейін күнтізбелік үш күннен кешіктірмей бақылау объектісінің лауазымды адамына танысып, қол қою үшін табыс етіледі.

Ескерту. 147-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасының 14.08.2014 № 3-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

148. Бақылау объектісінің басшылығы жүргізілген бақылаудың нәтижелерімен танысуға (өлшем (тексеріп қарау) актісін қоспағанда) бақылау актісі берілген күннен бастап күнтізбелік үш күн ішінде бақылау актісімен танысады және оған қол қояды. Бақылаушылар және бақылау объектісінің лауазымды адамы бақылау актісінің екінші парағынан бастап, барлық беттеріне қолдарын қояды.

Ескерту. 148-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

149. Бақылаудың нәтижелерімен келіспеген жағдайда, бақылау объектісінің басшылығы бақылау актісіне қарсылықтарының бар екені туралы ескертіп қол қояды. Бақылау актісіне жазбаша қарсылықтар бақылау актісінің танысуға алынған күнінен бастап, күнтізбелік он күн ішінде Тексеру комиссиясына ұсынылады. Бақылау объектісінің бақылау актісіне қол қойылғаннан кейін бірден ұсынған жазбаша қарсылықтарын бақылаушы бақылау актісіне қоса тіркейді. Көрсетілген мерзім өткен соң келіп түскен бақылау актісіне қарсылықтар немесе қарсылықсыз қол қойылған бақылау актісіне келіп түскен, сондай-ақ бақылау объектісінің лауазымды адамының бас тартуы салдарынан қол қойылмаған бақылау актісіне келіп түскен қарсылықтар қаралмайды.

Ескерту. 149-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (

алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

150. Тексеру комиссиясына келіп түскен бақылау актісіне қарсылықтарды Тексеру комиссиясының бақылауға жауапты мүшесі Тексеру комиссиясының қызметкерлерін тарта отырып, барлық бақылау іс-шарасын жүргізу аяқталғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде қарайды және содан кейін қарсылықтың әрбір тармағы бойынша қабылданған және қабылданбаған дәлелдерді көрсете отырып, бақылау объектісіне дәлелді жауап жібереді. Бақылау объектісінің бақылау актісіне ұсынған түсініктемелері оған жауап дайындалмастан назарға алынады.

Ескерту. 150-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

150-1. Тексеру комиссиясына келіп түскен бақылау актісіне қарсылықтар және оларға дәлелді жауаптар Тексеру комиссиясының отырысынан кейін міндетті түрде бақылау материалдарына және олардың электронды нұсқаларына қоса тіркеледі.

Ескерту. 150-1-тармақпен толықтырылды - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

151. Бақылау объектісінің басшылығы бақылау актісіне қол қоюдан бас тартқан жағдайда, бақылаушы бақылау объектісінің лауазымды адамының қол қоюдан бас тартқаны туралы бақылау актісінде тиісті жазба жасайды.

152. Бақылау объектісі бақылау актісінің қол қоюға берілген бұрынғы даналарына қол қоюдан бас тартып, оларды қайтармаған жағдайда, бақылаушы бақылау актісінің үшінші данасын толтырып, онда бақылау актісінің бұрынғы даналарына қол қоюдан бас тартылғаны және олардың қайтарылмағаны жөнінде тиісті жазба жасайды.

153. Бақылау тобының жетекшісі (бақылаушы) бақылау объектісі актіге қол қойғаннан кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей, бақылау актілерін, Тізілімдерді, кестелерді және басқа қосымшаларды (болған жағдайда) мынадай қолайлы тәсілдердің бірі арқылы:

1) бақылаушының өзі қолма-қол;

2) сканерден өткізілгендерін – қорғалған байланыс арналары бойынша;

3) бақылау актісінің түпнұсқасын (құпия актіні қоспағанда) – фельдъегерлік байланыс не хабарламасы бар тапсырыс хатпен пошта арқылы;

4) құпия сипаты бар бақылау актілерін – Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын қорғау жөніндегі заңнамасында белгіленген талаптарды

сақтай отырып, Тексеру комиссиясына жібереді және (немесе) ұсынады.
Бақылау актісінің бір данасы (№ 2 дана) анықталған бұзушылықтарды жою жөнінде шаралар қабылдау және басқа да іс-әрекеттер жасау үшін бақылау объектісінің басшысында қалдырылады.

Ескерту. 153-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

154. Қол қоюдан бас тартылғаны не бақылау актісінің алдыңғы даналарының қайтарылмағаны туралы белгісі бар бақылау актілері әкімшілік хаттаманың көшірмелерімен, Тізіліммен, кестелермен және басқа да қосымшалармен бірге (болған жағдайда) әкімшілік хаттама жасалғаннан кейін келесі күні осы Қағиданың 153-тармағына сәйкес Тексеру комиссиясына жіберіледі және (немесе) ұсынылады.

Ескерту. 154-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

155. Бақылаушылар бақылау актісіне қол қойылғаннан немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалғаннан кейін келесі жұмыс күннен кешіктірмей не іссапардан келген күні бақылау актісінің (№ 1 дана не № 3 дана), Тізілімнің және бақылау актісіне басқа да қосымшалардың түпнұсқаларын құжат айналымына жауапты құрылымдық бөлімшеде тіркейді.

Объективті себептер туындаған жағдайда (іссапардан жұмыс күні аяқталған соң (демалыс күндері) келгенде, сырқаттанып қалғанда), бақылау актісінің, Тізілімнің және басқа да қосымшалардың түпнұсқалары келесі жұмыс күнінен кешіктірілмей тіркеледі.

Бақылау актісінің, Тізілімнің түпнұсқалары тігіліп тапсырылады, оған «Пакеттер үшін» деген мөр басылады, соңғы бетінің арт жағына парақ саны туралы белгі қойылады, құжаттардың атауларының және бақылау актілеріне қосымшалардың парақ санының тізімдемесімен, бақылау объектісінің қарсылықтарымен бірге (болған жағдайда) бақылау материалдарының жинақ папкасында қалыптастырылады және ол басқа да бақылау материалдарымен толықтырылғанға дейін бақылау тобының жетекшісінде (бақылаушыда) не жауапты лауазымды адамда сақталады.

Ескерту. 155-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

156. Бақылау актілері және бақылау актілеріне қоса берілген Тізілімдер Тексеру комиссиясына келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күн ішінде сапаны бақылау жүргізуге тапсырылады. Сапаны бақылаудың нәтижесі бойынша сараптамалық қорытынды бес жұмыс күні ішінде дайындалады.

Ескерту. 156-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

156-1. Бірлескен бақылаудың қорытындысы бойынша республикалық және жергілікті бюджеттер қаражатына жеке-жеке жиынтық тізілім қалыптастырылады.

Ескерту. 156-1-тармақпен толықтырылды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 10.12.2014 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейінгі күні қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

156-2. Бақылаудың нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің тізілімдерінің, Жиынтық тізілімдердің, бақылау қорытындысы бойынша Қаулылардың (Ұсынымдардың) жобаларына заң сараптамасы жүзеге асырылады.

Егер, бақылау материалдарына заң қорытындысын дайындау кезінде бақылаушылар бастапқыда қоса берілмеген құжаттарды ұсынса, мұндай құжаттар міндетті түрде бақылау материалдарына, соның ішінде оның электронды нұсқасына қоса тіркеледі.

Ескерту. 156-2-тармақпен толықтырылды - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

157. Сапаны бақылау осы Қағидаға 19-қосымшада келтірілген сапаны бақылауды жүзеге асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жүргізіледі.

## 2-параграф. Шешімдерді (Қаулыларды (Ұсынымдарды)) жасау және ресімдеу

158. Жүргізілген бақылау іс-шарасының нәтижелері бойынша Тексеру комиссиясының оны жүргізуге жауапты мүшесі бақылау тобы жетекшісінің, бақылаушылардың және (немесе) бақылауды жүзеге асыруға тартылған сарапшылардың, мемлекеттік органдар мамандарының және аудиторлық ұйымдар қызметкерлерінің қатысуымен бақылау актілеріне сапаны бақылаудың сараптамалық қорытындысын және бақылау орнына бару арқылы қайта бақылау

(қайта тексеру) (болған жағдайда) нәтижелерін алғаннан кейін он жұмыс күні ішінде Қорытындының, бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімінің (бұдан әрі – Жиынтық тізілім) және Қаулының (Ұсынымның) жобаларын дайындайды.

Ескерту. 158-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасының 14.08.2014 № 3-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

159. Тексеру комиссиясының бақылау іс-шарасын жүргізуге жауапты мүшесі қол қойған Қорытындының жобасы Жиынтық тізіліммен бірге Тексеру комиссияның отырысы өткізілгенге дейін екі жұмыс күні бұрын танысу үшін негізгі бақылау объектісіне (бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне) жіберіледі.

Ескерту. 159-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

160. Ішкі келісу рәсімдерінен өткеннен кейін Қорытындының, Жиынтық тізілімнің және Қаулының (Ұсынымның) жобаларына Тексеру комиссиясының бақылауға жауапты мүшесі қол қояды және бұрыштама қояды, Тексеру комиссиясының отырысы өткізілгенге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей, Тексеру комиссиясының Төрағасына ұсынылады.

Ескерту. 160-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

161. Сапаны бақылаудың сараптамалық қорытындысында жасалған бақылау актілерінің Стандарттарға сәйкессіздігін растайтын фактілер көрсетілген жағдайда, Тексеру комиссиясының бақылауға жауапты мүшесі бақылау материалдарын Тексеру комиссиясының отырысына шығарып, тиісті шешім қабылдаудың орындылығы туралы Тексеру комиссиясы Төрағасының атына қызметтік жазба енгізеді.

162. Қорытынды кіріспе, негізгі (талдамалық), қорытынды бөліктерден тұрады және осы Қағидаға 20-қосымшада келтірілген нысан бойынша ресімделеді.

163. Жиынтық тізілім осы Қағидаға 21-қосымшаға сай нысан бойынша жасалады.

164. Қорытындыда бақылау іс-шарасының негізгі нәтижелері, бақылау актісінде (аудиторлық есепте) көрсетілген бұзушылықтардың, кемшіліктердің анықталған, құжаттармен және сапаны бақылаумен расталған фактілері,

сондай-ақ уәкілетті органның және ұйымдардың қорытындыларының нәтижелері (болған жағдайда) жинақталады, жүйеленеді және қысқаша нысанда көрсетіледі. Жинақталған бір текті (бір үлгідегі) бұзушылықтар, кемшіліктер оларды жою және бақылау объектілерінің қызметін регламенттейтін және экономиканы немесе жеке алғанда экономика саласын, әлеуметтік саланы, мемлекеттік басқарудың басқа да салаларын дамытуға бағытталған нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру жөніндегі ұсыныстармен бірге бақылау объектілері бойынша жеке тармақта баяндалады.

Қорытындыға бақылау объектілері қалпына келтірген және өтеген қаражат ( жұмыстар, тауарлар, көрсетілген қызметтер) туралы ақпарат осы Қағидаға 21-1-қосымшаға сай нысан бойынша қоса беріледі.

Ескерту. 164-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

165. Қорытындыға бақылау объектісінің осы Қағидада белгіленген тәртіппен қаралмаған қарсылықтары бар бұзушылық фактілерін енгізуге жол берілмейді.

Ескерту. 165-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 10.12.2014 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейінгі күні қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

166. Бақылаудың нәтижелері бақылау бағыттарының ерекшеліктерін ескере отырып, бақылаудың үлгісіне, түріне және объектісіне сәйкес жүйеге келтіріліп, мына бағыттар:

1) аумақтарды дамыту бағдарламаларының, бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуын нормативтік-әдістемелік қамтамасыз ету;

2) мемлекеттік органның аумақтарды дамыту бағдарламаларын, бюджеттік бағдарламаларды іске асыруға немесе жекелеген әлеуметтік және экономикалық міндеттерді шешуге бағытталған қызметі;

3) бюджет қаражатын, оның ішінде трансферттерді, кредиттерді байланысты гранттарды, жергілікті атқарушы органдардың қарыздарын игерудің, бюджеттік бағдарламалар бойынша түпкілікті мақсаттар мен нәтижелерге қол жеткізудің, мемлекет активтерін пайдаланудың нәтижелілігі дәрежесі;

4) жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің толықтығы мен уақтылылығы, сондай-ақ жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің артық (қате) төленген сомаларын қайтарудың және (немесе) есепке жатқызудың дұрыстығы;

5) қаржы активтерін сатып алу, оларды сатудан бюджетке түскен қаражат түсімдері бойынша бақылау нәтижелері;

6) Тексеру комиссиясы шешімдерінің орындалу сапасын постбақылаудың

нәтижелері бойынша көрсетіледі.

Ескерту. 166-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 10.12.2014 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейінгі күні қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

167. Қорытынды Тексеру комиссиясы қаулысының (ұсынымының) жобасын дайындау үшін негіз болып табылады.

Ескерту. 167-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 10.12.2014 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейінгі күні қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

168. Тексеру комиссиясының қаулысы әкімшілік рәсімдер туралы заңнамада белгіленген деректемелерді қамтиды.

Ескерту. 168-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 10.12.2014 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейінгі күні қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

169. Тексеру комиссиясының отырысында жүргізілген бақылау іс-шараларының қорытындылары қаралады. Қорытынды, Қаулы (Ұсыным) бақылауға жауапты лауазымды адамның және бақылау объектілері өкілдерінің ақпаратын тыңдаудың қорытындысы бойынша қабылданады.

Ескерту. 169-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

169-1. Егер, бақылау іс-шараларының қорытындылары бойынша Тексеру комиссиясының отырысы барысында бақылау объектісі Тексеру комиссиясының Қаулысы (Ұсынымы) жобасының тапсырмалық тармақтарын орындау мерзімдерін ауыстыруға не жобаны өзге де түзетуге бастама жасаса, отырыс хаттамасында бастамашы, негіз және қабылданған шешім көрсетіледі.

Тексеру комиссиясының Қаулысына (Ұсынымына) қол қойылған кезде оған бақылау іс-шарасын жүргізуге жауапты Тексеру комиссиясы мүшесінің баяндамалары (соның ішінде ЭҚАБЖ-да) қоса беріледі.

Құпия сипаттағы бақылау іс-шаралары бойынша отырыстар Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын қорғау жөніндегі заңнамада белгіленген талаптарды сақтай отырып өткізіледі.

Ескерту. 169-1-тармақпен толықтырылды - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң

қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

170. Қаулы айқындаушы және қаулы шығарушы бөліктерден тұрады және осы Қағидаға 22-қосымшада келтірілген нысанға сәйкес ресімделеді.

171. Қаулының айқындаушы бөлігінде бақылау іс-шарасының нәтижелері туралы жалпы тұжырым көрсетіледі.

Ескерту. 171-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

172. Қаулының қаулы шығарушы бөлігі жүргізілген бақылау іс-шарасының нәтижесі бойынша дайындалған Қорытындыны бекіту туралы шешімді, жергілікті атқарушы органға, басқа да органдарға нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру жөніндегі ұсынымдарды, бақылау объектілері орындауға міндетті шешімдерді (қаражатты бюджетке қайтару қажет болған жағдайда, бюджетке түсетін түсімдердің коды көрсетіледі), құқық қорғау және басқа да уәкілетті органдарға тапсырмалық тармақтарды, сондай-ақ Ұсынымды жолдау туралы шешімдерді қамтиды.

Ескерту. 172-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасының 14.08.2014 № 3-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

173. Тексеру комиссиясының жауапты мүшесінің Қорытындысы немесе Қорытындысынан алынған үзінді қоса беріліп, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың басшыларына жолданған Қаулылар оларда көрсетілген мерзімде қаралады.

Ескерту. 173-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасының 14.08.2014 № 3-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

174. Бақылау объектілеріне жұмыстағы бұзушылықтар мен кемшіліктерді оларға қатысты бөлігінде жою үшін Ұсынымдар жолданады, олар ондағы көрсетілген мерзімде қаралады.

175. Бақылау объектілеріне және басқа да мүдделі адамдарға өздеріне қатысты анықталған бұзушылықтарды және жұмыстағы кемшіліктерді жою үшін Ұсыным осы Қағидаға 23-қосымшаға сай нысан бойынша ресімделеді.

176. Тексеру комиссиясының жауапты мүшесінің Қорытындысы қоса берілген Қаулылар толық көлемінде тиісті әкімдіктерге және құқық қорғау органдарына да жолдануы мүмкін.

176-1. Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 140-бабына сәйкес,

Тексеру комиссиясы Қаулы (Ұсыным) қабылдағаннан кейін үш жұмыс күні ішінде құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органға электрондық ақпараттық есепке алу құжатын – талон-хабарламаны ұсынады.

Ескерту. 176-1-тармақпен толықтырылды - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

## 6. Тексеру комиссиялары шешімдерінің (Қаулыларының (Ұсынымдарының)) орындалуын мониторингілеу мен бақылауды жүзеге асыру

### 1-параграф. Шешімдердің орындалуын мониторингілеу мен бақылау

177. Қаулылардың (Ұсынымдардың) орындалуын бақылауды Тексеру комиссиясының бақылауға жауапты мүшесі тұрақты негізде жүзеге асырады.

178. Құжат айналымына (мониторингілеуге) жауапты құрылымдық бөлімше Тексеру комиссиясы Қаулыларының (Ұсынымдарының) тапсырмалық тармақтарын қол қойылған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде бақылауға қоюды жүзеге асырады, қаулының (ұсынымның) орындалу мерзіміне дейін үш жұмыс күні бұрын олардың орындалу мерзімі туралы Тексеру комиссиясының бақылауға жауапты мүшесінің есіне салады.

179. Заң қызметі (заңгер) жартыжылдықта бір рет есепті кезеңнен кейінгі айдың 20-күніне дейін құқық қорғау органдарымен бірге салыстырып тексеру жолымен оларға жіберілген бақылау материалдарын қараудың нәтижелеріне мониторинг жүргізіп, Тексеру комиссиясының Төрағасын және бақылауға жауапты мүшесін хабардар етеді.

180. Тексеру комиссиясының бақылауға жауапты мүшесі бақылау объектісінен ақпаратты (растаушы құжаттарды) алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде бақылау объектісінің Қаулылардың (Ұсынымдардың) шешімдерін орындауына талдау жүргізіп, соның негізінде қызметтік жазба дайындайды.

Бақылау объектісі Қаулыны (Ұсынымды) орындаған жағдайда, Тексеру комиссиясының мүшесі Тексеру комиссиясы Төрағасының атына Қаулының (Ұсынымның) іске асырылуы және оны бақылаудан алып тастау туралы қызметтік жазба дайындайды.

Ескерту. 180-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасының 14.08.2014 № 3-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң

қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

181. Есеп комитеті мен тексеру комиссиясының бірлескен Қаулысы шешімдерінің орындалуын мониторингілеу кезінде Тексеру комиссиясының жауапты мүшесі бірлескен Қаулының орындалуы туралы облыс әкімдігінен және басқа да бақылау объектілерінен алынған ақпараттың негізінде бірлескен Бақылаудың шешімдерін толық және тиісінше орындалуына талдау жүргізеді, бақылау объектілерінің бұзушылықтарды накты жойғанына постбақылауды жүзеге асырады және бірлескен Қаулының орындалуы туралы ақпаратты алған күннен бастап кемінде он жұмыс күні ішінде шешім қабылдау үшін Есеп комитетіне растайтын құжаттардың және жүргізілген постбақылау материалдарының көшірмелерімен бірге ақпарат жібереді.

182. Бақылау объектісі Тексеру комиссиясы Қаулыларының ( Ұсынымдарының) шешімдерін орындау жөніндегі ақпаратты тиісті мерзімде ұсынбаған жағдайда, Тексеру комиссиясының мүшесі бақылау объектісіне кемінде екі жұмыс күнінен кешіктірмей ЭҚАБЖ (болған жағдайда) арқылы және қағаз түрінде почтамен әкімшілік жауапкершілік туралы ескерту жолдайды.

Ескерту. 182-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 10.12.2014 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейінгі күні қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

183. Бақылау объектісі тапсырмалық тармақты белгіленген мерзімде орындамаған жағдайда, Тексеру комиссиясының мүшесі Қаулыда (Ұсынымда) көрсетілген мерзім аяқталған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде Тексеру комиссиясы Төрағасының атына бақылау объектісіне әкімшілік ықпал ету шарасын қолдану туралы қызметтік жазба дайындап, сараптама жүргізу үшін заң қызметіне (заңгерге) жібереді.

Бақылау объектісі Қаулылардың (Ұсынымдардың) шешімдерін тиісінше орындамаған жағдайда, Тексеру комиссиясының мүшесі осы Қағиданың 180-тармағында көрсетілген мерзім аяқталғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде Тексеру комиссиясы Төрағасының атына бақылау объектісіне әкімшілік ықпал ету шарасын қолдану туралы қызметтік жазба жасап, құқықтық сараптама жүргізу үшін заң қызметіне (заңгерге) жібереді.

Заң қызметі (заңгер) Тексеру комиссиясы Төрағасының бұрыштамасы бар Тексеру комиссиясы мүшесінің қызметтік жазбасын алған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде осы Қағиданың 86-тармағында көзделген растаушы құжаттар болғанда, әкімшілік іс жүргізуді қозғаудың орындылығы туралы сараптамалық қорытынды жасайды, орындылығы танылған жағдайда, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама ресімдейді.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырылған кезден бастап үш

тәулік ішінде Тексеру комиссиясының мүшесі әкімшілік іс материалдарын тиісті сотқа жолдайды.

Ескерту. 183-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасының 14.08.2014 № 3-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

184. Тексеру комиссиясының Төрағасы Тексеру комиссиясы мүшесінің қызметтік жазбасының негізінде Тексеру комиссиясының шешімін бақылаудан алып тастау туралы не оның орындалуын жалғастыру туралы шешім қабылдайды.

Тексеру комиссиясы Төрағасының шешімі қабылданғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде Тексеру комиссиясының бақылауға жауапты мүшесі бақылау объектісін Тексеру комиссиясының шешімін бақылаудан алып тастау не оның орындалуын жалғастыру туралы хабардар етеді, құжат айналымына жауапты құрылымдық бөлімше Тексеру комиссиясы жауапты мүшесінің Тексеру комиссиясы Төрағасының бұрыштамасы қойылған қызметтік жазбасын және бақылау объектілерінің Тексеру комиссиясы шешімдерінің орындалғаны жөніндегі ақпаратын тіркеуді жүзеге асырады.

185. Қажет болған жағдайда, Қаулының (Ұсынымның) орындалу барысы туралы мәселені талқылау Тексеру комиссиясының отырысына шығарылады, оны қараудың қорытындысы бойынша тиісті шешім қабылданады.

Ескерту. 185-тармақ жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

## 2-параграф. Шешімдердің орындалуын постбақылау

186. Тексеру комиссиясының мүшесі бақылау объектісінен Қаулының (Ұсынымның) толық орындалуы туралы қорытынды ақпаратты алған күннен кейін бір жұмыс күні ішінде, Қаулының (Ұсынымның) қандай да бір тармақтары орындалмаған және (немесе) ұсынылған қорытынды ақпараттың анықтығы күмән келтірген жағдайда, Тексеру комиссиясы Төрағасының атына өткізілетін уақытын келісе отырып, Тексеру комиссиясы шешімдерінің орындалуына бақылау жүргізу (бұдан әрі – постбақылау) туралы қызметтік жазба дайындайды.

187. Постбақылау жүргізу туралы шешімді Тексеру комиссиясының Төрағасы Тексеру комиссиясының жұмыс жоспарына өзгерістер енгізе отырып қабылдайды.

188. Постбақылау мынадай тәсілдердің бірі:

1) Қаулылар (Ұсынымдар) шешімдерінің орындалу толықтығы мен анықтығына постбақылау объектісіне бару арқылы тексеру жүргізу;
2) постбақылау жүргізу мәселелерін постбақылау объектісі бақылау объектісі болып табылатын бақылау іс-шарасының бағдарламасына енгізу бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.
189. Постбақылауды жүргізу Тексеру комиссиясының жүргізілген бақылауға жауапты мүшесінің Тапсырмасы негізінде жүзеге асырылады, оның қорытындылары бақылау актісімен ресімделеді.
190. Постбақылау іс-шарасын жүргізудің, Тексеру комиссиясының қаулысын (ұсынымын) орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін постбақылау объектісінің лауазымды адамдарына шара қолдану туралы әкімшілік хаттаманың жобасымен бірге (қажет болған жағдайда) Тексеру комиссиясы шешімдерінің орындалуы туралы қорытындыны дайындаудың мерзімі он жұмыс күнінен аспауы тиіс.
191. Тексеру комиссиясының Төрағасы Тексеру комиссиясы мүшесінің қорытындысы негізінде Тексеру комиссиясының шешімдерін бақылаудан толық алып тастау не оның жекелеген тармақтарының орындалуын жалғастыру туралы шешім қабылдайды.
192. Тексеру комиссиясы Төрағасының бақылаудан алып тастау не оның орындалу барысын бақылауды жалғастыру туралы қарары қабылданғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде Тексеру комиссиясы мүшесінің назарына жеткізіледі.
193. Тексеру комиссиясының мүшесі Тексеру комиссиясы Төрағасының қарарын алғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде бақылау объектісіне Тексеру комиссиясы шешімінің бақылаудан толық алынып тасталғаны немесе оның орындалуының жалғастырылғаны туралы хабарлама жолдайды.
194. Құжат айналымына жауапты құрылымдық бөлімше жүргізілген постбақылаудың нәтижелері бойынша Тексеру комиссиясы Төрағасының қарары жазылған қорытындыны, сондай-ақ бақылау объектісінің ақпаратын тіркейді.

## 7. Қорытынды ережелер

### 1-параграф. Бақылау іс-шараларының қорытындыларын бұқаралық ақпарат құралдарында жария ету

195. Тексеру комиссиясының бақылауға жауапты мүшесі бақылау тобының жетекшісімен (бақылаушымен) бірлесіп, бақылау іс-шарасының қорытындылары бойынша баспасөз релизін дайындайды, ол Тексеру комиссиясының бақылау іс-шараларының қорытындыларын қарау жөніндегі отырысы өткізіліп, Тексеру комиссиясының Төрағасымен келісілгеннен кейін тиісті Қаулыға қол қойылған

күннен бастап, үш жұмыс күнінен кешіктірілмей, Тексеру комиссиясының Интернет-ресурсына орналастырылады.

196. Тексеру комиссиясының қаулылары Тексеру комиссиясының жауапты мүшесінің мемлекеттік және қызметтік құпияны қамтымайтын қорытындысымен қоса толығымен немесе одан алынған үзінділер түрінде Тексеру комиссиясының Интернет-ресурсына орналастырылады.

## 2-параграф. Бақылау материалдарын есепке алу

197. Тексеру комиссиясының қаулысына қол қойылғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде бақылау тобының жетекшісі бақылау материалдарын (Бақылау жоспарының, бағдарламасының, Жұмыс жоспарларының, Тапсырмалардың түпнұсқаларын, сараптамалық қорытындыны, Тексеру комиссиясының жауапты мүшесі қол қойған жүргізілген бақылаудың нәтижелері жөніндегі қорытындыны, Жиынтық тізілімді, Тексеру комиссиясының Төрағасы қол қойған Тексеру комиссиясының қаулысын, отырыстың хаттамасын) құжат айналымына жауапты құрылымдық бөлімшеге бақылау материалдары бар жинақ папканы толықтырып, кейіннен мұрағатқа өткізу үшін тапсырады.

198. Мемлекеттік құпияларды қамтитын бақылау материалдары ескеріліп, Қазақстан Республикасында құпиялылық режимін қамтамасыз ету жөніндегі заңнамамен бекітілген талаптарға сәйкес сақталады.

199. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайтын уәкілетті органдарға іс жүргізу шешімін қабылдау үшін жолданған әкімшілік материалдардың көшірмелері құжат айналымына жауапты құрылымдық бөлімшеде сақталып, жеке журналда тіркеледі. Сақтауға өткізілген әкімшілік материалдардың көшірмелері Тексеру комиссиясының жалпы хат-хабарларынан бөлек сақталады.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссияларының сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылау жүргізу қағидасына 1-қосымша
нысан

## Облыстар бойынша бақылау объектілері жөнінде ақпараттық деректер базасы (жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бойынша ақпарат)

| ЖББӘ | МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР | |
|---|---|---|
| | | |

| Бюджеттік бағдарламалар<br>Трансф. бойынша | Әкімшілік шығыстар | | | | | | ЖАО, нысаналы трансферттер* | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| ЖБ бойынша | ЕТҚ | Күрделі шығыстар | М О қызмет көрсету | Ақпараттандыру | Біліктілікті арттыру | Басқалар | Облыстық басқармалар | Қалалық, аудандық басқармалар (бөлімдер) | Бюдже қаражат түпкі алушыл соның ін ведомст бағыныс |
| | | | | | | | аудандар бөлінісінде | | |

* бюджеттік инвестициялық жобалар бар болған кезде, барлық жобалар/ объектілер (ешқайсысы қалдырылмай) көрсетіледі.

## Облыстар бойынша бақылау объектілері жөнінде ақпараттық деректер базасы
## (бағдарламалық құжаттарды іске асыру бойынша ақпарат)

млн. теңге

| Р/с № | Іс-шаралар | Бірлесіп орындаушылар (меморгандар, ведомстволық бағынысты ұйымдар) | Орындау бойынша ақпарат | Мерзімінде орындалмау себептері | Бағдарламалық құжатты іске асыру кезеңіне бюджетті бағдарламалар бөлінісінде жергілікті бюджет қаражаты | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | 1-ші жыл | | | 2-ші жыл | | | |
| | | | | | Бюдж. бағд. № | Бөлінгені | Игерілгені | Бюдж. бағд. № | Бөлінгені | ___-ға игерілгені | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | |
Бақылау мәні ___________________________________________________
Бақылауды _____________________________________________ жүргізді.
Бақылау қамтылатын кезең_________________________________________
Негізгі (талдамалық ) бөлім_______________________________________
Қабылданған шаралар _____________________________________________
Бақылаудың қорытындысы бойынша тұжырымдар _________________________
_
Бақылаудың қорытындысы бойынша ұсыныстар___________________________
_
Қосымша: (__ парақ) _____________________________________________
Тексеру комиссиясының мүшесі _____________________________________
(қолы, аты-жөні, тегі)

Ескертпе: бақылау нәтижесі бойынша қорытынды (бұдан әрі – Қорытынды) жасау.

Қорытындының кіріспе бөлігі бақылаудың мақсатын, мәнін және объектілерін қамтиды.

Қорытындының кіріспе бөлігінде мынадай деректер көрсетіледі:

1. Бақылау мақсаты.

Бекітілген Бақылау жоспарына сәйкес бақылаудың мақсаты көрсетіледі.

2. Бақылау объектілері.

Бақылау объектілерінің атауы, соның ішінде үстеме бақылау объектілері де көрсетіледі.

3. Бақылау мәні.

Бекітілген Бақылау бағдарламасына сәйкес, бақылауға жүргізуге жатқызылған бақылау объектілері қызметінің бағыттары көрсетіледі.

4. Қорытындының негізгі (талдамалық) бөлігі бақылау іс-шараларының жинақталған түрдегі нақты нәтижелерін қамтиды, соның ішінде:

1) бақылаумен қамтылған жалпы соманы, оның ішінде анықталған бұзушылықтардың, соның ішінде бюджет кірістері мен шығыстары бойынша, мемлекет активтерін пайдалану кезіндегі сомаларды;

2) тиімсіз пайдаланылған қаражат сомасын;

3) рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар сомасын;

4) бақылау барысында қалыпна келтірілген (өтелген) соманы қамтиды.

Бұл ретте Тексеру комиссиясының мүшесі бақылау қорытындысы бойынша өткізілген отырысты ескере отырып, Қорытындыда көрсетілген деректердің бақылау материалдарына сәйкестігін қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ осы бөлімде бақылаудың қойған мақсаты және белгілі бір түрі мен үлгісі шегінде уәкілетті органның және ұйымдардың (болған жағдайда) қорытындыларының нәтижелері, бақылау объектісінің қызметіне жасалған талдаудың қорытындылары келтіріледі. Тиімділікті бақылау кезінде негізінде бағалау жүзеге асырылған критерийлер көрсетіледі.

Қорытындының жиынтық бөлігі мынадай бөлімдерді қамтиды:

5. Бақылау барысында қабылданған шаралар.

Аталған бөлімде есептелген (қосымша есептелген) салықтар, айыппұлдар, өсімпұлдар туралы, бюджетке түсімдер енгізудің қамтамасыз етілгені және негізсіз пайдаланылған қаражаттың өтелгені, тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді берушілердің шарттық міндеттемелерін орындағаны, бақылау объектісінің бұзушылықтарға жол берген лауазымды адамдарына қолданылған тәртіптік жазалау шаралары туралы, бақылауды жүзеге асыру процесінде және бақылаудың қорытындысы бойынша отырыс өткізілгенге дейін бақылау объектісінің бұзушылықтарды жоюына қатысты басқа да ақпарат, сондай-ақ бақылау материалдарын әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға уәкілетті органдарға беру туралы мәліметтер мен оларды

қараудың нәтижелері (болған жағдайда) көрсетіледі.

6. Бақылаудың қорытындысы бойынша тұжырымдар.

Жүргізілген бақылаудың мәселелері бойынша бақылау объектісі қызметінің нәтижелерін жалпы бағалау және анықталған бұзушылықтардың жалпы сомасы көрсетіледі. Бақылау бағытының ерекшеліктерін ескере отырып, бақылаудың үлгісіне, түріне және объектісіне қарай бюджеттің атқарылуын, аумақтарды дамыту бағдарламаларының, бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуын, мемлекеттік органдардың (бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің) қызметін, жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің толықтығы мен уақтылылығын, түсімдердің бюджетке артық (қате) төленген сомаларының қайтарылуын және ( немесе) есепке жатқызылуын, бюджет қаражаты мен мемлекет активтерінің, байланысты гранттардың, жергілікті атқарушы органдар берген қарыздардың тиімді пайдаланылуын, сондай-ақ анықталған бұзушылықтардың, кемшіліктердің себептерін және әкеліп соқтыруы мүмкін салдарларды бағалау қамтылады.

7. Бақылаудың қорытындысы бойынша ұсыныстар.

Тексеру комиссиясының бақылауды жүргізуге жауапты мүшесінің тұжырымдармен негізделген және анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің себептерін жоюға бағытталған ұсыныстары, сондай-ақ Тексеру комиссиясының отырысында бақылау іс-шарасының қорытындыларын қарау туралы оның пікірі көрсетіледі.

Бөлімде:

1) жергілікті атқарушы және басқа да мемлекеттік органдарға нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру жөніндегі ұсынымдар;

2) нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру, Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету, анықталған бұзушылықтарды жою, негізсіз пайдаланылған бюджет қаражатын қалпына келтіру не оларды есепке алу бойынша қалпына келтіру, бюджет қаражатының атаулылық және нысаналы сипаты принципін бұза отырып пайдаланылғандарын, соның ішінде нысаналы трансферттер мен бюджеттік кредиттерді қайтару, өнім берушілердің шарттық міндеттемелерін орындауы, сондай-ақ бюджет және өзге де заңнаманың талаптарын бұзуға жол берген лауазымды адамдарды жауаптылыққа тарту жөнінде бақылау объектілері орындауға міндетті Тексеру комиссиясының шешімдері;

3) бақылау объектілерінің лауазымды және өзге де адамдарының іс-әрекеттерінде қылмыс белгілерін қамтитын анықталған фактілер бойынша бақылау материалдарын процестік шаралар қабылдау үшін құқық қорғау органдарына жіберу туралы шешімдер;

4) егер бақылау материалдары Қорытынды дайындалғанға дейін берілмесе, бақылау объектілерінің лауазымды және өзге де адамдарының іс-әрекеттерінде

әкімшілік құқық бұзушылықтар белгілерін қамтитын анықталған фактілер бойынша бақылау материалдарын әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға уәкілетті органдарға жіберу туралы шешімдер;

5) бақылау объектісі басшылығының бюджет пен өзге де заңнама талаптарының бұрын жол берген бұзушылықтарының салдарларын барынша азайтуға бағытталған, бақылау іс-шарасы барысында және отырыс өткізілгенге дейін жасаған іс-әрекеттерін назарға алу туралы ұсыныстар көрсетіледі.

Ұсыныстар нақты, ақылға қонымды мерзімде және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы шеңберінде орындалатын, анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою жөнінде нақты шаралар қабылдауға бағытталатын болуы тиіс;

6) егер бақылау объектісіне қаражатты бюджетке қайтаруды қамтамасыз ету тапсырылған болса, Қорытындыда Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 403 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасына сай бюджет түсімдерінің (алдын ала қазынашылық органдарымен пысықталған) коды көрсетіледі.

8. Қосымшалар.

Қорытындыға бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі, сондай-ақ бақылау объектілері қалпына келтірген және өтеген қаражат (жұмыстар, тауарлар, қызметтер) жөніндегі ақпарат міндетті түрде қоса беріледі.

Жекелеген бұзушылықтарды неғұрлым толығырақ ашу үшін негізгі ( талдамалық) бөлік қосымшалармен (кестелер, есептеулер, таратып жазулар) толықтырылады. Қосымшалар Қорытындының негізгі мәтінімен бірге біртұтас бүтінді құрайды.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссияларының сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылау жүргізу қағидасына
20-1-қосымша

Ескерту. 20-1-қосымшамен толықтырылды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасының 14.08.2014 № 3-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); алып тасталды - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссияларының

сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды жүргізу қағидасына
21-қосымша
нысан

Ескерту. 21-қосымша жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

## Бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі

1) қаражат бюджетке түскен кезде (мың теңге)

| Р/с № | Жыл | Бақылау объектісінің атауы | Бақылау объектісінің БСН-і | Өңірдің коды | ББС бойынша бюджетке түсетін түсімдер коды | Бюджетке түсетін түсімдер бойынша анықталған қаржылық бұзушылықтар-дың жалпы сомасы (10-бағ.+13-бағ.+16-бағ.+19-бағ.+22-бағ.) | | | соның ішінде | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | Бюджетке түсетін қаража уақтылы, толық есе жатқызылмауы | | |
| | | | | | | бар-лы-ғы | оның ішінде | | бар-лы-ғы | оның ішінде | |
| | | | | | | | түсуге жататыны | бақылау бары-сында түскені | | түсуге жататыны | бак бар сы түс |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 |
| | | | | | | | | | | | |
| 1. | | | | | | | | | | | |
| Жиыны (соның ішінде бақылауға қатысқан адамдар бөлінісінде): | | | | | | | | | | | |
| 1 | А.Ә.Т. | | | | | | | | | | |
| 2 | А.Ә.Т. | | | | | | | | | | |
| Жиыны | | | | | | | | | | | |

кестенің жалғасы

| соның ішінде | | |
|---|---|---|
| | | |

| Артық (қате) төленген түсімдер сомаларын бюджеттен қайтаруды және (немесе) есепке жатқызуды ҚР заңнамасын бұза отырып жүзеге асыру | | | Салықтардың, әкімшілік айыппұлдардың, кедендік және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің толықтығы мен уақтылылығын қамтамасыз етпеу | | | Бақылауды жүзеге асыратын өзге де уәкілетті органдардың бюджетке түсетін салықтық емес түсімдерді, негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдерді, трансферттерді, бюджеттік кредиттерді өтеуден, мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түскен сомаларды, қарыздарды толық өндіріп алмауы және уақтылы аудармауы | | | Қаражат бюдж кезіндегі өзге бұзушылықтары | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| барлығы | оның ішінде | | барлығы | оның ішінде | | барлы-ғы | оның ішінде | | барлығы | оның іш |
| | түсуге жататыны | бақылау барысында түскені | | түсуге жататыны | бақылау барысында түс-кені | | түсуге жататыны | бақылау барысында түс-кені | | түсуге жататы |
| 13 | 14 | 15 | 16 | 17 | 18 | 19 | 20 | 21 | 22 | 23 |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |

## 2) бюджет қаражаты мен мемлекет активтерін пайдалану кезінде (мың теңге)

| Р/с № | Жыл | Бюджеттік бағдарлама әкімшісінің коды | Бюджеттік бағдарлама әкімшісінің, аумақты дамыту бағдарламасын әзірлеушінің/бірлесіп орындаушының атауы | Бақылау объектісінің атауы | Бақылау объектісінің БСН-і | Өңірдің коды | Бюджеттік бағдарлама коды | Бюджеттік бағдарлама атауы | Бақылаумен қамт | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | барлығы | оның іш |
| | | | | | | | | | | бюджет қаражат |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 |
| | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | | | | | | | | | | |
| Жиыны (соның ішінде бақылауға қатысқан адамдар бөлінісінде): | | | | | | | | | | |
| 1 | А.Ә.Т. | | | | | | | | | |
| 2 | А.Ә.Т. | | | | | | | | | |
| Жиыны | | | | | | | | | | |

кестенің жалғасы

| Анықталған қаржылық бұзушылықтардың жалпы сомасы (23-бағ.+28-бағ.+33-бағ.) | | | | | | | | | Соның ішінде<br>Бюджет қаражат заңнамасы және ө | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| барлығы | соның ішінде трансферттерді пайдалану кезінде | Соның ішінде қалпына келтіруге (өтелуге) жататыны (24-бағ.+26-бағ.+29-бағ.+31-бағ.+34-бағ.) | | | | | | | барлығы | оның іш |
| | | барлығы | оның ішінде: | | оның ішінде: | оның ішінде бақылау барысында қалпына келтірілгені (өтелгені) | | | | |
| | | | қалпына келтіруге жататыны | өтелуге жататыны | | бақылау барысында қалпына келтірілгені | бақылау барысында өтелгені | соның ішінде транс-ферт -тер | | қалпына келтіруг жататы |
| 14 | 15 | 16 | 17 | 18 | 19 | 20 | 21 | 22 | 23 | 24 |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |

кестенің жалғасы

| Соның ішінде | | Рәсімдерді орындау тәрт бұзушылықтары | |
|---|---|---|---|
| | | | |

| Активтерді пайдалану кезіндегі бюджет және өзге де заңнама бұзушылықтары | | | | | Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезіндегі заңнама бұзушылықтары | | | барлығы, мың теңге | оның ішінде | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Барлығы | оның ішінде | | | | барлығы | оның ішінде | | | қалпына келтіруге (өтелуге) жататыны, мың теңге | сон ішін бақь бары қалп келті (өтел мың |
| | қалпына келтіруге жататыны | соның ішінде бақылау барысында қалпына келтірілгені | өтелуге жататыны | соның ішінде бақылау барысында өтелгені | | қалпына келтіруге жататыны | соның ішінде бақылау барысында қалпына келтірілгені | | | |
| 28 | 29 | 30 | 31 | 32 | 33 | 34 | 35 | 36 | 37 | 38 |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |

## кестенің жалғасы

| Рәсімдерді орындау тәртібінің бұзушылықтары | | | | | | Бұзушылық фактісін сипаттау, НҚА-ның бұзылған ережелеріне сілтеме жасау | Бұзушылықта сыныптауышы тармағы (бол жағдайда) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Бюджет қаражатын пайдалану, бюджеттік кредиттерді, мемлекеттік кепілдіктерді, кепілгерліктерді, қарыздарды беру кезінде | | активтерді пайдалану кезінде | | мемлекеттік сатып алу туралы заңнама | | | |
| бірлік, саны | сома, мың теңге | бірлік, саны | сома, мың теңге | бірлік, саны | сома, мың теңге | | |
| 39 | 40 | 41 | 42 | 43 | 44 | 45 | 46 |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |

3) бақылау объектісі қызметіндегі өзге де заңнама бұзушылықтары, сондай-ақ оның міндеттері мен функцияларын іске асыруға байланысты заңнамадағы кемшіліктер мен олқылықтар

| Р/с № | Жыл | Бюджеттік бағдарлама әкімшісінің коды | Бюджеттік бағдарлама әкімшісінің, аумақтарды дамыту бағдарламасы әзірлеушісінің/бірлесіп орындаушысының атауы | Бақылау объектісінің атауы | Бақылау объектісінің БСН-і | Өңірдің коды | Бюджеттік бағдарлама коды | Бюджеттік бағдарлама атауы | Тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражатының (активтер) сомасы (мың теңге) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| 1. | | | | | | | | | |
| Жиыны (соның ішінде бақылауға қатысқан адамдар бөлінісінде): | | | | | | | | | |
| 2 | А.Ә.Т. | | | | | | | | |
| 3 | А.Ә.Т. | | | | | | | | |
| Жиыны | | | | | | | | | |

Тексеру комиссиясының бақылау жүргізген қызметкерлері________________
(қолы, аты-жөні, тегі)
Келісілген: Тексеру комиссиясының бақылауға жауапты мүшесі___________
(қолы, аты-жөні, тегі)

Бақылауды жүргізген бақылау тобының жетекшісі мен қатысушылары Тексеру комиссиясының бақылау жүргізуге жауапты мүшесімен келісілетін Қорытындыға қоса берілетін Анықталған бұзушылықтардың жиынтық тізіліміне қол қояды.

Ескертпе: Бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің тізілімін (жиынтық тізілімін) толтыру.

Анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің тізілімі әрбір бақылау объектісінде толтырылып, бақылау актісіне қоса беріледі.

Анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі бақылау объектілерінің қарсылықтары қаралғаннан кейін сапаны бақылау қорытындысын ескере отырып, Қорытындыға қоса беріледі.

Анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің тізілімі (жиынтық тізілімі) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 180 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік қаржылық бақылау объектілерінде анықталатын бұзушылықтар сыныптауышына (бұдан әрі – Сыныптауыш) сәйкес жасалады.

1-бөлім. Қаражат бюджетке түскен кезде:

«Р/с №» деген 1-бағанда – бақылау объектілерінің реттік нөмірлері (1, 2, 3 және т.б.) көрсетіледі;

«Жыл» деген 2-бағанда – есепті кезеңдер көрсетіле отырып, бақылаумен қамтылған кезең көрсетіледі;

«Бақылау объектісінің атауы» деген 3-бағанда – мемлекеттік кірістер органдары, квазимемлекеттік сектор субъектілері, сондай-ақ салықтық емес түсімдер бойынша уәкілетті органдар көрсетіледі;

«Бақылау объектісінің БСН-і» деген 4-бағанда – бақылау объектісінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі (болған жағдайда) көрсетіледі;

«Өңірдің коды» деген 5-бағанда бақылау объектісі тіркелген аумақтың коды көрсетіледі;

«ББС бойынша бюджетке түсетін түсімдер коды» деген 6-бағанда – Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 403 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасына (бұдан әрі – ББС) сай түсімдердің коды көрсетіледі;

«Бюджетке түсетін түсімдер бойынша анықталған бұзушылықтардың жалпы сомасы» деген 7-бағанда – түсімдер бойынша анықталған қаржылық бұзушылықтардың жалпы сомасы, оның ішінде 8-бағанда – бюджетке түсуге

жататын бұзушылық сомасы, 9-бағанда – бақылау барысында түскен бұзушылық сомасы көрсетіледі;

«Бюджетке түсетін қаражаттың уақтылы, толық есепке жатқызылмауы» деген 10-бағанда – қазынашылық органдарының уақтылы және толық есепке жатқызбаған бюджетке түсетін түсімдердің жалпы сомасы, оның ішінде 11-бағанда – бюджетке түсуге жататын, уақтылы, толық есепке жатқызылмаған қаражат сомасы, 12-бағанда – бюджетке түсетін қаражаттың уақтылы, толық есепке жатқызылмауына жүргізілген бақылау барысында түскен сома көрсетіледі ;

«Артық (қате) төленген түсімдер сомаларын бюджеттен қайтаруды және ( немесе) есепке жатқызуды Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып жүзеге асыру» деген 13-бағанда – бюджеттен қайтарылуы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып жүзеге асырылған бюджетке түскен түсімдердің сомасы, оның ішінде 14-бағанда – Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып артық (қате) төленген түсімдер сомаларын бюджеттен қайтарудың және (немесе) есепке жатқызудың түсуге жататын сомасы, 15-бағанда – Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып артық (қате) төленген түсімдер сомаларын бюджетке қайтарудың және (немесе) есепке жатқызудың бақылау барысында түскен сомасы көрсетіледі;

«Салықтардың, әкімшілік айыппұлдардың, кедендік және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің толықтығы мен уақтылылығын қамтамасыз етпеу» деген 16-бағанда – салықтық және кедендік әкімшілік ету шараларының қамтамасыз етілмеуіне байланысты, бюджетке түспеген салықтардың, әкімшілік айыппұлдардың, кедендік төлемдердің сомалары, оның ішінде 17-бағанда – мемлекеттік кірістер органдары толықтығы мен уақтылылығын қамтамасыз етпеген салықтық түсімдердің, әкімшілік айыппұлдардың, кедендік және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің бюджетке түсуге жататын сомасы, 18-бағанда – мемлекеттік кірістер органдары толықтығы мен уақтылылығын қамтамасыз етпеген салықтық түсімдердің, әкімшілік айыппұлдардың, кедендік және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің бақылау іс-шарасы барысында бюджетке түскен сомасы көрсетіледі;

«Бақылауды жүзеге асыратын өзге де уәкілетті органдардың бюджетке түсетін салықтық емес түсімдерді, негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдерді, трансферттерді, бюджеттік кредиттерді өтеуден, мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түскен сомаларды, қарыздарды толық өндіріп алмауы және уақтылы аудармауы» деген 19-бағанда – уәкілетті органдардың толық өндіріп алмауы және уақтылы аудармауы салдарынан бюджетке түспеген (бюджетке уақтылы түспеген) салықтық емес түсімдердің, негізгі капиталды сатудан түсетін

түсімдердің, трансферттердің, бюджеттік кредиттерді өтеуден, мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түскен сомалар, қарыздардың сомалары, оның ішінде 20-бағанда – уәкілетті органдардың толық өндіріп алмауы және уақтылы аудармауы салдарынан, бюджетке түспеген (бюджетке уақтылы түспеген) салықтық емес түсімдердің, негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдердің, трансферттердің, бюджеттік кредиттерді өтеуден, мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түскен түсімдердің, қарыздардың бюджетке түсуге жататын сомалары, 21-бағанда – уәкілетті органдардың толық өндіріп алмауы және уақтылы аудармауы салдарынан, бюджетке түспеген (бюджетке уақтылы түспеген) салықтық емес түсімдердің, негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдердің, трансферттердің, бюджеттік кредиттерді өтеуден, мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түскен түсімдердің, қарыздардың бақылау барысында түскен сомалары көрсетіледі;

«Қаражат бюджетке түскен кездегі өзге де заңнама бұзушылықтары» деген 22 -бағанда – өзге де бұзушылықтардың барлығы, оның ішінде 23-бағанда – түсуге жататын сома, 24-бағанда – бақылау барысында түскен түсімдер сомалары көрсетіледі;

«Бұзушылық фактісін сипаттау, нормативтік құқықтық актілердің бұзылған ережелеріне сілтеме» деген 25-бағанда – құқықтың бұзылған нормаларының тармағына сілтеме жасай отырып, бұзушылық фактісі қысқаша түрде сипатталады. Жүргізілген бақылау барысында анықталған қаржылық бұзушылықтар сомасы түскен жағдайда, бақылау материалдарына қоса беріліп, растайтын құжаттарға сілтеме жасай отырып, қабылдаған шаралар көрсетіледі.

«Бұзушылықтар сыныптауышының тармағы (болған жағдайда)» деген 26-бағанда – Сыныптауыштың тармағы көрсетіледі;

«Жиыны» деген жолда – бақылау объектілерінің бөлінісінде тізілім (жиынтық тізілім) деректері көрсетіледі (1-жол+2-жол+3-жол және тағы басқалар).

2-бөлім. Бюджет қаражаты мен мемлекет активтерін пайдалану кезінде

«Р/с №» деген 1-бағанда – бақылау объектілерінің реттік нөмірлері (1, 2, 3 және тағы басқалар) көрсетіледі;

«Жыл» деген 2-бағанда – есепті кезеңдер көрсетіле отырып, бақылаумен қамтылған кезең көрсетіледі;

«Бюджеттік бағдарлама әкімшісінің коды» деген 3-бағанда – бюджеттік бағдарлама әкімшісінің ББС бойынша коды көрсетіледі;

«Бюджеттік бағдарлама әкімшісінің, мемлекеттік (салалық) бағдарлама әзірлеушісінің/бірлесіп орындаушысының атауы» деген 4-бағанда – бюджеттік бағдарламаларды, мемлекеттік (салалық) бағдарламаны жоспарлауға, негіздеуге және іске асыруға жауапты мемлекеттік орган, әзірлеуші/бірлесіп орындаушы

көрсетіледі;

«Бақылау объектісінің атауы» деген 5-бағанда – Бақылаудың жоспарында, бағдарламасында және жұмыс жоспарында көзделген бақылау объектісінің толық атауы көрсетіледі;

«Бақылау объектісінің БСН-і» деген 6-бағанда – бақылау объектісінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі (болған жағдайда) көрсетіледі;

«Өңірдің коды» деген 7-бағанда бақылау объектісі тіркелген аумақтың коды көрсетіледі;

«Бюджеттік бағдарламаның коды» деген 8-бағанда – ББС-ға сай бюджеттік бағдарламаның коды көрсетіледі; бұл ретте, республикалық бюджеттен жергілікті бюджетке бөлінген трансферттер, кредиттер мен басқа да қаражат қамтылған жағдайда, жергілікті бюджеттік бағдарламаның коды көрсетіледі. Мұндай жағдайда республикалық бюджеттік бағдарламаның коды ақпарат түрінде 45-бағанда көрсетіледі;

«Бюджеттік бағдарламаның атауы» деген 9-бағанда – ББС-ға сай бюджеттік бағдарламаның атауы көрсетіледі; бұл ретте, республикалық бюджеттен жергілікті бюджетке бөлінген трансферттер, кредиттер мен басқа да қаражат қамтылған жағдайда, жергілікті бюджеттік бағдарламаның коды көрсетіледі. Мұндай жағдайда республикалық бюджеттік бағдарламаның атауы ақпарат түрінде 45-бағанда көрсетіледі;

«Бақылаумен қамтылған қаражат көлемі, барлығы» деген 10-бағанда – бақылаумен қамтылатын қаражат көлемі, бұл ретте бақылаумен қамтылған есепті кезеңде енгізілген түзетулер мен нақтылауларды ескере отырып, бюджеттік бағдарламалар бойынша, оның ішінде 11-бағанда – бюджет қаражатының қамтылған көлемі, 12-бағанда – бақылаумен қамтылған трансферттердің сомасы, 13-бағанда – мемлекет пен квазимемлекеттік сектор активтерінің қамтылған сомасы көрсетіледі;

«Анықталған қаржылық бұзушылықтардың жалпы сомасы, барлығы (23-бағ.+ 28-бағ.+33-бағ.)» деген 14-бағанда – бюджет қаражатын пайдалану кезінде анықталған бюджет заңнамасы және өзге де заңнама бұзушылықтарының жалпы сомасы (23-бағ.), активтерді пайдалану кезіндегі бюджет және өзге де заңнама бұзушылықтары (28-бағ.), бухгалтерлік есепті жүргізу мен қаржылық есептілікті жасау кезіндегі заңнама бұзушылықтары (33-бағ.), оның ішінде 15-бағанда – трансферттерді пайдалану кезінде анықталған бұзушылықтардың сомасы көрсетіледі;

«оның ішінде қалпына келтіруге (өтелуге) жататыны» деген 16-бағанда (24-бағ.+26-бағ.+29-бағ.+31-бағ.+34-бағ.) – бюджет қаражатын пайдалану кезінде бюджет заңнамасының сақталуын бақылаудың қорытындысы бойынша қалпына келтіруге және өтелуге жататын сома (24-бағ. және 26-бағ.), активтерді

пайдалану кезіндегі бюджет және өзге де заңнама бұзушылықтары (29-бағ. және 31-бағ.), бухгалтерлік есепті жүргізу мен қаржылық есептілікті жасау кезіндегі заңнама бұзушылықтары (34-бағ.) көрсетіледі, оның ішінде 19-бағанда – трансферттерді пайдалану кезінде анықталып, қалпына келтіруге (өтелуге) жататын бұзушылықтардың сомасы көрсетіледі;

«Оның ішінде қалпына келтіруге жататыны» деген 17-бағанда (24-бағ.+29-бағ.+34-бағ.)» – бюджет қаражатын пайдалану кезінде бюджет заңнамасы және өзге де заңнаманың сақталуын бақылаудың қорытындысы бойынша қалпына келтіруге жататын сома (24-бағ.), активтерді пайдалану кезіндегі бюджет және өзге де заңнама бұзушылықтары (29-бағ.), бухгалтерлік есепті жүргізу мен қаржылық есептілікті жасау кезіндегі заңнама бұзушылықтары (34-бағ.) көрсетіледі;

«Оның ішінде өтелуге жататыны» деген 18-бағанда (26-бағ.+31-бағ.)» – бюджет қаражатын пайдалану кезінде бюджет заңнамасы және өзге де заңнаманың сақталуын бақылаудың қорытындысы бойынша өтелуге жататын сома (29-бағ.), активтерді пайдалану кезіндегі бюджет және өзге де заңнама бұзушылықтары (31-бағ.) көрсетіледі;

«Оның ішінде бақылау барысында қалпына келтірілгені» деген 20-бағанда (25-бағ.+30-бағ.+35-бағ.)» – бюджет қаражатын пайдалану кезінде бюджет заңнамасы және өзге де заңнама бұзушылықтарының анықталған фактілері бойынша бақылау барысында қалпына келтірілген қаржылық бұзушылықтар сомасы (25-бағ.), активтерді пайдалану кезіндегі бюджет және өзге де заңнама бұзушылықтары (30-бағ.), бухгалтерлік есепті жүргізу мен қаржылық есептілікті жасау кезіндегі заңнама бұзушылықтары (35-бағ.) көрсетіледі;

«Оның ішінде бақылау барысында өтелгені» деген 21-бағанда (27-бағ.+32-бағ.)» – бюджет қаражатын пайдалану кезінде бюджет заңнамасы және өзге де заңнама бұзушылықтарының анықталған фактілері бойынша бақылау барысында өтелген қаржылық бұзушылықтар сомасы (27-бағ.), активтерді пайдалану кезіндегі бюджет және өзге де заңнама бұзушылықтары (32-бағ.) көрсетіледі;

«Оның ішінде қалпына келтірілгені (өтелгені), соның ішінде трансферттер» деген 22-бағанда – трансферттерді пайдалану кезінде қалпына келтірілген және өтелген сома көрсетіледі;

«Бюджет қаражатын пайдалану кезіндегі бюджет заңнамасы және өзге де заңнама бұзушылықтары, барлығы» деген 23-бағанда – республикалық бюджет қаражатын, соның ішінде жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке бөлінген нысаналы трансферттер мен кредиттерді, байланысты гранттарды, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, концессиялық жобаларды бюджеттен қоса қаржыландыруды, сондай-ақ кепілгерліктерді пайдалану кезінде анықталған бұзушылықтардың сомасы көрсетіледі;

«Активтерді пайдалану кезіндегі бюджет және өзге де заңнама бұзушылықтары, барлығы» деген 28-бағанда – мемлекет пен квазимемлекеттік сектордың активтерін, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне мемлекеттік және бюджеттік бағдарламаларда көзделген мақсаттар мен іс-шараларға бөлінген бюджет қаражатын пайдалану кезіндегі бұзушылықтардың анықталған сомасы көрсетіледі;

«Бухгалтерлік есепті жүргізу мен қаржылық есептілікті жасау кезіндегі заңнама бұзушылықтары, барлығы» деген 33-бағанда – анықталған бұзушылықтардың сомасы, атап айтқанда бухгалтерлік есепті жүргізудегі бұзушылықтар, бюджеттік есепті жүргізу, есептілікті жасау және ұсыну қағидаларының бұзушылықтары, активтерді, материалдарды, құндылығы төмен тез тозатын заттарды негізсіз есептен шығару, жазалау шараларын қабылдамау, сондай-ақ дебиторлық берешекті жасыру немесе негізсіз есептен шығару, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің лауазымды адамдарының іс-қимылдары нәтижесінде қаражатты өтеу немесе қалпына келтіру қажеттігі туындап, олардың Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасында көзделген міндеттерді орындамауы және (немесе) тиісінше орындамауы көрсетіледі;

39-бағанда – республикалық бюджет қаражатын пайдалану, бюджеттік кредиттерді, мемлекеттік кепілдіктер мен кепілгерліктерді, қарыздарды беру кезіндегі рәсімдерге бақылау жүргізу барысында анықталған бұзушылықтар саны , 41-бағанда – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, мемлекет пен квазимемлекеттік сектор активтерін пайдалану рәсімдері бойынша бұзушылықтар саны, 43-бағанда – жұмыс істеуді қамтамасыз ету, сондай-ақ мемлекеттік функцияларды не тапсырыс берушінің жарғылық қызметін орындау үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді ақылы негізде тапсырыс берушілердің сатып алуы кезінде жол берілген мемлекеттік сатып алу рәсімдері бұзушылықтарының саны көрсетіледі. 41 және 43-бағандарда көзделген рәсімдік бұзушылықтар анықталған жағдайда, бюджетке қалпына келтірілуге (өтелуге) жататын және/немесе бақылау іс-шарасы барысында қалпына келтірілген (өтелген) сомалар болған кезде, тиісінше 36-38, 40, 42, 44-бағандар ақшалай мәнде толтырылады;

«Бұзушылық фактісін сипаттау, НҚА-ның бұзылған ережелеріне сілтеме жасау» деген 45-бағанда – құқық нормалары бұзылған тармаққа сілтеме жасала отырып, бұзушылық фактісі қысқаша түрде сипатталады. Жүргізілген бақылау барысында анықталған қаржылық бұзушылықтардың сомалары қалпына келтірілген (өтелген) жағдайда, бақылау материалдарына қоса беріліп, растайтын құжаттарға сілтеме жасала отырып, қабылданған шаралар көрсетіледі;

«Бұзушылықтар сыныптауышының тармағы (болған жағдайда)» деген 46-

бағанда – Сыныптауыштың тармағы көрсетіледі;
«Жиыны» деген жолда – бақылау объектілерінің бөлінісінде тізілім (жиынтық тізілім) деректері көрсетіледі (1-жол+2-жол+3-жол және тағы басқалар).

3-бөлім. Бақылау объектісі қызметіндегі өзге де заңнама бұзушылықтары, сондай-ақ оның міндеттері мен функцияларын іске асыруға байланысты заңнамадағы кемшіліктер мен олқылықтар:

«Р/с №» деген 1-бағанда – бақылау объектілерінің реттік нөмірлері (1, 2, 3 және т.б.) көрсетіледі;

«Жыл» деген 2-бағанда – есепті кезеңдер көрсетіле отырып, бақылаумен қамтылған кезең көрсетіледі;

«Бюджеттік бағдарлама әкімшісінің коды» деген 3-бағанда – бюджеттік бағдарлама әкімшісінің ББС-ға сай коды көрсетіледі;

«Бюджеттік бағдарлама әкімшісінің, мемлекеттік (салалық) бағдарлама әзірлеушісінің/бірлесіп орындаушысының атауы» деген 4-бағанда – бюджеттік бағдарламаларды, мемлекеттік (салалық) бағдарламаны жоспарлауға, негіздеуге және іске асыруға жауапты мемлекеттік орган, әзірлеуші/бірлесіп орындаушы көрсетіледі;

«Бақылау объектісінің атауы» деген 5-бағанда – Бақылаудың жоспарында, бағдарламасында және жұмыс жоспарында көзделген бақылау объектісінің толық атауы көрсетіледі;

«Бақылау объектісінің БСН-і» деген 6-бағанда – бақылау объектісінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі (болған жағдайда) көрсетіледі;

«Өңірдің коды» деген 7-бағанда бақылау объектісі тіркелген аумақтың коды көрсетіледі;

«Бюджеттік бағдарламаның коды» деген 8-бағанда – ББС-ға сай бюджеттік бағдарламаның коды көрсетіледі; бұл ретте, республикалық бюджеттен жергілікті бюджетке бөлінген трансферттер, кредиттер мен басқа да қаражат қамтылған жағдайда, жергілікті бюджеттік бағдарламаның коды көрсетіледі. Мұндай жағдайда республикалық бюджеттік бағдарламаның коды ақпарат түрінде 12-бағанда көрсетіледі;

«Бюджеттік бағдарламаның атауы» деген 9-бағанда – ББС-ға сай бюджеттік бағдарламаның атауы көрсетіледі; бұл ретте, республикалық бюджеттен жергілікті бюджетке бөлінген трансферттер, кредиттер мен басқа да қаражат қамтылған жағдайда, жергілікті бюджеттік бағдарламаның коды көрсетіледі. Мұндай жағдайда республикалық бюджеттік бағдарламаның атауы ақпарат түрінде 12-бағанда көрсетіледі;

«Тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражатының (активтердің) сомасы (мың теңге)» деген 10-бағанда – тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражатының, мемлекет пен квазимемлекеттік сектор активтерінің анықталған сомасы

к ө р с е т і л е д і ;

«Өзге де бұзушылықтар» деген 11-бағанда – Сыныптауышта ескерілмей, жүргізілген бақылау барысында анықталған бұзушылықтардың сомалары, сондай-ақ бақылау объектісі болып табылмайтын заңды тұлғалардың қызметіндегі бұзушылықтар/кемшіліктер көрсетіледі;

«Тиісті нормативтік және құқықтық актілерге сілтеме жасай отырып, өзге де салалық заңнамадағы кемшілік, бұзушылық фактісін, заңнаманың жетілдірілмеуіне (НҚА арасындағы қайшылықтар, құқықтық реттеудегі олқылықтар, коллизиялар) және/немесе жұмыстың ұйымдастырылмауына ( біліктілігінің болмауы немесе жеткіліксіздігі, өкілеттіктерді қайталау, басқа ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау тетігінің жасалмауы және т.б.) байланысты жүйелі проблемаларды сипаттау» деген 12-бағанда – бақылау барысында анықталған бюджет қаражаты, активтер түскен және оларды пайдаланған кезде заңнамадағы кемшіліктер мен олқылықтар, бюджет қаражатын қалыптастыру және пайдалану, мемлекеттік органға жүктелген функциялар мен міндеттерді орындау процесінің нормативтік құқықтық актілермен және әдіснамалық құжаттармен реттелмеген фактілері қысқаша түрде көрсетіледі.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссияларының сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды жүргізу қағидасына
21-1-қосымша
нысан

Ескерту. 21-1-қосымшамен толықтырылды - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

Бақылау объектілері қалпына келтірген және өтеген қаражат (жұмыстар, тауарлар, қызметтер) бойынша ақпарат

Бақылау іс-шарасының атауы: ___________________________

Тексеру комиссиясының мүшесі (бақылау іс-шарасына жетекшілік ететін): ___________________________

Бақылау іс-шарасын жүргізетін жауапты адам: ___________________________

мың теңге

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | соның ішінде | | оның ішінде БІ барысында қалпына келтірі өтелгені (фактіге шаққанда анықталғаны), теңг | | | |
| | | | | | | есеп бойынша | қаражаттың өтелуі, ( : | |

| Бақылау объектісінің атауы (ББӘ) | Бақылау объектісінің БСН-і | Анықталған бұзушылықтардың барлығы | өтелуге жататыны | қалпына келтіруге жататыны | жұмыстарды орындаумен, қызметтерді көрсетумен, тауарларды жеткізумен | қалпына келтірумен (құжаттарды сәй-кес жүр-гізу кезінде) | ұйымның (МКҚК, ШЖҚ МКК, АҚ, ЖШС және басқ.) бюджетіне | мемлекет бюджетк | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | РБ | Ж |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 9 | 10 | 11 |
| Жиыны | | | | | | | | | |

Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссияларының сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды жүргізу қағидасына 22-қосымша нысан

Ескерту. 22-қосымша жаңа редакцияда - Республикалық бюджеттік атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 03.07.2015 № 5-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

## _______________ облысы (_______________қаласы) бойынша тексеру комиссиясының қаулысы

_____________________________ 20__ жылғы "___"_________

(органның орналасқан жері)

Қаулының тақырыбы

Айқындаушы бөлік ______________________________________

Қаулы шығарушы бөлік ___________________________________

Тексеру комиссиясының Төрағасы __________________________

(қолы, аты-жөні, тегі)

Ескертпе: Тексеру комиссиясының қаулысын (бұдан әрі – Қаулы) жасау.

Қаулы тақырыбында « бақылаудың қорытындысы туралы» деп көрсетіледі.

Қаулы айқындаушы және қаулы шығарушы бөліктен тұрады:

1. Айқындаушы бөлікте Тексеру комиссиясының отырысында бақылау қорытындыларын қарау туралы ақпарат, бақылаумен қамтылған мәселенің жай-күйі туралы жалпы тұжырым, соның ішінде:

1) бақылаумен қамтылған жалпы сома, оның ішінде анықталған

бұзушылықтардың, соның ішінде бюджет кірістері мен шығыстары бойынша, мемлекет активтерін пайдалану кезіндегі сомалар;

2) тиімсіз пайдаланылған қаражат сомасы;

3) рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар сомасы;

4) бақылау барысында қалпына келтірілген (өтелген) сома көрсетіледі.

Бұл ретте Тексеру комиссиясының мүшелері бақылау қорытындысы бойынша өткізілген отырысты ескере отырып, Қаулыда көрсетілген деректердің бақылау материалдарына сәйкестігін қамтамасыз еткендері жөн.

2. Қаулы шығарушы бөлік:

1) жүргізілген бақылау іс-шарасының нәтижелері бойынша дайындалған Қорытындыны бекіту туралы шешімді (шетел елдердің мемлекеттік қаржылық бақылау органдарымен бірлескен, қосарлас бақылау-талдамалық іс-шараларының нәтижелері бойынша есепті мақұлдау туралы);

2) қажет болған жағдайда, жергілікті атқарушы органның, басқа да мемлекеттік органдардың назарын бақылау жүргізуге жатқызылған мемлекеттік басқару саласындағы жүйелі кемшіліктерге аудару туралы шешімді;

3) мерзімін көрсете отырып, жергілікті атқарушы органдарға, басқа да мемлекеттік органдарға нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру жөніндегі ұсынымдарды;

4) мерзімін көрсете отырып, нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру, Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету, анықталған бұзушылықтарды және жұмыстағы кемшіліктерді жою, негізсіз пайдаланылған бюджет қаражатын қалпына келтіру не оларды есеп бойынша қалпына келтіру, бюджет қаражатының атаулылық және нысаналы сипаты принципін бұза отырып пайдаланылғандарын, соның ішінде нысаналы трансферттер мен бюджеттік кредиттерді қайтару, өнім берушілердің шарттық міндеттемелерін орындауы, сондай-ақ бюджет және өзге де заңнаманың талаптарын бұзуға жол берген лауазымды адамдарды жауаптылыққа тарту жөнінде бақылау объектілері орындауға міндетті Тексеру комиссиясының шешімдерін;

5) бақылау объектілерінің лауазымды және өзге де адамдарының іс-әрекеттерінде қылмыс белгілерін қамтитын анықталған фактілер бойынша бақылау материалдарын процестік шаралар қабылдау үшін құқық қорғау органдарына жіберу туралы шешімдерді;

6) егер бақылау материалдары Қаулы қабылданғанға дейін берілмесе, бақылау объектілерінің лауазымды және өзге де адамдарының іс-әрекеттерінде әкімшілік құқық бұзушылықтар белгілерін қамтитын анықталған фактілер бойынша бақылау материалдарын әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға уәкілетті органдарға жіберу туралы шешімдерді;

7) қажет болған жағдайда, басқа уәкілетті мемлекеттік органдарға салықтық және басқа да тексерулерді жүргізу туралы тапсырмаларды;

8) қажет болған жағдайда, бақылау объектісінің және басқа да мүдделі адамдардың мекенжайына (соның ішінде мәслихатқа лауазымды адамдардың Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін сақтамауының, сондай-ақ тиімділікті бақылау нәтижесінің анықталған фактілері бойынша) ұсынымды дайындау және жіберу туралы Тексеру комиссиясының жауапты мүшесіне тапсырманы;

9) Қаулының (ұсынымның) орындалуы туралы ақпаратты белгіленген мерзімде немесе егер мерзімі көрсетілмесе, оларды алған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде бақылау органына ұсыну туралы талапты;

10) Қаулыны міндетті түрде орындау туралы талапты;

11) Қаулының орындалуын бақылау жүктелген Тексеру комиссиясының лауазымды адамының лауазымын, аты-жөнін және тегін қамтиды.

Қаулы Тексеру комиссиясының Қаулысы бланкісінде ресімделеді.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссияларының сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылау жүргізу қағидасына 23-қосымша
нысан

_________ облысы (_______қаласы) бойынша тексеру комиссиясының

**ҰСЫНЫМЫ**

___________________________ 20__ жылғы "___"________

(органның орналасқан жері)

Ұсынымның тақырыбы

Айқындаушы бөлік _______________________________________________

Қаулы шығарушы бөлік ___________________________________________

Тексеру комиссиясының мүшесі __________________________

(қолы, аты-жөні, тегі)

Ескертпе: Тексеру комиссиясының ұсынымын (бұдан әрі – Ұсыным) жасау

Ұсыным жүргізілген бақылаудың нәтижелерінде уәкілетті мемлекеттік органдардың тарапынан бақылау мәні бойынша кемшіліктер болмаса, алайда оларға ведомстволық бағынысты ұйымдар бюджет заңнамасына сәйкес міндетті түрде қалпына келтіруге (өтеуге) тиісті сомалар анықталған болса жіберіледі.

Ұсыным айқындаушы және қаулы шығарушы бөліктен тұрады:

1. Айқындаушы бөлікте анықталған бұзушылықтардың қысқаша сипаттамасы көрсетіледі.

2. Қаулы шығарушы бөлікте жұмыста анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою және белгіленген мерзімде Тексеру комиссиясына

ұсынымның орындалуы туралы ақпаратты ұсыну туралы талаптар көрсетіледі.

Ұсыным бақылау объектісіне (басқа мүдделі адамдарға):

1) негізсіз пайдаланылған бюджет қаражатын қалпына келтіру не оларды есеп бойынша қалпына келтіру, атаулылық және нысаналы сипат принципін бұза отырып пайдаланылған бюджет қаражатын, соның ішінде мақсаты бойынша пайдаланылмаған нысаналы трансферттер мен бюджеттік кредиттердің сомаларын қайтару, заңсыз іс-әрекеттер нәтижесінде мемлекетке келтірілген залалдың орнын толтыру туралы;

2) бұзушылық фактілері анықталған жағдайда, өнім берушілердің тауарларды жеткізуін (жұмыстарды орындауын және қызметтерді көрсетуін), басқа да шарттық міндеттемелерді орындауын қамтамасыз ету туралы, сондай-ақ басқа да шараларды қолдану туралы;

3) Ұсынымның орындалуы туралы ақпаратты сыртқы бақылау органына онда белгіленген мерзімде ұсыну туралы талаптарды қамтиды.

Бақылау жүргізуге жауапты Тексеру комиссиясының мүшесі Қаулы жобасымен бірге талқылау үшін Тексеру комиссиясының отырысына Ұсыным жобасын енгізеді.

Ұсынымға Тексеру комиссиясының мүшесі қол қояды және бақылау объектісінің мекенжайына (басқа да мүдделі адамдарға) оған (оларға) қатысты бөлігі жіберіледі.

Ұсыным Тексеру комиссиясының бланкісінде ресімделеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК